

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазак университеті»  
2016

ӘОЖ 811. 512. 122 (075.8)

КБЖ 81.2 Қаз. 923

Қ 17

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі  
және Редакциялық-баспа кеңесі (№2 хаттама 12 ақпан 2016 жыл);  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің жанындағы ҚР БЖҒМ-нің жоғары  
және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің  
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық  
және жаратылыстану ғылымдары мамандықтары  
Секция мәжілісі шешімімен ұсынылған  
(№1 хаттама 7 қазан 2015 жыл)*

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор *Д.А. Әлкебаева*  
филология ғылымдарының докторы, профессор *А.О. Тымболова*  
филология ғылымдарының докторы, профессор *С.Қ. Иманбердиева*

**Авторлар:**

Салқынбай А.Б., Жұмағұлова А.Ж.,  
Иманқұлова С.М., Рысбай Б.Қ., Егізбаева Н.Ж.

Қ 17 **Қазақ** тілі: оқу құралы / А. Б. Салқынбай, А.Ж. Жұмағұлова, С.М. Иманқұлова [және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 332 б.

**ISBN 978-601-04-1699-4**

Оқу құралы қазақ тілін меңгерудің В1 – негізгі жеткілікті деңгей; В2 – негізгі стандартты деңгей; С1 – негізгі стандарттан жоғары деңгейіне арналған. Оқу құралының бағыты тіл үйренушінің қарым-қатынасқа түсу салаларын ескере отырып, тілдік жағтығулар мен сөйлеу әрекетінің төрт түріне (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) негізделген. Оқу құралы мемлекеттік тілді тереңдете үйренуші жоғары оқу орындарының студенттеріне және қазақ тілін үйренуші барша қауымға арналады.

**ӘОЖ 811. 512. 122 (075.8)**

**КБЖ 81.2 Қаз. 923**

© Салқынбай А.Б., Жұмағұлова А.Ж., Иманқұлова С.М.,  
Рысбай Б.Қ., Егізбаева Н.Ж., 2016

ISBN 978-601-04-1699-4

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
<b>В1 – НЕГІЗГІ ЖЕТКІЛІКТІ ДЕҢГЕЙ.....</b>	<b>7</b>
1-тақырып. Синоним және омоним сөздер. Сөлем сөздің анасы.....	
2-тақырып. Гипонимдер мен гиперонимдер. Отбасы және ұлттық құндылықтар.....	15
3-тақырып. Кәсіби сөздер. Қазақстан республикасындағы демографиялық мәселелер.....	22
4-тақырып. Антонимдер. Тұрғын үй құрылысы.....	31
5-тақырып. Фразеологизмдер. Адамның сыртқы келбеті мен жан дүниесі.....	37
6-тақырып. Фразеологизмдерге тән белгілер. Менің отаным – Қазақстан.....	40
7-тақырып. Етістік, етістіктің түрлері. Уақыт және адам.....	52
8-тақырып. Жетекші және көмекші етістіктер. Қазақ деген ел барда қазақ тілі мәңгі жасай береді.....	57
9-тақырып.Субъекті мен объекті қатынасының құрылымдық ерекшелігі. Дені саудың – жаны сау.....	73
10-тақырып.Субъекті мен объектілік қарым-қатынастың берілуі. Күй күдіреті.....	79
<b>В2 – НЕГІЗГІ СТАНДАРТТЫ ДЕҢГЕЙ.....</b>	<b>88</b>
11-тақырып. Шарт мәнді құрылымдар. Айтыс – тәрбие құралы.....	88
12-тақырып. Модальдық мағынаның берілуі. Өнер жұлдыздары.....	100
13-тақырып. Сөздің көпмағыналылығы. Абай философиясы.....	111

14-тақырып. Сөздің танымдық сипаты.	
Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы имандылық концепциясы.....	119
15-тақырып. Есімшенің қолданылу ерекшеліктері.	
Жамбыл шығармаларындағы батырлық концепция.....	123
16-тақырып. Қалау, тілек мәніндегі құрылымдар	
М. Әуезов – суреткер.....	126
17-тақырып. Анықтауыштық қатынастағы құрылымдар (қабыса, матаса байланысқан сөз тіркестері)	
Еліміздің ертеңі – жастардың еншісінде.....	133
18-тақырып. Себеп-салдар мәнді құрылымдар.	
Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы .....	141
19-тақырып. Мезгіл мәнді құрылымдар.	
Әлемдік кеңістіктегі Қазақстан.....	148
20-тақырып. Мекен мәнді құрылымдар зияткер ұлт – бәсекеге қабілетті елдің негізі.....	154
21-тақырып. Мақсат мәнді құрылымдар	
Бәсекеге қабілеттілік – білімнен.....	160
<b>С1 – НЕГІЗГІ СТАНДАРТТАН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙ</b> .....	164
22-тақырып. Сөйлеу мәдениеті. Заман және заң .....	164
23-тақырып. Уәжді сөйлеудің негізі.	
Әлеуметтік зейнетақы ұйымдары.....	170
24-тақырып. Атаудың тұтастық қасиеті.	
Әлеуметтік құқықтар мен міндеттер.....	176
25-тақырып. Терминдердің белгілері.	
Жарнама және оның түрлері.....	184
26-тақырып. Ауызекі сөйлеу мен кітаби тіл.	
Тарихынды таны .....	192
27-тақырып. Әдеби тіл – сөйлеу мәдениетінің негізі.	
Ғылым мен техника .....	203
28-тақырып. Функционалдық стильдер түрлері .....	213
29-тақырып. Көркем әдебиет стилі. Ұлылық ұлыдан .....	221
30-тақырып. Ресми іс қағаздар стилі .....	233
31-тақырып. Көсемсөз стилі .....	251
32-тақырып. Ғылыми стиль .....	259
33-тақырып. Тұрақты тіркестерді дұрыс қолдану .....	289
34-тақырып. Сөз киесі – мәнінде.....	298
35-тақырып. Іс қағаздарын қазақша жүргізу.....	304
<b>ЕТІСТІКТІҢ ҚАЗАҚША-ОРЫСША СӨЗДІГІ</b> .....	319
<b>ӘДЕБИЕТТЕР</b> .....	330

## ҚІРІСПЕ

Тәуелсіз Қазақ елінің соңғы жылдардағы қарқынды даму үрдісі мен әлеуметтік жағдайы, шетелдермен халықаралық байланысының нығаюы, әлемдік қауымдастықтағы беделінің артуы, біліктілік деңгейі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті жоғары білімді сапалы мамандарды даярлаудың қажеттігін туғызып отыр. Мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – олардың мемлекеттік тілді толық меңгеруі мен оны тәжірибе жүзінде қолдана алуы.

Оқу құралы тіл үйренушінің қарым-қатынасқа түсу салаларын ескере отырып, сөйлеу әрекетінің 4 қағидатына (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) негізделген тіл үйренушінің мақсаты, тілді қолдану саласы, коммуникативтік жағдаяттар компоненттері, контекспен байланыстылығы тіл бірліктерінің қолданыстағы қызметіне сай анықталады. Бүгінгі таңда тілдік күзиреттілікті қалыптастыру коммуникативті-функционалдық грамматика тұрғысынан қарастырылуда. Тіл бірліктерінің қолданыстағы қызметі, белгілі бір мағына түрлерін жеткізу функционалдық грамматика арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, оқу құралындағы басты мақсат – тұрмыстық, әлеуметтік тақырыптардағы мәтіндер негізінде тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру, қазақ тілі грамматикасы туралы білімін дамыту. Ұсынылып отырған оқу құралында тілдік білім берудің негізгі күзиреттілігі және оның нәтижелі болуы, коммуникативті-функционалдық бағыт, пән мазмұны мен оның нәтижесінің белгіленген типтік стандарт бойынша оқытылуы, пән мазмұнының сала, тақырып, шағын мәтін және қатысымдық типтік жағ-

даяттарынан құралған когнитивті-лингвомәдени кешен түрінде берілуі басшылыққа алынады.

Оқу құралында қазақ тілін оқытуда халықаралық стандартқа негізделген деңгейлі оқыту жүйесі басшылыққа алынып, ЖОО-ның бағдарламасына сәйкес сағаттар саны кредиттік оқыту технологиясына бағытталып беріледі, сонымен бірге қазақ тілінің тілдік ерекшелігі мен ұлттық-танымдық сапалары ескеріледі. Оқытудың жаңашыл әдістемелік-теориялық негіздемелеріне сай төмендегідей тілді меңгеру деңгейлері ұсынылады: В1 – негізгі жеткілікті деңгей; В2 – негізгі стандартты деңгей; С1 – С2 – негізгі стандарттан жоғары деңгей.

Оқу құралында мемлекеттік сана мен отансүйгіш сезімін нығайту, қазақ елінің рухани-мәдени жетістіктерін насихаттауға ықпал ету арқылы қоғамда қазақ тілінің маңыздылығын арттыру көзделеді.

В1 – негізгі жеткілікті деңгейді С. Иманқұлова, А. Жұмағұлова; В2 – негізгі стандартты деңгейді Н. Егізбаева, Б. Рысбай; С1 – негізгі стандарттан жоғары деңгейді А. Салқынбай жазды.

## **В 1 – НЕГІЗГІ ЖЕТКІЛІКТІ ДЕҢГЕЙ**

### **1-тақырып**

#### **СИНОНИМ ЖӘНЕ ОМОНИМ СӨЗДЕР. СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ АНАСЫ**

##### **1-сабақ**

##### **1. Сөздердің өзара сәйкес мағыналық сыңарын табыңыз.**

Жайдары – жан тапсыру  
Аяқ астынан – назар салмау  
Килігу – қашып кету  
Омыраулау – бір сәтте  
Тұсы – ашулану  
Желімдей жабысу – кірісу  
Көз қиығын салмау – бой бермеу  
Жекіріп тастау – соңынан қалмау  
Қипақтау – дауыс көтеру  
Құтылу – бөліп-жару  
Жаны шығу – көңілді  
Алалау – қарамау  
Сасқалақтау – қасы  
Мұртын тікірейту – есі шығу

##### **2. Сөздердің синонимдік қатарын жазыңыз.**

Уақыт, әдепсіз, ауру, ашқарақ, халық, көңілді, семіз, ұрлау, беймәлім, сұлу, мұғалім, меншіктену.

### Синонимдер және олардың белгілері

Айтылуы, естілуі, жазылуы әр алуан, мағыналары бір-біріне жақын, жуық мәнді сөздер **синонимдер** деп аталады.

**Синонимге тән негізгі белгілер:**

- синоним сөздер әр түрлі дыбысталады;
- синоним сөздердің мағынасы бір-біріне жақын болып келеді;
- синоним сөздер бір сөз табынан болады.

Мысалы, Апатты аймаққа **көмекші** топ келді деген сөйлемдегі көмекші сөзінің орнына **жәрдемші** сөзін ауыстырып қолдануға болады. Олардың мағыналары бір-біріне жақын, бір сөз табынан болып тұр. Тілімізде синоним сөздер зат есімдерде, сын есімдерде, етістіктерде және үстеулерде кездеседі.

### 3. Берілген фразеологиялық тіркестердің синонимін тауып, мағыналарын салыстырыңыз. Әрқайсысымен сөйлем құраңыз.

Көз қиығын салмау, көз түрткі болу, желімдей жабысу, көзді ашып-жұмғанша, жағына пышақ жанығандай, жүзіктің көзінен өткендей, зәресі үшу, екі иінінен дем алу, жекіріп тастау, көз жазып қалу, көзден ғайып болу.

Кейбір сөздердің **синонимдері тұрақты тіркес түрінде** де кездеседі. Мысалы, сұлу, әдемі, көрікті сөзінің фразеологиялық синонимі үріп ауызға салғандай, қыздың жиған жүгіндей болса, алыс, қашық сөзінің тұрақты тіркес түріндегі синонимі ит арқасы қиянда, ит өлген жер.

### 4. Берілген сөздерді синонимдік ұясына сәйкес топтастырыңыз.

Ашқарак, сұлу, ұрлау, семіз, жымқыру, қымқыру, ауру, әдепсіз, мәлімсіз, мұғалім, ибасыз, әсем, қонды, сырқат, қымту, комағай, көркем, ұстаз, әрлі, толық, оқытушы, науқас, белгісіз, педагог, тамақсау, етті, обыр, кесел, етженді, бәденді, мешкей,



үйретуші, меншіктену, тойымсыз, қымтыру, жуан, дерт, бейбас, ажарлы, күйлі, жалмағыш, ашкөз, індет, бейбастақ, шырайлы, иелену, араны ашық, иемдену, дімкәс, инабатсыз, беймәлім, еншілену.

### Омонимдер және олардың негізгі белгілері

**Омоним** – сыртқы тұлғасы: айтылуы, естілуі, жазылуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер. Сыртқы тұлғасы жағынан омоним сөздер мен көп мағыналы сөздер ұқсас болып келеді. Омонимдерге тән негізгі белгілер:

- сөздердің арасында мағыналық байланыс болмайды;
- олар әр түрлі сөз табынан болады.

**Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің ұқсастықтары:**

- омоним сөздер әр түрлі мағынада қолданылады, ал көп мағыналы сөздердің арасында мағыналық байланыс болады;
- омоним сөздер әр сөз табынан, ал көп мағыналы сөздер бір сөз табынан болып, бір негізден тарайды.

*Мысалы,* Басыңды жоғары көтеріп, аяғыңды жылдам бас деген сөйлемдегі бас сөзі омоним, себебі бірінші бас сөзі – адамның дене мүшесі – не? деген сұраққа жауап беретін, заттық ұғым атауы болатын зат есім, екінші бас сөзі – не істе? деген сұраққа жауап беретін қимыл-әрекет атауы болатын етістік. Ал Талдың басына қарлығаш ұя салыпты. Жолаушылар бұлақтың басына келіп демалды деген сөйлемдердегі бас сөзі – көп мағыналы сөз, себебі 1) бір нәрсенің бастау алатын жері деген бірдей мағынаға ие болып тұр; 2) екеуі де бір сөз табынан зат есім болып тұр.

### 5. Берілген омонимдермен сөйлем құраңыз және олардың қай сөз табына жататынын анықтаңыз.

Ара (жәндік), ара (күрал); жай (баяу мағынасында) жай (жаю мағынасында), қара (сауат ашу), қара (мал мағынасында), қара (алыстан көрінген белгісіз зат).

**6. Өзіңіз оқып жүрген әдеби шығармадан омонимдері бар 6 сөйлем жазып келіңіз.**

**7. Жазу сөзінің омонимдеріне мысал келтіріңіз де, олардың әрқайсысымен жеке сөйлемдер құраңыз.**

Тізімге жазу, аурудан жазу, тағдырдың жазуы, дастарқан жазу, бой жазу.

**8. Кімдер қалай сәлемдесетінін көрсетіңіз.**

ата-ана баласын	қол алысады
келіндер үлкендерге	төс түйістіреді
ер адамдар	құшақтасып, сүйіседі
шәкірт ұстазға	бетінен сүйеді
құдағилар	тізе бүгіп сәлем жасайды
құда-жекжаттар	бас киімін алып сәлемдеседі

**9. Сөйлемдерді мағынасына сай аяқтаңыз.**

Бір адам көп адамға ... .. .

Ат үстінде тұрып ... .. .

Келе жатқан адам отырған адамға... .. .

Моншада, дәретханада ... .. .

Табалдырықтың екі жағында тұрып ... .. .

Келіндер қайын елінің үлкен адамдарына ... .. .

Жаксы сыйласқан адамдарға алыс-жақын тұрғанына қарамай әдейі ... .. .

Алыстан келген қонаққа ... .. .

Келіндер үлкен кісілерден қайтқан табаққа ... .. .

**10. Көп нүктенің орнына қажетті етістікті тілек, бұйрық мәнде қолданыңыз.**

Жасы кіші үлкенге бірінші болып ... .. .

Жасы үлкенге жасы кіші ... .. .

Жасы кішіге жасы үлкен ... .. .

Келген қонақ отырғандарға ... .. .

Келіндер ата-енесіне иіліп ... .. .

Баланы ата-анасы жасынан сәлемдесуге ... .. .

Келген қонақтармен ... .. .

Құда-құдағиларды ... .. .

Ата-енеме иіліп ... ..  
Жиыннан соң атаңа ... ..

### **11. Мәтінді зерттей оқыңыз.**

Айтқан уақытында Бәукең мен Нарбай ақын да төменге түсті. Екеуі де жайдары, өте көңілді боп көрінді...

Дәм үстінде Бәукең біраз шешіліп, өткен жылы Ыстықкөлде дем алғанын айта бастап еді, жанымызға совхоз директоры болып істейтін тығыншықтай семіз біреудің аяқ астынан келіп киліккені. Әлгі омыраулаған қалпы Бәукеңнің тұсынан ұмтылып барып, Нарбайдың қолын қысты:

Ассалаумағалейкүм, Нарбай аға, өткен жолы біздің совхозға келіп кетіпсіз. Ауылда болмай қалғаныма сіздің алдыңызда ұяттымын. Арнайы келіңіз. Күтеміз, – деп желімдей жабысып, айырылар емес. Өзгемізге көз қиығын да салмады.

Бауыржан тағы жекіріп тастай ма деп, қипақтап отырған Нәкең «иә, иә, жақсы, жақсымен» тез құтылғысы келіп, жаны шығып барады.

Ал сау тұрыңыз, Нәке, – деп бұрыла беріп еді, Баукең:

Әй, жігітім, – деп саңқ ете түсті. Директор қайтып оралды.

Мен Бауыржан Момышұлы дегенмін. Бір дастарқанның басында отырған үш-төрт адамды алалап сәлем бергенді қай атаңнан көріп едің?

Сасып қалған директор:

Ө-ө, кешіріңіз, – деп есі шығып сасқалақтап қалды. Ортаға түскен Нәкең: «Бұл бөленше деген совхоздың директоры», – дей бастап еді, Бәукең:

– Сәлемін түзей алмай жүріп, жұртты қалай басқармақ? Марш! – деді мұртын тікелейтіп.

М. Шаханов

### **12. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Мәтіндегі «Бәукең» деген кім?
2. Бәукең дәм үстінде өзін-өзі қалай ұстады?
3. Әдемі әңгіменің шырқын бұзған кім?
4. Совхоз директоры дастарқан басында отырғандарға қалай сәлемдесті?
5. Бәукең ол туралы не айтты?

6. Болған іске байланысты Бәукеңнің көңіл-күйі қайтті?
7. Совхоз директорына сипаттама жасаңыз.

### 13. Мәтін бойынша қос жазба күнделігін толтырыңыз.

Мәтіннен үзінді	Түсіндірме / Комментарий
<p>Мәтінде Сіздің назарыңызды ерекше аударған бір мәлімет (ой, идея, тұжырым, ақпарат, т.б.)</p> <p>Мәтіннің әр бөлігінен 2-3 сөз, сөз тіркесі немесе фраза келтіру керек (толық сөйлем формасында жазу міндет емес).</p>	<p>Неліктен назарыңызды аударды? Не себепті оларды жазып алдыңыз?</p> <p>Мүмкін, келісесіз / келіспейсіз, жақтайсыз / қарсысыз, әбден түсінікті / түсініксіз, толғандырды / толғандырмайды немесе ол мәліметтер бойынша Сізде қандай да бір ойлар, идеялар, тұжырымдар туындады.</p> <p>Сол жақта жазылған әрбір сөз немесе сөз тіркесіне түсіндірмені сөйлем түрінде жазыңыз.</p>

### 14. Сұрақтардың дұрыс жауабын табыңыз.

1	Сәлемдесу әдет пе, әдеп пе?	
2	Орынды сәлемдесу дегенді қалай түсінесіз?	
3	«Ассалаумағалейкүм!» деп кіммен сәлемдеседі?	
4	«Сәлем!» деп кіммен сәлемдеседі?	
5	«Сәлеметсіз бе?» деп кіммен сәлемдеседі?	
6	«Кеш жарық!» деп қашан сәлемдеседі?	
7	«Қайырлы таң!» деп қашан сәлемдеседі?	
8	Сәлемдесу нені білдіреді?	

### 15. Мәтінді көз жүгіртіп оқып шығыңыз да, есіңізде қалған тұстарын жазбаша жазыңыз.

Қазақ елінің дәстүрі бойынша таныс, бейтаныстығына қарамастан, жасы кішінің жасы үлкенге бірінші болып сәлем беруі –

міндет. Сәлемді селқос қабылдау, қолының ұшын ғана беріп кекірею, жақтырмаған кейіп таныту – инабатсыздық, көргенсіздік, әдепсіздік. Көпшілікке сәлем беруші олардың арасында өзінің жақтырмайтын, түс шайысып қалған адамы болса да, онысын басқаға сездірмей ашық, айқын дауыспен барлық адамдармен бірдей сәлемдесуі керек. Мұндай кезде әлгі дұрдараз кісі де сәлем берушінің сәлемін алуы тиіс.

Жастардың үлкендерге қалшиып тұрып бір қолын ұсынуы да жараспайды. Біреумен амандасқанда көз-көңілдің басқа жақта тұруы – әдепсіздікпен пара-пар. Дастарқан үстіне кірген кісінің дауыстап бәрімен амандасқаны дұрыс. Мұндай жағдайда жағалай түгел қол беріп амандасқаны орынсыз, әсіресе қол алысып болып, қолын жуу – нағыз әдепсіздік. Әркім сәлемдесуді ғана емес, қалай сәлемдесуді, сәлемдескен кезде өзінің қас-қабақ, бет-жүз, дауыс құбылысын алдындағы адамға жағымды әсер қалдыратындай етіп қадағалауға талпыну керек.

#### **16. Мәтіннен алынған келесі сөздер мен тіркестердің мағынасын түсіндірме сөздіктен қарап біліп, сөйлем құраңыз.**

Бейтаныс, селқос болу, кекірею, түс шайысу, дұрдараз болу, қалшиып тұру, көз-көңіл, бет-жүз, қас-қабақ, инабатсыздық, көргенсіздік.

#### **17. Өзіңіздің жақын достарыңызбен сәлемдесу тәртібі туралы пікірсайыс өткізбекші болдыңыз дейік. Сіз осы пікірсайыста қандай мәселелерді талқылар едіңіз? Қаралатын мәселелерді (5-6 сұрақ) тізіп жазыңыз.**

**Үлгі:** 1. Сәлемдесу міндет пе, әдеп пе? 2. Бүгінгі жастар сәлемдесудің мәнін қаншалықты бағалай алады?



**18. Сыпайылық әдебіне қатысты мына сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыз.**

Кешіріңіз, мүмкін болса, мақұл көрсеңіз, рұқсат етсеңіз, қалауыңыз білсін, ғапу етіңіз, кешірім өтінемін, қаласаңыз, қарсы болмасаңыз.

**19. Басқа халықтардағы сәлемдесу үлгілері туралы не білесіз? Өзіңіз естіген, оқыған жайлармен толықтырып, эссе жазыңыз.**

**Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

*1. Сәлемдесу әр азаматтың ...*

- 1) әдебі
- 2) әдеті
- 3) міндеті
- 4) құқығы

*2. Құда-құдағилар сәлемдескенде ...*

- 1) сүйіседі
- 2) құшақтасады
- 3) иіледі
- 4) қол алысады

*3. Үлкен кісілер өзара сәлемдескенде ...*

- 1) сүйіседі
- 2) құшақтасады
- 3) иіледі
- 4) қол алысады

*4. Келіндер үлкен кісілермен сәлемдескенде...*

- 1) сүйіседі
- 2) құшақтасады
- 3) иіледі
- 4) қол алысады

*5. Отырған адамдарға сәлем беретін – ...*

1. кірген адам
2. кішкентай адам
3. ең үлкен адам
4. даладағы адам

6. «Қайырлы таң!» деп қашан сәлемдеседі?

- 1) кешке
- 2) түнде
- 3) танертең
- 4) түсте

7. Дастарқан үстіне келген адам бәрімен ... ..

1. қол алысады
2. бас изейді
3. жеке-жеке амандасады
4. дауыстап амандасады

8. Ата-ана баласын жастайынан сәлемдесуге ...

- 1) үйретсін
- 2) жаттатсын
- 3) қинасын
- 4) оқытсын

9. Қол алысып болып, қолын жуу – ...

- 1) әдептілік
- 2) тазалық
- 3) әдепсіздік
- 4) оқымағандық

10. Біреумен амандасқанда көз-көңілдің басқа жақта тұруы –

- 1) инабатсыздық
- 2) тәрбиесіздік
- 3) әдепсіздік
- 4) білімсіздік

## 2-тақырып

### ГИПОНИМДЕР МЕН ГИПЕРОНИМДЕР. ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

#### 2-сабақ

1. Ойтүрткі сұрақтарға жауап беріп, отбасы туралы ойларыңызбен бөлісіңіздер.

1. Отбасы дегенді қалай түсінесіз?

2. Отағасы деген кім?
3. Отанасы деген кім?
4. Отбасы берік болуының басты себепкері кім деп ойлайсыз?
5. «Отбасы – шағын мемлекет» дегенді қалай түсінесіз?
6. Өз отбасыңызда қандай ұлттық құндылықтар сақталған?

**Гипероним және гипоним** ұғымдарының аясында тұтас-тан бөлікке немесе бөліктен тұтасқа принципі бойынша жүйеленген сөз байланыстарын түсінеміз. Мысалы, адам-бала; ағаш-бұтақ; жануар-жылқы; отбасы-отағасы немесе бала-отбасы; торғай-күс; қызғалдақ-гүл.

Мұндағы басты ұғымды білдіретін сөз гипероним деп аталады. Олар: адам, ағаш, жануар, отбасы, күс, гүл. Ал туынды ұғымдар гипоним деп аталады. Олар: бала, бұтақ, жылқы, отағасы, торғай, қызғалдақ.

## **2. Берілген сөздер мен тіркестердің мағынасын түсіндіріңіз.**

Ілкіде –

Өрбіген ұрпақ –

Абзал –

Басын қатерге тігу –

Екіталай –

Кездейсоқ –

Төркіншілеу –

Үшқалақтық –

Өз үяң –

Көзі қиып тастау –

Қолын жылы суға салу –

## **3. Мәтінді оқып, түсініңіз.**

Қазақтар амандасқанда: «Мал-жаның, отбасың аман ба?» – деп жатады. Неге солай? Ол – өз отбасың, мал-жаның үшін сен жауап бересің деген сөз. Қазіргі кезде біз оны жай әдет шығар деп ойлаймыз. Ілкіде олай болмаған. Ол – басқалардың алдында сенің өз отбасыңды қалай басқарып отырғаның туралы есеп беруің болып есептелген.



Отбасы дегеніміз – тұрмыс құрған екі адамнан өрбіген ұрпақ. Отбасын бұзбау керек. Мал да, жан да сол ұяда қалса абзал. Бүкіл дүние жүзінің түсінігі басқаша болса да, қазақтың өз ұясына түсінігі – ата-баба түсінігінде, солардың заңдары мен жарғыларына бағындырылуы шарт.

Адамзат баласы үшін басын қатерге тігеді, қолын отқа салады. Егер біздің заңымыз бойынша отбасы бұзылған жағдайда «мал-жанын» ата шаңырақ меншігіне қалдырып жатса, «бауыр еті – баласын» тастап кетушілердің табыла қоюы да екіталай болар еді. Соның арқасында кездейсоқ болып қалған сәл реніш үшін баласын қолтығына қыстырып алып, «төркіншілейтіндердің» де саны азаяр еді. Мұндай заң әйелдің тең құқықтығын әлсіретпейді, қайта бақытты болуына, бесіктен бастап, отбасының тұрақты болуына әсер ететін тәрбие алып шығуына, өзіне өмірлік жар таңдауда ұшқалақтық жасамауына итермелейді.

Біздердің бұрынғы аналарымыздың «ері өлгенде де елден кетпеуі» сол «бауыр етіне» деген сүйіспеншіліктен туындайтын инабаттылық болса керек.

С. Тоқтамыс



#### 4. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.

1. «Отбасың аман ба?» – деп сұрау ненің белгісі?
2. Отбасы деген не?
3. Қазақ отбасының ерекшелігі неде?
4. Бала үшін ата-ана не істеуге бар?
5. Автор отбасы бұзылса, «мал-жанын» кімнің меншігіне қалдырған дұрыс деп ойлайды?

6. Осы мәселеге қатысты сіздің ойыңыз қандай?
7. Қандай жағдайда отбасы бұзылмас еді?

**5. Мәтінде қолданылған мына етістіктерді қалау, шарт, бұйрық мәнде жазыңыз.**

Есеп беру, бағындыру, меншік ету, әлсірету.

**6. Мына тұжырымдарды қалай түсінесіз? Жазбаша баяндаңыз.**

Мал да, жан да ұяда болсын. Мал-жан ата шаңырақ меншігінде қалсын. Бауыр еті – баласын көзі қиып тастау. Баласын қолтығына қыстырып алып, төркіншілеу. Ері өлгенде де елден кетпеу. Жар таңдауда ұшқалақтық жасамау.

**7. Мына ойды әрі қарай жалғастырыңыз.**

*Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. Сондықтан баланың мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі алғашқы ұстазы – ата-анасы. ...*



**8. «Абай жолы» романынан үзіндіні оқып, қазақ әйелінің отбасы тәрбиесіндегі қандай тамаша үлгісін байқағаныңызды жазыңыз.**

Бала көп ішінен алдымен өзінің шешесін көріп соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр. Сәлем бер! – деді. Абай жалт қарап барып, жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құ-

нанбай түр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды.

М. Әуезов

**9. Б. Момышұлына әкесі әскерге кетерде берген батасын оқып, шарт және бұйрық мәнді сөздерді теріп жазыңыз.**

Ақ жүрек болып жолдасың, адалдық сені қолдасын.  
Жақсылық үшін тірессең, жаныңды арың қорғасын.  
Арынды болсын, шабысың,  
Алымды болсын, табысың,  
Найзадай болсын намысың,  
Ер жігітке бәрі сын.  
Қиындық көрсең мұқалма,  
Ауырлық көрсең жұқарма.  
Қамқоршы бол кішіге, үлкенді үлгі түт алға!

**10. Қазақ отбасында қалыптасқан қандай тәрбиелік құндылықтарды білесіз? Жолдасыңызға баяндаңыз.**

*Үлгі:* Әкеден бұрын баланың сөйлемейі. Отағасы дастарқанға келмейінше табаққа қол салмау. Әкенің шешімінсіз іс бастамау.

**11. Мәтінді ұнтаспадан тыңдап, мәтін бойынша берілген сөздерді өзара тіркестіріңіз. Сол сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.**

«Әуелі тәрбиенің анасы – бесік, әрі-беріден кейін бесік ананың құрсағынан басталады. М. Әуезовтің: «Ел болам десең, бесігіңді түзе», – деген сөзінде терең мағына бар. Соның бірі – бесік ағашының таза, сапалы болуы. Ал сапалы бесік – арша ағашынан жасалған бесік. Арша – аса қасиетті ағаш. Қасиетті болатыны оған анау-мынау ауру-сырқау жоламайды. Түрлі микробтарды, құбыжықтарды өлтіретін күші бар. Арша бесікке қызамық, қара шешек сияқты аурулар дарымайды. Шамаң жетсе, арша бесік тап. Аршаны көп өсір. Тұқымын құрта берме. Арша бесікке күт құйылады. Шіркін, сол арша бесікке бөленетін нәресте көп болса ғой.

Ш. Мұртаза



Ананың  
Сапалы  
Ел болам десең,  
Арша бесік  
Қасиетті ағаш  
Терең  
Ауру-сырқау  
Шешек  
Бесікке бөленетін  
Арша бесікке

Құт күйылады  
Құрсағы  
Мағына  
Бесігінді түзе  
Қасиетті бесік  
Арша  
Ауруы  
Жоламайды  
Бесік  
Нәресте

**12. Мына етістіктерді өзгелік етіс формасында жазыңыз.**

Айт, жат, жет, өт, жаз, сал, отыр, бер, же, ки, тап, соқ, құт, қаз, жан, қал, ал, сез, жүгір, тазала, сана, оқы, ойна, жыла, баста, емде, жүгір, пісір, өзгер, сөйле.

**13. Суретті пайдаланып, бүгінгі күнгі бала тәрбиесі туралы «Басына қоқыс толған бала» деген тақырыпта шығарма жазыңыз.**



## Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары

1. Қазақтар үшін тәрбиенің анасы – ...

- 1) дала
- 2) әдеп
- 3) бесік
- 4) білім

2. «Ел болам десең, бесігіңді түзе», – деп айтқан ... .

- 1) қазақтар
- 2) Ш. Мұртаза
- 3) М. Әуезов
- 4) ата-бабаларымыз

3. Қазақ отбасында ана балаларының алдында өкені ерекше ...

- 1) атаған
- 2) дәріптеген
- 3) сипаттаған
- 4) ойлаған

4. Тұрмыс құрған екі адамнан өрбіген ұрпақ – ... .

- 1) балалар
- 2) ру
- 3) отбасы
- 4) тайпа

5. Адамның бауыр еті – ... .

- 1) балалар
- 2) ру
- 3) отбасы
- 4) баласы

6. Қазақтар үшін қасиетті ағаш – ... .

- 1) қарағаш
- 2) қайың
- 3) шырша
- 4) арша

7. Отбасы сөзіне мағыналас сөз – ... .

- 1) отанасы
- 2) отағасы

- 3) жанүя
- 4) жансая

8. Қызамық және қарашешек деген – ... .

- 1) шөп түрлері
- 2) ауру түрлері
- 3) ағаш түрлері
- 4) адамның есімі

9. Қазақтарда жаңа туған бала – ... .

- 1) нәресте
- 2) бала
- 3) жеткіншек
- 4) балапан

10. Ертеде қазақтар былай амандасқан ...

- 1) сәлеметсіз бе?
- 2) ел іші аман ба?
- 3) мал-жаның, отбасың аман ба?
- 4) үй-ішін аман ба?

### 3-тақырып

## КӘСІБИ СӨЗДЕР. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

### 3-сабақ

**1. Берілген сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.**

- Халықтың санының табиғи өсуі –
- Халықтың санының жасанды өсуі –
- Оң ықпал ету –
- Қолдаулар көрсету –
- Ағылған ұлы көш –
- Ата мекенге ат басын тіреу –
- Демографиялық ахуал –
- Игі істер –
- Тиімді жол –

Қарқынды жүруі –  
Айықпас дерттер –  
Дерттен айығу –  
Тұйыққа тірелу –  
Азшылыққа ұрыну –  
Тепкі көру –  
Шамшыл келу –  
Бас ие бермеу –  
Шындыққа тіке қарау –  
Санасына орнықтыру –  
Жақсы нышан емес –

## **2. Оқытушының көмегімен мына тіркестердің мағынасын түсініп, әрқайсысымен сөйлем құраңыз.**

Демографиялық ахуал, жүзеге асыру, айығу, дерт, айықпас дерт, тұйыққа тірелу, оң нәтижесін көру, отбасын жоспарлау, тиімді жол, ең басты мақсат, дәл анықтау, жалған намыс, тууды шектеу, тууды қолдау, әлеуметтік мәселе.

## **3. Болашақ кәсібіңізге қатысты кәсіби және термин сөздерді пайдаланып, «Мамандығым – мақтанышым» деген тақырыпта шағын шығарма жазыңыз.**

**Кәсіби сөздер** – белгілі бір шаруашылыққа, кәсіпке байланысты қолданылатын, жалпы халыққа түсінікті бола бермейтін, қолданылу өрісі шектеулі сөздер. Қазақ тілі кәсіби сөздерге бай.

Кәсіби сөздер таралу шегіне қарай ірі кәсіпке байланысты сөздер және шағын кәсіпке байланысты сөздер болып екі салаға бөлінеді. Кәсіби сөздердің әдеби тілде баламасы болмайды. Кәсіби сөздер мен термин сөздерді шатастыруға болмайды.

### **Терминдердің жасалу жолдары**

Заттың, құбылыстың, ұғымның атауын білдіретін терминдер жеке сөздердің кірігуі, бірігуі және тіркесуі арқылы жасалып, қолданылады. Мысалы, биоклимат, биоиндикация (биосөмір, индикатор-нұсқаушы), аэропланктон (аэр-ауа, планктон-адасушы), геоэкология (гео-жер, икос-үй, тұратын жер, логос-білім, оқу), экологиялық апат, экологиялық зиян, мейлінше шектелген мөлшер, ғаламдық ластану. Кейде бір заттың я құбылыстың атауы басқа сөздермен тіркесіп, күрделі термин құрайды: топырақ эрозиясы, қалыпты эрозия, жер асты эрозиясы, техногендік эрозия, геологиялық эрозия, т.б. Терминдерді нақты ғылым саласында қолданылуына қарай шартты түрде жаратылыстану ғылымдарының термині, техникалық терминдер, гуманитарлық ғылымдар термині, саяси-әлеуметтік терминдер және ғылыми-көпшілік терминдер деп бөлуге болады.

**Терминдер** – ғылым мен техниканың, өнер мен саясаттың белгілі бір саласында қолданылатын нақты бір ұғымның атауын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі. Қазіргі кезде нақты ғылым саласының іштей саралануына байланысты **терминдер салалық, сала аралық және жалпы ғылыми болып қарастырылады.**

- салалық терминдер белгілі бір ғылым саласының іштей сараланған түрінің бірінде ғана қолданылады;
- сала аралық терминдер белгілі бір ғылым саласының сараланған ішкі түрлерінің бәріне ортақ терминдер;
- жалпы ғылыми терминдер – көптеген ғылым салаларына ортақ терминдер.

### **4. Күрделі етісігіктердің дара түрін жазыңыз.**

Көмек беру –

Қолдау көрсету –

Ат басын тіреу –

Жүзеге асыру –

Еске алыну керек –

Бас ию –



## 5. Сөйлемдерді мағынасына сай аяқтаңыз.

Демографиялық өсу табиғи және жасанды жолдармен ... .

Қазақстандағы халық санының өсуіне осы екі жол да ...

Елімізде демографиялық өсуді жүзеге асыру үшін барлық жағдай ... .

Қазіргі кезде шет елден келген отандастарымыздың тұрмыстық жағдайы да ... .

Қазіргі кезде еліміздің экономикалық жағдайы да қарқынды ... .

Оралмандарға бөлінетін квота саны да жыл сайын ... .

Демографиялық өсуге кері әсер ететін ғаламдық сипатқа ие мәселелер де ... .

## 6. Берілген сөздерді мағыналық жағынан дұрыс тіркестіріп жазыңыз.

Материалдық	Жағдай
Демографиялық	Оралу
Әлеуметтік	Қабылдануы
Саяси	Іс-шара
Ұлы көштің	Келуі
Ата мекенге	Көмек
Заңның	Даму
Экономиканың	Өркендеуі

## 7. Мәтінді оқып, негізгі ойды табыңыз.

### Қазақстандағы демографиялық жағдай

Халықтың демографиялық өсуінің екі жолы бар: оның бірі – табиғи өсу болса, екіншісі-жасанды, яғни сырттан келушілердің есебінен өсу. Қазақстанда қазір халық санының өсуіне осы екі жол да оң ықпал етіп отыр. Қазіргі уақытта қазақ халқының демографиялық даму мүмкіндігі зор. Тәуелсіздік алған елімізде халықтың табиғи өсуіне оң ықпал тигізетін әлеуметтік іс-шаралар, мысалы, жас отбасыларына материалдық көмек беру, оларды үймен, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдаулар көрсету және т.б. жүргізілуде. Қазіргі уақытта елімізге шет елдерден ағылған ұлы көштің ата мекенге ат басын тіреп

жатқаны да жақсы нышан. Жыл сайын оларға бөлінетін квота көлемі де артып келеді.

Соңғы жылдары демографиялық ахуалдың жақсаруына еліміздің экономикалық тұрғыдан дамуы, Қазақстан Республикасының «Көші-қон саясаты туралы» заңы қабылданып, жүзеге асырыла бастауы да оң ықпал етіп отыр.

Алайда осындай жүргізіліп жатқан игі істер оң нәтиже беруі үшін біз қазіргі кездегі демографиялық мәселелердің ең басты бағыттарын дәл анықтап, оны шешудің тиімді жолдарын таба білуіміз керек. Бұл ретте әлемде өтіп жатқан индустриализация мен урбанизацияның жоғары қарқынды жүруінен туындап жатқан ғаламдық сипатқа ие мәселелер бар екені ескерілуі тиіс. Ондай мәселелер қатарына «өркениет ауруы» атанып отырған туудың азаюы, өлімнің өсуі, отбасының көп ажырасуы, қазіргі экологиямызға байланысты ауру балалардың туылуы немесе әйелдердің мүлде туа алмауы, айықпас дерттердің көбеюі және олардан айығудың тұйыққа тірелуі секілді жағдайлар жатады. Осындай әлемдік мәселелердің Қазақстан демографиясына әсерін, оның шешімін табудың жолдарын үкіметтік деңгейде қарастырған дұрыс. Өз елінде азшылыққа ұрынып, тепкі көрген ұлт шамшыл келеді. Ендеше біз жалған достық пен бауырмалдыққа бас ие бермей, шындыққа тіке қарап, Қазақстанның иесі – қазақ, тілі – ұлттық, діні – мұсылмандық екенін болашақ ұрпақтың санасына орнықтыруға тиіспіз. Қазақтың саны Қазақстанда азайып, қазақтың тууы төмендесе, бұл Қазақстан үшін жақсы нышан емес. Шетелдік «отбасын жоспарлау» саясаты да Қазақстан үшін аса қажет нәрсе емес.

(Интернет материалдарынан)

## **8. Сөйлемдерді өзара логикалық байланыста орналастырыңыз.**

Қазақстанда қазір халық санының өсуіне осы екі жол да оң ықпал етіп отыр. Халықтың демографиялық өсуінің екі жолы бар: оның бірі – табиғи өсу болса, екіншісі – жасанды, яғни сырттан келушілердің есебінен өсу. Сондай-ақ демографиялық ахуалдың жақсаруына Қазақстан Республикасында «Көші-қон саясаты туралы» заңның қабылдануы да оң ықпал етіп отыр. Қа-

зіргі уақытта қазақ халқының демографиялық даму мүмкіндігі зор.

Оралмандарға бөлінетін жыл сайынғы квота көлемі де артып келеді. Тәуелсіздік алған елімізде халықтың табиғи өсуіне оң ықпал тигізетін әлеуметтік іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

### **9. Мәтінде берілген ақпаратты пайдалана отырып, жер шарында адам санының өсуі туралы кесте жасаңыз.**

Дүниежүзілік демографиялық жағдай күрт өзгерді. Жер шары халқының саны тез өсіп кетті. 1700 жылы планетада 620 миллион адам болса, 1850 жылы оның саны 1 млрд 200 млн-ға жетті. Яғни екі есеге көбею үшін 150 жыл қажет болды. 1950 жылы жер шары халқының саны 2 млрд 500 млн-ға жетті және 1850 жылдан кейінгі еселенуге 100 жыл уақыт кетті. 1986 жылдың орта шенінде жер бетінде 5 млрд адам өмір сүріп жатты. Сонда еселену небары 35 жыл ішінде жүріп өтті. 2000 жылы 6 млрд адамнан асты. Ал 2011 жылы қазан айында 7 млрд-шы адам Ресейде дүниеге келді деген де ақпарат бар. Осы сандарды салыстыратын болсақ, планета тұрғындарының соңғы кезде жылдам өскендігін байқауға болады. Міне, сондықтан да «демографиялық дүмпу» термині ХХ ғасырда пайда болды. Ал демографиялық дүмпу дегеніміз – қысқа мерзімде тұрғындар санының осылай тез өсуі. Демографиялық дүмпу әлемде әр түрлі уақытта болуы мүмкін. Мысалы, тұрғындардың саны ең көп Үндістанда минутына 48 адам дүниеге келеді. Жыл сайын елдегі адам саны 18 млн-ға өсіп отырады. Әрине, дүниеге адамның келуі үлкен қуаныш, бірақ планета тұрғындарының шектен тыс көп болуы планетаны экологиялық апатқа ұшыратуы мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, жер де есептеулі. Биосферадағы өзінің үлесін арттыра отырып, адамзат табиғат үйлесімін бұзады. БҰҰ-ның болжамы бойынша 2050 жылға қарай планета халқының саны 11,9 млрд-қа жетеді. Халық санының жылдам өсуі табиғатқа деген «тұтыну қысымын» өсіреді. Қазірдің өзінде табиғат ресурстары өзін-өзі қалпына келтіре алмайтындай дәрежеде пайдаланылуда. Адам табиғаттың бір бөлшегі болғандықтан, онымен келісімде өмір сүруі керек.

## **10. Мәтінді көз жүгіртіп оқып шығыңыз да, мәтін соңында берілген сұрақтардың жауабын табыңыз.**

Демография саясаты – әр мемлекеттің адам санын көбейтуге тигізетін ықпалына байланысты саясат. Бұл саясаттың мақсаты – нақты бір мемлекеттің нақ қазіргі кезеңдегі демографиялық тенденциясын әр түрлі зерттеулер жүргізіп, ғылыми талдау арқылы қолдауға немесе өзгертуге ықпал ету.

Демографиялық жағдайға байланысты жүргізілетін демографиялық саясаттың екі түрі бар: біріншісі – тууды қолдау саясаты (бұл көбіне экономикалық дамыған елдерге тән); екіншісі – тууды шектеу саясаты (бұл көбіне дамып келе жатқан елдерге тән). 1953 жылы Халықаралық отбасын жоспарлау федерациясы құрылды. Осы бағдарламаға сәйкес «Отбасын жоспарлауға» қатысты түрлі бағдарламалар пайда болды. Ол бағдарламалар тууды шектеуге арналды. Бұл бағдарлама көбіне Еуропа елдерінде өз қолдауын тапты. Қазір осы бағдарламалардың орындалуы Қытай мен Үндістанда анық байқалады. Қазіргі уақытта Қытайда «Бір отбасына бір бала», ал Үндістанда: «Біз екеуміз, екеумізге екі бала», – деген демографиялық бағдарлама жұмыс істейді.

«Отбасын жоспарлау» саясатының басты міндеті – аз балалы отбасының (1-2 балалы) көп балалы отбасынан (5-10 бала) экономикалық тұрғыдан басымдылығын түсіндіру. Отбасы мүшелеріне бала туудан сақтанудың жолдарын үйрету, моральдық және материалдық қолдау көрсету.

1. Демографиялық саясат не үшін жүргізіледі?
2. Қытай мен Үндістанда демографияға байланысты қандай бағдарлама жұмыс істейді?
3. «Отбасын жоспарлау» саясаты қандай жұмыс атқарады?
4. «Отбасын жоспарлау» саясаты Қазақстан үшін қажет пе?
5. Қазақстанға «демографиялық дүмпу» қажет пе?
6. Демографияға қатысты біздің елімізде қандай саясат жүргізіледі?
7. Қазақстанда соңғы халық санағы қашан өтті? Оның нәтижесі туралы не білесіз?

**11. Демографиялық өсудің табиғатқа, қоршаған ортаға әсері туралы 8-9 (барлығы 16-18 сөйлем) сұрақ-жауаптан тұратын сұхбат құрыңыз.**

**12. Тақырып бойынша меңгерген сөздер мен тіркестерді пайдаланып, «Қазақстандағы демографиялық жағдай» тақырыбына эссе жазыңыз.**



**13. Мына нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.**

Бір нәресте дүниеге келсе, бір түп жусан артық өседі.

Әр баланың өз несібесі өзімен.

Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар.

Елдің ертеңі – бүгінгі нәресте.

**14. Отбасына, тәрбиеге байланысты 10 мақал-мәтел жазып, жаттап келіңіз.**

**Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

*1. Демографиялық дүмпу дегеніміз – ... .. .*

- 1) бала санының өсуі
- 2) адам санының тез өсуі
- 3) қысқа мерзімде адам санының тез өсуі
- 4) қысқа мерзімде адам санының тез азаюы

*2. Демографиялық саясат – ... .. .*

- 1) барлық елде бірдей
- 2) әр елде әр түрлі

- 3) ешбір елде жоқ
- 4) көп елде жоқ

3. «Отбасын жоспарлау» саясатының алғашқы пайда болған жері –

- 1) Еуропа
- 2) Азия
- 3) Шығыс елдері
- 4) Прибалтика

4. «Бір отбасына бір бала» деген бағдарлама қай елде?

- 1) Өзбекстанда
- 2) Үндістанда
- 3) Пәкістанда
- 4) Қытайда

5. «Біз екеуміз, екеумізге екі бала» деген бағдарлама қай елде?

- 1) Өзбекстанда
- 2) Үндістанда
- 3) Пәкістанда
- 4) Қытайда

7. Қазақстанда соңғы халық санағы қашан өтті?

- 1) 1999 ж.
- 2) 2009 ж.
- 3) 1989 ж.
- 4) 1979 ж.

8. «Отбасын жоспарлау» бағдарламасы ... ..

- 1) тууды қолдайды
- 2) тууды насихаттайды
- 3) тууды қолдамайды
- 4) тууды үгіттейді

9. Қазақтарда жаңа туған нәрестені ... ..

- 1) атқа мінгізеді
- 2) бесікке салады
- 3) қолға көтереді
- 4) тымаққа салады

10. «Дүниеге келу» тіркесіне мағыналас тіркесті табыңыз.

- 1) өмірге келу
- 2) өмірді көру

- 3) өмір сүру
- 4) өмірді сүю

11. «Көп балалы отбасы» тіркесіне қарсы мағыналас тіркесті табыңыз.

- 1) шағын отбасы
- 2) көп балалы отбасы
- 3) аз балалы аула
- 4) көп балалы үй

#### 4-тақырып

### АНТОНИМДЕР. ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

#### 4-сабақ

##### 1. Сөздердің мағынасын ашыңыз.

Үлескерлер –  
Тұрғын үй кешені –  
Алаяқ –  
Шыдамдылық таныту –  
Қаржы салу –  
Түксіз қалу –

##### 2. Мына тіркестердің қарсы мағынасын жазыңыз.

Құрылысты бастау, биік ғимарат, кең бөлме, жарық бөлме, таза бөлме, көтеріңкі көңіл, биік табалдырық, түзу қабырға, құрылысты жүргізу, пәтер кілтін беру, қуанышты болу.

##### 3. Сөздердің антонимін жазып, әрқайсымен сөйлем құраңыз.

Төмен, түсу, тығыншықтай, семіз, қысу, алды, саңқ ету, жұбату, жарық, түру.

##### 4. Берілген сөздердің ішінен өзара антоним болатын сөздерді жұптаңыз.

Биік, таза, момын, кедей, ақылды, кәрі, жаңа, бойшаң, жоғары, жарық, молшылық, айқайлау, ірі, құрғақ, қуану, есте сақтау,

арық, тапал, төмен қараңғы, жоқшылық, ескі, жас, ыстық, аласа, лас, шақар, бай, ақымақ, үндемеу, қайғыру, семіз, ұмыту, суық, майда, сулы.

**Антонимдер** деп мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді айтамыз. Мысалы, елгезек бала-тілазар бала, шабан ат-жүрдек ат, іскер адам-олақ адам, жақсы мінез-жаман мінез, қисық ағаш-түзу ағаш, тату көрші-араз көрші, т.б. Тілімізде антоним сөздер мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда көп кездеседі. Мысалы, Ащы мен тұщыны татқан білер, алыс пен жақынды жортқан білер. Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір, т.б. Осы мысалдардағы ащы-тұщы, алыс-жақын, аз-көп сөздері – мағыналары бір-біріне қарама-қарсы антоним сөздер.

Сөздер бір-біріне антоним болу үшін олардың түбірі әр түрлі болуы шарт. Сулы-сусыз, жанды-жансыз, балалы-баласыз деген сөздер бір-біріне антоним бола алмайды, тек болымсыз форма ретінде қарастырылады.

## **5. Берілген сөздерге мағыналас сөздерді жазып, олармен сөйлем құраңыз.**

Үй салу, биік ғимарат, тар бөлме, ықпал ету, орындау, атақты, көзі ашық, даурықпа сөз, құрылысты бітіру, білімді, жариялау.

## **6. Суретті пайдаланып, қала мен ауыл құрылысының айырмашылығын тізіп жазыңыз.**





**7. Берілген сөздерге мағыналас сөздерді жазып, олармен сөйлем құраңыз.**

Үй салу, биік ғимарат, тар бөлме, ықпал ету, орындау, атақты, көзі ашық, даурықпа сөз, құрылысты бітіру, білімді, жариялау.

**8. Мына сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Банк несие берсе, ... . 2. Жер сатып алсаңыз, ... . 3. Жаңа пәтерге кірсе, ... . 4. Құжаттарды дұрыс жинаса, ... . 5. Ақшаңыз көп болса, ... . 6. Пәтеріңіз жоқ болса, ... . 7. Құрылыс материалдары қымбат болса, ... . 8. Адамдар жаңа пәтер алса, ...

**9. Берілген сөздердің орын тәртібін сақтап, сөйлемдерді қайта жазыңыз.**

1. Мегауданындағы пәтер кілті үш кешенінің тұрғын үй тапсырылды «Сайран» үлескерлеріне.
2. Қаладағы құрылыстары әлемдік барысында нысандардың көптеген еді қалған тоқтап дағдарыс.
3. Көптеген қаладағы басшылары компанияларының алаяқ, тіпті, шықты құрылыс болып.
4. Үкімет үлескерлерге туралы Президент қолдау қабылдады батыл тарапынан көрсету шешім.
5. Республика қаласына тоқтап мақсатында бюджетінен Алматы қалған аяқтау құрылыстарды бөлінді қаржы.
6. Үлескерлерге шыдамдылығы білдірді үшін пәтер барысында қала алғыс кілтін олардың тапсыру басшысы.
7. Үлескерлер қарсы жаңа үйде жылды алмақ жаңа.

**10. Берілген тірек сөздер мен тіркестерді пайдаланып, «Қаладағы тұрғын үй құрылысы» деген тақырыпта досыңызға әңгімелеңіз.**

**Қажетті тірек сөздер мен тіркестер:** құрылыс компаниясы, тұрғын үй кешені, құрылысты бастау, биік ғимарат, бірнеше қабат, көп пәтерлі тұрғын үй, сапалы құрылыс, биік крандар, жылыту жүйелері, сумен жабдықтау, желдету, көзді ашып-жұмғанша, ғимараттың жан-жағы, гүлзарлар, көгалдандыру, астыңғы қабат, әр түрлі дүкендер, шаштараз, асхана, дәріхана, пәтерді сату.

## **11. Мына тіркестерді сөйлем ішіне дұрыс орналастырыңыз.**

Ауқымды тақырып, инновациялық технология, энергия үнемдеу технологиясы, жарықтық-техникалық бұйымдар, желдету, жылыту жүйелері, сумен жабдықтау жүйелері, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, көп пәтерлі үйлер, күрделі жөндеу.

Қаладағы ... .. көбісі ... .. қажет етіп тұр.

Қала бойынша алдағы он жылда ... .. қалпына келтіруге өте көп мөлшерде қаржы кұйылды.

Астанада ұйымдастырылған халықаралық көрмеде ... .. соңғы үлгілері ұсынылды.

Қазіргі кездегі құрылыстың барлығында дерлік ... .. кең қолданыста.

Тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық мәселелері халық үшін маңызы зор ... .. болып табылады.

Жаңа құрылысты қабылдау барысында ..., ... .. ерекше тексерістен өткізіліп барып, қабылдау актісіне қол қойылады.

Өркениетті елдердің барлығында ... .. кез келген әлеуметтік-экономикалық салада жүзеге асырылады.

## **12. Берілген сұхбатты толықтырыңыз.**

– Сәлем, Айнұр! Отбасың аман-есен бе? Жағдайың қалай? Не жаңалық? Сендер пәтер алды деп естідім, рас па?

– Иә. ... ..

– Қандай бағдарлама бойынша алдыңдар? Неше бөлмелі?

– ... ..

– Пайыздық мөлшерлемесі қандай? Несиені неше жылға рәсімдеді?

– ... ..

– Қандай банкпен келісім-шартқа отырдыңдар?

– ... ..

– Құттықтаймын! Қоныс тойын қашан тойлаймыз?

– ... ..

## **13. Қажетті сөздерді пайдалана отырып, сөйлемдерді дұрыс аяқтаңыз.**

Мемлекет жастарға үй алу үшін ... ..

Тұрғын үй бағдарламасы бойынша пәтер алу үшін көп ... ..

Тұрғын үй бағдарламасы бойынша бірнеше банк ... ..  
Банктің көмегімен пәтер алудың тағы бір жолы – ... .  
Нарық жағдайында жұмыс орнынан тегін үй алу – ... .  
Қалада салынып жатқан тұрғын үй кешендеріндегі пәтерлер ... .  
Қазіргі кезде үлескерлер мәселесі де біртіндеп өз шешімін ... ..  
Қазіргі асығыс салынып жатқан үйлер – ... .  
Қазіргі құрылыс материалдары ... және ... .  
Жаңа пәтерге келген соң қоныс тойын тойлау – ... ..

**Қажетті сөздер мен тіркестер:** ерекше бақыт, сапасыз, қолдау көрсетуде, сапалы, қымбат, тауып келеді, құжаттар жинау керек, сатылады, қиын, несие береді, ипотека.

**14. Баспасөз материалдарын пайдалана отырып, «Тұрғын үй салу – біздің экономикамыздың жаңа локомотиві» деген тақырыпта досыңызға әңгімелеңіз.**



**15. «Жан жылуы – отбасы жылуы» деген тақырыптағы шығарманы жалғастырыңыз.**

Жан жылуы жүрек жылуын тудырады, ал жүрек жылуы отбасы жылуына негіз болады. Сіздің жаныңыз аялы алақанның жылуын сезінсе, сіз үшін ол үлкен бақыт. ...

**Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

*1. Қазіргі кезде жаңа салынған үйлерді не істейді?*

- 1) тегін таратады
- 2) сыйға тартады
- 3) сатады
- 4) жалға береді

2. Жас отбасыларына арналған не бар?

- 1) тұрғын үй бағдарламасы
- 2) банк несиесі
- 3) ескі үйлер
- 4) жалға берілетін үйлер

3. Тұрғын үй бағдарламасы бойынша үй алу үшін ... ..

- 1) ақша жинайды
- 2) құжат жинап, кезекке тұрады
- 3) ескі үйлерді қайта салады
- 4) банктен несие алады

4. Тұрғын үй салу – ... ..

- 1) ел экономикасының локомотиві
- 2) экономиканы дамытады
- 3) халықты байытады
- 4) банктен несие алу

5. Үй салумен айналысатын ... ..

- 1) басшылар
- 2) елдер
- 3) құрылыс компаниялары
- 4) құрылысшылар

6. Құрылысты аяқтау тіркесіне мағыналас тіркесті табыңыз.

- 1) құрылысты салу
- 2) құрылысты бітіру
- 3) құрылысты тапсыру
- 4) құрылысты тоқтату

7. Жаңа пәтерге кірген соң ... ..

- 1) қоныс тойын тойлайды
- 2) қонақ шақырады
- 3) қонақ күтеді
- 4) той жасайды

8. «Сақалды құрылыс» дегеніміз – ... ..

- 1) жаңа салынған үйлер
- 2) ұзақ тұрған құрылыс
- 3) салынған құрылыс
- 4) салынып жатқан құрылыс

## 5-тақырып

### ФРАЗЕЛОГИЗМДЕР.

#### АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ МЕН ЖАН ДҮНИЕСІ

##### 5-сабақ

**1. Берілген фразеологиялық тіркестерден адамның сипатын беретін түрлерін теріп жазыңыз.**

Азуы алты қарыс, аузының салымы бар, екі езуі екі құлағына жету, ақ саусақ, арасынан қыл өтпеу, жұмыртқадан жүн қырыққан, кірпігіне қырау қонған, жүрегінің түгі бар, кірпідей жиырылған, аузын бұған өгіздей, жібi түзу, көзі ашық-көкірегі ояу, көзге шыққан сүйелдей.

**2. Фразеологизмдердің синонимін табыңыз.**

Үріп ауызға салғандай –

Жүзінен нұры тамған –

Түгі бетіне шыққан –

Даусы алты айлық жерге жеткен –

Тал бойында бір мін жоқ –

Тал шыбықтай бұралған –

Тепсе, темір үзген –

Аузың қайсы десе, мұрнын көрсеткен –

Бетінен қаны тамған –

Сары қарын, салпы етек –

**3. Адамның жан-дүниесін, мінезін білдіретін сөздерді бір бағанға, сыртқы келбетін білдіретін сөздерді бір бағанға бөліп жазыңыз.**

Адамның жан-дүниесін, мінезін білдіретін сөздер	Адамның сыртқы келбетін білдіретін сөздер

Келбетті, сүйкімді, ренді, аласа, сұңғақ, сымбатты, сыралғы, сыпайы, тұйық, сезімтал, түсінігі мол, көргені көп, көргенді, жайдары, тәрбиелі, адуын, дөйіс, семіз, жуас, қиқар, арсыз, намыссыз, ажарсыз, тапал, өркөкірек, түсінігі таяз, өзіне сенімді, қыр мұрын, қайсар, ақылды, көңілді, пысық, арық, жеңілтек, иықты, нәзік, тыриған, орта бойлы, қайырымды, жүрегі жұмсақ, қалың қара қасты, сұрықсыз, ұзын шашты, тәмпіш қара, жаурынды, қара торы, шикіл сары.

#### **4. Мәгінді оқып, кейіпкерлердің сыртқы келбеті мен жан-дүниесін сипаттайтын тұстарын жазып алыңыз.**

Лида әрі сұлу, әрі сүйкімді, өзін-өзі әсем ұстайтын жан екен. Батыл қалжыңға жібермей, сыпайылықтан арғының біріне де жақындатпай сөйлеседі. Есті де көргенді, ақжарқын да ұстамды әйел екені байқалады. Көркем әйелге керекті сұлулық бейнелердің басы түгел қосылған да, сұлулықты бұзатын бейнелер әзір жуыспаған. Әйелге бақыт аздық та етпейді, көптік те етпейді. Лида бақытты әйел сияқты.

Лиданың ажарлы реңімен купеге енген жанға жайлы жылы лебіз қоңырқай вагонның ішін жарқыратып жібергендей болды. Барлық еркек жарты сағаттың ішінде қырынып-киініп, коридорға шықты. Бәрі де Лиданың көзіне шалынғысы келетін сияқты. Менің көршім күміс сақал профессор ғана мұндай әлекке түскен жоқ.

Дәл бүгін Лиданың көзінде менің алдыма түсе қояр еркек жоқ еді. Аласалау да қара домалақтау болғаныммен осы вагонда ең көзге түсер адам өзім сияқты сезінемін.

#### **6-сабақ**

Екі немесе одан да көп сөздің тіркесуі арқылы жасалатын, құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға келмейтін, бәрі тұтасып бір мағынаға ие болатын, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаратын тіркестер **тұрақты тіркестер немесе фразеологизм** деп аталады. Мысалы, **Екі иығына екі кісі мінгендей** деген тұрақты сөз тіркесі денелі, тұлғалы, иықты деген бір ғана мағынаны білдірсе, **Аяғы аяғына жұқпады** тұрақты тіркесі шапшаң, тез жүрді деген ұғымда қолданылып тұр.

**5. Суретке қарап, ондағы адамдардың сыртқы келбетін сипаттаңыз.**



**6. а) досыңыздың, ә) отбасыңыздың бір мүшесінің, б) әйгілі әртістердің бірін, в) өзіңізді мына үлгі бойынша суреттеңіз.**

*Үлгі:* Оның бойы биік, өзі арық, жас, шашы қара, шашы ұзын, көзі үлкен және қара, көзілдірік тақпайды. Мінезі ашық, көңілді жүреді. Сымбатты, талғаммен сәнді киінеді. Ол банкте жұмыс істейді, тұрмысы жақсы. Ол кім? Ол – менің досым.

**7. Жапондық азаматтың, еуропалық азаматтың, кубалық азаматтың сыртқы келбетін сипаттаңыз.**

**8. Хат жазу арқылы анаңызға досыңыздың сырт келбеті мен мінезін, адамшылық қасиеттерін сипаттаңыз.**

**9. Өзіңіз оқыған әдеби шығармадан фразеологиялық тіркесі бар 10 сөйлем жазып келіңіз.**

**1. Мына адамдардың сипаттамаларын табыңыз.**

1. Шашы қара, тік, қысқа, селдір; көзі қара, көзі қысыңқы, қасы қара және қалың. Мұрны үлкен және таңқы. Классикалық үлгіде киінген, бірақ ашушаң. Қазір де өте ашулы, аузы ашық, тісі көрініп тұр. Өзі жас.
2. Шашы қоңыр, қысқа, бұйралау, қалың. Қасы қалың, көзі мейірімді. Аузы ашық, тісі көрініп тұр. Құлағы үлкен. Өзі бір нәрсеге таңданып, қуанып тұр. Спорттық үлгіде киінген. Өзі жас.

3. Шашы сары, жұқа, селдір, бұйра. Қасы қалың, маңдайында әжімі бар, жасы егде. Құлағы үлкен. Мұрны үлкен, бірақ құсмұрын. Ерні жіңішке. Көңілі жабырқау, алаңдаулы. Көзі қоңыр, мейірімді.



## 6-тақырып

### ФРАЗЕЛОГИЗМДЕРГЕ ТӘН БЕЛГІЛЕР. МЕҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН

#### 7-сабақ

1. Төмендегі сөздерді дұрыс айтуға дағдыланыңыз.

	Айтылуы	Жазылуы
1	кезгелген	кез келген
2	үстөм	үстем
3	татуу-тәтті	тату-тәтті
4	өмүр өзөгү	өмір өзегі
5	өзбйілігі өзүнде	өз билігі өзінде
6	өзғолү өзаузына жетуу	өз қолы өз аузына жету
7	татуулық, татуулұғы	татулық, татулығы
8	үйүмшүл	үйымшыл

2. Сөздердің мағынасына назар аударыңыз.  
кеңпейілді – мінезі ашық, қарапайым, жомарт  
жаны жадырады – жайдарыланды, көңілденді



**жүректі тербеді** – мейірлендірді, тебірентті  
**досқа иілді** – досына құрмет көрсетті, айтқанына көнді  
**дұшпанға шалқаю** – жауына тізе бүкпеді, қарсы тұрды  
**тағдыр талқысы** – өмір, тіршіліктің сыны  
**өмір өзегі** – тіршіліктің негізі

**беделін үстем етті** – абыройын арттырды, құрметке бөледі, даңқын шығарды

**жанын шүберекке түйді** – 1. Өлімге бас байлады, тәуекелге бел буды.

2. Зәресі ұшып шошынғанын, үрейленгенін білдірмеді, сездірмеуге тырысты.

**қақ айырды** – ортасынан тең бөлді, түп-тура екі жарды  
**көрегендік** – алдағы болатын істі болжағыштық, білгіштік, сезімталдық

**ел тұтқасы** – елді ұйымдастыра білетін, елге бас болатын (адам), ел ұйытқысы

**адам назарына ілігу** – ескеру, елеу

## Фразеологизмдер және оның белгілері

Бір ұғымда қолданылатын, сөйлем мүшелеріне ажыратуға келмейтін, грамматикалық мағыналарын өзгертіп, тіркестегі орындарын алмастыруға болмайтын тұрақты сөз тіркестерін фразеологизмдер дейді.

Фразеологизмдер құрамы жағынан тұрақтылығымен, дайын қолданылуымен, мазмұн тереңдігімен, бейнелігімен ерекшеленеді. Фразеологизмдер кейде жеке сөздердің эмоционалды, экспрессив баламасы (синонимі) ретінде де қолданылады. Мысалы: *алыс – ит өлген жер*; *жылдам - қас пен көздің арасында*; *сұлу – ай десе аузы, күн десе көзі бар т.б.*

Фразеологизмдердің негізгі белгілері:

3. мағына тұтастығы, яғни фразеологизм құрамындағы сөздердің өздерінің бастапқы мағынасынан түгел немесе жартылай айырылып қалып, біртұтас мағына беруі.

2. тіркес тиянақтылығы, яғни фразеологизм құрамындағы сөздердің орын тәртібіне қарай нық болып, өзара жымдасқан тіркес қалпын барлық жағдайда сақтауы.

1. қолдану тиянақтылығы, яғни фразеологизмнің үнемі даяр қалпында қолдануы.

### 3. Асты сызылған сөздерді мағынасы қарама-қарсы сөздермен беріңіз.

1. Адамға тән кеңпейілдік қасиет бірте-бірте азайып бара жатқан сияқты.

2. Өзің жақсы көретін адамдардың іс-әрекеттері жаныңды жадыратады.

3. Өз елі, жері үшін қаншама өрімдей жастар жанын шүберекке түйді.

4. Біздің ата-бабаларымыздың Бурабайдай көркем жерді сақтап, көрегендік танытуы келер ұрпаққа үлгі болуы керек.

5. Қазақ елінің біраз жылдар бойы өз тізгіні өз қолына тиген жоқ.

### 4. Фразеологизмдердің мағынасын сөздіктен қарап, ажыратыңыз.

Жанын күйдірді, жаны еріді, жан тоймады, жаны сүйсінді, жанын жұбатты, жанын күтті, жанын қатерге тікті, жанын қиды, жанын құрбан етті, жанын отқа салды, жанын шығарды, жаны өртенді, жаны сая тапты, жаны төзбеді, жаны шығып кете жаздады, жаны ұстараның жүзінде (ұшында) тұрды, жаны шығып кетті.

Жүрегін тербеді, жүрегін тырнады, жүрегін ұсынды, жүрегін ұшырды, жүрегін сыздатты, жүрегін су еткізді, жүрегін оятты, жүрегін мұздатты, жүрегін жаралады, жүрегін жылытты.

Беделін үстем етті, беделін төкті, беделін көтерді, беделін түсірді, беделін сақтады, беделін салды, беделін жүргізді.

### 5. Фразеологизмдерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.

1	2
елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан!	бірікті, ұйымдасты, ауызбірлік жасады
ен байлық	уақыт өткен сайын заман өзгереді деген мағынада
даңқы арта түсті	жұмысты, іс-әрекетті барлығы бірдей бар ықыласымен істеді

1	2
бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды	мол қазына, қыруар мал-мүлік
бір-біріне сеп болды	атағы әлемге әйгілі болды, күллі жұрт қадір тұтты
билеп алды (тұрды)	бірін-бірі түсінді, тілек-талабы қосылды
сөзінің (айтқанының, дегенінің...) жаны бар	бақыт орнаған тұрақ, жайлы мекен
жұмыла кірісті	біріне-бірі көмектесті
жарастық тапты	өз дегеніне көндірді, басқарып тұрды
құтты мекен (қоныс)	айтқаны дұрыс

## 6. Фразеологизмдерді мағынасына қарай топтаңыз.

<b>Синонимдер</b>	
Сөзін жерге тастамады	Сөзі түйеден түскендей
Сөзге келмеді	Сөзін қимады
Сөзі (тілі) мірдің оғындай	Сөз қайырмады
Ісі өрге басты	Салқын қанды
Мінезі ауыр	Сабасына түсу
Райынан қайту	Тасы өрге домалады
<b>Антонимдер</b>	
Бетінен оты шықты	Жолы болмады
Сыр алдырды	Ит пен мысықтай болды
Айы оңынан туды	Бегі бүлк етпеді
Араларынан қыл өтпеді	Іші тар
Басына бақ қонды	Сыр бермеді
Қолы ашық	Басынан бағы тайды

## 7. Мәтінді оқыңыз.

### Менің Отаным – Қазақстан

Кеңпейілді қазақ халқының дархан даласын жайлаған барша ұлт өкілдері қазақ жерін – «Отаным» дейді. Мұндай мақтаныш сезіммен айтылған жалынды сөз жанымызды жадыратады. «Отан» деген сөз қазақ тілін білетін кез келген адамның көз алдына өзінің атамекенін елестетіп, жүрегін тербейді. Осы бір сөзде адамға ой салатын терең мағына жатыр.

Қазақ елі Жер бетінде өз орнын белгілеп, досқа иіліп, дұшпанға шалқайып тағдыр талқысында өмір өзегін ұрпақпен жалғастырып келеді. Елімізде талай-талай өркенді өзгерістер, жақсы жаңалықтар болып жатыр. Ең бастысы, тату-тәтті, ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Олар еліміздің ашық аспаны мен көкшіл туының астында бейбіт өмір кешіп жатыр. Түріне, нәсіліне қарамастан бірдей білім алып, Қазақстан Республикасының Ата Заңы негізінде өздерінің Отанына айналған қазақ еліне барынша қызмет етіп, беделін үстем етіп келеді.

Біздің туымыз – тәуелсіздік, тілегіміз – бейбітшілік, тыныштық. Еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтау – әрбір азаматтың борышы.

Көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқы ертеден-ақ үш нәрсені бойтұмардай қасиет тұтып, қадірлеп өтіпті. Олар – туған ел, туған жер, ана тілі. Ертеден ақындардың ел-жұртын, өзінің туып-өскен жерін жырға қосуы, батырлардың туған ел топырағында өлсем деп арман етуі тегін емес.

Егемендігіміздің енді бір белгісі – қасиетті ана тіліміз. Түсіне білгенге қазақ ұлты ешбір ұлттан, қазақ тілі ешбір тілден кем емес. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақстанды өзімнің Отаным деп санайтын әрбір адам мемлекеттік тілді меңгеруге ұмтылулары керек. Мемлекеттік тілге деген ұмтылыс арқылы барша қазақстандықтардың тұтастығы нығайып, ынтымағы арта береді», – деуі тегін емес.

Бабалар жолын жалғастырып, ағалар ісін алға апару үшін біздерге, жастарға, ең алдымен, білім, ізденіс керек.

Біз, бүгінгі студент – ертеңгі ел тұтқасы, өмір иесіміз.

Жоғары оқу орны қабырғасынан алған біліміміздің тиянақты да сапалы болуы – ертеңгі еліміздің іргетасының берік қалануының айғағы.

Қазақ елінің, қасиетті жерінің бүгінгі келбеті, келешек мақсаты мен жарқын жолдары кең де даңғыл боларына мен кәміл сенемін!

(Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті халықаралық қатынастар факультетінің 1-курс студенті А.А. Чаймарданованың «Әркімнің өзіне ыстық туған жері» атты баяндамасынан ықшамдалып алынды).

## **8. Оқылым тапсырмаларын орындаңыз.**

*1. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.*

1. Туған ел, туған жер, ана тілі.
2. Тәуелсіздік, бейбітшілік, тыныштық.
3. Ел тұтқасы, өмір иесі, болашақ жастар.
4. Жарқын өмір, даңғыл жол, қарым-қатынас.

*2. «Ел іргетасының берік қалануы» тіркесіне мағыналас тіркесті көрсетіңіз.*

1. Ел бөлектенді, бөлінді.
2. Ел тұрақтап қалды, мекендеді.
3. Дамыған елмен терезесін тең қылды.
4. Негізі қаланды, негізі берік тұрғызылды.

*3. Мәтін тақырыбына сәйкес ақпаратты таңдаңыз.*

1. Бүгінгі студент – ертеңгі ел тұтқасы, өмір иесі.
2. «Отан» деген сөз кез келген адамның жүрегін тербейді.
3. Елімізде талай өзгерістер, жақсы жаңалықтар болып жатыр.
4. Қазақстанда ынтымағы жарасқан көп ұлтты халық тату-тәтті өмір сүруде.

*4. Бойтұмар сөзінің мағынасын табыңыз.*

1. Өрнек, нақыш, әшекейдің бір түрі.
2. Бір нәрсенің бетіндегі кедір-бұдыр нәрсе, таңба.

3. Бір нәрсені іліп қою үшін әр түрлі материалдан жасалатын жіп.
  4. Ерекше қадір тұтатын қасиетті нәрсе, мойынға тағатын бұйым.
5. *Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.*
1. Біздің туымыз – тәуелсіздік, тілегіміз – бейбітшілік, тыныштық.
  2. Қазақстанды өзімнің Отаным деп санайтын әрбір адам мемлекеттік тілді меңгеруге ұмтылулары керек.
  3. Бабалар жолын жалғастырып, ағалар ісін алға апару үшін біздерге, жастарға, ең алдымен, білім, ізденіс керек.
  4. Жоғары оқу орны қабырғасынан алған біліміміздің тиянақты да сапалы болуы – ертеңгі еліміздің іргетасының берік қалануының айғағы.

### **9. Сұрақтардың сәйкес жауабын табыңыз.**

1. Қазақ жерін кімдер Отаным дейді?
2. Бұл сөзді айтқанда көз алдымызға не елестейді?
3. Қазақ халқының бойтұмардай сақтап келген құндылықтарын атаңыз.
4. Бабалар жолын жалғастырып, ағалар ісін алға апару үшін келер ұрпаққа не қажет?
5. Қазақ елінің бүгінгі келбеті, келешек мақсаты қандай болмақ?

### **10. KazTube.kz сайтынан әндер блогі бойынша «atameken» атты бейнебаянды көріңіз.**

Бейнекөріністегі бар ақпараттарды төмендегі сөйлемдер арқылы жеткізіңіз, бейнебаянда көрсетілмеген мәліметтерді алып тастаңыз.

1. Қазақстан – Каспийден Алтайға дейін созылып жатқан қасиетті өлке.
2. Қазақстан дегенде көз алдыма шалқыған жайлау, жазық дала елестеп, жылқылардың кісінеген даусы құлағыма келеді.
3. Бүгінгі таңда Қазақстан өркениетті, дамыған елдер қатарына кіреді.

4. Еліміз өз қалауымен президентті сайлап, Ата Заңымыз бен мемлекеттік рәміздерді қабылдады.
5. Қазақстанның астанасы – Астана қаласы. Ол күннен-күнге жанарып, жаңа белестерге көтерілуде.
6. 1916 жылдағы көтеріліс, 20-жылдардағы аштық, 30-жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Мұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды.
7. Қазақ елі әлемнің көптеген елдерімен халықаралық қарым-қатынастарды нығайтуда.

## **8-сабақ**

### **11. Сұхбатты мұқият оқыңыз.**

– Әке, Қазақстанды ежелден қоныстанып келген қазақ халқы ма?

– Иә, балам, оны неге сұрадың?

– Қазақстанда басқа ұлт өкілдері көп қой, басқа елдерде мұндай емес.

– Ойың дұрыс, балам. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ елін паналап келген халықтар біздің достыққа адал, бауырмал, қонақжай екеніміздің арқасында осы елде тұрақтанып қалды. Қазір елімізде 130-дан аса ұлт өкілдері бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – қазақ халқының ең үлкен жетістігі.

– Бұдан да зор жетістігіміз – тәуелсіздікке қол жеткізгеніміз емес пе, әке!

– Әрине, балам, ғасырлар бойы армандаған жеңісіміздің бірі – ел егемендігі. Биыл сол атаулы мерекеге де 20 жыл толып отыр. Сенің ағаң сол тәуелсіздікпен түйдей жасты. Ол туылған 1991 жылы 16 желтоқсанда қазақ халқы азаттық жолындағы екі жарым ғасыр бойғы үздіксіз күрестен кейін мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізді.

– Сондықтан да есімін Азат деп қойдыңыздар ма?

– Иә, елімізге тәуелсіздік оңай келген жоқ, сол жолда бабаларымыз басынан не кешпеді, не өткермеді? Екі жүз жылдық жоңғар-қазақ тартысында Абылай хан сияқты жандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке би секілді шешен де көсем билер, Қабанбай, Бө-

генбай, Наурызбай, Қарасай сынды қас батырлар өз жерін ерлікпен қорғады.

– Бүгін тарих сабағында апай Қазақстан туралы хронологиялық карта жасап келіндер деді. Соған сіздің көмегіңіз қажет.

– Көмектесуге әзірмін балам, сұрағыңды қоя бер.

– Тұңғыш президенттік сайлау 1990 жылы ма, 1991 жылы ма, қай айда өтті?

– 1991 жылы 1 желтоқсанда тұңғыш президенттік сайлау өткізілді, сайлау нәтижесінде мемлекет басшысы болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

– Ал мемлекеттік рәміздер ұмытпасам, жазда қабылданды ғой деймін?!

– Балам, мұндай атаулы күнді білмеу, оқушы жастарға ұят саналады. 1992 жыл 4 маусым – Парламент отырысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – туы, елтаңбасы және гимні қабылданды.

– Әке, мен де біраз тарихты білетін сияқтымын. 1992 жылы наурызда Қазақстан Біріккен ұлттар ұйымына мүше болып қабылданды ғой.

– Иә, 2 наурыз 1992 жылы.

– Ал тарихтан хабардар болсаң, тұңғыш Ата Заңымыз қай жылы қабылданды, балам?

– 1993 жылы 28 қаңтарда.

– Ал жаңа конституциямыз ше?

– 1995 жылы 30 тамызда.

– Бәрекелді, балам, 1997 жыл 10 қазан – президенттің жарлығымен мемлекеттің астанасы болып Ақмола жарияланды.

– Иә, әке, көмегіңізге көп рақмет! Ендігі жерде сол алдыңғы толқыннан үйренетін үлгісін, тәлімін алатын, қанатты ісін жалғастыратын дәстүр біздің еншімізге де тигелі отыр. Сол жақсы үрдісті жалғастыру біз үшін перзенттік қарыз бен парыз болып саналады.

– Бағытың дұрыс, балам, ісің алға бассын!

## **12. Сұхбаттағы сөйлемдерді толықтырыңыз.**

– Әке, Қазақстанды \_\_\_\_\_ келген қазақ халқы ма?

– Иә, балам, оны неге сұрадың?



– Қазақстанда \_\_\_\_\_, басқа елдерде мұндай емес.

– Ойың дұрыс, балам. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ елін паналап келген халықтар біздің \_\_\_\_\_ осы елде тұрақтанып қалды. Қазір елімізде 130-дан аса ұлт өкілдері \_\_\_\_\_ бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – қазақ халқының ең үлкен жетістігі.

– Бұдан да зор жетістігіміз – тәуелсіздікке \_\_\_\_\_ емес пе, әке!

– Әрине, балам, ғасырлар бойы армандаған жеңісіміздің бірі – ел егемендігі. Биыл сол атаулы мерекеге де 20 жыл толып отыр. Сенің ағаң сол тәуелсіздікпен \_\_\_\_\_. Ол туылған 1991 жылы 16 желтоқсанда қазақ халқы азаттық жолындағы екі жарым ғасыр бойғы \_\_\_\_\_ мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізді.

– Сондықтан да есімін Азат деп қойдыңыздар ма?

– Иә, елімізге тәуелсіздік оңай келген жоқ, сол жолда бабаларымыз басынан \_\_\_\_\_? Екі жүз жылдық жоңғар-қазақ тартысында Абылай хан сияқты жандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке би секілді шешен де көсем билер, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Қарасай сынды \_\_\_\_\_ өз жерін ерлікпен қорғады.

### **13. Төмендегі ой шақыру сұрақтары бойынша сөйлеңіз.**

1. Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде нешінші орын алады? Мұндай жер көлемінің ауқымдылығы елімізге қандай мүмкіндіктер береді деп ойлайсыз?
2. Кез келген елдің мақтанышы сол елдің мемлекеттік тілі болып табылады. Біздің елімізде ше?
3. Көптеген дамыған елдер қазба байлығымен емес, онда тұратын «адами капиталымен» мақтана алады екен. Бұл мәселеге сіздің ойыңыз қандай?

### **14. Берілген мақалдың жалғасын жазып шығыңыз.**

Үйінде атаңның намысын қорға,

...

Өзге елде сұлтан болғанша,  
...  
Туған жердің күні де ыстық,  
...  
Орағың өткір болса, қарың талмайды,  
...  
Отанды сүю – ...  
Отанға опасыздық еткенің,  
...  
Іргесі берік елді,  
Жау ала алмас.  
...  
... .

**Қажетті сөздер:**

Ауызы бір елді,  
Дау ала алмас.  
Отаның берік болса, жауың алмайды.  
отбасынан басталады.  
түні де ыстық.  
Өз түбіңе өзің жеткенің.  
Өз еліңде ұлтан бол.  
Шет жерде Отаныңның намысын қорға.

**15. Берілген тіркестерді пайдаланып, «Менің Отаным – Қазақстан» атты шағын эссе жазып шығыңыз.**

Үшан-қиыры шексіз байтақ ел; іргелі істердің ұйытқысы; елдігімізді орнықтыру; ел ырысын еселеу; төгілген тердің өтеуі; бауырластық қарым-қатынастың орнауы; мерейі тасыған ел.

**Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

1. *«Қазақ елін пана қылды» тіркесінің беретін мағынасын белгілеңіз.*

- 1) олжа тапты, бай болды
- 2) ажалдан аман-есен қалды
- 3) теңесті, сай келді, үйлесе кетті
- 4) арқа сүйеу етті, қорғаныш тапты

2. «Түйдей жасты» тіркесіне синоним болатын жауапты табыңыз.

- 1) бірдей болды, қалыспады
- 2) пара-пар түспеді, лайық болмады
- 3) тең құрбы – жасы қатар, замандас
- 4) дәрежесі, беделі, атақ-данқы қатарлас

3. «Маңдай терімен тапты» тіркесіне антоним болатын жауапты таңдаңыз.

- 1) беті қайтты, тауы шағылды
- 2) бағы жанды, бақытты болды
- 3) бетінен қақпады, еркін жіберді
- 4) маңдайы терлеп жұмыс істемеді

4. Асты сызылған тіркеске мағыналас жауапты табыңыз.

Қазақстандық жас шахматшы Жансаяның жеңісі жүрегін тебірентті.

- 1) жүрегін елжіретті
- 2) жүрегін қарайтты
- 3) жүрегін қобалжытты
- 4) жүрегіне жылу берді

5. Сөйлемдегі асты сызылған сөз тіркесінің мағынасын анықтаңыз.

Шетелдік қонақтар қазақ елін мақтаған кезде төбеміз көкке бір елі жетпей қалды.

- 1) жылау, жоқтау
- 2) қуану, шаттану
- 3) ыза болу, ренжу
- 4) іші күю, қызғану

6. Көп нүктенің орнына қажетті жауапты таңдаңыз.

Қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған жеңісінің бірі – ... .

- 1) ел егемендігін алуы
- 2) халқының әл-ауқатының жақсаруы
- 3) ақпараттық технологиялардың дамуы
- 4) алдыңғы қатарлы елдермен терезесі тең болуы

7. Елтаңбадағы «шаңырақ» ұғымы нені білдіретінін табыңыз.

- 1) мәдениетіміз бен өнеріміздің дамығандығын көрсетеді.
- 2) қазақ халқының байлығын, дәулетінің өлшемін білдіреді.

- 3) ол «қазақ елі бүкіл халыққа ортақ үлкен үй» дегенді білдіреді.
- 4) еліміздің бес құрлыққа есігін кең ашып, әлемдік өркениет көшіне ілеспек ниетімізді білдіреді.

8. *Еліміздің мемлекеттік гимндегі «намысын бермеген» деген тіркестің мағынасын көрсетіңіз.*

- 1) ар-ұятына тиді
- 2) қайратына мінді
- 3) есе-кегін жібермеді
- 4) ар-ұят деп санады, өзіне мін санады

9. *Дұрыс емес жауапты таңдаңыз.*

Ертеңгі ел іргетасының берік болуының айғағы – ... .

- 1) сапалы білім
- 2) суық қарудан бас тарту
- 3) әлем өркениетіне қосылу
- 4) жаңа технологиялардың дамуы

10. *Қазақстандық әрбір азаматтың борышын көрсетіңіз.*

- 1) бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүру
- 2) өркениетті, дамыған елдер қатарына кіру
- 3) жер бетінде өз орнын белгілеп, досқа иіліп, дұшпанға шалқаю
- 4) елінің тұтастығын, жерінің бүтіндігін, халықтардың жарастығын аман сақтау

## 7-тақырып

### ЕТІСТІК, ЕТІСТІКТІҢ ТҮРЛЕРІ. УАҚЫТ ЖӘНЕ АДАМ

#### 9-сабақ

1. Берілген сөздерді пайдаланып, күрделі етістіктер жасап, аударыңыз.

... беру, ... алу, ... істеу, ... шығу, ... түсу, ... шегу, ... болу, ... ету, ... тебу, ... қалу, салу.

**Қажетті сөздер:** ұятқа, қарсы, сапар, еңбек, жұмыс, суға, өн, сәлем, тұрмысқа, шаңғы, қонаққа, сөз, сурет.

**Етістік** – іс-әрекетті, қимылды білдіретін сөз табы.

Құрамына қарай етістіктер дара және күрделі болып бөлінеді. Күрделі етістіктердің құрамы әрқайсысының жеке лексикалық мағынасы бар екі немесе одан да көп компоненттен тұрады. Күрделі етістіктің құрамында олардың әрқайсысы өздерінің бастапқы лексикалық мағынасын жоғалтып, жаңа лексикалық мағынасы бар бүтін лексикалық бірлік (единица) ретінде қалыптасады. **Күрделі етістіктерді мынадай үш топқа бөлуге болады:**

**А. Біріккен күрделі етістіктер:** әкелу – алып келу; апару – алып бару; түрегелу – тұрып келу; бүйту – былай ету; сөйту – слай ету.

**Ә. Қосарланған күрделі етістіктер:** күліп-ойнау; жылап-еңіреу; азып-тозу; қырып-жою; күйіп-пісу; үйіп-төгу.

**Б. Тіркескен күрделі етістіктер:** жақсы көру; көңіл бөлу, тарс ету, пайда көру, би билеу, ән салу.

**2. Уақыт – біздің өміріміз. Адамның өмірінде оның уақытын ұрлайтын пайдасыз нәрселер көп. Уақытты дұрыс пайдалана білмегендіктен де кейде ісіміз қордаланып жатады. Сіздің өміріңіздегі уақытты ұрлайтын пайдасыз жайларды тізіп жазыңыз.**

**Күрделі етістіктердің алғашқы компоненті көбіне мынадай сөз таптары болады:**

**А. Зат есім:** көңіл аудару, дем алу, пайда көру, тіл алу, көңіл бөлу, таң ату, күн көру.

**Ә. Сын есім:** абай болу, жақсы көру, қараңғы болу, жек көру, тар болу, кең болу, жарық болу.

**Б. Еліктеуіш сөздер:** тарс ету, зыр ету, пыс-пыс ету, шаңқ ету, сарт ету, шиқ ету.

**3. Берілген күрделі етістіктерді аударыңыз және он сөйлем құраңыз.**

Алдап-сулау, көшіп-қону, кесіп-пішу, жұмыс істеу, ән салу, тарс ету, тез келу, көмек беру, ұрып-соғу, әкету, апару, әперу, үя салу.

**4. Бүгінгі таңда уақытты тиімді пайдалануды «тайм-менеджмент» деп атап жүрміз. Сіз уақытыңызды тиімді пайдалана аласыз ба? Өзіңіздің апталық жұмыс жоспарыңызды жазыңыз.**

#### **5. Мәтінді түсініп оқыңыз.**

Мыңдаған жылдар бұрын адамдарға уақытты дәл білу онша қажет болмады. Олар күн шыға оянып, күн бата ұйықтаған. Біртіндеп өмір күрделене бастағанда сағаттың қажеттілігі туып, оның күнделікті өмірдегі рөлі артты. Уақытты санаудың ең алғашқы қарапайым құралы күн сағаты болған. Ол бұдан үш мың бес жүз жыл бұрын пайда болды. Бірақ күн бұлтты күні бұл сағат қолайсыз болды. Сондықтан адамдар су сағатын ойлап тапты. Ол сағат бойынша су бір ыдыстан екінші ыдысқа тамшылап тұрады. Бірінші ыдыстың суы біртіндеп азайып, уақыттың дәл мезгілін білдіреді. Құм сағаты да осылай жұмыс істейді.

Механикалық сағаттар жөніндегі деректер VI ғасырдың аяғында-ақ белгілі болған. Ол туралы мәліметтерді ғалымдар византиялық қолжазбалардан тапқан. Ол сағаттардың бір ғана тілі болған.

Голландиялық ғалым Х. Гюйгенс 1657 жылы маятникті сағат ойлап тапты. Кварцты сағат 1929 жылдары пайда бола бастады, ал 1404 жылы Мәскеуде тұңғыш мұнара сағаты орнатылды. Кремльдегі бұл сағат Ресейдің басқа қалаларына да қойылды. Кварцты сағат отыз жылда бір секундқа қателесуі мүмкін. Уақытты бұдан да дәлірек көрсететін атомдық және молекулалық сағаттар ойлап шығарылды. Атомдық сағат бір миллион жылда бір секундқа қателесуі мүмкін. Атомдық сағат 1948 жылы жасалып, орнатылды. XX ғасырдың 70-жылдары электрондық сағаттар кеңінен таралды. Соңғы кезде өздігінен жүретін сағаттар да пайда бола бастады. Сіз сағатқа жиі қарайсыз ба? Сағаттың күнделікті өмірде аса қажеттілігі әр адамға түсінікті. Жұмысқа, көлікке, кездесуге кешікпеу үшін сағатқа еріксіз қарайсыз, өйткені бүгінгі іскер адамның бәріне де сағат қажет.

Ең алғашқыда қалта сағаттары болған. Оларды киімнің қалтасына салып жүреді екен. Қалта сағатының күміс не алтын шынжыр бауы болған, оның екінші ұшында сағатты бұрап тұратын кілті бекітілген. Ол сағатты көбіне сәнқой адамдар таққан,

алайда қазіргі кезде қалта сағаты сәннен шыға бастады. Кейіннен қол сағаты пайда болды. Ең алғашқы қол сағатын 1910 жылы «Роллекс» компаниясы жасап шығарды.

Сағаттың өмірде алатын орны ерекше: жүректің соғуы, теңіз суының көтерілуі мен қайтуы, күннің шығуы мен батуы, жыл мезгілдерінің алмасуы – бәрі белгілі бір уақытпен өлшеніп, анықталып, тіркеліп отырады.

### **6. Төмендегі сөз тіркестерін өзара сәйкестендіріп, сөйлем құраңыз.**

Солнечные часы	1910 жылы шықты
Водяные часы	XX ғасырда кеңінен тарады
Песочные часы	404 жылы Мәскеуде орнатылды
Механические часы	бұдан 3500 жыл бұрын пайда болды
Часы-маятники	соңғы кезде пайда бола бастады
Кварцевые часы	осы күнге дейін пайдаланып келеді
Башенные часы	күн сағатынан кейін шықты
Атомные часы	VI ғасырдың аяғынан белгілі
Электронные часы	1657 жылы шықты
Самозаводящиеся часы	киімнің қалтасына салынатын
Карманные часы	1948 жылы орнатылды
Ручные часы	1929 жылдары пайда бола бастады



### **7. Төмендегі сөз тіркестерін мәтіннен тауып, сол сөйлемдерді жазып алыңыз.**

Қажет болмады, қажеттілігі туды, қарапайым құралы, қолайсыз болды, тамшылап тұрады, византиялық қолжазбалардан, кателесуі мүмкін, дәлірек көрсететін, кеңінен тарады, сәннен

шыға бастады, өздігінен жүретін сағаттар, жасап шығарды, алатын орны, белгілі бір уақытпен.

## **8. Мәтінді оқып шығыңыз.**

Алла тағаланың адам баласына берген баға жетпес, қайтып оралмас құндылықтарының бірі – уақыт. Әр адамның дәм-тұзы таусылғанша сүрер өмірі бар. Осы өмірі пенденің не пайдасына, не зиянына шешіледі. Ал біздің өз уақытымыз былай тұрсын, басқалардың уақытымен де санаса бермейтін кезіміз де болады. Мысалы, шақырылған жерге 2-3 сағат кешігіп келіп жайбасарлық танытып жатуымыз, өзгенің алтын уақытын ұрлаумен бірдей болса, бір шаруаны бірер аптада не біраз күннің ішінде деп жобалай салуымыз да жиі қайталанатын жайт. Бұл дегеніміз Алланың берген аз уақытын ысырап етумен бірге өз ісімізге деген жауапкершілігіміздің төмен екенін көрсетеді.

Бірде «Мені жарты сағаттан кейін оятыңыз», – деп көз ілмек болған Эйнштейнді қызметшісі біраз тынықсын деген жанашырлық оймен бір сағаттан кейін оятса керек. Тұра сала жалма-жан сағатына қараған ғалым уақытында оятпаған қызметшісіне: «Жарты сағатымды қайтарып беріңіз», – деп ренжіген екен.

Медицина саласында өте құнды еңбектер қалдырған, қан айналымын тұңғыш зерттеп тапқан ғалым Ибну Нафис жазу кезінде қолындағы қаламының сиясы бітіп қалғанда, оны ашып уақыт шығындамау үшін, қасына бірнеше қалам дайындап қойып, солардың кез келгенімен жалғастыра берген. Міне, артына өлмес хат қалдырған ғалымдар әр минутын осылай бағалаған. Аталарымыз өмірді «Қас қағым сәт, түс көргендей уақыт, қамшының сабындай қысқа ғұмыр, көзді ашып-жұмғанша өткен өмір» деп бекер айтпаған. Осы қысқа өмірімізді құлшылықсыз не «кіші өлім» деп саналған ұйқымен өткізіп алсақ, әрине, өкінішті. Себебі уақыттың тағы бір жауы – ұйқы. «Түн ұйқысын түгел ұйықтаған мақсатына жете алмайды», – деген дана халқымыз.

## **9. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Адамның баға жетпес құндылықтарының бірі – ... .
2. Әр адамның өмірі оның не ... не ... ..



3. Біз көбіне басқалардың ... де ... .. .
4. Шақырылған жерге 2-3 сағат кешігіп, өзгенің ... .. .
5. Бір шаруаны бір аптада не біраз күнде бітіреміз деп ... .. .
6. Адамзат көбіне Алланың берген уақытын ... .. .
7. Біз өз уақытымызды көбіне ... .. .
8. Ертеректе ғұлама адамдар әрбір ... .. .

**10. Мәтіннен фразеологиялық тіркестерді тауып, олардың мағынасын ашыңыз. Ол тіркестермен сөйлем құраңыз.**

**11. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Эйнштейн өз қызметшісіне не үшін өкпеледі?
2. Ғалым Ибну Нафис өз уақытын қалай үнемдеген?
3. Уақыттың негізгі жауы не?
4. Халық арасында ұйқы туралы қандай нақыл сөз бар?
5. Өзгенің уақытын бағалай аламыз ба?
6. Искер адамдар үшін уақыттың бағасы қандай?

**12. Мәтіндегі ұлы адамдар туралы пікіріңізді жазыңыз.**

**13. Өзіңіздің күнделікті өміріңізге қатысты «Уақыт – алтыннан қымбат» тақырыбына эссе жазыңыз.**

## 8-тақырып

### ЖЕТЕКШІ ЖӘНЕ КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР. ҚАЗАҚ ДЕГЕН ЕЛ БАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘҢГІ ЖАСАЙ БЕРЕДІ

**10-сабақ**

**1. Тындаңыз. Қайталаңыз.**

1	2	3	4
1	Сөздер, сөз тіркестері	Аудармасы	Мағынасы
2	жойылу	уничтожаются, устр- няются	жоқ болу, күру

1	2	3	4
3	қайта түлеу	возрождаться	тағы да, жаңадан қалпына келу
4	көрсеткіш	показатель	мөлшер дәрежесін білдіретін құрал; орындалған істің, жұмыстың нәтижесі
5	меже	предел, рубеж	уақыт аралығы
6	көздеу	иметь цель; желать; стремиться	белгілі бір нәрсені мақсат ету
7	кезең-кезеңмен	поэтапно	уақыт, мезгілімен
8	ұйытқысына айналу	давать толчок мысли; воспитывать зачатки характера	басшылық жасады, ұйымдастырды
9	уақыттың еншісінде	доля времени	заман / мезгіл иелігінде
10	сананы орнықтыру	укрепление разума	ой-түсінігін тұрақтандырды
11	құлашын кеңге жаю	размахнуться	жан-жақты өсті, дамыды, өркендеді
12	қарқынды даму	интенсивно развиваться	шапшаң өсу, жетілу
13	серпін	рывок, темп, ритм	екпін, қарқын, қайрат, әсер
14	ел игілігі	на благо народа	ел ырысы, байлығы
15	жәдігер	памятник, реликвия	ескерткіш, мұра
16	қалпына келтіру	приводить в прежнее состояние; восстанавливать	жөнге келтірді, реттеді
17	паш ету	разглашать; предать гласности	көпке белгілі, мәлім болды, сырын ашып берді
18	өнегелі салтымыз	примерный, поучительный обычай	үлгілі, көргенді дәстүріміз

1	2	3	4
19	дәстүрлі қалпымыз	традиционная модель, состояние	ұлт мәдениетіне тән күйіміз
20	абыз	предсказатель, мудрец	білгір, дана
21	жырау	жырау (представитель определенного жанра казахского исторического поэтического творчества)	өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі
22	зиялы қауым өкілдері	представители интеллигенции	мәдениет пен ғылымның, техниканың салаларынан арнайы дайындығы, білімі бар, ой еңбегінің қызметкерлері
23	арқау ету	опираться; чувствовать опору	негіз ету

## 2. «Ету» етістігінің түрлі мағыналарына назар аударыңыз.

негізгі мағынасы – іс-әрекет ету / производить действие

азат ету → освободить

айып етпеңіз → извините

ант ету → присягать; поклясться; клясться

арман ету → мечтать

әсер ету → влиять

басшылық ету → руководить

бүрқ ету → хлынуть

шаң бүрқ етті → поднялись клубы пыли

ғафу ету! → прости!

еңбек ету → трудиться

ермек ету → забавляться; развлекаться

жарқ ету → сверкнуть

жәрдем ету → помогать  
 жылт ету → мелькнуть  
 күңк ету → глухо молвить  
 қабыл ету → одобрять  
 қамтамасыз ету → обеспечивать  
 қанағат ету → довольствоваться; удовлетворяться  
 қарсылық ету → сопротивляться  
 қонақ ету → угощать; принимать гостя  
 қор ету → унижать  
 қор ете қалу → храпеть  
 қызмет ету → служить  
 мазақ ету → высмеивать; насмехаться  
 мақтан ету → гордиться  
 медет ету → поддерживать  
 ниет ету → намереваться  
 рұқсат ету → разрешать  
 сабыр ету → терпеть; заpastись терпением  
 талап ету → требовать  
 талқан ету → разбить вдребезги  
 тарс ету → треснуть; стукнуть  
 тіршілік ету → существовать; жить  
 уәде ету → обещать  
 үстемдік ету → господствовать  
 үміт ету → надеяться; возлагать надежду  
 хабар ету → сообщать; известить  
 ығыр ету → надоедать  
 ықпал ету → воздействовать

### 3. Бағандарды сәйкестендіріңіз.

азат ету	влиять
айып етпеңіз	мечтать
ант ету	освободить
арман ету	извините
әсер ету	присягать; поклясться; клясться
басшылық ету	поднялись клубы пыли
бүрк ету	помогать

шаң бүрк етті	руководить
ғафу ету!	хлынуть
еңбек ету	трудиться
жарк ету	прости!
жәрдем ету	сверкнуть
жылт ету	одобрять
күңк ету	довольствоваться; удовлетворяться
қабыл ету	мелькнуть
қамтамасыз ету	унижать
қанағат ету	храпеть
қарсылық ету	глухо молвить
қонақ ету	служить
қор ету	обеспечивать
қор ете қалу	сопротивляться
қызмет ету	требовать
мазақ ету	терпеть; запастись терпением
мақтан ету	намереваться
медет ету	разрешать
ниет ету	гордиться
рұқсат ету	поддерживать
сабыр ету	высмеивать; насмеяться
талап ету	угощать; принимать гостя

#### 4. Берілген етістіктерді қызметіне қарай бағандарға бөліп жазыңыздар.

Етістік	Негізгі етістік	Көмекші етістік
кет		
кел		
көр		
отыр		
ал		
қара		
қал		
бол		
сал		

**Қажетті сөздер:** ұйықтап кетті; кетіп қалды; айтқым келеді; келе жатыр; көріп келеді; жазып көр; отырып қалды; оқып отыр; сөйлесе алмайды; алып жүр; қарап қалды; жақсылап қара; қалып жүрді; барып қалды; айтып бол; болып қойды; соға сал; салып келді.

### 5. Төмендегі етістіктермен тіркес құраңыз.



#### **Қажетті сөздер:**

- ұстап, тауып, түсіріп, жаулап, қабылдап, білім, шешіп;
- тапсырыс, жауап, кеңес, әңгімелеп, сезіне, айыра, шыдас;
- төмен, ізіне, асып, жаза, біле, айта, отыра;
- ұшып, мүлт, өтіп, қалдырып, айтып, құлай;
- шығарып, тастай, бара, айтып, көре, ала, біле.
- қол, дайындап, бере, сұрай, көріп, жібере, ала;
- қажет, батыр, бақытты, беретін, адам, дайын, мәз.

### 6. Берілген тұрақты тіркестердің мағынасын сәйкестендіріңіз.

1	2
Пейілі тартпай отыр	Қандай жаза болса да, өз мойнымен көтерді
Жұмған аузын ашпай қойды	Беті қайтып, сағы сынып отыр
Жүрек жалғап алды	Түйрей сөйледі

1	2
Басып озды	Ойындағы сырын ешкімге жария ете алмады
Басымен жауап берді	Көңілі соқпай, тәбеті тартпай отыр
Аузы күйіп отыр	Үндемеді, сөйлемеді, ләм-мим демеді
Тілін сұғып алды	Жеңіл-желпі тамақтанып алды
Сөз аша алмады	Болбыр, қолынан ештеңе келмейтін кісі мағынасында
Пышақ кескендей тыйылды	Бірден, кілт, кенеттен тоқтады
Қамшысын алып келуге жарамады	Қуып жетіп, озып кетті

## 11-сабақ

### Негізгі және көмекші етістіктер

Толық лексикалық мағынаны білдіретін етістіктер негізгі етістіктер деп аталады. Мысалы, Ағам сол күні Астанадан *келе қалды* деген сөйлемде *кел* етістігінің лексикалық мағынасы бар, ал *қал* етістігі лексикалық мағынадан ажырап қалғандықтан, **кел** негізгі, **қал** көмекші етістік болады.

#### Негізгі етістікке тән белгілер:

1. Негізгі етістіктің міндетті түрде лексикалық мағынасы болуы керек.
2. Негізгі етістік көмекші етістіктен бұрын тұруы қажет.
3. Негізгі етістікке көсемше, есімше жұрнақтары жалғанып, солар арқылы көмекші етістікпен тіркеседі.

Грамматикалық дамудың нәтижесінде өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық қызметке көшкен етістік түрі көмекші етістіктер деп аталады. Көмекші етістіктер негізгі етістікке көсемше, есімше арқылы тіркеседі.

Көмекші етістіктердің даму дәрежесі бірдей емес. Осымен байланысты олар екі топқа бөлінеді: **толымды көмекші етістіктер, толымсыз көмекші етістіктер.**

Толымды көмекші етістіктер деп дербес етістік кезіндегі дыбыстық құрамын сақтаған, бірақ лексикалық мағынасынан айырылған, қазіргі тілде грамматикалық мағына білдіріп, түрлі категориялардың көрсеткіші қызметінде қолданылатын көмекші етістіктер аталады.

Толымды көмекші етістіктер тілімізде 30 шақты. Олар: *ал, бар, баста, бақ, бер, бол, бөл, біл, біт, жүр, жөнел, жібер, қал, қара, қой, көр, кет, кел, отыр, тұр, жат, таста, тұс, сал, өт, шық.*

Толымсыз көмекші етістіктер деп дербес сөз кезіндегі дыбыстық құрамын сақтамаған, етістіктің түрлі грамматикалық тұлғаларында қалыптасып, қазір сол тұлғада түбір сөз ретінде қолданылатын көмекші етістіктер аталады. Олар саны жағынан өте аз, атап айтқанда, **еді, екен, емес, ет, жазда.**

Бұл көмекші етістіктер көне тілде болған **ер** етістігінің қысқарып, е түріне ауысқан кездегі түрлі грамматикалық тұлғалары сақталып, е етістік ретінде қолданыстан шыққан, ал оның грамматикалық түрлі тұлғалары көмекші етістіктер құрамына көшкен. Тілімізде бұл толымсыз көмекші етістіктер әр түрлі қызмет атқарады.

## **7. Көп нүктенің орнына көмекші етістікті қойыңыз.**

1. Бүгінгі таңда еліміз өз тәуелсіздігімізге қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі болып ... . 2. Мемлекеттік тілдің қолдану аясы, бедел-мерейі мемлекет ішінде ғана емес, халықаралық қатынастар деңгейіне дейін артып ... . 3. Қазақстан Президенті «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру жөніндегі мәжілісте сөйлеген сөзінде әлемдік шығармалардың қазақ тіліне аударылуының маңызы ерекше екенін атап ... . 4. Тіл арқылы бүкіл адамзатқа тән гуманистік идеяларға қол жеткізуге ... . 5. Бірде-бір адам сөйлемейтін тіл – өлген тіл болып ... . 6. Өзіңді сыйлатқың келсе, өзгені сыйлай ... ! 7. Ұлттық тәрбие мәселелерін орыс тілінде насихаттайтын бағдарламалар, мемлекеттік тіл саясатын насихаттайтын жарнамалық-имидждік бейнероликтер ұсынылып ... . 8. Қазақ тілін үйрену нәтижелі болу үшін профессор З. Күзекованың «Қазақша сөйлейміз» атты кітабын сатып ... .



### **Қажетті сөздер:**

біл	алдым
өтті	келеді
отыр	бекітілді
болады	саналады

**8. Көмекші етістіктердің білдіріп тұрған амалдық мәнін ажыратып, бағандарға орналастырыңыз.**

Қимылдың басталу кезеңі	
Қимылдың болып жатқан кезеңі	
Қимылдың аяқталып жатқан кезеңі	
Қимылдың созылыңқылық кезеңі	
Қимылдың дүркінділік кезеңі	

### **Қажетті сөйлемдер:**

Ауылға келген соң екі аптадан кейін қазақ тіліндегі сөздерді түсіне бастады.

Мемлекеттік қызметкерлер қазақ тілін деңгейлеп оқып жатыр, себебі болашақта мемлекеттік тілді білмесең, жұмысқа алауы мүмкін.

Өз ойын шешендердің сөздеріне сүйене отырып, шебер айтып шықты.

Сен шетелдің тіл үйрену тәжірибесін де байқап қара.

Тілдің адам өміріндегі маңызын тереңдете түсіндіріп айтты.

### **12-сабақ**

#### **9. Мәтінді оқыңыз.**

**Дүниеде қазақ деген ел барда қазақ тілі мәңгі жасай береді!**

Қымбатты отандастар!

Баршаңыз білесіздер, Қазақстан халқын біріктіретін қуатты құрал – біздің мемлекеттік тіліміз. Жойылудың алдында тұрған

қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, тәуелсіздікпен бірге қайта түледі. Біз тәуелсіздік жылдарында қазақ тілінде білім беретін мыңнан аса мектеп тұрғыздық. 1991 жылы қазақ тілінде білім алған шәкірттер саны 32 пайыз болса, ол көрсеткіш бүгінде 85 пайыздан асты. Енді 2020 жылы мемлекеттік тілді меңгерген отандастардың үлесін 95 пайызға жеткіземіз. Бұл межеге біз кезең-кезеңмен жетуді көздеп отырмыз. Қазір елдегі өзге этнос өкілдерінің 30 мыңнан астам балалары қазақ тілінде білім алуда.

Тәуелсіздік жылдары қазақ халқы ұлыстың ұйытқысына, қазақ тілі тұтас ұлыстың ортақ тіліне айналды. Әрине, тіл мәселесі – уақыттың еншісінде. Санның артуы сананың орнығуымен барлығы өз орнына келеді. Бұл орайда, біздің басты байлығымыз – ел бірлігі екенін еш уақытта ұмытпауымыз керек! Еліміз қуатты болса, мемлекеттік тілдің болашағы да соншалық шуақты болмақ. Дүниеде қазақ деген ел барда қазақ тілі мәңгі жасай береді!

Тәуелсіздік арқылы мәдениетіміз құлашын кеңге жайып, қарқынды дамуға зор мүмкіндік алды. Шетелдерден қазақтың тарихы мен мәдениетіне қатысты бес мыңнан аса қолжазбалар мен көшірмелер әкелінді. Соның бәрі ел игілігі мен мемлекет мүддесі үшін, ең бастысы, қазақ халқы үшін атқарылуда. Осы жылдарда көптеген тарихи жәдігерлер табылып, 700-ден астам тарихи ескерткіш қалпына келтірілді. Қазақтың мың әні, қазақтың мың күйі жарыққа шықты. Қазақтан шыққан кемеңгерлердің кітаптарын аудартып, қайта шығардық. Бұл біздің қазақты дүниежүзіне паш ету үшін, еліміздің дана тұлғаларының бар екендігін білдіру үшін жасалған болатын.


Біздің ғасырлар бойы қалыптасқан өнегелі салтымыз, дәстүрлі қалпымыз, ата-бабамыздан қалған айқын бағытымыз бар. Сол жолмен жүрген абзал.

Елді бірлікке бастаған абыздар мен жыраулардың қазіргі жалғасы зиялы қауым өкілдері болып саналады. Бүгінгі қоғамда тәуелсіздік санасын орнықтыру – осы зиялы қауымның қастерлі борышы. Арқалы ақындар азаттықты жырлап, жазушылар егемендікті арқау етуі қажет. Бабаларымыздың «Егемен болмай, ел болмас» деп жырлағанындай, біз үшін тәуелсіздіктен асқан тақырып болмауы керек.

(Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі).

«Анатілі» газеті. – 2011. 22 желтоқсан.

**10. Кластерлік картаны мәтіннің мазмұнын ашатын тірек сөздермен толтырыңыз.**



**11. Тест тапсырмаларын орындаңыз.**

1. Мәтіндегі басты идеяны табыңыз.

- 1) егемендікке қол жеткіздік
- 2) қазақ тілінің болашағы зор
- 3) қалыптасқан өнегелі салтымыз бар
- 4) ата-бабамыздан қалған айқын бағытымыз бар

2. Сөйлемді мәтін бойынша толықтырыңыз.

Жойылудың алдында тұрған қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ... .

- 1) тәуелсіздікпен бірге қайта түледі
- 2) жазушылар егемендікті арқау етуі қажет
- 3) 700-ден астам тарихи ескерткіш қалпына келтірілді
- 4) біз үшін тәуелсіздіктен асқан тақырып болмауы керек

3. Мәтін тақырыбына сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- 1) тіл бірлігі – ел бірлігі
- 2) тіл тұғыры – ұлт ғұмыры
- 3) қазақ тілі – күдіретті тіл
- 4) тілі мықтының – елі мықты

4. Асты сызылған сөздің мағынасын табыңыз.

Бұл межеге біз кезең-кезеңмен жетуді көздеп отырмыз.

- 1) ниет ету, мақсат қою
- 2) көрінбей кету, жоқ болу
- 3) тәуекел ету, тез шешім қабылдау
- 4) жылы ұшырау, көзге оттай басылу

5. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- 1) біздің ғасырлар бойы қалыптасқан қандай жетістіктеріміз бар?
- 2) «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қандай оқулықтар жарық көрді?
- 3) Қазақты дүниежүзіне паш ету үшін қандай жұмыстар атқарылды?
- 4) 2020 жылы мемлекеттік тілді меңгерген отандастардың үлесі неше пайыз болмақ?

12. Сұхбатты мұқият оқыңыз.

«Менің тілім қазақша шыққан»

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ҚОҒАМ ТВ» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ ЖҮРГІЗУШІСІ

– Әдетте, «Отан отан да ыстық» деп ауыз толтырып айтып жатамыз. Сен үшін Қазақстан дейтін байтақ ел шынымен отан ыстық па?

– Кіндік қаның тамып, кір жуып өскен жерің – ол сенің Отаның. Адамда екі жүрек болмайды. Сол сияқты Отанның да екеу болуы мүмкін емес. Сондықтан Қазақстан – менің туған отаным. Мен Қазақстанда тудым. Осы жерде жетілдім.

– Біз көп ұлтты елміз. Қазақстандағы ұлттар арасындағы қарым-қатынасқа, өзге ұлттарға жасалып жатқан қамқорлыққа қандай баға берген болар едің?

– Мен сізге өзімді мысалға келтірсем бола ма? Мысалы, маған ешкім «сен қазақ тілін үйрен» деген жоқ. Өз еркіммен үйрендім. Өзіме керек болғаннан кейін меңгердім. Сондықтан «жұрттың бәрі қазақша сөйлеуге құлықсыз» деуге болмайды.



– **Менінше, сен сияқты ойлайтын адамдар көп емес.**

– Оны білмедім. Мәселен, Қызылорда облысында 96 пайыз қазақ тұрады. Сол себепті осы ортадағы адамдардың барлығы қазақ тілін табиғи түрде біліп алады. Ол қаласын, қаламасын орта қазақша болғаннан кейін мемлекеттік тілді үйренуге мәжбүр болады.

– Осы орайда, өзіңнің қазақ тілін қалай меңгергеніңді айта кетсең...

– Ес білгенімнен қазақ тілін білемін. Жалпы, менің тілім қазақша шыққан деуге болады. Өзім осы қалаға жапсарлас жатқан Белікөл ауылында дүниеге келдім. Сонда оқыдым. Әрине, орыс мектебіне бардым. Бірақ ол жерде менің сегіз-ақ сыныптасым болды. Оларды тек мектепте ғана көремін. Сыныпта және үйде ғана орысша сөйлесеміз. Қалған жерлердің бәрінде қазақша сөйлейсің. Өйткені айналаңның бәрі қазақ. Солармен ойнайсың. Араласысың. Дос боласың. Сосын өз еркіңнен тыс олармен қазақша сөйлесесің. Олардың бәрі бір мен үшін орыс тілінде сөйлемейді ғой. Керісінше, мен бейімделдім. Ал өзімнің қазақ тілінде жақсы сөйлейтінімді жоғары оқу орнына түсер кезде білдім. Анық сезіндім. Себебі мен таңдаған мамандық бойынша орыс тобы болмады. Сосын маған таңдау жасауға тура келді: не қазақ бөліміне түсем, болмаса орыс бөлімі бар басқа қалаға кетем. Мен біріншісін таңдадым. Сөйтіп, Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің қазақ бөліміне құжат тапсырдым. Университет қабырғасында тіл мәселесінен еш қиналған жоқпын. Ғылыми тұрғыда да қиыншылық байқалмады. Себебі қазақ тілінде еркін сөйлеймін, оқи аламын, ойымды да шама-шарқымша жеткіземін. Шыны керек, оған дейін өз шамамды өзім білмеген екем. Осыдан кейін өзімнің қазақ тілін қаншалықты меңгергенімді білдім.

– Мемлекеттік тілді білудің пайдасы болмаса саған зияны тимеген шығар?

– Пайдасы зор. Оқушы, студент кезімде мемлекеттік тілді білгенімнің арқасында Қазақстанның түкпір-түкпірінің бәрін араладым. Түрлі фестиваль, форум, конференциялар болса, мемлекеттік тілді біледі деп мені жіберетін. Әсіресе студент кезімде ондай жиындарға көп қатыстым. Сол жерлерде жұртпен араластым. Өз ойымды айттым. Биік мінберлерден сөйледім. Негізі менің мамандығым – химия пәнінің мұғалімі. Бірақ облыстық «Қоғам ТВ» телеарнасында жұмыс істеймін. Бұл да қазақ тілін білгенімнің пайдасы. Егер тіл білмесем, мені арна жұмысқа алмас еді. Мемлекеттік тілді білгенімнің арқасында осындай жетістікке жетіп отырмын.

– Рақмет.

Елена Рыбина

### 13. Сұхбат бойынша сұраққа жауап беріңіз.

1. Елена үшін Қазақстан дейтін байтақ шынымен оттан ыстық па?

---

2. Оның қазақ тілін жетік білуіне не себепші болды деп ойлайсыз?

---

3. Елена Рыбина үшін мемлекеттік тілді білудің пайдасы болды ма?

---

4. Ол қазақ тілін дамытуға қандай үлес қосты?

---

### 14. Төмендегі сұрақтарға сіз қалай жауап берер едіңіз?

1. Қазақстандағы ұлттар арасындағы қарым-қатынасқа, өзге ұлттарға жасалып жатқан қамқорлыққа қандай баға берген болар едіңіз?

2. Мемлекеттік тілді білудің қандай пайдасы бар деп ойлайсыз?
3. Біздің қоғамда қазақ тілін білетін өзге ұлттың өкілдеріне біршама жеңілдіктер берілген. Осы дұрыс па? Мемлекеттік тілді білу әркімнің парызы емес пе?
4. Бүкіл ел қазақ тілінде сөйлеу үшін қандай амалдарға ба-  
ру керек деп ойлайсыз?

**15. Берілген жоспар бойынша «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген тақырыпқа шығарма жазыңыз.**

### Жоспар

I Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

II Тіл – баға жетпес байлық.

III Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.



### Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары

1. *Сөйлемді қажетті күрделі етістікпен толықтырыңыз.*

Дүниеде қазақ деген ел барда қазақ тілі мәңгі ...!

- 1) бай болады
- 2) жасай береді
- 3) біліп алады
- 4) қарай көреді

2. *«Ауыз толтырып айтарлық» тіркесінің білдіретін мағынасы.*

- 1) ауызша айтылған сөз
- 2) аузына салып, дәмін татып көру

- 3) тым мардымсыз, ештеңеге жетпеу
- 4) көңіл толарлық, мақтануға тұрарлық

3. *Бірыңғай етістіктерден құралған көмекші етістіктерді белгілеңіз.*

- 1) жәрдем етті
- 2) бекітіліп кетті
- 3) шешен сөйлейді
- 4) тіл мәселесі шешілді

4. *Есімдер мен етістіктерден тіркескен көмекші етістіктерді белгілеңіз.*

- 1) қарап қояды
- 2) жазып жіберді
- 3) сөйлей бастадым
- 4) бағдарлама қабылдады

5. *Негізгі етістіктегі істің бағытын, іске асу барысын білдіретін көмекші етістікті көрсетіңіз.*

- 1) алып бер, алып кел, алып бар
- 2) айтып бол, беріп бол, сөйлеп бол
- 3) оқып жатыр, жазып жатыр, айтып тұр
- 4) сөйлесе алады, оқи алады, келе алады

6. *Сөйлемді диалог бойынша толықтырыңыз.*

2011-2020 жылдар аралығында мемлекеттік тілді дамыту мен қолданыс аясын кеңейтуді көздеген бағдарламамен ... .

- 1) көріп қойдым
- 2) сөйлеп бердім
- 3) қарап тастадым
- 4) танысып шықтым

7. *Сөйлемдегі көмекші етістікке сұрақ қойыңыз.*

Мемлекеттік тілді білгенімнің арқасында осындай жетістікке жетіп отырмын.

- 1) неге отырмын?
- 2) қайда отырмын?
- 3) не істеп отырмын?
- 4) неліктен отырмын?

8. *Мәтін бойынша қажетті сөзді қойыңыз.*

Қазақ тіліне алдымен ... жаны ашуы керек.

- 1) түріктердің



- 2) қазақтардың
- 3) орыстардың
- 4) көрші елдердің

9. Мақалдың екінші сыңарын табыңыз.

Көре-көре көсем боларсың, ... .

- 1) айтылған сөз – атылған оқпен тең
- 2) сөйлей-сөйлей шешен боларсың
- 3) көсем болмасаң, шебер боларсың
- 4) өз қадірінді білмесең, қор боларсың

10. Сөйлемнің жалғасын табыңыз.

- 1) егер жұмыс жүйелі жүріп, бағдарламада көрсетілген талаптар мен мақсат-міндеттер орындалар болса, ... .
- 2) оларды автоматты түрде қолдану деңгейіне жеткізу керек
- 3) қолданыс аясын кеңейтуді көздеген бағдарлама қабылдадық
- 4) онда 95 пайызға жетеміз деп ойлаймын
- 5) қазақ тілін жеделдетіп оқытып үйретуге де қолдануға болады

## 9-тақырып

### СУБЪЕКТИ МЕН ОБЪЕКТИ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

#### 13-сабақ

**1. Мәтінді оқып, курсивпен берілген сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырыңыз.**

Бұрын қазақтардың өмір сүру ортасы, мәдениеті *мүлде бөлек* болатын. Қазіргідей, шаң мен газ басқан қалада тұрған жоқ, даланы, табиғат аясын мекен етті. Олар суыққа да, ыстыққа да *шыдамды* болды. Ол үшін, әрине, энергия қажет. Сол энергияның негізін олар етті, майлы *тамақтан* алып отырды. Бірақ *үнемі* қозғалыста жүретін олардың ағзасында бұл ауыр тамақтар *тез* қорытылып кететін.

Қазіргі жағдай мүлде бөлек. Басқаша айтқанда, жаңа өмірге *бейімделіп* жатырмыз. Яғни өмір сүру ортамыз энергияны аз жұмсауға негізделген. Қимыл-қозғалысымыз азайды, *артық энергияны* қажет етпейтін болдық. *Бала күнімізде* әжелеріміз «аталарың бір қойдың етін жалғыз өзі жейтін» деп айтатын. Соның сыры, міне, осында. Қаншалықты энергияны көп жұмсасаң, төбетің соншалықты ашылады.

Ата-бабамыз етті көп жеген деп, етті *артығымен жеу*, дәрумендердің жетіспеушілігіне әкеледі. Ол өз кезегінде ағзаның қорғаныс қабілетін әлсіретеді. Жалпы, дұрыс тамақтанбау қоғамдағы аурулардың 60 пайызының негізгі себебі болып табылады.

Халықтың *денсаулығының төмендеуі* ұлттық сана мен дәстүрдің бұзылуына тікелей байланысты. Бұл – ғылым мойындаған тұжырымдар. Осының салдарынан – қазақы кеңдік, ауқымды ойлау, кеңпейілділік жоғалады. Екіншіден, қанмен бірге қалыптасқан имандылық бұзылады. Ұлтымыз тазалыққа, денсаулыққа, бауырмалдылыққа, туыстық қарым-қатынасқа, меймандостыққа, адамгершілікке өте қатты *мән берген*.

## 2. Берілген сөздерді өзара тіркестіріп сөйлем құраңыз.

I Энергия, ағза, ауыр тамақтар, жеңіл тамақтар, төбет, дәрумен, қорғаныс қабілеті, сілтілік орта, асқазан сөлі, панкреатит, қарын асты безі, рецепт.

II Қуат көзі, адам, талғап ішу, ашылу, пайдасы, ағзаның, асқазандағы, бөліну, ауру, зақымдану, дәрігер.



**3. Мына сөздерге қарсы мәнді сөздерді жазып, он сөйлем құраңыз.**

Суық, ауыр, тез, қазіргі, аз жұмсау, жетіспеу, әлсірету, бұзылу, сұйық тамақ, кате, зиян.

**4. Мына сөздер мен тіркестердің мағынасын түсіндірме сөздіктен қарап жазыңыз.**

Ұлттық сана мен дәстүр, қазақы кеңдік, ауқымды ойлау, кеңпейілділік, қанмен бірге қалыптасқан имандылық, ұлттық тазалық, денсаулық, бауырмалдылық, туыстық қарым-қатынас, меймандостық, адамгершілік.

**5. Сөйлем мағыналарының дұрыс-бұрыстығын белгілеңіз.**

	<i>Дұрыс</i>	<i>Дұрыс емес</i>
Бұрын қазақтар үшін энергия көзі майлы, етті тағамдар болған.		
Қазақтар бұрын үнемі қозғалыста болғандықтан, ауыр тамақтардың сінуі қиын болған.		
Қазір де адамдардың қимыл-қозғалысы көбейді.		
Тәбетің ашылу үшін энергияны көп жұмсауың керек.		
Етті көп жесең, қуатын күшті болады.		
Дұрыс тамақтанбасаң, көп ауырасың.		
Кеңес Одағында бірінші шай, компот іш деп үйретті.		
Қазіргі мейрамханаларда да солай жолға қойылған.		
Ет пен қамырды араластырып жеген дұрыс.		
Шетелдіктер ең пайдалы ет – жылқының еті деп шешкен.		

## 14-сабақ

### 6. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Қай заманда болмасын *фармацевтика* ісі әлеуметтік маңызы зор сала саналады. Қия басып, қате қойылған диагноз бен сапасы күмәнді дәрі-дәрмектің адам денсаулығына тигізер зияны орасан болғандықтан дәрі-дәрмек қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздік мәселелері деңгейінен кем қарастырылмайды. Сол себепті кез келген дәрі түрі қатаң түрде мемлекеттік тіркеу мен арнайы сараптаудан өтуі тиіс. Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты мемлекеттік сараптау ұйымына мемлекеттік тіркеуден өту үшін жылына екі жарым мыңнан астам өтініш түседі екен. Алайда бұл өтініштердің 20 пайызы арнайы талаптарға сәйкес келмеуі салдарынан тіркеуден өте алмай қалып жатады.

Сапасы талапқа сай деп табылғандарын ел аумағында бес жылға дейін таратуға рұқсат етіледі. Ал бұл мерзім аяқталғасын ол дәрілер қайтадан тексеріліп, сапасы тағы сараланады. Ресейде дәрі-дәрмек саласы арнайы заңмен бақыланса, Жапонияда талапқа сай емес дәрі-дәрмектер кері қайтарылады. Зиянды дәрі-дәрмек заңсыз жолмен саудаға түсіп, үсталса, жауапты адамдар өте ауыр қылмыстық жазаға тартылады.

Бүгінде еліміз қажетті дәрі-дәрмектің 80 пайыздан астамын сырттан алады. Оның басым бөлігі Ресей, Украина, Беларусь мемлекеттері мен Еуропа, Азия елдерінен, соның ішінде Қытайдан әкелінеді. Ал қалған 20 пайызға жетер-жетпесін Шымкент қаласындағы «Химфарм» зауыты мен Алматы және Павлодар қалаларындағы шағын зауыттар қамтамасыз етіп отыр. Оның өзі аурудың алдын алатын таблеткалар мен дәрілік өсімдіктің сығындылары ғана. Осындай тапшылықтың өзі көп жағдайда елімізге сапасыз дәрінің көптеп келуіне жол ашады.

### 7. Мәтін мазмұнын пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Кез келген дәріні тұтынушыға жеткенге дейін не істеу керек?
2. Дәрілердің сапасы неше жылда бір сараланады?
3. Дәрі-дәрмек саласы Ресейде қалай бақыланады?

4. Жапонияда зиянды дәрі-дәрмекті саудаға түсіргені үшін не істейді?
5. Біздің еліміз дәрі-дәрмекті қайдан алады?
6. Қазақстанда дәрі-дәрмек шығаратын зауыттар бар ма?
7. Қазақстанда қандай дәрілер шығарылады?
8. Дәрі тапшылығы неге алып келеді?

**8. Оқытушының көмегімен берілген тіркестерге түсінік беріңіз.**

- Қай заманда болмасын –
- Қия басу –
- Сапасы күмәнді –
- Арнайы сараптау –
- Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты –
- Талаптарға сәйкес келмеуі салдарынан –
- Ел аумағында –
- Сапасы тағы сараланады –
- Қылмыстық жазаға тартылу –
- Осындай тапшылық –

**Қажетті тіркестер:** қателік жасау, сапасы сенімсіздік туғызатын, арнайы тексеру, талаптарға сәйкес келмегендіктен, сапасы тағы тексеріледі, ел ішінде, заңмен жазаланады, осындай жетіспеушілік, қай кезде болмасын, Денсаулық сақтау министрлігі бақылайтын.

**9. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыз.**

1. Медицинада әлеуметтік маңызы зор саланың бірі – ... .
2. Сапасы күмәнді дәрі-дәрмектің адам денсаулығына тигізер ... ..
3. Кез келген дәрі түрі қатаң түрде мемлекеттік тіркеу мен арнайы сараптаудан ... ..
4. Сапасы талапқа сай дәрі-дәрмектерді бес жылға дейін ел аумағында таратуға ... ..
5. Арнайы мерзім аяқталған соң дәрі-дәрмектер қайтадан ..., сапасы тағы ... .
6. Ресейде дәрі-дәрмекті ... және ... саласы арнайы заңмен бақыланады.

7. Жапонияда талапқа сай емес дәрі-дәрмектер ... ..
8. Бүгінде еліміз ... дәрі-дәрмектің 80 пайыздан астамын сырттан алады.
9. Қазақстанда аурудың алдын алатын ... мен дәрілік өсімдіктің ... шығарылады.

**Қажетті сөздер мен тіркестер:** фармацевтика, зияны зор, өтуі тиіс, рұқсат етіледі, тексеріліп, сарапталады, өндіру, тарату, кері қайтарылады, қажетті, таблеткалар, сығындылары.

### 10. Мәтінді оқып, қазақ халқының ұлттық тағамдарына қатысты пікіріңізді жазыңыз.



Жапондар шетелге шыққанда өздерінің ұлттық тағамдарын алып жүреді. Сөйтіп, ұлтының денсаулығын сақтап отыр. Сіз Қытайға барсаңыз, солардың тамағын тұтынасыз. АҚШ-қа барсаңыз, америкалық өнімге асқазаныңызды үйретесіз. Ұлттың тілі рухани категория болса, ұлттың тағамы да биологиялық категория болып табылады. Африкалықтар еш уақытта сүт ішпейді, олардың ағзалары оны қабылдамайды, эскимостар қант жемейді. Бұл олардың ұлттық биологиялық ерекшеліктері. Мәселен, қазақ өзі жаралған топырақта өскен шөпке семірген малдың сүтін ішіп, етін жесе, асқазанына майдай жағады. Жаратқан жоқты тап демейді, әр адамның керектісін өз ортасынан табылатын етіп реттеп қойған!

### 11. «Дені сау ағзаның негізгі кірпіші – дәрумен» тақырыбына эссе жазыңыз.



Эссенің жоспары:

1. Басты байлық – денсаулық.
2. Денсаулықтың басты кепілі – тазалық
3. Дені сау ағзаның негізгі кірпіші – дәрумен.

## 10-тақырып

### СУБЪЕКТИ МЕН ОБЪЕКТІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ БЕРІЛУІ. КҮЙ КҮДІРЕТІ

#### 15-сабақ

##### 1. Төмендегі сөздерге мағыналас сөздер жазыңыз.

Халықпен бірге жасасу, саналады, мысалға келтіреді, суреттеледі, ұқтырады, ұмтылдырады, аруақтандырады.

##### 2. Субъекті мен объекті арасындағы қарым-қатынастарды білдіретін етісті толықтырыңыз.

*Үлгі: сұранды-сұрасты-сұратқызды-сұраттырды-сұралды-сұратты*

Жуынды-жуғызды- ...

Салынды- ...

Ойланды- ...

Ішілді-...

Сөз берілді-сөз бергізді-... .

#### Субъекті мен объектілік қарым-қатынастың берілуі

Қазақ тілінде амалды, істі істеушілер (субъектілер) мен істелетін зат (объектілер) арасындағы қатынас етістіктің етіс категориялары арқылы беріледі.

**Етіс (етіс категориясы)** деп амалдың (істің) субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ керісінше субъекті мен объектінің амалға (іске) қатысын білдіретін формалардың жүйесін айтамыз. Бұл формаларда сөз тудыру қабілеті де, сөйлемдегі сөздердің синтаксистік құрылысын өзгерту қабілеті де болады. Етіс жұрнақтары түбір етістіктерге де, арнаулы жұрнақтар арқылы жалған туынды етістіктерге де, күрделі етістіктердің түр-түрлеріне де керегінше жалғана береді.

Етіс жұрнақтарының негізгі қызметі – сабақты, салт етістіктің құрамын кеңейтуге қызмет ету.

Салт етістік қимыл иесінің, яғни субъектінің қатысы арқылы жасалады. Мысалы, *Олар келді*. Ал сабақты етістік қимылдың нысанын, яғни табыс септік жалғаулы сөздің айтылуын қажет етеді.

Мысалы, *Ол күйді орындады*.

Етістер жұрнақтарының түрлеріне, мағыналары мен қызметтеріне қарай, бес түрге бөлінеді.

Етістер	Мағынасы	- Жұрнақтар ары	Мысалы
1. Негізгі (основной залог)	Өзге етіс формаларына таяныш – негіз болып, солардың түрлерін, мағыналарын, қызметтерін айқындайды.	Ø	
2. Ортақ етіс (взаимно-совместный залог)	Бірнеше субъектінің қатысы арқылы жүзеге асатын амалды білдіреді.	<b>-с</b> <b>-ыс</b> <b>-іс</b>	<i>жинас, сөйлес жазыс, апарыс көріс, келіс</i>
3. Өзгелік етіс (понидительный залог)	Іс-қимылдың басқа біреу арқылы орындалатынын білдіреді.	<b>-т</b> <b>-дыр,</b> <b>-дір,</b> <b>-тыр,</b> <b>-тір</b> <b>-ғыз,</b> <b>-гіз,</b> <b>-қыз,</b> <b>-кіз</b>	<i>босат, жүгірт жүгыздыр, енгіздір саттырды, кептірді барғыздым, кіргіздім айтқызды, кескіздік</i>
4. Брықсыз етіс (страдательный залог)	Іс-әрекет, қимыл иесі айтылмайды, қимыл өздігінен істеледі.	<b>-л</b> <b>-ыл,</b> <b>-іл</b> <b>-ын,</b> <b>-ін</b>	<i>бастал, қарал тазалан жазылды, жіберілді салынды, әкелінді</i>
5. Өздік етіс (возвратный залог)	Іс-әрекеттің сол әрекетті орындаушының өзіне жұмсалыуын білдіреді.	<b>-ын,</b> <b>-ін,</b> <b>-н</b>	<i>жуынды, киінді ойлан, таран</i>



### 3. Берілген етістерді мағынасына қарай кестеге орналастырыңыз.

Етістер	негізгі	ортақ	өздік	өзгелік	ырықсыз
төсек жиналды					
достарымен сөйлесті					
қонырау соғылды					
көшеге бұрылды					
хат жаздырды					
ойын сездіртті					
ұзақ айтысты					
орнынан тұрғызды					
ол жуынды					
жарық азайтылды					
суықтан сақтанды					
бала ойнады					
Әсет киінді					
ән айтылды					
жүк көтерісті					

### 4. Сөйлемдерді мағынасына қарай топтаңыз.

Бірнеше субъект арқылы істелген қимыл	
объектіге бағытталған қимыл	
өздігінен істелген қимыл	
бөгде біреу арқылы жасалған қимыл	

#### Қажетті сөйлемдер.

Үсен төре басын көтеріп, күйге рақметін айтып, Қазанғапты келіп құшақтаған көрінеді.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» жинағының шығуына қазақтың біраз азаматтары атсалысқан.

Өмір, табиғат, жақсылық пен жамандық, әділеттік пен әділетсіздік аналарымызды да толғандырып, қолдарына домбыра алдырған.

Бәріміз жабыла отырып, Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тартқыздық.

Шертпе күй сөз болғанда, алдымен, аузымызға Тәттімбет аты алынады.

Халық күйлерінен басқа 140 күйшінің шығармалары енгізілген.

Қасиетті қара домбыраның күмбір үні жаныңызды жадыратсын, тыңдаңыздар, ардақты ағайын.

Күй қазақ халқында ерекше өнер болып табылады.

Құрманғазы ұзақ ойланып, қолына домбырасын алады.

2001 жылы 18 мамырда Күлтегіннің құлпытасын Президентіміздің өзі ашысты.

## 5. Мәтінді оқыңыз.

### Күй күдіреті



Қай ұлтқа, қай халыққа болса да сол ұлтпен, халықпен бірге жасасып келе жатқан киелі мұралары қымбат. Қазақ халқы үшін сондай құнды, бағалы мұралардың бірі – күй.

Қазақ сахарасындағы күй өнері – өте ертеден келе жатқан халқымыздың көне тарихын бойына сіңірген кемел өнер. Жерінің кеңдігіне қарай қазақ халқының күй орындаушылық мектептері де көптеп саналады. Атап айтсақ: Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Абыл, Адай, Байсерке және Қаратау өңірі, Сыр өңірі, Алтай-Тарбағатай күйшілік орындаушылық мектептері дер едік. Осы бай музыкалық мұраларымыз бүгінгі таңда күйші-орындаушыларымыздың арқасында жетіп отыр.

Біз «Күй атасы – Қорқыт» дегенімізбен, өнер зерттеушілері Қорқытқа дейін де күйдің «өмір сүргендігін» дәлел-

дейді. Көне күйлердің әуен-сарыны ертедегі Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Көк түріктер және басқа да тайпалар өмірінен бастау алатынын алға тартады. Бұған мысал ретінде халық күйлері аталып жүрген «Аққу», «Кенес», «Боз айғыр», «Сары өзен», «Шұбар ат» және басқа да туындыларды келтіреді.

Күйді ел тарихынан бөліп қарау мүмкін емес. Кешегі замандарда күйлерде халықтың қайғы-қасіреті, азат өмірге ұмтылысы, әділетсіздікке күресі өрнек тапты. Негізі, күй жайдан-жай шығарыла салмайды. Ол адам жанының ішкі толқынысынан, сезімінен пайда болады. Күйлерде тек көңіл-күй ғана емес, жер-су аттары, жануарлар, құстар, табиғат құбылыстары және басқалар суреттеледі.

Күй – қазақтың жансерігі, мұңдасы, сырласы. Күйдің ғажаптығы сол – ол өзің бастан кешіріп отырған өмірдің мән-маңызын ұқтырады. Күй ойға жетелейді. Адам боп өмір сүруге, жақсылыққа, ізгілікке ұмтылдырады. Күй тындап, күйді түсінген пенде жамандыққа, арамдыққа бара алмайды. Күй күдіреті деген осы.

Құрманғазының «Сарыарқасы» мен «Адайын» алайық. Аталған шығармаларды тыңдағанда бойды ерекше сезім кернейді. Ұланғайыр қазақ даласы көз алдыға елестейді. Желмен жарыса жүйткіген жылқылар. Ат үстіндегі қолын сермей жүзі жайнап бара жатқан бала. Шаттық. Қуаныш. Асқақтаған көңіл-күй. Әлгінде тілге тиек етілген күйлер сізге осындай жарқын сезім сыйлайды. Мұндай күйлердің қасиеті сонда, бойға күш-қуат қосады, қайрат-жігер береді, аруақтандырады.

Ұлттық сана, ұлтты сүю, қадірлеу бабаларымыз аманат етіп кеткен дәстүрден, өнерден бастау алатынын ұмытпағанымыз а бзал. Сол қасиетті өнеріміздің бір тармағы, күдіреттісі – күй өнері.

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов кезінде: «Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы – күй», – деген. Күйге бұдан артық баға беру де қиын. Міне, қазақ күйі дегеніңіз осындай. Ол бір өзінше әлем. Нағыз қазақ күйсіз өмір сүре алмайды.

Нұрперзент Домбайдың «Күй күдіреті» мақаласынан ық-шамдалып алынды, толықтырылды «Ана тілі» газеті, 25 ақпан, 2010 жыл.

## **СӨЗДІК**

киелі мұра – ценное наследие  
бойына сіңіру – усваиваться  
кемел өнер – зрелое, глубокое искусство  
күй орындаушылық мектептері – школа исполнительского мастерства кюя  
эуен сарыны – мотив мелодия  
азат өмірге ұмтылысы – стремление вольной жизни  
өрнек табу – наносить узор  
ішкі толқыныс – внутренние чувство  
мән-маңызын ұқтыру – разъяснять смысл, значение  
ізгілік – 1) священность; святость, 2) благое дело; добро; доброе дело; благодеяние; благоденствие;  
тілге тиек ету – находить повод для разговора, служить поводом для разговора  
күй күдіреті – могущество кюя  
сезім кернеу – распирание; переполнение чувство  
ұланғайыр қазақ даласы – необъятная казахская степь  
колын сермеу – размахивать руками  
аруақтану – воодушевиться; вдохновиться (*будучи поддерживаемым духами предков*)  
аманат – 1) доверенное на хранение или для передачи третьему лицу  
ең толғаулы – *перен.* самый неотложный; самый назревший  
ең терең сырлысы – самый таинственный

## **6. Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз.**

1. Қазақ халқы үшін құнды, бағалы мұралардың бірі не?
2. Ол қандай өнер?
3. Бай музыкалық мұраларымыз бүгінгі таңда бізге қалай жетіп отыр?
4. Күй орындаушылық қандай мектептерді білесіздер?
5. Күйдің ғажаптығы неде?
6. Ол қалай пайда болады?
7. Күйдің күдіреті неде?

**7. Мәтіндегі абзацқа бөлінген тақырыптарды ретімен орналастырыңыз.**

Күйдің күдіреті	<b>1-абзац</b>
Көне күйлердің бастауы	<b>2-абзац</b>
Күй өнерінің күйшілік орындаушылық мек-тептері	<b>3-абзац</b>
Күйдің қасиеті	<b>4-абзац</b>
Күй – бабалар аманаты	<b>5-абзац</b>
Күй мен адам сезімі – егіз дүние	<b>6-абзац</b>
Күй – өзінше бір әлем	<b>7-абзац</b>
Күй – қазақ халқы үшін құнды, бағалы мұра	<b>8-абзац</b>

**8. Сіз не дейсіз?**

1. «Күй – сезім туындысы. Сезім «тілі» кім-кімге де, онда да қазаққа әбден түсінікті» деген пікірге келісесіз бе?

2. XII-XIII ғасырларда өмір сүрген Кетбұға күйшінің әйгілі «Ақсақ құлан» күйі туралы не білесіз?

3. «Қазақтың ұлттық өнері болған, қазір де бар және болашақта да өз қасиетін жоғалтпай қала береді» дегенге қосар ойыңыз.

**9. Төмендегі сөз тіркестерін пайдалана отырып, «Күйшілік өнер» атты шағын эссе жазыңыз.**

*Күй тартылды, халықты тыңдатқызды, ән салынды, ел жиналды, күйшілер жиылды, құнды пікірлер айтысты, күйді шалықтатты, еңбегін елге жеткізді, онымен айтысты, бақ сынасты.*

**10. Құрманғазының «Сарыарқасы» мен Тәттімбеттің «Сарыжайлауын тыңдап, өз сезіміңізді жазып шығыңыз.**

**Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

*1. Сөйлемді қажетті етіспен толықтырыңыз.*

Домбыраның үні адамның жан дүниесін ерекше толқытатын әуен күйді ... .

1) әкелтеді

- 2) жасатады
- 3) туғызады
- 4) ойнатқызады

2. Асты сызылған сөздің орнына жұрнақтардың қабаттаса қолданған дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.

Алматыдағы музыка колледжіне оқуға жіберуге көндіреді.

- 1) көніседі
- 2) көнгізеді
- 3) көністіргеді
- 4) көнгіздіргеді

3. Асты сызылған сөздің дұрыс емес нұсқасын белгілеңіз.

Сөреде тұрған бірнеше күйді таңдатты

- 1) таңдасты
- 2) таңдатылды
- 3) таңдатқызды
- 4) таңдаттырды

4. Асты сызылған сөздің қимылдық мағынасын ажыратыңыз.

Домбыраның үні адамның жан дүниесін ерекше сезімге бөлетеді.

- 1) объектіге бағытталған қимыл
- 2) бірнеше субъекті арқылы жасалған қимыл
- 3) тіке өзі істейтіндігін немесе өзі істегендігін білдіретін қимыл
- 4) сөйлеуші мен тыңдаушыдан басқа бөгде біреу арқылы істелген қимыл

5. Етістің түрін анықтаңыз.

«Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы көптеген жұмыстар атқарылды.

- 1) өздік
- 2) ортақ
- 3) өзгелік
- 4) ырықсыз

6. Қимылдың бірнеше субъект арқылы ортақ істелгенін білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.

- 1) қолмен жасалған бұйымдар өнер деп есептеледі
- 2) қазақта күйлер арқылы адамның, халқымыздың қайғы-қасіретін сейілткен
- 3) домбыраның үні адамның жан дүниесін ерекше толқытатын әуен күйді туғызады

4) ғалымдар музыканың зор мүмкіншілігін, күйдің күдіретін ем ретінде пайдалануымыз керек деп ортақ шешімге келісті.

7. *Қимылдың бөгде біреу арқылы жасалғанын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.*

- 1) «Сырлы күй» атауы ең жас домбырашыға берілді
- 2) жүрек қызметін музыканың, мысалы, жанға жайлы күйдің жалпы ритмі ретке келтіреді
- 3) ерте кезден орындалып жүрген күйдің авторы анықталды
- 4) барлығы ортаға сап, күйдің шығу тарихын талқыласты

8. *Қимылдың объектіге бағытталғанын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.*

- 1) жас балдырғандар күйден жарысып, өз өнерлерін ортаға салысты
- 2) С. Тұрысбек «Көк бөрінің жортуы» күйін И. Тасмағанбетовке арнады
- 3) адам көптеген нәзік сезімдерін, сүйіспеншілікті, бөріні де жүрекпен сезінеді
- 4) Алматыда «Домбыраның күмбірі – халқымыздың бірлігі» атты 640 домбырашы қатысқан күй кеші өткізілді

9. *Сөйлемді мәтін бойынша толықтырыңыз.*

Күйдің ғажаптығы сол – ол өзің бастан кешіріп отырған өмірдің мән-маңызын ... .

- 1) жетелейді
- 2) ұқтырады
- 3) ерекшеленеді
- 4) ұмтылдырады

10. *Сөйлемді мәтін бойынша толықтырыңыз.*

Күй адам боп өмір сүруге, жақсылыққа, ізгілікке ... .

- 1) апарарды
- 2) келтіреді
- 3) шақырады
- 4) ұмтылдырады

## В2 – НЕГІЗГІ СТАНДАРТТЫ ДЕНГЕЙ

### 11-тақырып

#### ШАРТ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР. АЙТЫС – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

##### 1-сабақ

30 Төмендегі 'сөздерге 'мағынасы 'жақын 'сөзді 'көрсетіңіз.

дарыса –  
таңғала –  
ақиқат –  
тұшыну –  
абырой –  
тұрпайы –  
пікір –  
уәж –  
жадағай –  
арыз –  
астарлау –  
назар аудармау –

##### Қажетті сөздер:

сөз, дәлел	бедел	сүйсіну	тамсана
шындық	қарамау	жұтан	ой-өріс
қонса	анайы	түспалдау	шағым



## 2. Берілген сөздерді пайдаланып, шағын сұхбатты толықтырыңыз.

– Айбек, айтыскер боламын деп талпынған адамның бойында қандай қасиет болуы керек деп ойлайсың?

– Тегінде шешендіктің, ақындықтың үшқыны бар баланың қай салада \_\_\_\_\_ де бойында айтыскерге тән суырыпсалма қасиеттері болады.

– Оны дамыту үшін не істеу керек?

– Ол үшін қазақтың ауыз әдебиеті мен жыраулар поэзиясын көп \_\_\_\_\_, тіл байлығың кеңейеді.

– Қазақ үшін айтыс өнері қаншалықты қажет?

– Адам үшін жұтатын ауа, ішетін су қалай қажет \_\_\_\_\_, қазақ үшін айтыс өнері де сондай қажет.

### Қажетті сөздер:











жүрсе

оқысаң

болса

## 3. Сөздермен сөздік карта арқылы жұмыс істеңіз.

*Тамсану, тағылым, абырой, дару, ақиқат, пікір*

Өзге сөз формасы	Дефиниция	Синоним
		
Ассоциация	Жаңа сөз	Антоним
		
		
		
		
		

## Шарт мәнді құрылымдар

### Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалуы

Құрамындағы жай сөйлемдердің бағыныңқы сыңары басыңқы сөйлемде айтылған ойдың шартын білдіретін сабақтас құрмаласты **шартты бағыныңқылы сабақтас** сөйлем дейді. Шартты бағыныңқы сыңары *қайтсе?, не етсе?, қайткенше?, не еткенше?, қайтпей?, не етпей?, қайтпейінше?, не етпейінше?* деген сұрақтарға жауап береді.


### Шартты бағыныңқылы сабақтастың жасалу жолдары

Бағыныңқы-сының баяндауышы		Баяндауыштың тұлғалық белгілері	Сұрақтары	Сызбасы
1	Шартты рай	-са, -се	қайтсе? не етсе?	... айтса, ... .
2	Көсемше	Болымсыз етістік + й	қайтпей? не етпей?	... жолық- пай, ... .
3	Көсемше Негізді	-майынша / мейінше, байынша / бейінше, пайынша / пейінше	қайтпейін- ше? не етпейін- ше?	... ал- майынша, ... .
4	Есімше	-қанша, -кенше, ған- ша, -генше	қайткенше? не еткенше	... келген- ше, ... .

Шартты бағыныңқы сабақтастың баяндауышы ғана шартты райдың -са, -се жұрнағы арқылы жасалмайды. **Қарсылықты бағыныңқы сабақтас, мезгіл бағыныңқы сабақтас, мақсат бағыныңқы сабақтастардың** баяндауыштары да шартты райдың -са, -се жұрнағы арқылы жасалады. Олардың айырмашылығы төмендегідей:

<b>Шартты рай</b> -са, -се	<b>Көсемше -ма+й (-ме+й)</b> -майынша, (-мейінше)	<b>Есімше -ғанда</b> (-ген+де)
-------------------------------	--	-----------------------------------

### Айырмашылығы



#### 4. Мақалды қажетті етістіктермен толықтырыңыз.

- |   |  |
|---|--|
| 1. Сөз жүйесін ..., мал иесін табар     | 5. Жат елдің жақсысы ..., Өз еліңнің сақшысы бол.    |
| 2. Халық ..., қалып айтпайды.           | 6. Артында баласы ..., Көзі қалды де.                |
| 3. Тіл тас жарады, Тас ..., бас жарады. | Артында сөзі ..., Өзі қалды де.                      |
| 4. Бас кеспек ... да, Тіл кеспек жоқ.   | 7. Сын ..., мін түзелмейді. Ойнап ... да, ойлап айт. |

#### Қажетті етістіктер:

тапса	айтса	жармаса	болса
қалса	болғанша	қалса	түзелмей айтсаң

#### 5. Көп нүктенің орнына құрмалас сөйлемдердің екінші сыңарын қойыңыз.

1. Бүгінгі заман «ақпарат кімнің қолында болса, ... .

2. Бұрындары ақындар міндетті түрде өз руының атынан сайысқа түсетін болса, ... .
3. Ерте заманда сайысып отырған ақындар екі рудың өкілдері болса, ... .
4. Қандай өнер түрі болмасын, егер насихаты аз, мүмкіншілігі шектеулі болса, ... .
5. Ертеде халқымыз айтысушы ақынның қайсысының сөзі маңызды, өмірге, шындыққа жақын болса, ... .

### **Сөйлемнің қажетті сыңары:**

қазіргі заманда облыс, аудан атынан айтыса береді сол – әлемді билейді» деген қағидатқа жүгінеді оның жалпыхалықтық сипат алып, тағылымдық-тәрбиелік маңызға ие болуы екіталай.

соны қолдап, көтеріп отырған қазіргі заманда әр ақын өз елінің, аймағының сұраныс-тілектерін айтатын болды.

## **6. Мәтінді оқыңыз.**

### **АЙТЫС – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ**

Небір жүйрік ақындарды, ділмар шешендерді, көсемдерді дүниеге әкелген қазақ даласы ақындықтың туын тіккен және оны ешқашан жықпаған жер. Ұлы даланы аралаған саяхатшылардың қай-қайсысы да халқымыздың ақындығына таңғалып, тамсана жазған еді. Қазтуған, Шалкиіздердің заманынан бері ақиқатты айнымай айта алатын ақындық өнердің желісі үзілмей жалғасып келіп, бертінде Сүйінбай, Жанақ, Майкөт, Құлмамбет, Жамбылдарға дарыса, бұл – сан ғасырлар бойы өзінің өр рухын түсірмеген дәстүр сабақтастығының жемісі.

Айтыс ақындарының екеуі бірдей таразы басында тең тұр-маса, жұрт тұшынып тыңдарлық драмалық, қоғамдық-саяси мәнді, қызықты айтыстың тууы екіталай. Сүйінбай мен Қатаған, Жамбыл мен Құлмамбет, Кемпірбай мен Шөже, Біржан мен Сара айтыстарының ел ауызында сақталып, біздің дәуірімізге жетуі оның кемел көркемдігі мен арқалаған жүгінің ауырлығы және әлеуметтік мазмұнының өткірлігінде еді.

Сөз өнері болған соң айтыс та – тәрбие құралы. Өзгеге тағылым болу үшін, алдымен, өзің өнегелі, өнерлі болуың шарт. Аузыңда айтарың болмаса, жұрт сүйсінетін өткір ой таба алмасаң, айтысқа шығып абырой таппайсың. Себебі айтыс – толғақты мәселелер қозғаудың, қомақты қоғамдық пікірлер жариялаудың, атасы үлкен ақиқатты айтудың мінбері. Орамды ойларың мен қанатын кең жайған сөздерің аузыңнан шыға ауыл-ауылды аралап кетсе қане.

Айтыс алқалы топтың алдында өтетіндіктен, тіке айтқаның тұрпайы, ашық айтқаның анайы болып шықпауы үшін ойдың шын ақындықпен астарланып, түспалданып айтылғаны әрі құлаққа жағымды, әдемі мақаммен, әсем сазбен сүйемелденгені жөн. Сонда ғана айтыс өзінің табиғатын, моралдық-эстетикалық мәнін, күрескерлік рухын сақтап қалады. Әйтпесе, жадағай, жұтаң өлеңсымақ пен қара сөзді ұйқастырып айта беретін ақындар бел алып кетсе, айтыс шын мәнінде өнер болудан, қазақ халқының рухани қажеттілігін өтеуден қалады.

Кім көрінген емес, айтысқа ақынның ақыны ғана шығу керек. Ежелгі айтыс ақындары бір-бірінің ұрымтал сәтін аңдып, қарсыласын қапыда қалдыруға тырысқан. Кезі келгенде жеңе де, жеңіле де білген. Атақты ақындар Сүйінбай мен Қатаған, Жамбыл мен Құлмамбет өмірде бір-ақ мәрте айтысқан. Аталы сөзге тоқтап, ел алдында жеңілгенін мойындау да азаматтық. Одан оның абыройы өспесе, төмендемейді.

Ілгеріде Қаратауды жайлаған Сіргеліде Қанай болыстың қасына ерткен жиырма жігітінің біреуі ақын болса керек, Үлбикемен айтысамын деп болысқа ұдайы арыз айтады екен. Қанай болыс Үлбикемен айтыстырамын деп жүргенде, болыстың жиырма жастағы баласы бақилық болып, бірер жылдай қарайлап қалады. Келесі жылы Қанай болыс жиырма жігітімен Үлбикені із деп келсе, Мұсабай датқа ауылда жоқ екен. Үлбике ауырып төсегінде жатса керек, қонақтарға аса назар аудармапты. Сарыбел деген жерден келген Қанай болыс төрге шығып, сары қымыздан сіміріп отырып, әлгі ақын жігітіне сөз баста деген екен. Сонда ақын жігіт:

Біз келдік кесіп өтіп Сарыбелді,

Үйіңе үлкен-кіші бәрі келді.

Ауырған қыз, төсектен басың көтер,

Қоржынымның басы толы дәрі келді, – деп өлеңді қоя береді. Үлбике сол кезде жастықтан басын көтеріп: «Бұл кісілер кімдер еді?» – деп сұрайды. Жігіттердің бірі: «Сарыбелден келген Қанай болыс» дейді. Сонда ақын қыз:

Келіпсіз кесіп өтіп Сарыбелді,  
Үйіме үлкен-кіші бәрі келді.  
Қоржыныңның басы толы дәрі болса,  
Қанайдың жалғыз ұлы нағып өлді, –

деп, елді бір-ақ ауыз сөзбен таң қалдырады. Бұл уәжден жер болып жеңілген жігіттер мен Қанай болыс асылып жатқан асқа қарамай, үйден шығып жүре беріпті дейді.

Мінеки, бір ауыз сөзге тоқтаудың айқын мысалы деп осыны айтуға болады.

Айтыс секілді ұлттық мұраны дамыту жөнінде Үкімет қаулысы қабылданса, Мәдениет министрлігі жанынан арнайы бөлім ашылса, күба-күп болар еді. Қайткен күнде де, сан ғасырлар бойы қалыптасып, халықтың жүрегінде сақталып келген өнерді жоғалтып алмауымыз керек.

(*Мырзатай Жолдасбековтің «Қазаққа Алланың берген сыйы еді» атты мақаласынан ықшамдалды.*  
«Егемен Қазақстан» газеті. 12 желтоқсан, 2008 жыл)

## СӨЗДІК

ділмар шешен – красноречивый; речистый; говорливый; острый на язык

ақиқатты айнымай айта алу – высказать правду

желісі үзілмеу – прочность основы

бертінде – недавно; в недавнем прошлом; за последнее время

бақ дарыды – выпало счастье

өр рухын түсірмеу – не опускать гордости

дәстүр сабақтастығы – преемственность традиции

таразы басында тең тұрмаса – если взвешивать равной степени

тұшынып тыңдау – слушать с наслаждением

арқалаған жүгінің ауырлығы – тяжесть несенного груза

тағылым – урок, пример, традиция, влияние

абырой таппайсың – потеряешь авторитет

қомақты – значительный

орамды ойлар – подходящие мысли  
қанатын кең жайған сөздер – крылатые слова  
астар, түспал – *перен.* подоплека; изнанка; иносказание; намек  
мақам – напев; ритм; манеры; лад; мелодия; мотив  
жадағай, жұтаң – голый; лишенный: опустошенный; скудный  
бел алу – прилив новых сил  
ұрымтал сәтін аңду – выслеживать удобное положение  
қарсыласын қапыда қалдыру – не упустить противника  
аталы сөзге тоқтау – останавливаться на основательное слово; вес-  
кое слово (*содержательная речь*)

**7. Асты сызылған шартты райлы сөздердің қандай мағынада жұмсалып тұрғанын табыңыз.**

**8. Мәтіндегі ақпараттарды үшке бөліп, топтастырыңыз.**

**Кіріспе бөлім**

1)

2)

3)

**Негізгі бөлім**

1)

2)

3)

**Қорытынды**

1)

2)

3)

1. Ақындықтың туын тіккен және оны ешқашан жықпаған қазақ даласы.

2. Айтыс – тәрбие құралы

3. Халқымыздың ақындығына тамсанған саяхатшылар

4. Сан ғасырлар бойы ақындық өнердің желісі үзілмеген дәстүр сабақтастығы

5. Ұлттық мұраны дамыту

6. Аталы сөзге тоқтаудың айқын мысалы

7. Халықтың жүрегінде сақталып келген өнерді жоғалтып алмау

8. Айтыстың табиғаты, моральдық-эстетикалық мәні, күрескерлік рухы

9. Айтыстың кемел көркемдігі мен арқалаған жүгінің ауырлығы және әлеуметтік мазмұнының өткірлігі

### **9. Сұхбатпен танысыңыз.**

– Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай Астанада өткен аламан айтысқа қатыса алдың ба?

– Иә, достым, Астанада тұрып мұндай мүмкіндіктерді жіберіп алмау керек қой.

– Мен Алматыдан арнайы бара алмасам да, интернеттегі жаңалықтардан хабардар болып отырдым.

– Досым-ау, өз көзіңмен көру бір басқа. Алған әсерді айсаңшы... Өзіміздің арқалы ақындармен бірге ар жағы Қытайдан, бер жағы Моңғолия, көрші Қырғыз елі мен Өзбекстанды қосқанда 41 ақынды көрсен ғой, айтыстарын тыңдасаң, өзің де шабыттанып кетесің.

– Қасиетті тәуелсіздікті, азаттықты, егемендікті ең аңсаған да, көкसेген де, оны сұлу сөзбен суреттеп, кестелі оймен бензідірген де – ең алдымен ақындар ғой.

– Иә, достым, айтыста Қытай Халық Республикасынан Жәмиға Дәулетқызы, Гүлсінай ақын, Қырғыз Республикасынан қатысқан Аалы Туткуче ақын, елімізден Балғынбек Имашев, Айнүр Тұрсынбаева, Дәулеткерей Кәпұлы, Аманжол Әлтаев, Серікзат Дүйсенғазин секілді елге танымал тарланбоздар мен Әлібек Серғали, Мұхтар Ниязов, Еркебұлан Қайназаров және т.б. жас перілер бәйге көрігін қыздырып, ел-жұртты риза етті.

– Қандай өзекті мәселелер ашылды?

– Ақындар айтпай қалды дейтін жайт қалмады. Өзге де көкейкесті мәселелер жыр болып төгілді. Бас тақырып – тәуелсіздігіміздің торқалы тойынан бастап, қазақтың көбеюіне дейін қамтылған айтыста аға мен інінің, қыз бен жігіттің, жезде мен балдыздың әдемі қазақы қалжыңдары мен қағытпалары да көрініс берді.

– Қоғамды қобалжытып отырған мәселелер шынайы талқыланды ма?

– Айтыста ақиқат айтылмаса, шаншу сөз айтылмаса, биліктегілердің, қолында барлардың болсын, шамына тиетін сөз



айтылмаса, ол айтыс қызық болмас еді. Қоғамды қобалжытып отырған ойларды қозғап айта алмаса, айтыс ешкімге қажет болмас еді. Бірақ соны біздің мемлекетіміз, қоғамымыз әлі де дұрыс пайдалана алмай отыр.

– Оны да түсінетін уақыт келер, ең алдымен, ұлттың рухани сапасы азбаса екен, дұрыс жолдан айнымасақ екен деп тілеймін.

– Аумин! Айтқаның келсін!

### **10. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Аламан айтыс қайда, неге орай өтті?
2. Оған шетелден, өзімізден неше ақын қатысты?
3. Қатысқан ақындарды атаңыз.
4. Басты тақырыбы не?

**11. Сұхбатта айтылған төмендегі сөйлемдерден шартты райлы сөйлемдерді теріп жазып, астын сызыңыз. Қандай мәнде жұмсалып тұрғанын түсіндіріңіз.**

1. Мен Алматыдан арнайы бара алмасам да, интернеттегі жаңалықтардан хабардар болып отырдым.

2. Алған әсерді айсаңшы... .

3. Өзіміздің арқалы ақындармен бірге ар жағы Қытайдан, бер жағы Моңғолия, көрші Қырғыз елі мен Өзбекстанды қосқанда 41 ақынды көрсең ғой, айтыстарын тындасаң, өзің де шабыттанып кетесің.



4. Айтыста ақиқат айтылмаса, шаншу сөз айтылмаса, биліктегілердің, қолында барлардың болсын, шамына тиетін сөз айтылмаса, ол айтыс қызық болмас еді.

5. Қоғамды қобалжытып отырған ойларды қозғап айта алмаса, айтыс ешкімге қажет болмас еді.

6. Оны да түсінетін уақыт келер, ең алдымен, ұлттың рухани сапасы азбаса екен, дұрыс жолдан айнымасақ екен деп тілеймін.

## **12. Аламан айтыстың өткені жөнінде тартымды жарнама жасаңыз.**

### **Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

#### *1. Мақалды толықтырыңыз.*

Көзің ..., қолыңды тый,

Ішің ..., аузыңды тый.

- 1) кетсе
- 2) ашыса
- 3) ауырса
- 4) қышыса

#### *2. Сөйлемді мәтін бойынша толықтырыңыз.*

Аузыңда айтарың ..., жұрт сүйсінетін өткір ой ... .., айтысқа шығып абырой таппайсың.

- 1) жүрсе, болмаса
- 2) қалмаса, жаза бассаң
- 3) болмаса, таба алмасаң
- 4) жоқ болса, ауыздан шықпаса

#### *3. Сөйлемді мәтін бойынша аяқтаңыз.*

Аузыңда айтарың болмаса, жұрт сүйсінетін өткір ой таба алмасаң, ... .

- 1) айтысқа шығып абырой таппайсың
- 2) атасы үлкен ақиқатты айтудың мінбері
- 3) айтыс шын мәнінде өнер болудан қалады
- 4) қазақ халқының рухани қажеттілігін өтей алмайсың

4. Мәтін бойынша есімдерді дұрыс көрсетіңіз.

Келесі жылы ... болыс жиырма жігітімен ... іздеп келсе, ... датқа ауылда жоқ екен.

- 1) Сүйінбай, Қатаған, Жамбыл
- 2) Қазтуған, Шалкиіз, Біржан
- 3) Қанай, Ұлбикені, Мұсабай
- 4) Құлмамбет, Кемпірбай, Шөже

5. Сөйлемнің бірінші сыңарын табыңыз.

..., айтыс ешкімге қажет болмас еді.

- 1) айтыста ақиқат айтылса
- 2) ұлттың рухани сапасы азбаса екен
- 3) қоғамды қобалжытып отырған ойларды қозғап айта алмаса
- 4) Мәдениет министрлігі жанынан арнайы бөлім ашылмаса

6. Сөйлемнің екінші сыңарын көрсетіңіз.

Әйтпесе, жадағай, жұтан өлеңсымақ пен қара сөзді ұйқастырып айта беретін ақындар бел алып кетсе, ... .

- 1) алдымен, өзің өнегелі, өнерлі болуың шарт
- 2) айтысқа ақынның ақыны ғана шығу керек
- 3) айтыс, шын мәнінде, өнер болудан, қазақ халқының рухани қажеттілігін өтеуден қалады
- 4) айтыс өзінің табиғатын, моральдық-эстетикалық мәнін, күрескерлік рухын сақтап қалады

7. Сөйлемнің қандай мағынада жұмсалып тұрғанын ажыратыңыз.

Ең алдымен, ұлттың рухани сапасы азбаса екен, дұрыс жолдан айнымасақ екен деп тілеймін.

- 1) шартты
- 2) тілек, қалау
- 3) қарсылықты
- 4) салыстырмалы

8. Шарт мәнде жұмсалып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

- 1) ол Республика сарайына кірсе, ақындар айтысы басталып кетіпті
- 2) айтыс киелі өнер болмаса, оған залдық толы халық жиналмас еді
- 3) айтыскер ақындарға шын мәнінде тәуелсіз, еркін сөз берілсе екен деп ойлайсың
- 4) ақын қоғамдағы шындықты ашық айтса да, тыңдар құлақ қалмағандай

9. *Тілек, қалау мағынасындағы шарт мәнді сөйлемді табыңыз.*

- 1) екі күн бойы айтыскер ақындар қазаққа 47 қала салдырған Дінмұхамед Қонаевты тілге тиек, жырына арқау етсе керек еді ғой
- 2) қандай жүйрік, тапқыр ақын болса да, шындықтан жалтарып құтылып кете алмаған, аталы сөзге тоқтап бас иетін болған
- 3) қанша мақтаулы ақын болса да, көпшілік алдына шығарда айтар ойын, сөйлер сөзін жүйелеп алуы керек
- 4) қандай өнер түрі болмасын, егер насихаты аз, мүмкіншілігі шектеулі болса, оның жалпыхалықтық сипат алып, тағылымдық-тәрбиелік маңызға ие болуы екіталай

10. *Қарсылықты мағынада жұмсалып тұрған шарт мәнді сөйлемдерді табыңыз.*

- 1) Үлбике ауырып төсегінде жатса керек, қонақтарға аса назар аудармапты
- 2) айтыстың басты тақырыбы Қонаев туралы болса да, ақындар еліміздегі болып жатқан оқиғаларға да өз пікірлерін білдірді
- 3) аталы сөзге тоқтап, ел алдында жеңілгенін мойындау да азаматтық, одан ақынның абыройы өспесе, төмендемейді
- 4) орамды ойларың мен қанатын кең жайған сөздерің аузыңнан шыға ауыл-ауылды аралап кетсе қане

## 12-тақырып

### МОДАЛЬДЫҚ МАҒЫНАНЫҢ БЕРІЛУІ. ӨНЕР ЖҰЛДЫЗДАРЫ

#### 2-сабақ

##### 1. Төмендегі сөздердің мағынасын ашыңыз.

Өнер сүйер қауым –

Халықтың қошеметіне бөлену –

Сал, сері –

Жетістік –

Қауқарсыз –

Шек болмау –

## 2. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.

өнер	болып қалу
өз орнын	үстінде жүру
халықтың қошеметіне	он жылдың жүзі болу
ертеңгі ұрпаққа асыл мұра	әлемінде
ізденіс	ұлттық рухты жоғалтпау
күрылғанына	әсем әуендерімен тербету
өз тыңдаушыларын	бөлену
жан біткенді	тапқан әншілер
жас ұрпақтың бойындағы қазақылық пен	әндерін тыңдау
терең мағыналы	табу

## 3. Жақша ішіндегі сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғап, сөйлемді толықтырыңыз.

1. Ол «МузАрт» тобының әншісі Мейрамбекке (үксау секілді). 2. Шамасы, сен «МузАрттың» орындауындағы «Өмір өтті» әнін (естімеу сияқты). 3. Кез келген әнші Мейрамбек секілді әнді жүрегімен (айту керек / міндет). 4. Қазір қазақ эстрадасының көгінде жұлдыздары жарқырап тұрған ән де, әнші де (көп шығар / мүмкін). 5. Шынайы дыбысқа (көшу керек / міндет), биік-биік белестерден көрінуге (талпына беру керек / парыз) деп есептейміз.

### Модальдық мағынаның берілуі

Модальдылық терминінің грамматикада екі мағынасы бар. Осы терминмен ортақ белгілері бар әр түрлі құбылыстарды атайды: модальдылық өзін сөйлемде, яғни синтаксис деңгейінде көрсетеді. Сөйлеуші сөйлем құрғанда өзінің ақпаратқа, ақпараттың шындығына қатыстылығын хабарланатын сөйлемде білдіреді. **Сөйлеуші тарапынан ақпарат шынайы**, яғни қазір болатын, болған, болашақта болса, онда сөйлем *ашық райда*: *осы шақта*, *келер шақта*, *өткен шақта* беріледі.

Егер де **ақпарат сөйлеуші тарапынан шынайы емес**, яғни ол шындығында әлі болмаған, қазір де болмайтын, болашақта да

болмайтын болса, онда сөйлем *бұйрық райда, қалау райда* құрылады. Модальділік бірінші мағынасы бойынша объективтілік модальділік деген атау алды.

*Субъективті модальділік.*

Модальділік терминінің екінші мағынасы сөйлеушінің айтатын сөйлеміне қатынасын білдіреді. Бұл үшін сөйлеуші модальді деп аталатын арнайы сөздерді пайдаланады (Күзекова З. Қазақ тілі практикумы. – Астана, 2010)

Қазақ тіліндегі модаль сөздерді зерттеген ғалым Е. Жампейісов олардың қатарына төмендегідей сөздерді жатқызады: *сияқты, сықылды, секілді, сыңайлы, сынды, тәрізді, іспетті, мүмкін, ықтимал, шамасы, тәрізі, әлпеті, мүмкін, асылы, қисыны, анығында, шынында, расында, рас, әрине, әлбетте, бәлкім, керек, қажет, тиіс, шығар, болар, -са(-се)керек, -у (-уға) керек, -уы (-уі) керек, -уы (-уі) тиіс, -у қажет, -ға, -ге ұқсайды* және т.б.

Модаль сөздер семантикалық сипаты жағынан төмендегідей бөлінеді:

Болжал мәнді модаль сөздер: *сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, мүмкін, шамасы, тәрізді, тәрізі, бәлкім, шығар, болар, т.б.*

Міндеттілік мағына беретін модаль сөздер: *керек, қажет, тиіс, laзым* сөздерінің қатысуымен жасалатын *-у қажет, -у керек, -у laзым; -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы (-уі) тиіс.*

Біреудің сөзі не бір дерек негізінде айтылатын модаль сөздер: *де, дейді, деп, т.б.*

Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: *әрине, әлбетте, рас, шынында, шындығында, анығында, т.б.*

Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: *-ар ма екен, -са неғылсын, кім біледі, т.б.*

Тілек, қалау мәнді модаль сөздер: *-са/-се екен, -са/-се деймін, т.б.*

#### **4. Сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырыңыз.**

1. – Сен келесі аптада концертке барасың ба?

– Иә, мен келесі аптада міндетті түрде «МузАрттың» концертіне ... 2. – Ол Мейрамбектің дауысына риза болған шығар?

– Жоқ, ол кісі тек Мейрамбекке ғана емес, Сәкен мен Кенжебектің жанды дауыстарына да риза ....

3. – Бүгінгі қазақ әндері келер ұрпаққа мұра болып қалу үшін не істеу қажет?

– Бүгіндегі қазақ эстрадасындағы әндер ертеңгі ұрпаққа асыл мұра болып қалу үшін кез келген әнші көп еңбек ... .

4. – Адамға тән қандай қасиетті жоғары бағалайсыз?

– Кез келген адам Отанын, тілін, дінін ... . Туған тілін білмейтін адам анасын сыйламайды деген сөз.

5. – Қазақ эстрадасындағы қандай топты халықтың қошеметіне бөленген топ деп есептейсің?

– Мүмкін, «МузАрт» – арманы орындалған бақытты топтардың ... .

#### **Қажетті сөздер:**

бірі шығар

етуі қажет

болған сияқты

сүю керек

баруым керек

#### **5. Берілген сөйлемдерді мағынасына қарай бағандарға орналастырыңыз.**

Болжал мәнді сөйлемдер		
Міндеттілік мағынадағы сөйлемдер		
Нақты дерегі бар сөйлемдер		
Күмән мәнді сөйлемдер		
Қостау мәнді сөйлемдер		
Тілек, қалау мәнді сөйлемдер		

Концерттің қалай өткенін халықтың ыстық ықыласынан білуге болатын шығар.

Әр өнер иесінің, біздің әрқайсымыздың төрешіміз уақыт пен тыңдарман екендігін ұмытпаған жөн екендігін айтқым келеді дейді Сәкен Майғазиев.

Шоу-бизнес саласында баяу болса да елеулі өзгерістер болуы тиіс. Шындығына келгенде, уақытымыздың көбісін жұмысқа арнаймыз.

Мүмкін, біз сәтсіз ән, сәтсіз клиптерге жол берген болармыз.

Әйтпесе өнер ордасы, МузАрт тобының құрылуына себепкер болған қалада мерейтойымызды жасағымыз-ақ келеді.

Шынайы дыбысқа көшуіміз керек, биік-биік белестерден көрінуге талпына беруіміз керек.

Өнер жұлдыздарының бос уақыты бола бермейтін секілді.

Мен бар болғаны әншімін, көрермен мені дұрыс түсінсе екен деймін.

– «Біткен іске – сыншы көп» дегендей, әркім әртүрлі пікір айтады.

Әрине, алдағы уақытта «МузАрт» 40 жылдығын, 50 жылдығын атап өткелі жатыр дегенге не жетсін.

Кім біледі, болашақта балам әке жолын қуам деуі де мүмкін.

## 6. Ұлттық рухты жоғары ұстаған «МузАрт» тобы



Тыңдармандарына әсем әндер сыйлап жүрген «МузАрт» тобының өнер сүйер қауым үшін алатын орны ерекше. Аталмыш топ өнер әлемінде өз орнын тауып, халықтың үлкен қошеметіне бөленіп, көпшіліктің қуанышына айналып үлгерді.

Дегенмен бүгінгі таңда қазақ эстрадасындағы әншілердің көпшілігі өздерінің әндерін ертеңгі ұрпаққа асыл мұра болып қалу үшін көп еңбекті қажет ететіндігін жақсы біледі. Осы мақсатта өзге топтардың арасынан аталмыш топтың суырылып алға шығып, үнемі ізденіс үстінде жүретіндігін айтпай кету мүмкін емес.

«МузАрт» тобы 2001 жылы сәуір айында құрылған болатын. «МузАрт» – көне түркі тілінен шыққан, «УЗ» – сал, сері, тағы сол сияқты ер азаматқа тән қасиеттерді, ал «АРТ» – биік, шың, тау деген мағынаны білдіреді екен. Құрылғанына биыл он



жылдың жүзі болған топ – бүгінде Қазақстанды ғана емес, алыс-жақын шет елдерде де өз тыңдаушыларын тапқан әншілер. Топ мүшелерінің айтуына қарағанда алғашқы құрылған кездері «МузАрт»-тың жетістігі бүгінгідей болады деп **ойламаған сынайлы**. Ең алғашқы орындаған әндері – Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған Қанат Ибраимовтың «Сенің көзің» деген әні. Құрамына Сәкен Майғазиев, Мейрамбек Беспәев және Мақсат Базарбаев кірген топ барша Қазақстанға танымал болғаннан кейін, 2004 жылы алғашқы шетелдік сапарларын бастап кеткен.

Өнер ордасы, үлкен «Орман» **тәрізді**. Өйткені орманда сан мыңдаған ағаштар өсіп, жетіледі. Кейбір ағаштар әлсіз, өз-өзіне сенімсіз, алға ұмтылуға қауқарсыз болады. **Әрине**, оларға шамалы жел тиіп, самал өпсе болғаны бұтағы сынып, соңында қурап қалады. Ал мәңгі жайқалып, өз реңін бермей тұратын жасыл шыршаны алып қарасақ, күннің ыстығында да, суығында да жап-жасыл түске боялып, адамның көңіліне қуаныш ұялатады. «МузАрт» тобы да, сол жасыл шырша **іспеттес**. Қайда жүрсе де, жан біткенді әсем әуендерімен тербетіп, тыңдарманның жүрегінен жол табуда. Осылай үнемі биіктің шыңында жүрген топ, он жылды артқа тастап, енді есеп беру концерттерін бастап кетті.

Ең бірінші Елордамыз Астана қаласында 27 сәуір күні «Қазақстан» орталық концерт залында мерейтойлық концерттерін дүрілдетіп өткізді. Халықтың ықыласында шек болған жоқ **десе де болады**. Әрине, бұл тек бір қаламен шектелмейтін **шығар**. Астанадағы мерекелік күндердің жалғасы басқа өңірлерде де болады **деп үміттенеміз**. Себебі өзге өңірлерде олардың өнеріне сусап, сағынып жүрген тыңдармандарда есеп жоқ. Дәл қазіргідей уақытта жас ұрпақтың бойындағы қазақылық пен ұлттық рухты жоғалтпай ұстап қалатын мағыналы да, мәнді әндер. Жас буын өкілдерінің барлығы дерлік махаббаттың мың соқпағын жол қылған түрлі әндерді тыңдап, алдамшы сезіммен ғана алданып жүрген уақытта «МузАрт» тобының терең мағыналы әндерін тыңдауды әдетке айналдырып келеді. Мысалы, «Үш қоңыр» сынды әнді жас буын өкілдері де, орта буын өкілдері де, тіпті, еңкейген қариямызға дейін тыңдап қана қоймай, сөздерін жаттап ыңылдап айтып жүреді. «Әннің де естісі бар, есері бар» де-

ген осы болар, есті әндер халық есінде мәңгі сақталады. Сондықтан да «МузАрт» тобы халық сүйіспеншілігіне **бөлене бермек.**

(Әсел Ырзаева. Муза әлемінің МузАрты «МузАРТ» мұзбалақтарына он жыл!))

## **СӨЗДІК**

тыңдармандар – слушатели

көрермендер – зрители

өнер сүйер қауым – общество, которое любит искусство

аталмыш топ – названная группа

суырылып алға шығу – выйти вперед перед публикой

сыңайлы – кажется

қауқарсыз – слабый, слабосильный

самал өбеді – ласкает летний приятный ветерок

әуендерімен тербету – трогать с мелодий

тыңдарманның жүрегінен жол табу – найти путь к сердцу слушателей

дүрілдетіп өткізу – провести с фурором

өнеріне сусау – жаждать искусству

есті – умная

есер – безрассудный

## **Мәтін бойынша тапсырмалар**

**7. Мәтіннен қарама-қарсы сөздерді табыңыз.**

**8. Мәтіннен мағыналас сөздерді табыңыз.**

**9. Мәтіндегі қарамен белгіленген сөздерді семантикалық сипатына қарай жіктеңіз.**

**10. Сұхбатпен танысыңыз.**

«МузАрт» тобының әншісі **Мейрамбек БЕСБАЕВ:**

– **Көпшілік көзайымына айналған «МузАрт» тобының құрылғанына биыл 10 жыл толыпты. «Алдына қарап пікір ет, артына қарап шүкір ет» дегендей, өткен күндерге көз жүгіртіп, бір есеп жасаған боларсыздар?**

– Бүгінгі таңда тележурналист Айбар Олжай ансамбль туралы деректі фильм дайындау үстінде. Туындыда он жыл ішінде

жүріп өткен жолдарымыз баяндалады. «Осы уақыт ішінде біз не істей алдық, қандай жетістікке жеттік, қандай белестерге көтеріліп, қандай асуларды бағындырдық?» деген сұрақтарға жауап беруге күш салдық. Жалпы, есімізде қалған жарқын сәттер өте көп. Мақсатпен бірге жүрген күндеріміздің өзі бір бөлек әңгіме. Вокалды-аспаптық ансамбльдің құрылғаны да тобымызға өзгеше леп, жаңалық әкелді. Алыс-жақын шетелдерде өнер көрсеттік. Патшаның өлеңін айтып, қолын қысып, батасын алдық. Сондықтан «МузАрт» – арманы орындалған бақытты топтардың бірі шығар. Мүмкін, біз сәтсіз ән, сәтсіз клиптерге жол берген болармыз. Бірақ қандай жағдай болмасын, біздің көрермендеріміз жаманымызды жасырып, жақсылығымызды асырып, бағалауға тырысты. Көңілді түсіретін кездердің кездескенін де жоққа шығармаймыз. Қуансақ та, мұңайсақ та, соның барлығында халық бізбен бірге келе жатыр. Бізбен бірге қуанған, бізбен бірге «жылаған», бізбен бірге уайымдаған тыңдармандарымыздың ыстық ықыласына мың да бір шүкір! Ризашылығымыз шексіз!

– **«Өнер жолы – ауыр жол» демекші, алғаш шығармашылықпен айналыса бастаған сәтіңіздегі кедергілер...**

– Бала кезімнен бастап маған ұстазым Алтынбек Қоразбаевтың үлкен септігі тиді. Осы Алтынбек ағамның арқасында шығармашылық жолда маған аса қиын кедергілер кездескен жоқ. Бұл кісіге алғысым шексіз.

– **Жүрегіңіз «қазақ» деп соғатыны «Ғашық жүрек» фильмінде де көрініс тапқан. Жалпы, өз тіліне шорқақ әріптестеріңізге көзқарасыңыз қалай?**

– Кез келген адам Отанын, тілін, дінін сүю керек. Туған тілін білмейтін адам – анасын сыйламайды деген сөз.

**«МузАрт» тобының әншісі Сәкен Майғазиев:**

– **Таяуда берілген мерейтойларыңыз қалай өтті? Көңілдеріңізден шықты ма? Жалпы ойлаған дүниелеріңізді халыққа көрсете алдыңыздар ма?**

– Аллаға шүкір. Концерттің қалай өткенін халықтың ыстық ықыласынан білуге болатын шығар. Жаман өтпеген сияқты. Әттең осылай жасау керек еді дейтін жерлер болды. Бірақ халық арасынан жаман әңгімелер естіген жоқпыз.

– **Концерт жанды дауыста өтті ме?**

– 100 пайыз. Яғни толығымен жанды дауыста өтті. Осы он жылдық тарихымызда барлығы 46 ән жазылған. Ол әннің бәрін орындасак, концерт төрт сағатқа созылып кетеді. Соның ішіне жобалап 25 әнді кіргіздік. Жиырма бес әнші бар, топтар бар, бәрімен дуэт болып орындап шықтық.

– **Дәл осы бағдарламамен еліміздің барлық қалаларына аралап қойып шығу жоспарларыңызда бар ма?**

– Еліміздің түкпір-түкпірін сол жиырма бес әншімен аралау мүмкін емес. Әрқайсысының өз жұмыстары бар. Қайта сол күні бәрі шашпауымызды көтеріп келіп, қол ұшын беріп, көмектерін аямағандары үшін үлкен алғысымызды білдіреміз. Сол мерейтой Алматыда жалғасын табу керек деп отырмыз.

«МузАрт» тобының әншісі **Кенжебек Жанәбілов:**

– **Ауылда жүрген әнші бала «МузАрт» тобына қосылып, сахнаға шыққан күні бүкіл әлемге танылды. Мұны тағдырдың сыйы, жолыңыздың сәттілігі деп есептейсіз бе?**

– Әрине. «МузАрт» тобына қосылып ән айтам деп кім ойлаған. Бірақ адамда ниет болады. Менде сондай ниет болды. Кішкентай кезімнен бастап өлең айтқан кезімде әйтеуір бір үлкен сахналардан көрініп, елге танылмасам да, халықтың алдына шығып ән айтып жүруді армандаушы едім. Алла ниетімді түзу қылды ма, әйтеуір, қазір «МузАрт» тобында ән айтып жүрміз ғой. Топқа келгеніме 6 жыл болыпты. Осындай сәттерде өзімді бақытты сезінемін. Бұл маған Алланың берген сыйы шығар. Бірақ осымен тоқтап қалмайсың. Бұдан да зор белестерден көрінсем деген арман бар.

## **11. Сұхбат бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. «МузАрт» тобы осы уақыт ішінде қандай жетістікке жетті, қандай белестерге көтерілді?
2. Он жыл ішінде неше ән жазылған?
3. «МузАрт» сөзі қай тілден енген, қандай мағынаны білдіреді екен?
4. 10 жыл бойы өнерде бірге жүрулеріне не себепші болуы мүмкін деп ойлайсыз?

5. Халықтың сүйіспеншілігіне бөленген топтың ұстанымы қандай деп ойлайсыз?

**12. «МузАрт» тобының орындауындағы «Үш қоңыр» өнін тамашалаңыздар.** Төмендегі тірек сөздерді пайдалана отырып, «Қазақ ән әлемінің «Үш қоңыры» атты шағын эссе жазыңыз.

**Тірек сөздер:** қазақтың ән әлемі, «қазақ даласы ән салып тұрғандай», бүгінгі заман серілері тәрізді, әнді жүрегімен айту керек, жанды дауыспен жеткізе білу қажет, халқымыздың тамаша табиғаты, асқар таулары, биік шыңдары, пейіліне сай кең даласы, тамылжыған табиғаты, көңілге біртүрлі жақын әрі жылы сияқты.

### **Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

*1. Сөйлемді мәтін бойынша аяқтаңыз.*

«МузАрттың» әндері – дәл қазіргідей уақытта жас ұрпақтың бойындағы қазақылық пен ұлттық рухты ...

- 1) адамның көңіліне қуаныш ұялатады
- 2) тыңдарманның жүрегінен жол табуда
- 3) көпшіліктің қуанышына айналып үлгерді
- 4) жоғалтпай ұстап қалатын мағыналы да, мәнді әндер

*2. Сөйлемнің бірінші сыңарын табыңыз.*

..., есті әндер халық есінде мәңгі сақталады.

- 1) өзге өңірлерде олардың өнеріне сусап
- 2) «Әннің де естісі бар, есері бар» деген осы болар
- 3) аталмыш топ өнер әлемінде өз орнын тауып
- 4) қайда жүрсе де, жан біткенді әсем әуендерімен тербетіп

*3. Сөйлемді сұхбат бойынша толықтырыңыз.*

Осы он жылдық тарихымызда барлығы ... .

- 1) 25 әнді кіргіздік
- 2) 46 ән жазылған
- 3) алыс-жақын шетелдерде өнер көрсеттік
- 4) көңілді түсіретін кездердің кездескенін де жоққа шығармаймыз

4. Сөйлемдегі асты сызылған тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

Қайта сол күні бәрі шашпауымызды көтеріп келіп, қол ұшын беріп, көмектерін аямағандары үшін үлкен алғысымызды білдіреміз.

- 1) бақылаусыз болмау
- 2) шетте қалдырмау
- 3) көп жиналу
- 4) қошеметтеу

5. Сөйлемді сұхбат бойынша аяқтаңыз.

Концерттің қалай өткенін ... білуге болатын шығар.

- 1) қол ұшын бергенінен
- 2) шашпауымызды көтергенінен
- 3) халықтың ыстық ықыласынан
- 4) төрт сағатқа созылғандығынан

6. Сөйлемнің мағынасын анықтаңыз.

Топ мүшелерінің айтуына қарағанда алғашқы құрылған кездері «МузАрт»-тың жетістігі бүгінгідей болады деп ойламаған сыңайлы.

- 1) күмән мәнді сөйлем
- 2) қостау мәнді сөйлем
- 3) болжал мәнді сөйлем
- 4) міндеттілік мағынадағы сөйлем

7. Сөйлемде көрінетін мағынаны анықтаңыз.

«МузАрт» – көне түркі тілінен шыққан, «УЗ» сал, сері, тағы сол сияқты ер азаматқа тән қасиеттерді, ал «АРТ» биік, шың, тау деген мағынаны білдіреді екен.

- 1) қажеттілік
- 2) міндеттілік
- 3) болжалдық
- 4) нақтылау

8. Қалау мәнді сөйлемді міндет мәнді сөйлемге айналдырыңыз.

Бұдан да зор белестерден көрінсем деген арман бар.

- 1) бұдан да зор белестерден көрінетін шығармын
- 2) бұдан да зор белестерден көріну керек
- 3) бұдан да зор белестерден көрінсем екен деп тілеймін
- 4) бұдан да зор белестерден көрінем дегендей мақсат бар

9. Қажеттілік мағынадағы сөйлемді табыңыз.

- 1) кез келген адам Отанын, тілін, дінін сүю керек

- 2) бұдан да зор белестерден көрінсем деген арман бар
- 3) елдің ықыласына қарағанда концерт жаман өтпеген сияқты
- 4) сондықтан «МузАрт» – арманы орындалған бақытты топтардың бірі шығар

10. Сөйлемді болжал мәнді мағынада аяқтаңыз.

Аталмыш топ өнер әлемінде өз орнын тауып, халықтың үлкен қошеметіне ... .

- 1) бөленуі мүмкін
- 2) бөленетін шығар
- 3) бөленетін сияқты
- 4) бөленсек екен дейді

### 13-тақырып

## СӨЗДІҢ КӨПМАҒЫНАЛЫЛЫҒЫ. АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

### 3-сабақ

#### 1. Сөздерді оқып, мағынасын есте сақтаңыз.

1	2	3
1	болмыс сыры	тайны бытия
2	дүние сырына бойлау	понимать тайны мира
3	түпкі мәні	окончательный смысл
4	рухани жетілу	духовное совершенствование
5	зандылық	закономерность
6	жетілдіру	совершенствовать
7	қателікке ұрынбай	не ошибаться
8	өмірден керегін ала білу	получить необходимое от жизни
9	толғандыру	волновать
10	өмір белесі	
11	үғу	понимать
12	күпия	секрет
14	таным	познание

1	2	3
15	тура мағына	прямое значение
16	ауыспалы мағына	переностное значение
17	сөздің жұмсалуды	употребление слов
18	сүйену	опираться

### **Сөздің көпмағыналылығы**

Қазақ тілінде көптеген сөздер өзінің тура мағынасында (мысалы, *адамның басы*), кейде басқа сөздермен тіркесу арқылы ауыспалы мағынада да қолданылады (мысалы, *әңгіменің басы, киноның басында*).

**Сөздің екі немесе одан да көп мағынада жұмсалуды сөздің көпмағыналылығы деп аталады.**

Адам өмір шындығын біртіндеп тани келе, заттардың қасиеттерін бір-біріне ұқсату арқылы түсініктері кеңейе түскен. Соның нәтижесінде екі заттың сапасында немесе қызметінде ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастық негізіне сүйеніп адамдар бірнеше затты бір атаумен атай береді. Содан сөз бірнеше мағынаға ие болады, мәселен, *адамның аяғы, үстелдің аяғы, сабақтың аяғы*.

Көп мағыналы сөздердің омонимдерден айырмашылығы мағынасына байланысты. Көп мағыналы сөздер бір ғана сөз табына, ал омонимдер әртүрлі сөз таптарына тән болады.

Мысалдар: *адам келеді, ұйқым келеді, өмір сүргім келеді, ойнағым келеді, поезд келеді, уақыты келеді, ойымдағы келеді, айтқаны келеді, ақылға келеді, қолынан келеді, озып келеді, жыны келеді, шабыты келеді, т.б.;*

*ағаштың басы, кісінің басы, таудың басы, бұлақтың басы, әңгіменің басы, оттың басы, мал басы, істің басы, сөз басы, т.б.;*

*балалар мектептен тарады, ашуы тарады, шашын тарады, иіс тарады, сәуле тарады, білім тарады, жарық тарайды, қан тарайды, жылу тарайды, нұр тарайды, т.б.;*

*қолына түсті, оқуға түсті, үйге түсті, аттан түсті, көңілі түсті, шабыттана түсті, аспаннан түсті (аспаннан түскендей), ойына түсті, есіне түсті, күреске түсті, айтысқа түсті, балуанға түсті, шашы түсті, шырмауға түсті, дауға түсті, келеге түсті, дұрыс жолға түсті, әжім түсті, басым түсті, күн түсті, күні түсті, көзі түсті, ісі түсті, жолы түсті, сәті түсті, көңілі түсті, т.б.;*

*кітап алу, қолына алу, әйел алу, бестік алу, білім алу, оқып алу, түйісініп алу, шашып алу, шашын алу, басып алу (печатать), күтіп*



алу, (қолын) шығарып алу, қаулы алу, жанын алу, күліп алу, айып алу, бұйрық алу, бала алу, жарақат алу, қоршап алу, қорғап алу, ойнап алу, алдап алу, (шабуылдан) басып алу, байып алу, (күйеуге) тиіп алу, сыйлық алу, жаулап алу, сатып алу, машық алу, ақтап алу, көңіліне алу, көңілін алу, ақылын алу, бет алу, қол алу, ет алу (толығы, семіру), жүрегін алу, киіп алу, (әңгіменің) басын ашып алу, құтын алу, қол алу, жиып алу, қиып алу, уақытын алу, тыйып алу, тілін алу, аттың терін алу, сөзін ауыр алу, құшағына алу, ойына алу, бел алу, мойнына алу, жұлып алу, т.б.;

кітап көру, жақсы көру, жек көру, мектеп көру (білім алу мағынасында), жақсылық көру, бала көру (бала туу), ар көру, ай көру, күн көру, жән көру, бара көру, айдай көру, айтып көру, көзіндей көру, сай көру, аман көру, ақыл көру, бет көру (көрісу), жүз көрісу, үй көру (үй көрмеу – көп уақытқа дейін келмей кету), сән көру, көп көру, т.б.;

қапқа салу, үй салу, терезе салу, сурет салу, қанжар салу, ой салу, көз салу, сөз салу, жан салу, қол салу, бас салу, тарта салу, жолға салу, жәнге салу, салым салу (көкпарда), көкпар салу, салық салу, айқай салу, тарпа бас салу, ауыз салу, барын салу, зейінін салу, т.б.

**2. Жоғарыда 'берілген 'мысалдардың 'мағынасын 'түсініп, олардың әрқайсысына екі сөйлем жазыңыз.**

**3. Көп мағыналы сөздердің қатарын жалғастырыңыз.**

1	Бұлақтың көзі, ...
2	Теңіздің түбі, ...
3	Судың жағасы, ...
4	Адамның бойы, ...
5	Өнеркәсіп саласы, ...
6	Кітаптың беті, ...

**4. Мәтінді оқыңыз.**

### Абай философиясы

Әлемді тануға күштарлық адамның бойына біткен табиғи қасиеті деп есептеді Абай. Бірақ оның бұл мүмкіншілігі үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Бала рухани қасиеттерін жетіл-

діру үшін оның өзін қоршаған ортамен, оның қасиеттерімен, адамдардың қызметімен танысуы керек. Адам табиғат құбылыстарының құпияларын ұғу немесе соған байланысты белгілі бір дәрежеде жорамал жасау арқылы өзінің қызметін нығайта түседі: «Дүниенің көрінген хәм сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады». Дегенмен ол қоршаған ортаны тануға болатындығын мойындай отырып, сонымен қатар таным қызметінің мүмкіндіктері шектеулі екенін, барша танымның толық аяқталмайтындығын да ескертеді. Ол мұның себебі материалдық әлемнің шексіздігі мен таусылмайтындығында, бітпейтіндігінде деп біледі.

Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған, ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысқан. Мен осы кіммін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде? Міне, Абай әркімді де толғандыратын терең сырлы сұрақтарға жауап іздейді. Ол өзінің ілімінде, пәлсапалық шығармаларында адам баласының өмір сүру мақсатын, сол мұратына жету жолын, әлемдегі болмыстың мәні мен өзіндік ішкі байланысты, жалпы заңдылықтарын ашып көрсетеді.

Кемелдену, жетілу – адам өмірінің мақсаты екенін айтады Абай. Жетілу дегеніміз не? Түрлі жетілулер бар. Мысалы, спортпен шұғылданып, өзіміздің денемізді, күш-қуатымызды жетілдірсек, ал ғылым-білім, өнерге үйрену арқылы ой-өрісімізді жетілдіреміз. Абай осыларды айта отырып, бұлардан гөрі маңыздырақ жетілу барын, ол – рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетеді. Абайдың айтуы бойынша жан жүректе орын тепкен. Жан адамның тыныс-тіршілігін, іс-әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның іс-әрекетінде де кемшілік болады. Ішкі дүниесі тазарып, жетілген адам ғана қателікке ұрынбай, өмірде жаңсақ баспай, дұрыс өмір сүре алады. Адам баласының бақыты оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланысты деп үйретеді Абай. Сонымен, жетілудің негізі жүректі жетілдіру екен. Бұл – адамның ішкі нәзік болмысын тазарту деген сөз.

Абай өз шығармаларында жетілу жолдарын, олардың түрлі белестерін көрсетеді. Әрбір адам осы жетілу жолдарынан өте отырып, өзінің қай деңгейде тұрғанын және өмірінің келесі белесін анықтай алады. Мәні терең ашылып, келешегі айқындалғанда ғана адам өмірі маңызды болмақ. Абай ілімі осылай әркімнің өмірінің мәнін ашып, оның келешектің жарқын жолына шығуына мүмкіндік береді. Абай шығармашылығының елеулі саласы – қара сөздері, оның өлеңдерімен мазмұндас, идеялас болып, соларды толықтырып жатады. Абай өзінің қара сөздерінде «артқа алаң болмай», алға ілгері басуды арман етті. Ол жастарды өмірге жарқын көзбен қарап, жастық шақты мағынасыз өткізіп алмай, өмірден керегін ала білуге шақырды.

(www.abay.nabrk.kz сайтынан ықшамдалып алынды)

### 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Адам баласының өмір сүру мақсаты неде деп ойлайсыз?
2. Мәтінде қандай жетілу түрлері туралы айтылады?
3. Абай жастарды неге шақырады?
4. Мәтінде қандай көп мағыналы сөздер қолданылады?

### 4-сабақ

### 6. ҚОС ЖАЗБА КҮНДЕЛІГІ

Мәтіннен үзінді	Түсіндірме (Комментарий)
<p>Мәтіндегі сіздің назарыңызды ерекше аударған бір мәліметті сөз, сөз тіркесі немесе фразаның негізінде (толық сөйлем формасында жазу міндет емес) жеткізіңіз.</p>	<p>Неліктен назарыңызды аударды? Неліктен, не себепті оларды жазып алдыңыз?  Мүмкін, келісесіз / келіспейсіз, жақтайсыз / қарсысыз, әбден түсінікті / түсініксіз, толғандырды немесе ол мәліметтер бойынша сізде қандай да бір ойлар, идеялар, тұжырымдар туындады.  Сол жақта жазылған әрбір сөз немесе сөз тіркесіне түсіндірмені сөйлемдер формасында келтіру керек.</p>

### 7. Сөйлемдерді дұрыс аяқтаңыз.

1. Абай ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз... .

2. Абай нақыл арқылы айтпақ ойын ... .

3. Абай шығармаларында халық поэзиясының ... .

4. Абай өз халқын қастерлеумен ...

5. Абай ел өміріндегі феодалдық ескі салтқа ... .

6. Абайдың көптеген өлеңдері ... .

**8. Өлеңдерді" мазмұнына, 'ұйқасына қарай толықтырыңыз, қандай философиялық мән барын анықтаңыз.**

#### Тайға міндік

Тайға міндік,  
Тойға ... ,  
Жақсы киім киініп.  
Үкі ...,  
Күлкі ...,  
Жоқ немеге сүйініп.  
Күйкентай күтті,  
Құс өтті,  
Не ... .

(Абай)

**Қажетті сөздер:** бақтық, шаптық, бітті, тақтық.

#### Сегіз аяқ

Болмасын ...,  
Болсайшы ...,  
Жан аямай кәсіп қыл!  
... ыржаң,  
... қылжаң,  
Бола ма дәулет, ... бұл?

Еңбек қылсаң ерінбей –  
Тояды қарның тіленбей.

(Абай)

**Қажетті сөздер:** орынсыз, кекшіл, көпшіл, болымсыз, нәсіп.

## 9. Қарамен берілген сөздердің көп мағына білдіруіне мысал келтіріңіз, өлеңдердің мағынасын түсініп, талдау жасаңыз.

### Бойы бұлғаң

Бойы бұлғаң,  
Сөзі жылмаң  
Кімді көрсем, мен сонан  
Бетті бастым,  
Қатты састым,  
Тұра қаштым жалма-жан.  
Өз ойында  
Тұл бойында  
Еш міні жоқ бендесіп,  
Түзде мырзаң,  
Үйде сырдаң,  
Сөзі қылжаң еркесіп.  
Бас күрасып,  
Мал сұрасып,  
Бермегенмен кетісер.  
(Абай)

### Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары

1. Бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуын көрсетіңіз.

- 1) ананың басы, баланың басы
- 2) адамның басы, жануардың басы
- 3) әңгіменің басы, таудың басы
- 4) қыздың басы, менің басым

2. Бір сөздің әр түрлі мағынада қолданылуын көрсетіңіз.

- 1) әженің ойы, ғалымның ойы
- 2) кітаптың беті, адамның беті
- 3) қыздың шашы, баланың шашы
- 4) жігіттің саусағы, адамның саусағы

3. Көпмағыналы сөздердің омонимдерден айырмашылығын көрсетіңіз.

- 1) көп мағыналы сөздердің омонимдерден айырмашылығы мағынасына байланысты болады
- 2) көп мағыналы сөздер бір ғана сөз табына, ал омонимдер әр түрлі сөз табына тән болады

- 3) әр мағына дараланып, бір-бірінен ажыраған болса олар омонимдер деп аталады
- 4) сөздер алғаш пайда болғанда дара мағыналы болған

*4. Сөйлемді толықтырыңыз.*

Абай адамның бойына біткен табиғи қасиеті ... деп көрсетеді.

- 1) рухани қасиеттерін жетілдіру
- 2) денемізді, күш-қуатымызды жетілдіру
- 3) қоршаған ортаны тануға деген күштарлық
- 4) өмір белесін анықтау

*5. Сөйлемді толықтырыңыз.*

Абай жетілудің үшінші түрі ... деп көрсетеді.

- 1) денені жетілдіру
- 2) ой-сананы жетілдіру
- 3) қызметін жетілдіру
- 4) жанды жетілдіру

*6. Нақыл сөздің мәнін көрсетіңіз.*

Еңбек қылсаң ерінбей –

Тояды қарның тіленбей.

- 1) еңбектенуге шақыру
- 2) еңбек етудің жолдары
- 3) еңбектің ауырлығы
- 4) еңбектің кері әсері

*7. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.*

Абайдың қара сөздерінде ... арман етіледі.

- 1) артқа алаң болмай, алға ілгері басу
- 2) адамның тыныс-тіршілігін, іс-әрекеті
- 3) адамның ішкі нәзік болмысы
- 4) жастардың денесін жетілдіруі

*8. Сөйлемді жалғастырыңыз.*

Абай таным қызметінің мүмкіндіктері шектеулі екенін, мұның себебі ...

- 1) материалдық әлемнің шексіздігі мен таусылмайтындығында деп біледі.
- 2) оның келешектің жарқын жолына шығуына мүмкіндік береді.
- 3) адам баласының бақыты оның жүрегінің тазалығында деп үйретеді Абай.
- 4) ол – рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетеді.

## 14-тақырып


# Ұғым МЕН СӨЗ ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИМАНДЫЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ

### 5-сабақ

#### 1. Сөздерді оқып, мағынасын талдап түсініңіз.

1	имандылық	
2	инабаттылық	
3	көрегенділік	
4	ізет білдіру	
5	қайшылықтар	
6	наразылық	
7	тұлға	

#### 2. Шәкәрім шығармашылығы туралы білетін ақпараттарыңызды кластерге түсіріп, әңгімеленіз.



### 3. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап жазыңыз.

#### **Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы имандылық концепциясы**

Имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш, қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның имандылығына – мінез-құлық жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінген. Адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюуы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмаған.

Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Қоғамда берік қалыптасқан осындай көрегенділікпен өмір кешу дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың, имандылықтың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына негіз болған. Шәкәрім Құдайбердіұлының Иманым атты жинағында жаратылыс жұмбағы, Алла мен адам қарым-қатынасы, иман жайлы жазған туындылары қамтылған. Ой бастауы Құран Кәрімнен құйылар Шәкәрімнің сыр сөздері бүгінгі қоғамның тынысымен үндес екендігі даусыз. Қазақ қауымының ғана емес, жалпы адамзат баласының рухани қазынасы үшін өлмес өсиет қалдырған Шәкәрімнің асыл мағыналы сыр сөздерінің жылдар өткен сайын жаңғыратыны шындыққа айналып отыр.

Шәкәрім – әдебиеттің әр алуан жанрларына қалам тербеген қаламгер. Шәкәрім лирикасындағы тақырыптық мазмұн-қоғам қайшылықтарын азаматтық талғамда терең мән беріп, сын тезіне салуы – сол қоғамның шындығы мен сұранымынан туындаған ағартушылық-демократтық мақсаттағы сыншылдық идея. Ақынның қоғам өмірін суреттеген сыншылдығы да, шыншылдығы да, наразылығы да, лирикалық жанр үлгісінде тоғысады. Оның реалистік сипаттағы лирикалық туындыларында әдеп, мінез-құлық, имандылық, ар ілімі сынды категориялары бірден көзге түседі. Бұл Шәкәрім лирикасындағы авторлық ерекшелік болып табылады.



Ақынды қатты толғандырған мәселенің бірі – қару-жарақтың адам мен табиғатқа қарсы жұмсалуды, империалистік соғыс кезінде адамның қырылуы, озбырлық пен зорлықтың орын алуы. Мұндай келеңсіз кесепаттарға қарсы жазылған өлеңдері Шәкәрімнің интернационалдық ой-толғаныстарының биіктігін, заманалылығын аңғартады («Патшалар сансыз шығыс қылады», 1919; «Адам немеңе», 1915), «Бостандық таңы атты», «Бостандық туы жарқырап» (1917) өлеңдері Қазан революциясына арналған. Ақын жарқын өмірді, болашақты, бейбітшілік пен берекелі тұрмысты жырға қосты. Әлеуметтік жағдайға байланысты тұңғыш рет «Шаттық» деген сөзді қолданғанымен, Ш. Құдайбердиевтің жаңа заманның өзгерісіне үн қосуы әлі де тосаң. Оның мұраты бұрынғысынша адал еңбекте, рулық жікшілдікті жоюда, әділеттігі жарасқан тұрмыс құруда еді. «Қош, жұртым» өлеңінде (1931) жапан түзде жалғыз жатқанмен халықтан қол үзбегенін, болашаққа сеніммен қарайтынын білдіреді. Бұл ойын С. Мұқановқа жазған хатында (3.2.1931) айқын білдірген. Шәкәрім ауыз әдебиетінің суырыпсалма ақындар поэзиясының жазба әдебиетке ауысуына зор қызмет етті. Лирикалық жанр түрлерінің дамуына, мазмұнының етене жақындасуына мол еңбек сіңірді. Көптеген өлеңдеріне ән шығарды. Абайдың кеңесі бойынша «Қалқаман – Мамыр» дастанын жазды (1888). Мұнда кіршіксіз махаббат дәріптеліп, ел билеушілер орнатқан қатыгез тіршілікке қарсылық, оны айыптау бар. «Еңлік – Кебек» дастанында (1891) бірін-бірі сүйген екі жастың қасіретін ескілікті салт-сананың қатып қалған уағыздарымен байланыстырады.

Қорыта келгенде, ХХ ғасыр басындағы тарихи-әдеби процеске ерекше ықпал еткен таза ұлттық таным тұрғысынан айнымаған Шәкәрім лирикасына теориялық тұрғыдан талдау жасағанда оның қазақ поэтикалық өлең үлгісіне жаңа көркемдік түр мен сапалық мазмұн енгізгенде көз жеткіземіз. Азаматтық ар үні, әлеуметтік әуен басым жататын Шәкәрім лирикасы оқу-білім, ғылымды, адал еңбекті, талапшылдықты, адамгершілікті насихаттаған философиялық ойшыл ақындық тұлғасымен, әлеуметтік өмір қайшылықтарын, өз заманының шындығын нақты түрде үлкен сыншылдықпен ашық көрсетуі арқылы ерекшеленеді. Автордың лирикалық шығармаларын зерттеу арқылы туындыларының идеялық-көркемдік ізденістері сан алуан, лирикалық

сезім табиғаты әлде қайда күрделі, пәлсапалық дүниетаным өресі терең, ақындық шеберлігі мен қуаты ешкімге ұқсамайтын дара екендігіне көз жеткіземіз.

#### 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

<i>Оңай сұрақтар</i>	<i>Қиын сұрақтар</i>
<i>Мәтіннің мазмұнына сәйкес сұрақтар құрастырылады</i>	<i>Жауабы мәтінде жоқ, бірақ осы тақырыпқа қатысты сұрақтар құрастырылады</i>

#### 5. Төмендегі сөздер мен сөз тіркесін қатыстыра отырып, ізгілік туралы өз ойтолғамыңызды жазыңыз.

Рухани дүние, қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік, дәстүрлі қазақ қоғамы, мінез-құлық, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық.

#### 6. Берілген есімшелерге лайықты сөз тауып жазыңыз.

- 1) сөзі таусылмайтын ...
- 2) бұрын шыққан ...
- 3) білмегеніңді үйрететін ...
- 4) жедел дамушы ...
- 5) ертеңі бітпес ...
- 6) кейінгі ұрпаққа қалдырар ...
- 7) үлкендердің беретін ...
- 8) еңкейген ...
- 9) еңбектеген ...
- 10) барар ..., басар ... .

#### Қажетті сөздер:

батасы, жер, тау, жас, мұра кәрі, еріншек, ұстаз, ел, адам, кітап

#### 7. Шәкәрімнің өзіңіз білетін өлеңінен имандылыққа қатысты ұғымдар мен оларды белгілейтін атауларды тауып, мағынасын анықтаңыз.

## 15-тақырып

### ЕСІМШЕНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯ

#### 6-сабақ

#### 1. Сөздердің мағынасын есте сақтаңыз.

1	тұтастыру	соединить
2	көкірегіне тоқу	запоминать
3	тайсалмау	не бояться
4	бағынышты	подчиненный
5	көш-жөнекей	во время переезда
6	күйік-нала	горечь
7	мүшкіл	плохо
8	жұғаң тұрмыс	бедность
9	қомақты	приличный
10	доғару	прекратить
11	мәжбүр болу	быть вынужденным
12	қамқор	заботливый

#### 3. Есімшелі сөздерді мағынасына қарай ажыратыңыз.

Себеп мәнді есімшелі оралымды сөйлемдер	Мезгіл мәнді есімшелі оралымды сөйлемдер	Шарт мәнді есімшелі оралымды сөйлемдер

#### Қажетті сөйлемдер:

Жамбыл – өмірімен де, шығармашылығымен де екі ғасырды молынан тұтастырып жатқан ұлы жырау.

Мен болған жағдайды айтқан соң ол мені түсінгендей болды.

Төстік ауылдан ұзап шыққан соң Шалқұйрық атқа тіл бітеді («Ер Төстік»).

Абай қайта-қайта айға қарап танданып отырғанда осы ауылдың шетінен ән естілді (М. Әуезов).

Мен оны саған айтқанда, сен қатты ашуланатын едің.

Бұл құжат дұрыс болмаған соң түзетеді деп саған келіп отырмын.

Жүргіншілер әбден көзден таса болғанға шейін, бұлар арттарынан қарап тұрды (М. Әуезов).

Мен саған келгенде көп кідірмей шығатын бол.

Жамбыл халықтың ақындық қазынасын жете, зерделей меңгеріп, жаңғырта, жаңарта дамытқан.

#### **4. Мәтінді белгі қойып оқыңыз.**

##### **Жамбыл шығармаларындағы батырлық концепция**

Жамбыл – өмірімен де, шығармашылығымен де екі ғасырды молынан тұтастырып жатқан ұлы жырау. Жамбылдың халықтың ақындық қазынасын жете, зерделей меңгеріп, жаңғырта, жаңарта дамытқан, өмір-тіршілік даналығын көкірегіне тоқыған, елдің арғы-бергі тарихын әділдік, шындық сөзін ешкімнен де тайсалмай айтатын, өлеңі тау өзеніндей тасқынды үлкен дарын иесі екенін танимыз.

Жамбыл өмірге келген кезде Қазақстанның оңтүстігі, оның ішінде ақынның туған өлкесі – Жетісу өңірі Қоқан хандығына бағынышты болатын. Ал Қоқандықтардың халыққа жасаған зорлық-зомбылығы айтып жеткізгісіз ауыр еді. Ақынның өзі ауылдары солардан қашып бара жатқанда, қақаған аязды қыс айында көш-жөнекей туыпты. 1864 жылға дейін Қоқан хандығы, онан соң Ресей империясы билеген замандағы халықтың мүшкіл тірлігі, өз отбасының жұтаң тұрмысы, мықтының әлсізге зорлық-зомбылығы тумысынан талантты, намыскер Жамбылдың ішіне қайғы болып байланады. Ақын жыр, айтыстарының уыттылығы, адамдықты, әділдікті, батырлықты көксеген аңсары, кедейді жақтап, қайырымсыз бай, төрелерді ызалы шенуі сол күйік-наладан бастау алып жатқан-ды.

Адамдық, батырлық, елдік жоқ жерде адам мен мал басының көптігінде ешқандай қасиет болмайтынын дәлелді, қисынды етіп алға тартады. Өтеген, Сұраншы батырлар туралы ұзақ

дастандары – даңқты ақынның төңкеріске дейінгі шығармашылығынан сақталған қомақты мұрасы. Айтыстарда қарсыласын тыңдаушылардың көкейіне қонымды, салмақты уәжбен тұқыртып алған соң оның мақтаған байлары мен саудагерлеріне қарама-қарсы елдің тәуелсіздігі үшін күрескен Сұраншы, Саурық батырларды нағыз ерлер, халық қалаулылары етіп көрсетеді.

Батыр Саурық, Сұраншы жауда өлген,  
Халық үшін шейіт болып, жанын берген.  
Елді қорғап өлгеннің арманы не,  
Қалың қазақ құрметтеп, соңына ерген.

Екі батырдың есімі де, олардың Жетісуды қоқандықтардан азат етудегі басшылық және қаһармандық ерліктері де баршаға белгілі жайт. Құлмамбет айтысында екі батырдың ерлігін шындыққа негіздеп жырлағанда бұған қарсы қисынды ештеңе таба алмаған Құлмамбет айтысты доғаруға мәжбүр болады. Сөйтіп, Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы өз кезінің әлеуметтік өткір мәселелерін көтеруімен, халықтық, гуманистік сипатымен, образды өлең өрнегімен, идеялық-мазмұндық жақтан айтыстың жаңа өрісін ашуымен бағалы да мәнді.

v	+	-	?
<p><u>«Бұрыннан білемін»</u></p> <p><i>Мұнда студенттер мәтіннен кездескен бұрыннан білетін мәліметтерін келтіреді</i></p>	<p><u>«Жаңа ақпарат»</u></p> <p><i>Бұл жерде студенттер осы мәтінде кездескен жаңа ақпаратты жазады</i></p>	<p><u>«Менің ойлағаныма қайшы, кереғар»</u></p> <p><i>Мұнда студенттер бұрынғы білімдеріне қарама-қайшы мәтінде келтірілген мәліметтерді келтіреді («мен бұрын басқаша ойлайтынмын, сөйтсем, олай болмай шықты...»)</i></p>	<p><u>«Келісе алмаймын. Білгім келеді»</u></p> <p><i>Бұл бағанда студенттер өздері келіспейтін немесе түсініксіз болған, тағы да білгісі келетін мәтіннің тұстарын жазады</i></p>

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жамбыл өлеңдері кеңес жауынгерлерін, халқын жауды жеңуге жігерлендірді. Ол ең жоғарғы сыйлық – Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды. Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» аталатын дастандарында халық үшін еміренген, еліне қамқор, пана болған халық батырларының ерлік, адамгершілік бейнесі өрнектелген.

**5. Мәтіндегі есімше формасының анықтауыш, баяндауыш қызметінде жұмсалуына назар аударыңыз, оларды табыңыз.**

**6. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыз.**

1. Жамбыл – үлкен дарын иесі өмір-тіршілік даналығын көкірегіне тоқыған, елдің арғы-бергі тарихын әділдік, шындық сөзін ешкімнен де тайсалмай айтатын.

2. Ақынның XX ғасырдың басына дейінгі шығармашылық өмірбаяны туралы деректер аз, кісінің өлеңнен ауыз жаппаған ұшан-теңіз жыр-толғау, айтыстары да түгел сақталмаған.

3. Әйтсе де сақталған – бала Жамбылдың дүмше молданы мысқылдап шығарған «Шағым», ақындық жолына рұқсат сұраған «Әкеме», «Менің пірім – Сүйінбай» деген өлеңдері, бозбала кезінің мұнды да шуақты көркем жыры – «Айкүміспен айтысы», сылқым бойжеткен Кәмшат сұлуға шығарған құрбылық наз өлеңі сияқты дүниелер.

4. Жамбылдың аталарынан шыққан әріректе өнерпаз, сері, палуандар, ділмар шешендер.

5. Жамбылдың ерте ояңған өлеңге, ақындыққа құмарту сезімі.

6. Ақын болу үшін ел таныған, әрине, сол өңірдің ақындарымен түгел танысып, өнер сынасу керек.

## 16-тақырып

### ҚАЛАУ, ТІЛЕК МӘНІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫМДАР М. ӘУЕЗОВ – СУРЕТКЕР

#### 7-сабақ

**1. Сұрақтарға жауап жазыңыз.**

1. Сіз М. Әуезовтің ғылыми зерттеулерін оқығыңыз келе ме?...

2. Сіз М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын көргіңіз келе ме?...

3. Театр маусымының ашылу салтанатына барғыларыңыз келе ме?...

4. «Абай жолы» эпопеясын қазақ тілінде оқығыңыз келе ме?...

**2. Мәтіннен тілек мәнді сөйлемді теріп жазып, олардың мағынасын анықтаңыз.**

### Ел аузынан

Шапқыншылық кезінде Сыр бойы қалаларының біразы жоңғарлардың қол астында қалады. Ел басшылары жиналып, қалай құтқарудың жолын қарастырады. Сонда Қарабек батыр: «Жауға тізе бүгуден басқа амал жоқ», – деген пікір айтады. Қарабекке ашуланған Төле би:

Атадан ұл туса игі,  
Ата жолын қуса игі.  
Өзіне келер ұятын,  
Өзі біліп тұрса игі,  
Жаудан бүкқан немені,  
Ортасынан қуса игі, –

деп, шырық бұзғандарды жиыннан қудырып жібереді.

**3. Мәтінді оқып, кесте бойынша толтырылған сұрақтарға жауап беріңіз.**

### М. Әуезов – суреткер

Әуезовтің мұрасының аса қомақты бөлігі – оның ғылыми зерттеулері. Ол қазақ ауыз әдебиетін жинақтап, жүйелеп, қазақ әдебиеті тарихы, Абайдың өмірі мен шығармашылығы, әдебиеттану мен фольклордың теориялық-проблемалық мәселелері жөнінде іргелі еңбектер жазды. Қоғам және мемлекет қайраткері ретінде Әуезов жиырмадан астам шет елдерде болып,

адамзат қоғамының дамуы, рухани ынтымақтастық үшін өз көз-қарасын білдірді. Әлем халықтары оның «Абай жолы» роман-эпопеясын айрықша құбылыс ретінде таныды. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейіне көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті.



Мұхтар Әуезов Абай тақырыбын, Абай өмірі мен өнерінің мән-мағынасын бар ынта-ықыласымен, асқан сүйіспеншілікпен терең зерттеді. Жазушы ұлы ақынның өпшес мұрасын, тарихи тұлғасын өз халқының тыныс-тіршілігімен, бүкіл өмір жолымен бірлікте алып су-

реттеп берді. Тарихи бір дәуірді толық қамтитын қазақ даласының бүкіл тыныс-тіршілігі мен, өмірін жан-жақты суреттеп көрсететін ұлы эпопеяға автор үлкен дайындықпен келді. Жазушы халық есінде сақталған естелік, әңгіме оқиғаларын, Абай туралы мұрағат материалын, ақынның өз мұрасын жинап, зерттеп, ой елегінен өткізе отырып, ұлы туындысына кеңінен ұтымды пайдаланды.

Бұл романның негізгі арқауы – өмір шындығы, сол өмірде әрекет жасаған тарихта болған адамдардың арасындағы қарым-қатынас, күрес-таргтыс, күйініш пен сүйініш. Жазушы халық жадында сақталып қалған кейбір оқиғаларды, фактілерді, әсіресе Абай турасындағы мұрағаттық материалдарды, есте қалған мәліметтерді, ұлы ақынның қалған мұраларын кең, өнімді пайдаланған. Әйтсе де әрбір көркем әдебиетке тән ойдан қосу, сол арқылы өзінің нысаналанған ойын толығырақ, қонымдырақ етіп жеткізуге ұмтылуының да өте орынды екенін атап айтқан жөн.

Эпопеяның басты қаһарманы Абай болғандықтан, шығарманың өн бойындағы шытырман оқиғалар желісі, сан алуан кейіпкерлер әрекеті, тағдыры Абай төңірегінде шоғырланып, ілгері дами түседі.



Данышпан ақынды әлем жұртшылығына танытқан «Абай жолы» эпопеясы барлығы 4 кітаптан тұрады. Мұнда: Абайдай алыпты туғызған қазақ халқының өзгелермен қай жағынан да терезесі тең, дарынды, ақылды, ақ жарқын, жомарт, сері, өнерпаз халық екендігін, ешкімге ұқсамайтын өзіндік мінезі, ұлттық рухы, салт-дәстүрі бар екені эпопеяда жан-жақты суреттеледі.

*Оңай сұрақтар*

*Қиын сұрақтар*

**6. Абай жолы эпопеясы туралы берілген пікірлерді оқып, осы туралы өз ойыңызды білдіріңіз.**

*Үлгі: «Абай жолы» эпопеясы туралы айтылған бұл пікірлердің бәрі – М. Әуезовтің ерекше талантына, халық алдындағы еңбегіне берілген өлшеусіз құнды баға.*

«Бұл тамаша эпопея бізге тұтас бір әлемді сыйға тартты, табиғаттың тұрмыстың небір ғажайып картиналары мен адам күш-тарлықтарын сипаттауымен бізді іңкәр етті. Әуезов қаламымен тарих қайта тірілді, ауылдар өмірі, адамдар тағдыры бой көрсетті. «Абай» эпопеясы, – шығармашылықтың тылсым сырына, өмір мен өлеңнің өзара байланысына терең бойлаған туынды, ақын мен поэзия жайлы әлем әдебиетіндегі ең шоқтығы биік үздік шығарма», – дейді М. Луконин.

Ш. Айтматов: «Бұл роман бүкіл түркі тілдес халықтардың, оның ішінде өткендегі көшпелі халықтардың да адамзат мәдениетіне қосқан зор үлесі... Әлемді көз алдыға келтіру үшін, басқалардың көзіне түсу үшін, адам рухының қадір-қасиетін асқақтата көтеріп, жар салу үшін өз биігің – Мұхтар Әуезов сияқты асқар шыңың болу керек», – дейді.

## **7. Автордың қалауын нақты сөйлемдермен, қалау рай формасында келтіріңіз.**

М. Әуезов: «Биограф ретінде Абай өміріне қатысты материалдар жинаумен 1930 жылдан кейін айналыса бастадым. Өкінішке орай, бұл кезде ақынды жүзбе-жүз танитын адамдардан бірен-саран қариялардың ғана көзі тірі еді», – деп жазады. Абай туралы ұзақ уақыт материал жинаудың қиындығын былай жеткізеді: «Жалпы бұл кезеңдегі романға байланысты жұмыс сипатымды мен әлдеқашан көшіп кеткен керуеннің жұртына келіп, сөнуге айналған ошақ орнынан әлсіз қызуы бар соңғы шоқты тауып алып, оны демімен үрлеп қоздатып, жалынды алауға айналдырмақ болған кешеуіл жолаушының hareketімен салыстырар едім. Көнекөз қариялардың күңгірт тартқан зердесі мені Абайдың жас дәуіріне жетелеп, жол көрсетіп отырды. Алпысты алқымдаған Әйгерімнің жүзінен мен оның ақын жүрегін жаулаған балғын заманындағы сұлу ажарын елестетуге тырыстым».

**8. 1. Үзіндіні оқып, Абайдың қандай мәселені шешуге араласқанын анықтаңыз, жазушының рулар арасындағы дауды суреттеуіне пікір білдіріңіз. 2. Үзіндіде адамдардың тілегі, қалауы қандай формалар арқылы берілетініне назар аударыңыз.**

*Байдалы Абайдың көп сөйлеспеген кісісі. Кешелер ол да Құнанбаймен араз кісінің бірі еді. Енді соған жібермек.*

*Әуелі, Құлынишаққа жіберді. Ол Құнанбайға өкпелі. Сүйіндік болса, ол да бұрыннан ренішті адам. Кеше түні бойғы әңгімеде Абай өз әкесі туралы үлкен кісілердің аузынан ең алғаш сын сөздерін есітті. Ол әңгімелердің ішінде талай-талай мәндер жатыр. Сүйіндік те Құлынишақтай өкпелі адам. Ал енді, міне, тіпті, Бөжеймен тізе қосып, әрдайым жаулықты мықты ұстап жүрген Байдалыға жібермек. Оның Құнанбайға қарсы араздығы қатты бекіп қалған тоң сияқты емес пе еді? Көңілі жібіді ме, қабағы жадырады ма? Абай білмейді.*

*Енді соған бармақ. «Осы қалай» деп, біраз ойлана түсіп, Абай өз әкесінің ішін түсінгендей болды. Тегі әкесі өзіне жау адамдарға Абайды әдейі жіберетін болар. «Жау барын көрсін,*

түсін танысын. Тани келе, көре келе, әкесіне достығы, тілеулестігі күшейсін» деген болу керек.

Абай осыны ұқты да, қатты толқып, қиналып ойланды. Шытырман. Бір сәтке Абай өзі көлденеңнен қарап, шытырман ішіне жалғыз, құралсыз, әлсіз күйде еріксіз кіріп бара жатқан өзін көргендей болды.

Өзін-өзі ойша екіге бөліп, осылайша, көлденең көзбен көре жүретін әдет Абайда әр кезде болушы еді.

Екі күн өткен соң Құнанбай Абай мен Қарабасты Байдалыға жіберді. Құлыншақ пен Сүйіндіктей емес, Байдалы бұларға жылы шырай бермеді.

Барыстарың қалай? Не шаруамен жүрсіңдер? – деді. Абай өзі келген шаруасын сол арада айтты.

Әңгіме тағы жер жайынан. Құнанбай ел жайлауға шығардан бұрын, былтыр өзі Қарашоқыдан көшірген Бөкеші, Борсаққа Жігітек жерінің жапсарынан жайлау берген болатын. Сол ретте осы Байдалының Қаршығалы Қона деген қоныстарына «Сүгір мен Сүйіндік ауылдары қоса қонсын, бірге жайласын!» – депті. Абай қымызын ішпей алдына қойып отырып, сол шаруаны айтып шықты.

Бұл сөзді есіткенде Байдалы қабағын түксітіп жіберіп қатты түйілді. Абайға жауап бермей, зілдене қарап, қадалып қалды. Абай Байдалының көзінен жасқанған жоқ. Бала жүзінде ашу да, араздық та жоқ. Тек: «Мынау кісі қалай қарайды?» – деген тәрізді кінәсіз таңдану ғана бар.

Байдалы кірпік қақпай, шұғыл ойланып, үнсіз отырып, ақырында:

– Күп болсын! Қонсын Сүгір мен Сүйіндік, не деуші едім! – деді.

Қайратты, шапшаң, ер адамның байлауы сияқты. Езбеді. Жақтырмаса да, күйіп отырса да, амалсыз байлауын бір-ақ кесіп, бір-ақ түйді. Сөз бітіп қап еді. Бірталай уақыт үй іші үнсіз болды. Абай қымызын ішіп болып, рақмет айтып, енді жүргісі келгендей ажар білдіргенде ғана Байдалы ыргала түсіп, сөйлей жөнелді.

– Айтқаныңа көндім. Бірақ сөз ұғушы ма едің өзің? Әкеңе айтар сәлемім бар. Бұлжытпай жеткізуге жараймысың, жоқ па?

– Ойдағыңыздың бәрін айтыңыз, ақсақал! Жеткіз дегеніңіздің бір ауызын қалдырмай апаруға уәде қылайын. Мен тек екі арадағы сәлемшімін. Дегеніңізді жеткізбей кетсем, я бұрсам, қиянат болмас па еді? Мойнымда қарыз қалдырмасын!

Байдалы мына сөзге әбден қанағат қылды. Бала көргені – бала емес тәрізді.

– Ендеше жаттан айтсам, сырттан айтқан болады. Саған айтсам, әкеңнің өз көзіне айтқаным! – деп, аз бөгелді де, – «Татуластық, табыстық» деп ек кеше тамам Арғынның тобында. Сол татуласқан сиқым осы ма? Тәтті күнде тағы артыма қалжуыр байлайтын болса, анадағы араздықтан мұның несі озды? Не жаздым! Сенің әкеңе не жаздым осы мен, Жігітек? Атаң Ырғызбайға атам Кеңгірбай оң батасын беріп, би сайлап еді. Өз баласы, өз туысы жоқ емес еді ғой сонда. «Осы болсыншы» деп бермеп пе еді? Ал бұл болса, бүгін мінеки, алысқа абыройы асса, айналып кеп Жігітекті жаныштайды. Жақынға жауықса, жағалап кеп тағы Жігітекті жентектейді. Бір лабімей кеткені ме үстіп? Шапқа түрте-түрте барып, ақыры бір күн «Өлермен бол да, отқа түс, соныңды көрмей тоқтамаймын!» дегені ғой мұнысы. Қоймас болса сол қолқасын алар. Алмай тынбас сенің әкең! Осыны айт! Бір мен емес, «Жігітек сәлемі» деп айт осыны! Ал мына жерін алсын, бір бұл емес, тағы тапсын, тағы алсын! – деп қолын бір-ақ сілікті де тоқтап қалды.

«Абай жолы» эпопеясынан үзінді

## 9. Төмендегі кестені үзінді бойынша толтырыңыз

Ерекшеліктері	Кейіпкерлері, олардың суреттелуі	Сюжеттік ерекшеліктері	Сөз қолданысындағы ерекшеліктер	Тақырыптық ерекшеліктері	Негізгі идеяның ашылуы

## 17-тақырып

### АНЫҚТАУЫШТЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ ҚҰРЫЛЫМДАР (ҚАБЫСА, МАТАСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ) ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ – ЖАСТАРДЫҢ ЕНШІСІНДЕ

#### 8-сабақ

##### 1. Тыңдаңыз. Қайталаңыз.

1. Әлеуметтік	Социальный
2. Ел тізгінін ұстау	Управлять страной
3. Көздің қарашығындай сақтау	Беречь как зеницу ока
4. Айбатты	Грозный, храбрый, смелый
5. Қайратты	Энергичный, сильный, отважный
6. Қырағы	Заметливый, зоркий
7. Салауатты өмір сүру	Здоровый образ жизни
8. Көкейіне түю	Не забывать ни на минуту
9. Үрку, қорқу	Пугаться, бояться, тревожиться
10. Қитұрқы	Ловкий, хитрый
11. Қауымдастық	Сообщество

##### 2. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.

#### Синонимдер

Аға буын	Жігерлі
Белсенді	Аудан
Ел тізгінін ұстау	Тіксінуге
Жирену	Жастар, жас жеткіншек
Үрпак	Ел ағасы
Аймақ	Елді басқару

#### Антонимдер

Үйрену	Бүгінгі
Ертеңгі	Жас буын, жас жеткіншек
Аға буын	Жирену

Артында  
Күші тасу

Күші жетпеу  
Алдында

### **3. Төмендегі фразеологизмдердің мағынасын түсіндіріңіз:**

- 1) ел тізгінін ұстау –
- 2) ізін жалғастыру –
- 3) көздің қарашығындай сақтау –
- 4) жақсыға үйрену, жаманнан жирену –

### **4. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойыңыз.**

Ұлағат... қағида, тәуел... мемлекет, бүгін... ұрпақ, әлеумет... тұрғыда, ертең... ел, алдың... толқын, халық... қалып, мемлекет... қалып, халықара... дәреже, білім..., қабілет..., еліміз... ертеңі, мемлекетіміз... болашағы, еліміз... дамуы мен өркендеуі, заман... талабы, ХХІ ғасыр... жастары, жастар... үлесінде.

### **5. Мәтінді оқыңыз.**

#### **ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ – ЖАСТАРДЫҢ ЕНШІСІНДЕ**

Жастарсыз – болашақ жоқ. «Ұлт болам десең, ұрпағыңды ойла» деген ұлағатты қағида осыдан қалған. Бүгінгі егемен ел, тәуелсіз мемлекетімізде жастарға білім мен тәрбие беру, оларды барынша әлеуметтік тұрғыда қолдау, ел келешегіне өз үлесін қосатын азамат болып қалыптасуына барлық жағдай қарастырылған. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы – жастардың еншісінде. Бүгінгі алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында өсіп келе жатқан жастар екені белгілі. Ата-бабаларымыз қазақ жерін, қазақ елін, салт-дәстүрін, тілін, дінін көздің қарашығындай сақтап, осы күнге аманат етіп қалдырды. Енді сол аманатты кіршіксіз таза күйінде келер ұрпаққа жеткізу бүгінгі ұрпақ қолында.

Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Келешек ел тізгінін ұстайтын жастардың бойында халықтық қалып, әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз болуы

қажет. Әрі білімді, бәсекеге қабілетті, сонымен қатар дені сау, яғни салауатты өмір салтын ұстануы алғы шарт болып табылады. М. Жұмабаев айтқандай, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» болу керектігі – бүгінгі қоғамның, қазіргі нарық пен бәсеке заманының талабы. Жүректерінде жалын бар, бойларынан бұла күштері тасыған жиырма бірінші ғасырдың жастары күнделікті өзгеріп жатқан өмірге, құбылыстар мен жаңалықтарға үрке қарамай, батыстың қитұрқы өміріне еліктемей, «жақсыға үйреніп, жаманнан жиреніп» жатса нұр үстіне нұр болары анық.

Бүгін елімізде жастар саясатына үлкен көңіл бөлуде. Жастар саясатына қатысты сан түрлі пікірлер мемлекеттік шеңберде, халықаралық дәрежеде талқылануы оның қоғам өмірінде айтарлықтай маңызды орын алатындығын аңғартады. Статистика агенттігінің жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша мемлекетіміздегі адам санының 4,5 миллионнан астамы жастардың үлесінде. Бұл дегеніміз – жалпы халықтың 30 пайызы жастар деген сөз. Ендеше жастардың бүгіннен бастап қандай тәрбие алуы мен отансүйгіштік қасиетінің дамуы аса маңызды. Мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтеру – жастарға артылған зор сенім.

## **6. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

1. Халықаралық қатынастар, жаңа байланыстар.
2. Елдің тізгінін ұстау, жастар еншісінде.
3. Тәуелсіздік, бейбітшілік, тыныштық, достық.
4. Шетелде білім алу, халықаралық деңгей, кредиттік жүйе.

## **7. «Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы» деген сөйлемге мағыналас сөйлемді көрсетіңіз.**

1. Жаңа көзқарас ұлтты ойлануға, ойлауға үйрету арқылы болашаққа көз жіберуге тәрбиелейді.
2. Әрбір жеке мемлекет өз ішінде қабылданған заңға бағынады және ол заңды бұзушы жауапқа тартылады.
3. Білім мен ғылымды дамытпай, мемлекеттің экономикалық жағдайын көтеру мүмкін емес.

4. Жастар еліміздің болашағы, еліміздің әрі қарай гүлденуі, жаңаруы жастардың қолында.

**8. Мәтін тақырыбына сәйкес ақпаратты тандаңыз.**

1. Барлық халық үшін мемлекет тарапынан қажетті инфра-құрылым жасалуы тиіс.
2. Бүгін елімізде жастар саясатына үлкен көңіл бөлуде.
3. Білім мен ғылымды дамытпай, мемлекетті алға сүйреу мүмкін емес.
4. Қазақстанда ынтымағы жарасқан көп ұлтты халық тату-тәтті өмір сүруде.

**9. «Ұлт болам десен, ұрпағыңды ойла» деген сөйлемге мағыналас сөйлемді табыңыз.**

1. Білімді игеру үшін тынбай іздену, үйрену жеткіліксіз, сонымен бірге білім алушының бейім-қабілетін білу керек, сонда ғана белгілі бір нәтиже шығатынына сенуге болады.
2. Тілді бүкіл қазақ елінің ұлттық сұранысы мен мемлекеттік мәртебесіне айналдыру керек.
3. Жастардың рухани баюына, тәрбиесіне көңіл бөлсек, дені сау, зияткер ұлттың қалыптасуына жағдай жасағанымыз.
4. Адамдардың табиғи және айырғысыз құқықтарына өмір сүру құқығы, жеке басының бостандығы, т.б. жатады.

**10. Сұрақтардың сәйкес жауабын табыңыз.**

1. Жастарға мемлекет тарапынан қандай жағдайлар жасалынып жатыр?
2. Ата-бабаларымыздың аманаты қандай?
3. Жастардың бойында қандай қасиет болуы керек?
4. Қоғамда жастардың алатын орны қандай?
5. Жастарға еліміз қандай сеніп артады?

**Жауабы:**

1. Елімізде жастарға мемлекет тарапынан білім алуына, баспаналы болуына, жұмысқа тұруына, денсаулығын күтуіне, қоғамдық ұйымдарға кіруіне, т.б. жағдайлар жасалынып жатыр.



2. Ата-бабаларымыз қазақ жерін, қазақ елін, салт-дәстүрін, тілін, дінін көздің қарашығындай сақтап, осы күнге аманат етіп қалдырды.
3. «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» болу керектігі бүгінгі қоғамның, қазіргі нарық пен бәсеке заманының талабы.
4. Жастардың қоғамда алатын орны айрықша. Олар қоғамның барлық саласына белсене араласатын негізгі қозғаушы күш болып табылады.
5. Мемлекетіміз жастарға елімізді нығайтуға, білім кеңістігінде халықаралық деңгейде жақындасуға, мәдениетіміз бен тарихымызды сақтап, одан әрі дамытуға үлкен сенім артады.

## **11. Өлеңді жаттап алыңыз.**

### **Мен жастарға сенемін!!!**

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты –  
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар.  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар – балапан,  
Жайып қанат, ұмтылған.  
Көздегені көк аспан,  
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер,  
Сүттей таза жүректер,  
Қасиетті тілектер –  
Мен жастарға сенемін!  
Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды алаш елім дер,  
Алтын Арқа жерім дер,

Мен жастарға сенемін!  
Қажу бар ма тұлпарға,  
Талу бар ма сұңқарға?!  
Иман күшті оларда,  
Мен жастарға сенемін!..

Алаш – айбынды ұраны,  
Қасиетті Құраны.  
Алаштың олар құрбаны,  
Мен жастарға сенемін!  
Мен сенемін жастарға:  
Алаш атын аспанға  
Шығарар олар бір таңда,  
Мен жастарға сенемін!

.....М. Жұмабаев

## **12. [www.qiwi.kz](http://www.qiwi.kz) сайтынан жастар жайлы «Алтын жастық шақ» атты бейнебаянды көріңіз.**

Бейнекөріністегі көргендеріңізді жазып шығыңыз.

### **9-сабақ**

#### **Сұхбатты мұқият тыңдаңыздар.**

– Жанар, бүгінгі күні жастарға қандай жағдайлар жасалынып жатыр?

– Жастардың жан-жақты білім мен жақсы тәрбие алуына, әлеуметтік тұрғыда қолдау көруіне, жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдайдың барлығы жасалған деуге болады.

– Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Ел сенімін ақтау үшін жастардың бойында қандай қасиеттер болу керек?

– М. Жұмабаев айтқандай, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» болумен қатар білімді, білікті, бәсекеге қабілетті маман болу керек.

– Жастардың басты мақсаты не?

– Ата-бабамыз бізге аманат етіп қалдырған тілімізді, дінімізді, жерімізді келер ұрпаққа жеткізу жастардың ең басты мақсаты деп түсінемін.

– Тәуелсіз еліміздің жастары қандай болуы керек деп ойлайсың?

– Жастар өмірдің қандай жағдайында болмасын белсенді, тапқыр, дұрыс шешім қабылдай алатын күзiреттi тұлға болуы керек.

– Біздің мемлекетімізде жастарға арналған қандай ұйымдарды, жобаларды білесің?

– Президентіміздің партиясы «Нұр Отан» жанындағы «Жас Отан» ұйымы жұмыс істейді.

– 2008 жылдан қолға алынған «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында ауылға көптеген жастар келіп, бүгінде ауылымыздың көркеюіне, экономикасының дамуына атсалысуда.

– 2009 жылдан бастап жыл сайын оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру мақсатында өңірлерде еңбекпен қамту органдары арқылы «Жастар тәжірибесі» жобасы республикалық деңгейде ұйымдастырылып келеді, т.б.

– Әңгімеңе рақмет.

### **1. Сұхбаттағы сөйлемдерді толықтырыңыз.**

– Жанар, бүгінгі күні жастарға қандай жағдайлар жасалынып жатыр? Жастардың жан-жақты білім мен жақсы тәрбие алуына, ....., жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдайдың барлығы жасалған деуге болады.

– Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Ел сенімін ақтау үшін жастардың бойында ..... болуы керек?

– М. Жұмабаев айтқандай, «Арыстандай ....., жолбарыстай ....., қырандай күшті .....» болумен қатар, білімді, білікті, бәсекеге қабілетті маман болуы керек.

– Жастардың басты мақсаты не?

– Ата-бабамыз бізге аманат етіп қалдырған ....., ....., ..... келер ұрпаққа жеткізу біздің ең басты мақсатымыз деп түсінемін.

– Тәуелсіз еліміздің жастары қандай болуы керек деп ойлайсың?

– Жастар өмірдің қандай жағдайында болмасын ....., ....., дұрыс шешім қабылдай алатын ..... тұлға болуы керек.

– Біздің мемлекетімізде жастарға арналған қандай ұйымдарды, жобаларды білесің?

– Президентіміздің партиясы «Нұр Отан» жанындағы «.....» ұйымы жұмыс істейді.

– 2008 жылдан қолға алынған «.....» бағдарламасы аясында ауылға көптеген жастар келіп, бүгінде ауылымыздың көркеюіне, экономикасының дамуына атсалысуда.

– 2009 жылдан бастап жыл сайын оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру мақсатында өңірлерде еңбекпен қамту органдары арқылы «.....» жобасы республикалық деңгейде ұйымдастырылып келеді, т.б.

– Әңгімеңе рақмет.

## **2. Төмендегі ой шақыру сұрақтары бойынша сөйлеңіз.**

1. Кез келген елдің болашағы сол елдің жастары болып табылады. Біздің елімізде жастардың алатын орны қандай?
2. «Балам дейтін елі болмаса, елім дейтін бала қайдан туылсын» дегенді қалай түсінесіз?
3. Қазіргі жастардың бойынан қандай қасиеттерді көргіңіз келеді?

## **2. Берілген тіркестерді пайдаланып, төмендегі суреттер бойынша «Жастар» атты шағын эссе жазып шығыңыз.**

Қоғамдық ұйымдар, жеке тұлғаның дамуы, қоғамдық өмір, жас буын, бос уақыт, демалыс, шетелдер, мерекелерге қатысуы, өнермен айналысуы, спортпен шұғылдану, бүгінгі таңда, өз еліміз, көрмелер, ел байлықтары, жаңа ақпараттар, демалу орындары, бүгінгі таңда.

## **Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

*1. Еліміздің болашағы ... .. ениісінде.*

- 1) алдыңғы толқын аға буынның
- 2) келер ұрпақтың
- 3) бүгінгі ұрпақтың
- 4) шетел жастарының

*2. М. Жұмабаев жастар қандай болуы керек дейді?*

- 1) білімді, білікті, күзиретті
- 2) дені сау, көрікті, тартымды

- 3) айбатты, қайратты, қырағы
- 4) тәуелсіз, еркін, жігерлі

3. *Елімізде жастарға арналған қандай ұйымдар мен жобалар бар?*

- 1) Нұр Отан, Ақ жол, Азат
- 2) Жас Отан, Дипломмен ауылға, Жастар тәжірибесі
- 3) ББҰ, ТМД, ЕҚЫҰ
- 4) Жасыл ел, Қызыл крест

4. *Қабыса байланысқан сөз тіркесін табыңыз.*

- 1) ұйымның атауы, елдің жағдайы, жастардың міндеті
- 2) мемлекеттік шекара, ұлағатты қағида, алдыңғы толқын
- 3) Қазақстан елі, заман талабы, жаһандану дәуірі
- 3) шетелде білім алу, аманатты орындау, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру

5. *Матаса байланысқан сөз тіркестерін анықтаңыз.*

- 1) тәуелсіз ел, құқықтық мемлекет
- 2) аға буын, келер ұрпақ, бүгінгі жастар
- 3) халықаралық деңгей, республикалық жоба
- 4) экономиканың дамуы, еліміздің гүлденуі

6. *Жастарға арналған қандай мемлекеттік тұжырымдаманы (заңды) білесіз?*

- 1) «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы
- 2) «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы
- 3) «Тұрғын үй» мемлекеттік бағдарламасы
- 4) «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы

## 18-тақырып

### СЕБЕП-САЛДАР МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

#### 10-сабак

1. **Тыңдаңыз. Қайталаңыз.**

- |                  |               |
|------------------|---------------|
| 1. Мұрат, мақсат | Желание, цель |
| 2. Жасырыну      | Скрываться    |
| 3. Кеш қалу      | Опаздывать    |

4. Мүдде	Цель, интерес, немерение
5. Негіздеу	Обосновать, обоснование
6. Тынбау, тыным таппау	Не знать покоя, быть в движении
7. Сөздің астарында	Под понятием,
8. Бейім, қабілет	Склонный, приспособленный
9. Құштарлық	Страсть, влечение
10. Алғырлық	Бойкость, хваткость
11. Асырау, асырай алу	Кормить, содержать
12. Құн, құнды, құндылық	Цена, ценный, ценность
13. Қалау	Хотеть, выбирать
14. Шынайы, шындық	Реально, правдивость, истина
15. Ығысу	Отход, сдвиг, стесниться

## 2. Сөздердің мағынасына зер салыңыз.

Үн қосу – а) жаңа бастаманы, жаңалықты қолдайтынын білдіреді (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 15-том, 64-б.).

Ұтқыр – сын. Ұтымды, мазмұнды, өнімді. Мысалы, ұтқыр жауап тапты.

Ұтқырлық – зат. Ұтымдылық, мазмұндылық. Мысалы, Сұлтанмахмұт Майра сөзінен ұтқырлық, бейнелі ақиқатты сезді (14- том, 767-б.).

Тыным таппау – дамыл көрмеді, жұмысты болды (14-том, 550-551 б.).

Тыным көрмеді (көрген жоқ) – тыныштық көрмеді, тынбады.

Ығысу – ығыс етістігінің қимыл атауы: а) жылжу, орнынан қозғалу (15-том, 628-б.).

## 3. Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы

Жаңа заман технологияларын меңгеру үшін білімді, білікті мамандарды әзірлеу – бүгінгі күннің басты талабы. Бүгінгі жас ұрпақ – елімізде қабылданған стратегиялық маңызы бар бағдарламаларды жүзеге асыратын болашақ маман. Ол – еліміздің болашағы. Сондықтан бүгінгі жаһандану үрдісіне үн қосып, ұтқырлықпен алға жылжып келе жатқан дүниежүзі мемлекеттерінің білім жүйелерін үлгі етіп, өзіміздің ұлттық білім беру деңгейін халықаралық стандартқа жақындату – маңызды мәселенің бірі.

Мысалы, ақпараттық технология саласындағы жаңалық күн сайын емес, сағат сайын жаңару үстінде. Бұл салада бір сәт кеш қалу дегеніңіз – бәсекелесіңе орын беріп, жолдан ығысып, шығып қалу деген сөз. Ал сол технологияны жұмыстың мүддесіне пайдаланудың өзі тыным таппай ізденуді, білмегеніңді үйренуді талап етеді. Бүгін кез келген жұмысты компьютерсіз елестете алмайсыз. Білім беруді де жаңа әлемдік стандарттар мен жаңа нормаларға негіздеу керек. Бүгінгі дүниежүзілік білім бәсекесі бізден осыны талап етіп отыр. Алған білімнің басқалардың білімімен бәсекеге түсе алмаса, онда уақыттың босқа шығын болғаны. Сондықтан алған білімнің бәсекелестікке қабілетті болуы білім алушының бейіміне тікелей байланысты. Бейім демекші, оның тасасында табандылық пен құштарлық, батылдық пен өз құнын білетін алғырлықтың жасырынып тұратыны белгілі.

Жер жүзінің өркениетті елдерінде білім – ең алдымен, экономиканың негізгі өндіруші саласы болып есептеледі. Яғни білім мен ғылым өзін-өзі асырай алатын болуы керек, өзін-өзі асырай алғаны елді де асырай алғаны, қалың халыққа жағдай жасалғаны. Ендеше білім мен ғылымды дамытпай, мемлекетті алға сүйреу мүмкін емес. Ал нарықтық экономикада еңбек ресурстарының бәсекелестігі тікелей білімге қатысты. Әсіресе қазіргі әлемдік жаһандану кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнының ұлттық құндылықтарға, мәдениетаралық түсінік-пайымға, ақпараттық жетістіктерге, сонымен бірге халықаралық тілдерді меңгеру үрдісіне де қатысы орасан. Халықаралық тілдерді меңгерген адамның жұмысты да қиналмай, тез табуға мүмкіндігі болады. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміздің өзі осыдан шығады. Біз қаласақ та, қаламасақ та бұл жайт – бүгінгі күннің шынайы шындығы, одан ешқайда қашып құтыла алмаймыз.

#### **4. 'Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

1. Білім бәсекесі, білікті маман, жаңа технология.
2. Дипломатиялық қарым-қатынас, экономикалық дағдарыс.
3. Тәуелсіздік, бейбітшілік, тыныштық.
4. Жарқын өмір, даңғыл жол, қарым-қатынас.

**5. Мәтіннің негізгі ақпаратын беретін сөйлемді табыңыз.**

1. Жаңа көзқарас ұлтты ойлануға, ойлауға үйрету арқылы болашаққа көз жіберуге тәрбиелейді.
2. Әрбір жеке мемлекет өз ішінде қабылданған заңға бағынады және ол заңды бұзушы жауапқа тартылады.
3. Бүгінгі жаһандану үрдісіне үн қосып, ұтқырлықпен алға жылжып келе жатқан дүниежүзі мемлекеттерінің білім жүйелерін үлгі етіп, өзіміздің ұлттық білім беру деңгейін халықаралық стандартқа жақындату – маңызды мәселенің бірі.
4. Қазақстанды өзімнің Отаным деп санайтын әрбір адам мемлекеттік тілді меңгеруге ұмтылуы керек.

**6. «Білім, ең алдымен, экономиканың негізгі өндіруші саласы болып есептеледі» деген сөйлемге мағыналас сөйлемді көрсетіңіз.**

1. Барлық халық үшін мемлекет тарапынан қажетті инфрақұрылым жасалуы тиіс.
2. Елімізде талай өзгерістер, жақсы жаңалықтар болып жатыр.
3. Білім мен ғылымды дамытпай, мемлекеттің экономикалық жағдайын көтеру мүмкін емес.
4. Қазақстанда ынтымағы жарасқан көп ұлтты халық тату-тәтті өмір сүруде.

**7. Мынадай жауаптар алу үшін қандай сұрақтар қою керек?**

1. Бүгінгі күннің басты талабы – заманауи технологияларды меңгерген, білімді, білікті мамандарды дайындау.
2. Білімді игеру үшін тынбай іздену, үйрену жеткіліксіз, сонымен бірге білім алушының бейім-қабілетін білу керек, сонда ғана белгілі бір нәтиже шығатынына сенуге болады.
3. Білім беруді жаңа әлемдік стандарттар мен жаңа нормаларға негіздеу керек.
4. Халықаралық тілдерді меңгерген адамның жұмысты да қиналмай, тез табуға мүмкіндігі болады.



## **8. 'Сұрақтардың сәйкес жауабын табыңыз.**

1. Бүгінгі күннің басты талабы қандай?
2. Ақпараттық технология саласында кеш қалу дегенді қалай түсінесіз?
3. Білім беруді халықаралық стандарттар мен жаңа нормаларға негіздеудің қаншалықты маңызы бар?
4. Экономиканың дамуында білім қандай қызмет атқарады?
5. Білім мазмұнын немен байланыстырған жөн?

## **9. Диалогті тыңдаңыз.**

– Дана, бүгінгі күні білім беру жүйесінің басты талабы қандай деп ойлайсың?

– Қазір ғылым мен техниканың жоғары дамыған кезі ғой. Сондықтан жаңа заман технологияларын меңгеру үшін білімді, білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау ең маңызды іс деп білемін.

– Иә, дұрыс айтасың, жаңа технологияларды меңгерген білікті жастар керек. Олар – елімізде қабылданған стратегиялық маңызы бар бағдарламаларды жүзеге асыратын болашақ мамандар.

– Дұрыс айтасың, Айдана. Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы.

– Сенің ойыңша, осы маңызды мәселені шешуде неге көбірек көңіл бөлген дұрыс деп ойлайсың?

– Меніңше, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің білім беру жүйелерін үлгі ете ала отырып, өзіміздің ұлттық білім беру деңгейін халықаралық стандартқа сәйкестендіру қажет деп ойлаймын.

– Бұған қандай мысал келтіресің?

– Мысалы, қазір ақпараттық технологиялардың жақсы дамыған кезі, әлемде болып жатқан жаңалықтардан хабарсыз қалуға болмайды.

– Иә, бұл салада бір сәт кеш қалу дегеніміз бәсекелесең орын беріп, жолдан ығысып, шығып қалу деген сөз ғой.

– Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру дегенді қалай түсінуге болады?

– Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Өзін-өзі үздіксіз дамытып, өз әреке-

тін өзі дұрыс бағалай алатын тұлғалар ғана бәсекелестікке қабілетті қоғамда өз тиесілі орнын таба алады деп ойлаймын.

– Жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда тілдің алатын орны қаншалықты?

– Тіл жеке тұлғаның дүниеге деген көзқарасын білдіреді, мемлекеттік тілмен қатар халықаралық тілдерді білу тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

– Қалай ойлайсың, білім беруді де жаңа әлемдік стандарттар мен жаңа нормаларға негіздеу керек пе?

– Иә, бүгінгі дүниежүзілік білім беру жүйесі бізден осыны талап етіп отыр.

– Осы ақпарат үшін көп рақмет, ісің алға бассын!

### **10. Сұхбаттағы сөйлемдерді толықтырыңыз.**

– Дана, бүгінгі күні білім беру жүйесінің \_\_\_\_\_ қандай деп ойлайсың?

– Қазір \_\_\_\_\_ жоғары дамыған кезі ғой. Сондықтан жаңа заман технологияларын меңгеру үшін \_\_\_\_\_ қабілетті мамандарды даярлау ең маңызды іс деп білемін.

– Иә, дұрыс айтасың, жаңа технологияларды меңгерген \_\_\_\_\_ керек. Олар – елімізде қабылданған стратегиялық маңызы бар бағдарламаларды жүзеге асыратын \_\_\_\_\_.

– Дұрыс айтасың, Айдана. Білімді ұрпақ – \_\_\_\_\_ болашағы.

– Сенің ойыңша, осы маңызды мәселені шешуде неге көбірек \_\_\_\_\_ дұрыс деп ойлайсың?

– Меніңше, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің \_\_\_\_\_ үлгі ете ала отырып, өзіміздің ұлттық білім беру деңгейін \_\_\_\_\_ сәйкестендіру қажет деп ойлаймын.

– Бұған қандай мысал келтіресің?

– Мысалы, қазір \_\_\_\_\_ жақсы дамыған кезі, әлемде болып жатқан жаңалықтардан хабарсыз қалуға болмайды.

– Иә, бұл салада бір сәт кеш қалу дегеніміз бәсекелесеңе орын беріп, \_\_\_\_\_, шығып қалу деген сөз ғой.

– Бәсекеге \_\_\_\_\_ қалыптастыру дегенді қалай түсінуге болады?

– Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – \_\_\_\_\_ әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік \_\_\_\_\_ қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Өзін-өзі үздіксіз дамытып, өз әрекетін өзі \_\_\_\_\_ тұлғалар ғана бәсекелестікке қабілетті қоғамда өз тиесілі орнын таба алады деп ойлаймын.

– Жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда \_\_\_\_\_ қаншалықты?

– Тіл жеке тұлғаның дүниеге деген көзқарасын білдіреді, мемлекеттік тілмен қатар \_\_\_\_\_ білу тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

– Қалай ойлайсың, білім беруді де жаңа \_\_\_\_\_ мен жаңа нормаларға негіздеу керек пе?

– Иә, бүгінгі дүниежүзілік \_\_\_\_\_ бізден осыны талап етіп отыр

– Осы ақпарат үшін көп рақмет, ісің алға бассын!

## **СӨЙЛЕСІМ**

### **11. Төмендегі ой шақыру сұрақтары бойынша сөйлеңіз.**

1. Ақпараттық технологияларды жетік меңгерген адам қандай мүмкіндіктерге ие болады деп ойлайсыз?
2. Кез келген елдің мақтанышы сол елдің жастары болып табылады. Біздің елімізде ше?
3. Көптеген дамыған елдер қазба байлығымен емес, онда тұратын «адами капиталмен» мақтана алады екен. Бұл мәселеге сіздің ойыңыз қандай?

## **ЖАЗЫЛЫМ**

### **12. Берілген суреттер мен тіркестерді пайдаланып, «Елбасы және жастар» атты шағын эссе жазып шығыңыз.**

Жастар еліміздің ертеңі; елбасының жастарға арнаған бағдарламасы; салауатты өмір салты; жастарға мемлекет тарапынан қолдау көрсету; қоғамдық жұмыстарға араласу; жаңа заманауи технологияларды меңгеру; тыным таппай іздену; білім мен ғылымды дамыту; мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту; халықаралық тілдерді білу; ел тізгінін сеніп тапсыру; ХХІ ғасыр жастары.

## 19-тақырып

### МЕЗГІЛ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР. ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕГІ ҚАЗАҚСТАН

#### 11-сабақ

##### 1. Тындаңыз. Қайталаңыз.

1. Аралығында	В промежутке, в течение ка кого-то времени
2. Танылу, танымал	Быть признаным, извест- ный
3. Қатынас, қарым-қатынас	Отношение, взаимоотноше- ние
4. Қауіпсіздік	Безопасность
5. Ынтымақтастық	Сотрудничество
6. Көрегендік	Дальнозоркость, прозорли- вость
7. Төрағалық ету	Председательствовать
8. Ұстаным	Позиция, принцип
9. Құрлық	Материк, континент
10. Игеру	Освоить

##### 2. Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестен- діріңіз.

##### Синонимдер

Төрағалық ету	Жоғары деңгей
Танымал	Қазіргі таңда
Биік деңгей	Өсіп келеді
Артып келеді	Белгілі, атақты
Бүгінгі таңда	Басшылық ету

##### Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрамалас сөйлемнің жасалуы

*Құрамындағы жай сөйлемдердің бағыныңқы сыңары басың-  
қы сөйлемде айтылған ойдың мезгілін білдіретін сабақтас құр-  
маласты мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем дейді. Мезгіл*

*бағыныңқылы сыңары қашан? деген сұраққа жауап береді. Жасалу жолдары:*

*а) мезгіл үстеулері арқылы: бүгін, қазір, кеше, кешке, ертең, былтыр, биыл, өткен жылы, т.б. Мысалы: Бүгін кез келген жұмысты компьютерсіз елестете алмайсыз.*

*ә) мезгіл бағыныңқылы сабақтастың баяндауыштары -да/-де, -ша/-ше, -ға/-ге жұрнақтары мен дейін, шейін, кейін, соң сілтеулік шылаулары арқылы жасалады. Мысалы: Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін көптеген мемлекеттермен қарым-қатынас жасай бастады.*

### **3. Уақытты, мерзімді білдіретін сөздерді оқыңыз.**

Бүгін, қазір, ғасыр, заман, дәуір, ай, күн, апта, жаһандану кезеңі, күн сайын, сағат сайын.

### **4. Жоғарыда берілген сөздермен сөйлемдер құраңыз.**

### **5. Мәтінді оқыңыз.**

## **ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕГІ ҚАЗАҚСТАН**

Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл болды. Осы уақыт аралығында еліміз көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Соның бірі – Қазақстанның сыртқы жағдайының жақсаруы. Мемлекеттің халықаралық беделі оның ішкі және сыртқы саясатының дамуына тікелей байланысты. Ендеше еліміздің демократия құндылықтарын жоғары қойған мемлекет ретінде таныла түсуіне, экономикалық, саяси жағынан дамуына дипломатиялық қатынастардың әсері зор. Бұл ретте Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері-ақ әлемнің алдыңғы қатарлы державаларымен, көрші мемлекеттермен сенімді қатынас жасай алды. Мәселен, Ресей, Қытай, АҚШ, барлық мұсылман елдері, Еуропа одағы, Орталық Азиядағы мемлекеттермен биік деңгейлі қарым-қатынасты қалыптастырды. Енді Таяу Шығыс пен Парсы шығанағы, Латын Америкасы, Азия-Тынық мұхит елдерімен саяси, экономика, құқық саласында біріккен жұмыс атқаруда жаңа мүмкіндіктер қолға алынып жатыр. Сыртқы саясатты көрегендікпен жүргізгеннің арқасында Қазақстан Еуропадағы Қауіп-

сіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету мәртебесіне ие болды. Қазақстанның халықаралық істер бойынша әлемдік аренадағы рөлі мен орны жыл өткен сайын артып келе жатқаны байқалуда. Қазақстан ЕҚЫҰ-ға, одан кейін ШЫҰ-ға және Ислам конференциясы ұйымына төрағалық ету арқылы өзінің халықаралық аренадағы ұстанымы мен беделін көтеріп отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстанда «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы іске асуда. Бұл кәрі құрлықпен жақындасуға, оның институттық, құқықтық және экономикалық реформаларының тәжірибесін игеруге бағытталған. Еліміздің халықаралық қоғамдастықта оңды көзқарасқа, халықаралық мәртебеге ие болуы сыртқы саясатты жүргізудегі республика басшылығының көрегендік шешімдері арқылы мүмкін болды. Қазақстан әлемнің көптеген қоғамдық ұйымдарымен, соның ішінде адам құқықтарын қорғайтын, сөз бостандығы, денсаулық сақтау, білім беру, қоршаған ортаны қорғау, т.б. ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатып келеді. Еліміздің сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қарекеті барысында халықаралық қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттестікте болуы, тығыз қарым-қатынас орнатуы – заңды құбылыс.

## **6. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

1. Бәсекеге қабілетті, білікті маман, жаңа технология.
2. Әлемдік қауымдастық, халықаралық бедел, төрағалық ету.
3. Тәуелсіздік, бейбітшілік, тыныштық.
4. Білім беру, халықаралық стандарт, көршілес ел.

## **7. Сөйлемді мәтін бойынша толықтырыңыз.**

Еліміздің демократия құндылықтарын жоғары қойған мемлекет ретінде таныла түсуіне, экономикалық, саяси жағынан дамуына ... .

- 1) дипломатиялық қатынастардың әсері зор.
- 2) халықаралық стандартқа көшудің тигізер пайдасы бар.
- 3) білім мен ғылымның қосатын үлесі ерекше.
- 4) қазақстандық әрбір азаматтың қосар үлесі болуы керек.

## **8. Мәтін тақырыбына сәйкес ақпаратты таңдаңыз.**

1. Қазақстанда ынтымағы жарасқан көп ұлтты халық тату-тәтті өмір сүруде.
2. Елімізде талай өзгерістер, жақсы жаңалықтар болып жатыр.
3. Білім мен ғылымды дамытпай, мемлекетті алға сүйреу мүмкін емес.
4. Қазақстанның халықаралық беделі ішкі және сыртқы саясатына байланысты.

## **9. Мәтінде кездесетін сөйлемді табыңыз.**

1. Білімді игеру үшін тынбай іздену, үйрену жеткіліксіз, сонымен бірге білім алушының бейім-қабілетін білу керек, сонда ғана белгілі бір нәтиже шығатынына сенуге болады.
2. Тілді бүкіл қазақ елінің ұлттық сұранысы мен мемлекеттік мәртебесіне айналдыру қажет.
3. Біздің туымыз – тәуелсіздік, тілегіміз – бейбітшілік, тыныштық.
4. Адамдардың табиғи және айырғысыз құқықтарына өмір сүру құқығы, жеке басының бостандығы, т.б. жатады.

## **10. Сұрақтардың сәйкес жауабын табыңыз.**

1. Еліміздің халықаралық беделі неге байланысты?
2. Қазақстанның сыртқы саясаты туралы не айта аласыз?
3. Елімізде қандай бағдарлама іске асуда?
4. Бұл бағдарламаның мақсаты қандай?
5. Қазақстан қандай ұйымдармен қарым-қатынас жасайды?

## **12-сабақ**

### **11. Сұхбатты тыңдаңыз.**

#### **Қазақстан қандай мемлекет?**

Қазақстан – егеменді, демократиялық, құқықты мемлекет.

– Мемлекеттің халықаралық беделінің жоғары болуы неге байланысты?

– Мемлекеттің халықаралық беделі оның ішкі және сыртқы саясатына тікелей байланысты деп ойлаймын.

– Қазақстанның сыртқы саясаты жөнінде не айтуға болады?

– Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері әлемнің алдыңғы қатарлы державаларымен, көрші мемлекеттермен сенімді қатынас жасай алды. Мәселен, Ресей, Қытай, АҚШ, барлық мұсылман елдері, Еуропа одағы, Орталық Азиядағы мемлекеттермен биік деңгейлі қарым-қатынасты қалыптастырды. Енді Таяу Шығыс пен Парсы шығанағы, Латын Америкасы, Азия-Тынық мұхит елдерімен саяси, экономика, құқық саласында бірігіп жұмыс атқарылуда.

– Қазақстанның әлемдік кеңістіктегі орны қандай?

– Елбасының көрегендікпен жүргізіп отырған сыртқы саясатының арқасында еліміздің халықаралық беделі өсті. 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету мәртебесіне ие болды. Одан кейін ШЫҰ-ға және Ислам конференциясы ұйымына төрағалық ету арқылы өзінің халықаралық аренадағы ұстанымы мен беделін көтеріп отырғанын көріп отырмыз.

– Қазақстан қандай қауымдастықтарға кіреді?

– Қазақстан әлемнің көптеген қоғамдық ұйымдарымен, соның ішінде адам құқықтарын қорғайтын, сөз бостандығы, денсаулық сақтау, білім беру, қоршаған ортаны қорғау, т.б. ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатып келеді.

– Біздің еліміздің болашағы қандай болмақ?

– Егер біз әрі қарай осындай бағытта алға жүрсек, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылып, дамыған бай мемлекеттердің біріне айналамыз. Өйткені еліміздің дамуы оның ішкі және сыртқы саясатына тікелей байланысты.

## **12. Сұхбаттағы сөйлемдерді толықтырыңыз.**

– Мемлекеттің \_\_\_\_\_ жоғары болуы неге байланысты?

– Мемлекеттің халықаралық беделі оның \_\_\_\_\_ тікелей байланысты деп ойлаймын.

– Қазақстанның \_\_\_\_\_ жөнінде не айтуға болады?



– Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері әлемнің \_\_\_\_\_, көрші мемлекеттермен \_\_\_\_\_ жасай алды. Мәселен, Ресей, Қытай, АҚШ, барлық \_\_\_\_\_ елдері, Еуропа одағы, Орталық Азиядағы мемлекеттермен биік деңгейлі \_\_\_\_\_ қалыптастырды. Енді Таяу Шығыс пен Парсы шығанағы, Латын Америкасы, Азия-Тынық мұхит елдерімен \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ саласында бірігіп жұмыс атқарылуда.

– Қазақстанның әлемдік кеңістіктегі \_\_\_\_\_ қандай?

– Елбасының көрегендікпен жүргізіп отырған сыртқы саясатының арқасында еліміздің халықаралық беделі өсті. 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына \_\_\_\_\_ мәртебесіне ие болды. Одан кейін ШЫҰ-ға және \_\_\_\_\_ ұйымына төрағалық ету арқылы өзінің халықаралық аренадағы \_\_\_\_\_ мен \_\_\_\_\_ көтеріп отырғанын көріп отырмыз.

– Қазақстан қандай \_\_\_\_\_ кіреді?

– Қазақстан әлемнің көптеген қоғамдық ұйымдарымен, соның ішінде адам құқықтарын қорғайтын, сөз бостандығы, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, т.б. ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатып келеді.

– Біздің еліміздің \_\_\_\_\_ қандай болмақ?

– Егер біз әрі қарай осындай бағытта алға жүрсек, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылып, дамыған \_\_\_\_\_ біріне айналамыз. Өйткені еліміздің дамуы оның ішкі және сыртқы саясатына тікелей байланысты.

## **Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

*1. Мемлекеттің халықаралық беделінің жоғары болуы неге байланысты?*

- 1) ішкі және сыртқы саясатының дамуына тікелей байланысты
- 2) білім беру жүйесіне байланысты
- 3) экономиканың дамуына байланысты
- 4) оралмандардың келуіне байланысты

*2. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері-ақ әлемнің алдыңғы қатарлы ... .. сенімді қатынас жасай алды.*

- 1) шетелдік инвестициялармен
- 2) халықаралық ұйымдармен
- 3) державаларымен, көрші мемлекеттермен
- 4) қоғамдық ұйымдармен

3. Қазақстан қандай ұйымдарға төрагалық жасады?

- 1) БҮҮ-ға, НАТО-ға, Қызыл крест ұйымына
- 2) ЕҚЫҰ-ға, ШЫҰ-ға, Ислам конференциясына
- 3) ЮНЕСКО-ға, ЮНИСЕФ-қа
- 4) ТМД-ға, Дүние жүзілік сауда ұйымына

4. Бүгінгі таңда Қазақстанда ... мемлекеттік бағдарламасы іске асуда.

- 1) «Дипломмен ауылға» жобасы
- 2) «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы
- 3) «Болашақ» бағдарламасы
- 4) «Интеллектуалды ұлт – 2020» бағдарламасы

5. Қазақстан әлемдегі қандай қоғамдық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнатып келеді?

- 1) діни ұйымдармен, экономикалық ұйымдармен
- 2) қауіпсіздікті сақтау ұйымдарымен
- 3) адам құқықтарын қорғайтын, сөз бостандығы, денсаулық сақтау, білім беру, қоршаған ортаны қорғау, т.б.
- 4) экологиялық ұйымдармен

## 20-тақырып

### МЕКЕН МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР ЗИЯТКЕР ҰЛТ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЕЛДІҢ НЕГІЗІ

#### 13-сабак

##### 1. Оқып, жаттап алыңыз.

- |                       |                                |
|-----------------------|--------------------------------|
| 1. Заман талабына сай | Соответствующий своему времени |
| 2. Талапқа сай болу   | Быть соответственно требованию |
| 3. Қалыптастыру       | Формировать                    |
| 4. Талап              | Требование                     |

5. Инфрақұрылым	Инфраструктура
6. Лайықты	Соответствующий
7. Бәсеке	Соперничество
8. Қабілетті	Способный
9. Тарапынан	Со стороны
10. Жұмылдыру	Привлечь, организовать
11. Қолайлы	Удобный
12. Салауатты	Здоровый
13. Алғышарт	Предпосылка
14. Шамалы	Приблизительно
15. Барынша	Максимально

## **2. Сөздерді мағынасына қарай топтастырыңыз.**

### **Антонимдер**

Бірінші, ыңғайсыз, қалыптастыру, ескі, үлкен, жоқ, қолайлы, соңғы, жаңа, қирату, бар, кішкентай.

### **Синонимдер**

Ғұмыр, маңызды, керек, өзгешелік, бірінші, өмір, басты, қажет, ерекшелік, алғашқы

## **4. Мәтінді оқыңыз.**

### **Зияткер ұлт – бәсекеге қабілетті елдің негізі**

Зияткер көшбасшылық адами ресурстың сапасына байланысты. Халықтың зияткерлік деңгейі оның білім сапасы, инновациялық үлгі, бәсекеге қабілеттілік, озық технологиялар, басқарушының кәсібилігі, жоғары мәдениеттілік, қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттарымен бағаланады. Бұл сапалық көрсеткіштер бойынша АҚШ, Жапония, Британия, Франция сияқты мемлекеттер әлемде алдыңғы қатарда тұр.

Зияткерлік ұлт туралы «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің пікірлерін келтірсек. Б. Есімова:

Менің ойымша, зияткер ұлт әрбір азаматтың өз күш-жігері мен болашағына деген зор сенімінен құралады. Зияткер ұлт қалыптастырушы екі маңызды факторды атап айтқым келеді. Біріншіден, әрбір азаматтың білімі мен кәсіби деңгейінің заман талабына сай болуы, екіншіден, барлық халық үшін мемлекет та-

рапынан қажетті инфрақұрылым жасалуы тиіс. Яғни барлық азаматтар спорт залдары мен театрлардан бастап компьютерлік сыныптармен толық қамтамасыз етілуі шарт. Осындай қолайлы алғышарттар жағдайында салауатты, білімді, мәдениетті және алғыр ұрпақ тәрбиелеуге болады. Меніңше, қазірдің өзінде Қазақстанда зияткер ұлттың жаңа формациядағы буынын қалыптастырудың қажетті алғышарттары баршылық. Ең бастысы, зияткер ұлт болу әрқайсымызға тікелей байланысты екенін сезіне білгеніміз жөн. Бұл үшін бізге америкалықтарды немесе жапондарды қуып жетудің қажеті шамалы, өзіндік ерекшелігі бар зияткер ұлтқа айналуға барынша күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек.

### **Т. Илиясова «Дайжест» газетінің бас редакторы**

Зияткер ұлт болу дегенді тар ұғымда алсақ, ұлттың білімі және ғылыми потенциалының алдыңғы қатарға шығуы деп түсінуіміз керек. Бірақ зияткер ұлт болуды тек ғылым ғана қамтамасыз ете алмайды. Ғылымның ар жағында ұлттық негіз, ұлттық болмыс болу керек. Ал бұл тіркеске ауқымдырақ қарағанда өркениет әлемінде бәсекеге қабілетті ел болу үшін, негізінен, төрт нәрсе керек. Біріншіден, ұлттың сапасын арттыру. Онда қан тазалығы ғана емес, рух тазалығы биікке көтерілуі керек. Ұлттың денсаулығы мен тұрмыс деңгейі көтерілмейінше, зияткер ұлт болудың ауылы алыс. Екіншіден, инновациялық жүйеде терең білім алу. Үшіншіден, ақпараттық технологиялар әлемінде еркін жүзуге қабілетті, бейімделгіш қасиетке ие болу. Төртіншіден, ұлттық негізден ажырамаған ұрпаққа басымдық беру және ұлттық құндылықтармен тас түйін қарулану.

Елімізде батыстық білім алып, нанотехнологияны жетік игергендер күн санап саны артып келеді. Бірақ кейбір ұлттық болмыстан ажырап қалған түлектеріміз алған білімін ұлтқа емес, жеке мүддесіне ғана жұмсап жатыр. Болашақта үлкен биіктерді бағындырамын деп мақсат қойған жастарға осы төрт талапты орындау керек деп ойлаймын.

### **4. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

1. Білім сапасы, инновациялық үлгі, бәсекеге қабілеттілік, озық технологиялар, басқарушының кәсібилігі, жоғары мәдениеттілік.

2. Әлемдік қауымдастық, халықаралық бедел, төрағалық ету.
3. Тәуелсіздік, бейбітшілік, тыныштық.
4. Білім беру, халықаралық стандарт, көршілес ел.

**5. Мәтіннің идеясын беретін сөйлемді табыңыз.**

1. Тәуелсіздік арқылы мәдениетіміз құлашын кең жайып, қарқынды дамуға мүмкіндік алды.
2. Елбасының тапсырмасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы жұмыс істеп жатыр.
3. Зияткер көшбасшылық адами ресурстың сапасына байланысты.
4. Мемлекеттің халықаралық беделі оның ішкі және сыртқы саясатына тікелей байланысты.

**6. Мына сөйлемдері мәтінге сәйкес аяқтаңыз:**

1. Зияткерлік көшбасшылық .....
2. Халықтың зияткерлік деңгейі оның .....
3. Бұл сапалық көрсеткіштер бойынша АҚШ, Жапония .....
4. Зияткер ұлт қалыптастырушы екі маңызды .....
5. Біріншіден, әрбір азаматтың ....., екіншіден, барлық халық үшін .....
6. Ғылымның ар жағында ұлттық негіз, .....
7. Онда қан тазалығы ғана емес, .....
8. Инновациялық жүйеде .....

**7. Сұрақтардың сәйкес жауабын табыңыз.**

1. Зияткер көшбасшылық неге байланысты?
2. Ұлттың зияткерлік деңгейі неге байланысты?
3. Зияткер көшбасшы елдерге қандай мемлекеттерді қосуға болады?
4. «Болашақ» бағдарламасының түлегі Б. Есімова зияткер ұлтты қалыптастыратын қандай факторларды атап көрсетті?
5. «Болашақ» бағдарламасының түлегі Т. Илиясова зияткер ұлт болу үшін қандай талаптар қояды?

## 14-сабақ

### 8. Сұхбатты мәтін бойынша толықтырыңыз.

– "Сіздің пікіріңіз бойынша зияткер ұлт \_\_\_\_\_ ?  
– Зияткер ұлт қалыптастырушы \_\_\_\_\_ атап болады. Біріншіден, әрбір азаматтың білімі мен кәсіби деңгейінің заман талабына сай болуы, яғни лайықты ғұмыр сүруі және \_\_\_\_\_ үшін неғұрлым бәсекеге қабілетті болам деген алдына үлкен мақсат қойылуы, екіншіден, барлық халық үшін мемлекет тарапынан қажетті инфрақұрылым жасалуы тиіс. Құрастыруда ең басты рөл – әр азаматтың білімі. Әр азамат \_\_\_\_\_ алуға ұмтылуы керек. Азамат жақсы білім алса, ғылымды үйренсе және зерттеулер істесе, Республикамыздың \_\_\_\_\_ көтеріледі.

– «Зияткер ұлт – 2020» жобасы туралы білесіз бе?

– Әрине. 2008 жылдың 30 қаңтарында \_\_\_\_\_

«Зияткер ұлт – 2020» жобасының бастамасын көтерді.

– Жобаның идеясы қандай?

– Оның негізгі мақсаты – қазақстандықтарды жана формацияға тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекелестік қабілетті адам капиталына бай елге айналдыру.

– Президенттің айтуынша, «жоба әлеуетті үш жағдайды ескеруге тиіс». Олар қандай?

– Бірінші жағдай білім беру жүйесінің \_\_\_\_\_ қатысты. Жобаны жүзеге асыратын екінші басты мәселе, елбасының айтуынша, ақпараттық революция болуға тиіс. Жобаны жүзеге асырудың үшінші бағыты ретінде жастарды \_\_\_\_\_ тәрбиелеуді атап өтуге болады.

### 9. Төмендегі ой шақыру сұрақтары бойынша сөйлеңіз.

1. Зияткер көшбасшы мемлекеттерге біздің еліміз кіре ме?
2. Зияткер ұлт болу үшін тағы қандай қағидаттар болу керек деп ойлайсыз?
3. Біздің елімізде адами ресурс сапасына қаншалықты көңіл бөлінеді? Бұл мәселеге сіздің ойыңыз қандай?

## **10. Берілген сөздер мен тіркестерді пайдаланып, «Ұлт – ұлы ұғым» атты шағын эссе жазып шығыңыз.**

Ұлттық дәстүр, рухани байлық, қан тазалығы, адами қасиеттер, жана заман технологиялары, озық тәжірибе, басқару ерекшелігі, кәсіби мамандар, ұлттық тәрбие, қоғам алдындағы жауапкершілік, салауатты өмір салты, дамыған мемлекеттер қатарына қосылу, бәсекеге қабілетті болу, ұлттық құндылықтар, әлеуметтік жағдай.

### **Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

*1. Зияткер көшбасшылық ... .. сапасына байланысты.*

- 1) қазба байлықтардың
- 2) жастардың білім
- 3) шетелге шығаратын тауар
- 4) адами ресурстың

*2. Халықтың зияткерлік деңгейі оның ... .. қағидаттарымен бағаланады.*

- 1) ғылыми жобалармен айналысу, адам құқығын сақтау
- 2) халықаралық тілдерді білу, жаңалықтар ашу
- 3) білім сапасы, инновациялық үлгі, бәсекеге қабілеттілік, озық технологиялар, басқарушының кәсібилігі, жоғары мәдениеттілік
- 4) салауатты өмір салтын ұстану, дені сау ұлт болу

*3. Зияткер көшбасшы елдерге қандай мемлекеттер жатады?*

- 1) Қазақстан, Өзбекстан, Чехия
- 2) АҚШ, Жапония, Британия, Франция
- 3) Оңтүстік Корея, Канада, Иран
- 4) Германия, Ирак, Сауд Арабиясы

*4. Біріншіден, әрбір азаматтың ... .. заман талабына сай болуы.*

- 1) мәдениет деңгейі
- 2) тілдерді білу деңгейі
- 3) білімі мен кәсіби деңгейінің
- 4) денсаулық және тұрмыс деңгейі

5. Екінші фактор – барлық халық үшін мемлекет тарапынан ... .. жасалуы тиіс.

- 1) медициналық көмек
- 2) әлеуметтік жағдайдың жақсаруына көмек
- 3) баспанамен қамтылуына жағдай
- 4) қажетті инфрақұрылым

## 21-тақырып

### МАҚСАТ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК – БІЛІМНЕН

#### 15-сабақ

##### 1. Тындаңыз. Қайталаңыз.

- |                  |                              |
|------------------|------------------------------|
| 1. Жаңа буын     | Новое поколение              |
| 2. Үздіксіз даму | Бесперывное развитие         |
| 3. Сіңіру        | Впитывать, внедрять          |
| 4. Үйлесімді     | Подходящий, совместимый      |
| 5. Серпіліс      | Воодушевление                |
| 6. Ұйытқы болу   | Быть организатором           |
| 7. Жандандыру    | Вдохнуть, возродить, оживить |

##### 2. Сөздерді мағынасына қарай топтаңыз.

##### Синонимдер

Жаңа буын, жаңашыл, жандандыру, болашақты болжай білу, ұйытқы болу, іске асыру, жаңа көзқарас, жас ұрпақ, жас жеткіншек, жастар, болашаққа көз жіберу, жаңарту, жүзеге асыру, негізі болу

##### 3. Сұхбатты мәтін бойынша толықтырыңыз.

- Сәлеметсіз бе, апай! Қалыңыз қалай?
- Сәлеметсің бе, Арман. Рақмет, жақсы.
- Апай мен сізден көмек сұрайын деп едім. Маған шағын эссе жазу керек еді.
- Әрине, көмектесемін!



– Білім беру жүйесінде болып жатқан жаңалықтар туралы.  
– Ал қоя ғой сұрақтарыңды.  
– Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты қандай деп ойлайсыз?

– Менің ойымша, бәсекеге қабілетті маман дайындау. Өйткені қазіргі кезде нарықтық экономика тұсында жан-жақты, өз ісіне жетік білікті мамандар дайындау – білім жүйесінің алдындағы негізгі міндеттердің бірі. Бұрынғы білім беру жүйесі қазіргі алдыңғы қатарлы технологиялар жедел дамып жатқан кезге сай келмейді. Сондықтан білім беру жүйесіне алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалана отырып, әлемдік деңгейдегі мамандарды даярлау керек. Ол үшін өз ісін жетік білетін білімді оқытушылар, сабақ үрдісінде озық методикаларды меңгерген, алдыңғы қатарлы оқыту технологияларымен қаруланған мамандар қажет. Сонда ғана білім жүйесінде серпіліс болады.

– Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін білім екенін сіз қалай дәлелдей аласыз?

– Біріншіден, оқыту үрдісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Бүгінде халықаралық стандарттар негізінде Назарбаев университеті мен Зияткерлік мектептер табысты жұмыс істеуде. Кәсіптік техникалық білім берудің озық мекемелерінің тәжірибесін бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне таратып, барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне тарту қажет. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуде. Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет. Төртіншіден, мемлекет – жеке меншік әріптестігі, ауылдық жерлерден және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жастардың жол жүруі мен өмір сүруін субсидиялау, жатақханалар жүйесін дамыту тетіктері арқылы білім берудің қолжетімдігін кеңейту қажет. Бесіншіден, оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, оларды әлеуметтік бейімделу үрдісінде пайдалана білуге де үйрету тиіс. Алтыншыдан, оқу үрдісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет.

– Қазақстандық университеттер «білім экономикасы мен әлеуетінің» ұйытқысы, елдің инновациялық дамуының негізі болуға тиіс деп ойлайсыз ба?

– Әрине, мен бұл оймен толық келісемін, өйткені елдің болашағы – жастар осы университеттерде білім алып тәрбиеленеді.

– Қазіргі күн тәртібінде тұрған мәселе – оқу орны мен мамандықтарды халықаралық аккредитациядан өткізу. Сіздің ойыңызша, бұл не үшін істелінеді?

– Бұл халықаралық стандартқа сай болу үшін істелінеді.

– Ендігі жерде университеттеріміз білім экономикасының өзегі ретінде еліміздің инновациялық дамуының қозғаушы күшіне айналуы тиіс деп ойлайсыз ба?

– Иә, мен де солай санаймын, өйткені бұларды бітіруші студенттер – болашақ Қазақстанды алға қарай дамытушы азаматтар.

– Сізге көп рақмет, апай! Сіздің жауаптарыңыз арқылы мен көптеген мәліметтер жинадым және жақсы баға аламын деп үміттенемін.

– Оқасы жоқ, Арман. Өзіңнің де қойған сұрақтарың орынды болды. Егер алған бетіңнен қайтпасаң, сен үлкен жетістіктерге жетесің!

## **Тақырып бойынша қорытынды тест тапсырмалары**

*1. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты ...*

- 1) оқушылардың білім деңгейін көтеру
- 2) жаңа жүйені қабылдау
- 3) бәсекеге қабілетті маман дайындау
- 4) «Болашақ» бағдарламасымен студенттерді шетелге жіберу

*2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – .....», – деп атап көрсетілген.*

- 1) ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде пайдалану
- 2) жеке тұлғаны жан-жақты дамыту
- 3) үш тілді жетік меңгеру
- 4) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу.

*3. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін ...*

- 1) мемлекеттік тіл
- 2) білім, ғылым
- 3) шетелден келген мамандар
- 4) өнер, әдебиет

4. Халықаралық және қазақстандық білім беру бағдарламалары қандай үш деңгейде жүргізіледі?

- 1) балабақша – мектеп – колледж
- 2) бастауыш мектеп – колледж – жоғары мектеп
- 3) бастауыш – негізгі орта мектеп – университет
- 4) бастауыш мектеп – негізгі орта мектеп – жоғары мектеп

5. Мемлекет басшысының ұсынысымен қандай ұлттық бағдарлама жасалды?

- 1) «XXI ғасырдың көшбасшысы»
- 2) «Зияткер ұлт – 2020»
- 3) «Қазақстан – 2030»
- 4) «Сөз мерген»

6. Қазіргі кезде кез келген мемлекеттің табысы ...

- 1) адам мүмкіндіктерінің сапасына сүйенеді
- 2) оның жоғары деңгейдегі мамандарымен өлшенеді
- 3) оның мемлекеттік тілі болып саналады
- 4) в) дұрыс қойылған мақсат болып табылады.

7. Қазіргі күн тәртібінде тұрған мәселе ...

- 1) білім беру жүйесін нығайту
- 2) бәсекелестікке сай жүйені құру
- 3) ұлттың қауіпсіздігін нығайту
- 4) оқу орны мен мамандықтарды халықаралық аккредитациядан өткізу

# СІ НЕГІЗГІ СТАНДАРТТАН ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙ

## 22-тақырып

### СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ. ЗАМАН ЖӘНЕ ЗАҢ

#### 1-сабақ



Қазақстанның Ата Заңы – әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі. Бұл бүкіл мемлекеттік құрылымды айғақтайтын, *елдіктің бастауы* болатын құжат. Қазақстанның Ата Заңы *уақыттың сынынан* сүрінбей өтті, өзінің *заман талабына* лайықтығын жан-жақты дәлелдеді. Зерттеушілердің пікірінше,

Қазақстанның Конституциясы әлемдегі *жалпыадамзаттық құндылықтарды* дәріптейтін ең үздік 50 Конституцияның бірі болып саналады.

Тәуелсіздікке ие болған Қазақстанның ең *басты қадамы* Конституцияны қабылдаумен тұтастай байланысты. Бұл туралы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы» атты кітабында: «Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге *қадам басып*, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен *жарқын болашаққа* деген сенімді жинақтаған Негізгі Заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін *баянды етуге* тиіс болатын», – деп жазады.

Осылайша, ел егемендігінен кейінгі 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы егемендік тарихындағы ең демократияшыл құжат болып табылған еді. Алғаш қабылданған 1993 жылғы Конституцияның мәні мен маңызы – бұл негізгі құжат Президенттің көрсеткен мақсаты бойынша төрт басты мәселеге *жауап беруі* және соған жағдай жасауы тиіс болатын. Оның біріншіден – мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екіншіден – экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі терең дағдарыстан шығару, үшіншіден – жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртіншіден – ішкі *саяси тұрақтылықты* қамтамасыз ететін заңдық негіздерді Ата Занда көрсету.

- *Мәтінді оқып шығыңыз да, асты сызылған сөздердің тура және ауыспалы мағынасын жазыңыз.*
- *жалпыадамзаттық құндылық деген ұғымды қалай түсінесіз? Тағы қандай жалпыадамзаттық құндылықтарды атап едіңіз?*
- *шындық, билік, қадам, заман сөздерінің синонимдерін тауып жазыңыздар.*

Өз ойын анық және нақты жеткізе білу, сауатты сөйлеу – тек дұрыс сөйлей алуды ғана көрсетпейді, сонымен бірге тыңдаушыға үлкен әсер етеді, иландырады. Сөйлеу мәдениетін меңгеру, шешен сөйлеу – жүре келе қалыптасатын қасиет. Бұл өзін кәсіби маман санайтын әр адам үшін аса қажет. Әсіресе дипломаттар мен заңгерлер, саясаткерлер мен журналистер, мұғалімдер мен оқытушылар, менеджерлер мен маркетингтер үшін сөйлеу мәдениетін меңгерудің маңызы ерекше.

**Сөйлеу мәдениеті** нақты жағдайға сәйкес, алға қойған белгілі мақсаттарға жету үшін тыңдаушыға ерекше әсер етудің сапалық қасиеттер жиынтығынан тұрады. Ондай қасиеттер:

- ойдың нақтылығы;
- көпке түсінікті сөйлеу;
- сөз тазалығы, яғни өзге тілдің сөздерінің қосылмауы;
- тіл байлығы және әр алуан сөз қолданыстарын, тұрақты сөз тіркестерін орынды пайдалану;
- мәнерлі сөйлеу;
- ой жүйелілігін сақтау.

Өзінің сөйлеу мәдениетін жетілдіргісі келетін кез келген жан мына жағдайларды жадында сақтауы тиіс:

- қазақ тілі – әлемдегі ең бай әдеби тілдердің бірі. Оның қалыптасқан әдеби нормалары, функционалдық стилі, бір-бірінен ажыратылған сөйлеу тілі мен кітаби тілі бар.
  - сөйлеу қызметінде қазақ тілінде қалыптасқан шешендіктің барлық қыр-сырын, сөз қолданысындағы тілдік құралдарды дұрыс пайдалануды меңгеру және дамыту;
  - әдеби тілдің нормаларын, көркемдік қолданыстарын, сөз байлығын жетік білу.
- 1) *елдіктің бастауы, уақыттың сыны, заман талабы, басты қадам, жарқын болашақ* тіркестеріндегі сөздердің мағынасы тура немесе ауыспалы мағынасында келгенін анықтап, ауызша талдаңыз.
  - 2) бастау, көздеу, сын, талап, қадам сөздерімен бірнеше сөз тіркестерін жасап, олардың қай мағынаны беретінін анықтаңыз.

*Үлгі: Оқуды бастау, әңгімені бастау, сабақты бастау, кітапты бастау, ойдың бастауы, судың бастауы, адамгершіліктің бастауы, жақсылықтың бастауы ...*

***Сөйлемді қажетті сөздермен толықтырыңыз да, қандай мағынада жұмсалғанын түсіндіріңіз.***

Біздің Ата Заңымыздың Қазақстан қоғамына ... пішілгенін ел өмірінің өзі, мемлекетіміздің осы кезеңдегі ... дәлелдеді. Нұрсұлтан Әбішұлының сөздері азаматтық, саяси тұрғыда біздің ... болды. Конституцияның 33-бабында Қазақстан азаматтарының мемлекеттік ... кіруіне тең құқығы бар... белгіленген. Мемлекеттік қызметті ... тағы бір жолы – кәсіби мамандарды саяси үдерістердің ... қорғау. Ол үшін заң жүзінде ... қызметкерлер саяси және әкімшілік қызметкерлер болып екі топқа бөлінді. Әкімшілік, яғни кәсіби қызметкерлердің қызметін тоқтатуға ... қызметкерлердің ауысуы негіз болмайды деп заңда нақты көрсетілді. ТМД елдерінің арасында бірінші болып Қазақстанда мемлекеттік ... агенттігі құрылды. Осы жүйелі жұмыс нәтижесінде Дүниежүзілік банк Қазақстанды мемлекеттік қызмет реформасы саласында ТМД және Шығыс Еуропа елдерінің арасындағы ... деп таныды. Қоғам ұдайы ... үстінде. Сол себептен де болар

әлемде өзінің мемлекеттік қызметімен толық ... қоғам жоқ. Бірақ әр қоғам өз даму деңгейіне байланысты мемлекеттік қызметке түрлі ... қояды.

Қажетті сөздер: *лайық, көшбасшы, даму, темірқазығымыз, қызметке, екені, қанағаттанатын жетістіктері, кәсібилендірудің, ықпалынан, мемлекеттік, саяси, қызмет істері, талап.*

**Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:**

заң	басқару
заңдылық	сақтау
дау	лайықты болу
қызметкер	жақсарту
Ата Заң	орындау
қоғам	толғау
ой	шешу
тапқырлық	туғызу

Атауыштық мағына табиғаттағы заттар мен құбылыстарға, олардың іс-әрекеті пен қимылына, сыны мен сапасына, санына, т.б. қойылған атау. Мысалы: *түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі, секір, кел, жаз, оқы, тұр, ақылдас, кеш, ерте, жақсы, ақылды, үлгілі, ақ, қызыл, қоңыр, он бес, жиырма бес, жүз, т.б.*

Атауыштық мағына іштей екіге бөлінеді: тура мағына және ауыспалы мағына. *Тура мағыналы сөз* шындық болмысты нақты бейнелеп, қазіргі тіл жағдайында негізгі атау ретінде танылады. Мысалы: байғазы – жаңа киімге не затқа беретін жоралғы, ырым. *Бүлекеңе құндыз бөрік тіктірдік. Ертең кигізгенде байғазысын, алдымен, маған беріңіз. Басқұр – керегелердің бастарын тартып, үйді айналдыра байлайтын өрнектелген жалпақ бау. Төрт-бес үйдің бәрі де аппақ, басқұрларын оюлап, оймыштап қойған.*


*Ауыспалы мағына* – негізгі мағына арқылы жасалған екіншілік мағына, қызметтік-ассоциациялық байланыстарға негізделген семантикалық туынды мағына. Мысалы: *бояу* – затты белгілі

бір түске келтіру үшін жағылатын, жұқтырылатын химиялық зат – сөздің негізгі мағынасы; осы мағына негізінде мынадай ауыспалы мағынасы жасалады: *баяу* – бір нәрсенің өңін айналдырушылық, жасандылық, жалғандық; Өз рапортында Асылбек болыс та бұларды «елді құтыртушы, қашқын» деген сияқты бояуларды көбірек жағып көрсеткен; *баяу* – ерекшелік, мәнер; Ұлттық өз бояуы, өз ерекшелігі бар идиомаларды аудару анағұрлым қиын болады.

***Мәтінді оқып, мәнін түсініңіз, өз пікіріңізбен толықтырыңыз.***

Жаман болса, жақын жау,  
 Шабан болса, атың жау,  
 Шайпау болса, қатын жау,  
 Кетеген болса, түйең жау,  
 Тебеген болса, биең жау,  
 Күнде келсе, күйеу жау,  
 Жымысқы болса, жиен жау,  
 Тіл алмаса, ұлың жау,  
 Бай алмаса, қызың жау.  
 .....Малайсары би

*Сызба бойынша Малайсары бидің сөзімен сөйлеңіз.*





Мәтіндегі негізгі ой желісін *жау – дұшпан, жау – ерегіс, жау – әрекетке тоқтау, жау – қателік, жау – ата жау, жау – жолы бөлек, жау – көңілі толмау* ұғымдары (концептері) бойынша талдап, өз пікіріңізбен пайымдау жасаңыз.

🎵 Бейне материал. «Біржан сал» фильмінен көрініс.

***Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:***

- 1) қай кейіпкердің пікіріне ерекше назар аудардыңыз.
- 2) сізге ұнаған кейіпкер.
- 3) әртістің рөлге енуіне берер бағаңыз.
- 4) көркемдік шешім және сіздің берер бағаңыз.
- 5) көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

**Өлеңді оқып шығып, ақын сезімі жайында досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар.**

Тағатсыз күткен ыстық үн,  
Жаралы хал ғой – ғашық хал.  
Күйсандық көрсең, бір тілін  
Мені ойлап бар да, басып қал.  
Тек қана көзге жас алма,  
Ойлай бер мені күніге.  
Махаббаттардың қашанда  
Ойламау жеткен түбіне.  
Жаныма қап ең жақын боп,  
Жүректе бүгін сыздау көп.  
Мен болсам кеттім ақын боп,  
Азырақ бақытсыздау боп...  
Жолығар болсам қайта мен  
Сағыныш толы сол шақпен.  
Бәрін де саған айтар ем  
Жалғыз-ақ тамшы моншақпен.

Т. Айбергенов

*Ыстық үн, жаралы хал, ғашық зал, жүректің сыздауы, жалғыз тамшы моншақ* тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.

## ? Сіз білесіз бе?

Қазақтың ерте заманнан бері ақыт есебін жүргізуде қалыптасқан жүйелерінің бірі – **мүшел**.

Мүшел жүйе негізіне сандық рет алынбай, алты адал, алты арам, яғни алты үй, алты түз хайуаны атымен аталатын жылдық күнтізбесі қабылданған. Он екі мүшел жылды иемденген хайуандар легі тышқаннан басталып, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит атауларымен жалғастырылып, доңызбен аяқталады.

Мүшел жүйесі өткен оқиғалар мезгілін анықтауға, адам жасын есептеуге, т.б. пайдаланылған. Әр мүшел жылдары наурыз айының 22 жаңасынан басталып, келер жылдың 21 наурызында тәмамдалады.

Адамның жас есебін шығарғанда сәбидің ана құрсағында өткізген уақыт бір жылға баланып, оған мүшелдің 12 жылы жалғастырыла қосылып, бірінші мүшел 13 жас деп есептеледі. Одан әрі әр он екі жыл бір мүшелге баланып, адамның жас мөлшеріне сәйкес төмендегіше атау берілген.

Бірінші – сәби, балалық мүшел 13 жас.

Екінші – ер жету мүшелі 25 жас.

Үшінші – жігіттік мүшел 37 жас.

Төртінші – орта жас мүшелі 49 жас.

Бесінші – ақсақалдық мүшел 61 жас.

Алтыншысы – қартаң тартқан мүшел 73 жас.

Жетінші – кәрілік мүшел 85 жас, т.с.с.

## 23-тақырып

### УӘЖДІ СӨЙЛЕУДІҢ НЕГІЗІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҰЙЫМДАРЫ

#### 2-сабақ

Қазақстанның жүргізген зейнетақы жүйесінің қалыптасу белестері алдын ала *қорытынды шығару*, болашағын және қазақстандық үлгіні бұдан әрі дамытудың мүмкіндікті жолдарын анықтау үшін құқық пен *негіздеме береді*. Өткен жүз жылдық

соңында зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда даулы мәселелер мен талқылаулардың *тақырыбына айналды*. Осы құбылыстың себебінен демографиялық, экономикалық және әлеуметтік сипат факторлар кешені *орын алды*. Осылардың бірқатары орта өмір сүру ұлғаюының фонында туылудың қысқару нәтижесіндегі халықтың қартаю үрдісінің жылдамдауымен *байланысты болды*. Факторлардың келесі тобы еңбек нарығындағы ілгері жылжышылықпен байланысты болды: жұмыссыздар санының өсуі, бейресми және толық емес жұмыспен қамтушылықтың таралуы, міндетті зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінен халық *бөлігінің шығуы*. Бұл өз кезегінде көп елді тәжірибеде болғандай ынтымақтастықты зейнетақы жүйенің қаржылық негізін құраған жарналары бар жұмыс істейтін халық санының *кемуіне алып келді*. Зейнеткерлер санының өсуі және қызметпен жасайтын сала жағдаятының өзгеруі ынтымақтастықты зейнетақы жүйенің тұрақтылығына *күмән келтірді*, өйткені жұмыс істейтін халыққа зейнетақы жүктемесінің шамадан тыс күшеюі анықталды. Осы қиыншылықтардың бірқатарымен Қазақстанда кезігіп, ТМД елдері кеңістігінде өз жинақтаушы зейнетақы *жүйесін құруды* бірінші болып бастады.

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да, асты сызылған сөздердің мағынасын жазыңыз.*

*Төмендегі қимыл мәнді сөздермен бірнеше сөз тіркестерін құрап, мағыналық-қызметтік айырмашылықты аңғарыңыздар.*

**Үлгі: шығару** – оқудан шығару, қолдан шығару, мектептен шығару, ойдан шығару, қорытынды шығару, көңілден шығару, театрдан шығару, жүректен шығару, т.б.

*Қорытынды шығару, негіздеме беру, тақырыбына айналу, орын алу, байланысты болу, күмән келтіру, жүйесін құру.*

*Мәтіндегі күрделі сөзбен берілген атауларды тауып көшіріп жазыңыз.*

**Үлгі:** зейнетақы жүйесі, ...

«Уәж» сөзі қазақ лебізінде «дәлел» мағынасында жұмсалады. Сөйлеу тілінде «айтар уәжің бар ма?», «бұған айтар уәжім

бар», «айтатын уәжі болмаған соң мүдіріп қалды», т.б. сияқты тұлғада қолданылады. Қазіргі қазақ тіл білімінде «уәж» термин ретінде «мотив» сөзінің баламасы ретінде алынған. Ұлттық дүниетаным негізінде қалыптасып, таңбаланған кез келген ұғым өзі белгілеп тұрған болмыстағы заттар мен құбылыстардың сипатына, ерекшелігіне, белгісіне, қасиетіне негізделеді. Өзі белгілейтін ұғымның негізгі немесе қосымша белгісіне негізделмейтін ұлт тілінде бірде-бір атау болмайды. Атау мағынасының негізгі уәжі (негізі, мотиві бар) болады.

**Уәжді мағына** – атау мағынасының түбір сөздің мағынасына негізделуі. Мәселен, *түркі тілдері* деген атаудың негізгі семасында түркі халықтарына тән тілдер деген мағына бар. Сөздегі меншіктік мән жасырын тұрған ілік септігі мен тәуелдік жалғау арқылы сақталған. Қазақ тіліндегі кез келген төл сөздің тегі мен негізделу уәжі бар. Күнделікті сөйлеуде негізді, уәжді сөйлеу – ойдың тиянақтылығын, жүйелілігін танытады.

*Мына сөздердің уәждеделу негізін анықтап, уәжді мағына сақталатынына назар аударыңыз.*

Зейнетақы жүйесі, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі, зейнетақы жүктемесі, мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры, зейнетақы реформасы, жинақтаушы қоры, зейнетақы жарнасы, зейнетақы активтері.

*Мәтіндегі сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырыңыз да, қандай мағынада жұмсалғанын түсіндіріңіз.*

Зейнетақымен ... қалыптастырудың қазақстандық тәжірибесі әлемдік ... табысты танылғандардың бірі. Реформаның мәні ... ақша пайдасына ынтымақтастықты кестеден ақырындап бас тарта ... жасалады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өту ... түрде жүзеге асырылады және 2038-2040 ж. кезеңге дейін ... аяқталғанша жалғасады. Қазіргі уақытта ... зейнетақы жүйесінің бірнеше деңгейі ... немесе олар мынадай өзгеше пиллармен де аталады:

Бірінші ... – ынтымақтастықты жүйе.

Екінші пиллар – міндетті жинақтаушы жүйе.

Үшінші пиллар – ерікті жинақтаушы жарналарына негізделген жинақтаушы жүйе.

Зейнетақымен қамсыздандырудың ... атқарып келе жатқан көп деңгейлі үлгісі Қазақстанның ... халқына есептелген. Зейнетақы төлем көздері (мемлекеттік бюджет және / немесе зейнетақы жинақ ақшалары) анықтайтын санаттар бойынша халықтың бунақтары ... жүйесіне тартылған қазақстандықтардың ... ерекшеліктеріне негізделген.

**Қажетті сөздер:** мемлекетімізде, жинақ, жас, ұсынылды, зейнетақы, жоспарлы, қамсыздандыруды, отырып, түбегейлі, деңгейде, пиллар, бүкіл.

**Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:**


ішкі инвестиция қаржылық мемлекеттік бағалы облигациялар басқару отандық қор жинақтаушы қор зейнетақымен жинақ	ақшалары шығару холдингі зейнетақы жүйесі құралдар қағаздар нарығы нарығы қамсыздандыру
--	---

*Мәтінді оқып, мәнін түсініңіз, өз пікіріңізбен толықтырыңыз.*

Тұлпардан тұлпар туады,  
Сұңқардан сұңқар туады,  
Асылдан асыл туады,  
Жалқаудан масыл туады.  
Масылдан малбақпас туады,  
Тілазардан қалжақпас туады.  
Таздан жарғақпас туады,  
Сараңнан бермес туады.  
Соқырдан көрмес туады,  
Мылжыңнан езбе туады.

Майқы би

Сызба бойынша Майқы бидің сөзімен сөйлеңіз.



Мәтіндегі негізгі ой желісін «*жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат*» және «*жаманнан жақсы туар, адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туар, бір аяқ асқа алғысыз*» мақалдары негізінде талдап, өз пікіріңізбен пайымдау жасаңыз.

🎵 Бейне материал. «Алдар көсе» аңыз әңгімесінен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

- 1) қай кейіпкердің пікіріне ерекше назар аудардыңыз.
- 2) сіз білетін алдар көсенің әңгімесін әңгімелеп беріңіз.
- 3) бауырыңызға, балаңызға қандай ертегі айтып (оқып) бердіңіз.
- 4) қазіргі балаларға ертегі оқудың қажеттілігі бар ма?
- 5) көркемдік шешім және сіздің берер бағаңыз.
- 6) көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

Өлеңді оқып шығып, ақын сезімі жайында досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар.

## Дауыл

Ышқына соққан дауылға,  
Құмартушы ем жасымда.  
Нөсерлеп күйған жауында,  
Қызығушы ем жасынға.  
Жүгіруші ем жарысып,  
Сарыарқаның желімен.  
Ойнаушы еді алысып,  
Соққан дауыл менімен...  
«Дауыл! Дауыл!» дегенге,  
Шықтық үйден дүркіреп.  
Аспан тұрды төбемде  
Аласұрып, күркіреп.  
Дүние сол кез дүрілдеп,  
Келе жатты бір дауыл.  
Түндіктері желпілдеп,  
Күтіп тұрды жарлы ауыл.  
Шыр айналды шаңырақ,  
Сықырлады сырғауыл.  
Бұрқырады бар аймақ,  
Соқты ышқына көк дауыл.  
Көшті дауыл керуені,  
Ілестім де мен кеттім.  
Көк дауылдай кеуделі,  
Жігіт болдым, ер жеттім.  
Мен дауылдың ұлымын,  
Тұра алмаймын дауылсыз.  
Қарсы алуға дайынмын,  
Сокса да дауыл дамылсыз.

Қ. Аманжолов

*Ышқына соққан дауыл, көк дауыл, дауыл керуені, кеуделі жігіт, дауылдың ұлымын тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.*

## ? Сіз білесіз бе?

### Қазақша күн қайыру

Қазақ есепшілері бағзы заманда аспан әлеміндегі және жер бетіндегі сан-қилы табиғат құбылыстарын ұзақ жылдар жіті ба-

қылап, зерттеп, Күн, Ай, Жұлдыз секілді аспан шырақтарының бір-бірімен тығыз байланыстылығын, олардың көк жүзіндегі қозғалыстары арқылы жыл маусымдарын, ай, тәулік уақыт өлшемдерін анықтаған. Осы қағида негізінде нысанаға Ай мен белгілі бір Жұлдыздың кездесуі алынып, халықтық күн қайыру жүйесі жасалған. Оның алғашқысы – **Қамбар тоғысы**. Қамбар (Арыстан) жұлдызы күз айларында туып, жаз айларында батады. Халық бақылауынша, ол көк күмбезінде Аймен бес рет, алғашында, айдың тоғыз жаңасында тоғысады. Сондықтан бұл ай (қазан айы) тоғыздың айы атанған. Келесі жолғы Қамбар жұлдызы мен Айдың жеті жаңасында кездесуі жетінің айы (қараша айы) деп белгіленген. Осы ретпен Айдың Жұлдызбен бес жаңасында кездесуі – бестің айы (желтоқсан), үш жаңасында кездесуі – үштің айы (қантар), бір жаңасындағы тоғысуы – бірдің айы (ақпан) саналған.

Қамбар тоғысы жүйесі бойынша жыл басы – ақпан айының бірінші жұлдызы. Уақыт өте келе уақыт өлшемдерін дәлдеу мақсатында есепшілер аспан шырақтарының жыл бойы қозғалысында Аймен көбірек тоғысатын, күн белдеуінде жүрер жолы ұзақ жұлдызды іздеп, ақыры осы талапқа сай келер Үркер шоқжұлдызын анықтаған. Осы кезден бастап қазақша күн қайыру жүйесіне **Үркер тоғысы** енген.

## 24-тақырып

### АТАУДЫҢ ТҮТАСТЫҚ ҚАСИЕТИ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР

#### 3-сабақ

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да асты сызылған сөздерге түсінік беріңіз.*

Адам дүниеге келгеннен бастап, өзіне қажетті әрі мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуі тиіс құқықтар мен бостандықтарға ие және Қазақстан Республикасы Конституциясында осыған терең назар аударылған. Әркімнің өзінің жеке басының бостандығы заң жүзінде қорғалған. Заң бойынша адамның жеке басының



кадір-қасиетіне қол сұғылмайды, мемлекет тарапынан кепілдіктер беріледі, оларды іске асыру үшін қажетті шаралар қабылданады.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында: «Қазақстанның Конституциясында әлеуметтік мемлекетті құрудың негізгі құқықтары мен принциптері бекітілген. Бұл орайда негізгі міндеттердің бірі әлеуметтік құқықтарды қамтамасыз ету мен қазіргі әлеуметтік саясатты іске асырудың ықпалды тетіктерін одан әрі қалыптастыру болып табылады» деп айтылған және оның іске асырылуы үшін бағыттар мен шешу жолдары тағы да аталып өтілген.

Әлеуметтік мемлекет құру тақырыбында аталған тұжырымдамада бірқатар қазіргі уақыттағы өзекті мәселелер қозғалып, әлеумет мәселесінің аса маңызды, мемлекет тарапынан тыс қалмаған, керісінше, әлеуметтік өмірді дамыту құқықтық мемлекеттің басты міндеті екені бірнеше рет аталып кеткен: «*Мемлекеттің кешенді, көпсалалы сипаттағы әлеуметтік-құқықтық саясаты әлеуметтік маңызы бар проблемалардың кең ауқымын шешуге бағытталған*».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында: «*Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады*» деп белгіленген.

Яғни Қазақстан Республикасы өзін:

1) демократиялық, яғни демократия сипаттары мен қағидаттары бар;

2) зайырлы, яғни дін мен мемлекеттің арасы ажыратылған;

3) құқықтық, яғни құқықтық мемлекеттің бірден бір белгісі – биліктің үш тармағы дараланған;

4) сондай-ақ әлеуметтік, яғни адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы қағидаты орын алған мемлекет ретінде жариялайды.

Осы аталғандарды қорыта келе, «*оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары*» деп бекіткен.

*Төмендегі сөздермен бірнеше сөз тіркестерін құрап, мағыналық-қызметтік ерекшеліктері – терминдік мағынасы мен*

*жалпы қолданыстағы мәнінің ерекше сипатына көңіл бөліңіздер.*

- жеке басының бостандығы, кепілдік, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік, мемлекет, бостандық, азамат құқықтары, қол сұғылмайды, қымбат қазына.

**Үлгі:** *жеке басының бостандығы заңмен қорғалған* – терминдік мән, *жеке басының бостандығы қымбат* – жалпы қолданыстағы мәнi.

Лебізде айқын, нақты сөйлеу – тыңдаушының назарын аударудың басты шарты. Әр сөздің мағынасы мен мәнін терең түсіну – орнықты сөйлеудің жемісі. Ой нақты, айқын болып, сөз де мақсатты, мәнді болу керек. Күрделі сөздер **мағыналық, тұлғалық және синтаксистік құрылымы** жағынан бір **тұтастықта** болады.

Кей сөздердің дұрыс жазылуын аңғарыңыз:

- *еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздерімен біріккен есімдік, үстеу сөздер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады: *әркім, әрбір, әрдайым, әрқашан, ешкім, ешбір, ешқандай, кейбір, қайбір, қайсыбір, бірдеңе, бірнеше, бірталай, біраз, бірсыпыра, біржолата, т.б.*
- *Еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздері зат есімдермен тіркескенде бөлек жазылады: *еш адам, әр бала, қай үй, кей адам, бір жұмыс, т.б.*
- екінші сыңары *аралық, тану, сымақ* деген сөздер немесе бірінші сыңары *фото, электр, радио, авто, авиа, аэро, кино, гидро, агро, транс, инфра, ультра, изо, гипер*, ал екінші сыңары төл сөздерден құралған атаулар бірге жазылады: *халықаралық, ауданаралық, жаратылыстану, шығыстану, абайтану; шешенсымақ, фотосурет, электрустара, радиоқабылдағыш, т.б.*
- *ұлы, қызы* сөздері фамилия мен әкесінің атын білдіретін сөздермен тіркескенде жалқы есімге қосылып жазылады. Мысалы: *Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Сара Сәтбайқызы Есова.*
- қос сөздердің барлық түрі дефиспен (-) жазылады. Мысалы: *дүркін-дүркін, үлкен-кіші, үлкенді-кішілі, аяқ-та-*

*бақ, қып-қызыл, қолма-қол, көзбе-көз, қолды-қолына, жалт-жалт, жалт-жұлт, өзінен-өзі, т.б.*

*Мәтіндегі күрделі сөзбен берілген атауларды тауып көшіріп жазып, олардың мағыналарының тұтас бір мағынаны білдіретініне көңіл бөліңіздер.*

**Үлгі:** әлеуметтік-құқықтық саясат, білім беру, т.б.

Мемлекеттің кешенді, көпсалалы сипаттағы әлеуметтік-құқықтық саясаты әлеуметтік маңызы бар проблемалардың кең ауқымын шешуге бағытталған. Оған, атап айтқанда, білім беруді және денсаулық сақтауды, халықты жұмыспен қамтамасыз ету мен әлеуметтік қорғауды, қоршаған ортаны қорғауды және төтенше жағдайларға жол бермеуді құқықтық реттеу жатады. Нарықтық экономика жағдайында еңбек нарығының және халықтың жұмыспен қамту проблемаларының болуы еңбектің құқықтық қатынастарының өзекті мәселесі болып табылады. Осыған байланысты еңбек заңнамасын жүйелі талдау негізінде оның қолданылу тәжірибесін жүйелі талдау әрі осы саладағы халықаралық тәжірибені ескеру қажет. Бұл ретте еңбек қызметінің және еңбеккерлердің еңбек жағдайының сипатына байланысты еңбек және әлеуметтік заңнаманы одан әрі саралау мәселелері, сондай-ақ әлеуметтік әріптестіктің құралдары мен қолдану саласын кеңейту мәселелері пысықтауды талап етеді. Әлеуметтік саладағы заңнама мемлекеттің әлеуметтік саясаты басымдықтарының серпінін, мемлекет беретін әлеуметтік игіліктердің тізбесі мен негіздерін кеңейту, әлеуметтік қамтамасыз етуге бағытталған қаржы көздерін айқындауда азаматтардың қатысуының жаңа нысанын жасауды есепке ала отырып, үшқыр болуы тиіс. Әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейі осы саладағы іркіліссіз норма түзушілік процесін көздейтін мемлекеттің қаржылық мүмкіндігінің өсуіне байланысты жүйелі түзетілетін болады.

(Интернет материалдары)

Мына күрделі сөздердің уәжделу негізін анықтап, уәжді мағына сақталатынын өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

Кәсіпкерлік белсенділік, акционерлік қоғам, мүлік иеленуші, ұйымдық-құқықтық нысан, Азаматтық кодекс, азаматтық-құқықтық нормалар, зияткерлік меншік құқығы, халықаралық

стандарттар, мүліктік құқық, нормативтік құқықтық актілер, қаржылық қызмет.

*Төмендегі сөздерді қатыстырып, бірнеше сөз тіркестерін құрап, оның қайсысы терминдік мағынада, қайсысы жалпы қолданыстағы мағынада тұрғанын саралаңыз.*

Қоғам, адам, жағдай, әрекет, азамат, құқық, заң, қаржы, мүлік, қызмет.

**Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:**

халықаралық	құқығы
зияткерлік меншік	төрелігі
құқықтық	тұрақтылық
қаржылық	реттеу
әлеуметтік-құқықтық	құқығы
нарықтық	төлемдер
халықаралық	қызметі
әлеуметтік	саясат
әлеуметтік	талаптар
табиғатты қорғау	экономика
азаматтық іс жүргізу	тәжірибе
сот	заңнама


*Мәтінді оқып, мәнін түсініңіз, өз пікіріңізбен толықтырыңыз.*

Шешендіктен не пайда,  
Артында сөзі қалмаса?  
Батырлықтан не пайда,  
Халқына қайран қылмаса?  
Хандықтан не пайда,  
Қарашасын жалмаса?  
Молдалықтан не пайда,  
Шариғатты өзгертіп,  
Нашарларды алдаса?

Төле би

Төле би бабаның ойын бүгінмен жалғап, тағы қандай ой қосар едіңіз? Бос клетканы өз пікіріңізді негіздей отырып толтырыңыз.

Төле би бабаның негізгі ой желісін «Адамдық борышың, Халқыңа еңбек қыл» деген Шаһкәрім Құдайбердіұлының сөзі негізінде талдап, пайымдауыңызды ойтолғау түрінде жазыңыз.



🎬🎵 Бейне материал. Көркем фильмнен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

1. Сіз қазақша көркем фильм көресіз бе?
2. Сізге ұнайтын Қазақ фильм туындысы.
3. Сізге ұнаған көркем бейне.
4. Қай сөздің мағынасына назар аудардыңыз?
5. Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

Өлеңді оқып шығып, ақын тұжырымы жайында досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар.

### **Адамдық борышың**

Адамдық борышың –  
Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнымай,  
Ар сақта, оны біл.  
Талаптан да, білім мен өнер үйрен.  
Білімсіз,  
Өнерсіз  
Болады ақыл тұл.

Мақтанға салынба,  
Мансаптың тағы үшін,  
Нәпсіңе билетпе,  
Басыңның бағы үшін.  
Өміріңді сарп қыл өлгеніңше,  
Жоба тап,  
Жол көрсет,  
Келешек қамы үшін.  
Қайтадан қайрылып,  
Қауымға келмейсің.  
Барынды,  
Нәріңді  
Тірлікте бергейсің.  
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –  
Шын бақыт,  
Осыны үк,  
Мәңгілік өлмейсің!

Шаһкәрім Құдайбердіұлы

- *Адамдық борышың, ақ жол, мансаптың тағы, басыңның бағы, жоба тап, жол көрсет, келешек қамы, із қалдыру, гибрат алу, мәңгілік өлмеу* тіркестерінің ішкі терең мағынасын түсіндіріңіздер.
- *Адамдық борышың, ақ жол, мансаптың тағы, басыңның бағы, жоба тап, жол көрсет, келешек қамы, із қалдыру, гибрат алу, мәңгілік өлмеу* деген тұлғалардың контекстік мағыналарының тұтастығын дәлелденіңіздер.

*Мәтіндегі көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып көшіріңіз. Термин сөздердің астын сызыңыз.*

30 тамызда Қазақстан халқы ... қабылдап, еліміздің құқықтық өміріндегі жасампаз жаңа ... қадам басқан еді. Содан бері қарай ... тірегіне айналған Ата Заң мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық ... , әлеуметтік реформалардың ілгері басуына, дамудың ... айналды. Осы жылдардан бері мемлекет пен ... дамуындағы өзгерістер – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік ... ретінде орнығу талпыныстарының бәрі Ата заң ... негізінде жүзеге .. келеді.

**Қажетті сөздер:** дәуіріне, қоғамның, мемлекет, асырылып, қағидалары, қайнар бастауына, тәуелсіздігіміздің, тарихи шешім, саяси-экономикалық.

## ? Сіз білесіз бе?

### Қазақтың сүттен жасайтын тағамдары:

**Уыз.** Мал жаңа төлдеген кезде оның алғашқы сүті қою болады. Сондықтан оны жақсылап қайнатып уыз алады. Уыз – қою, сары түсті, дәмді ас. Онда әр түрлі витаминдер көп болады.

**Ірімшік.** Сүттен ірімшік жасау үшін, ең алдымен, сауылған сүтке ашытқы салып бірнеше сағатқа қояды. Қазақ халқы ашытқыны қойдың ұлтабарынан жасаған. Оны мәйек деп атайды. Содан кейін мәйекті шығарып қойып, ашыған сүтті пісіреді. Дайын болған кезде ірімшік жалпақ-жалпақ болып шығады да сары суы бөлінеді. Ірімшікті сүзіп алып кептіреді. Содан кейін таза қалтаға салып қояды. Мәйек салынып пісірілген ірімшік сап-сары, өте дәмді болады. Оған қант салмаса да, қант дәмі шығады. Бұрын қазақ халқында қант болмаған. Қанттың орнына ірімшікпен шай ішкен. Ірімшікті қой сүтінен және сиыр сүтінен жасайды. Қой сүтінен жасалған ірімшік дәмдірек болады.

**Айран.** Айран, негізінен, сиыр сүтінен жасалады. Піскен сүт 40 градусқа дейін суытылады. Суыған сүтке бір қасық ашыған айран немесе бірнеше (1-2) құрт салынады да, жылы жерге бірнеше сағатқа қояды. Айран ішінен ұйып, айранға айналады.

**Құрт.** Ашыған айраннан, қатықтан құрт алынады. Майы алынған айранды әбден қайнатады. Сонда онда сүттің негізі мен суы айырылады. Қайнаудың нәтижесінде құрт пайда болады. Алынған массаны қолмен илеп, тұз қосады да, әр түрлі формаға салып құрт жаяды. Сонан кейін оны кептіріп қояды. Кептірілген құртты жеуге болады. Тұз салынған соң оның әдемі қышқыл дәмі болады.

**Малта.** Қазақ халқы құртты ерітіп, оны жақсылап езеді. Езілген құртты малта деп атайды. Малтаны жас сойылған малдың сорпасына қосып ішсе, сорпаның жақсы, қышқыл дәмі кіреді. Малтаның емдік қасиеті болады. Әсіресе оны жас аналарға, іші қатып қалған балаларға береді.

**Қаймақ.** Қаймақты жаңа сауылған сүтті сепаратордан өткізу арқылы алады. Ал бұрынғы кезде қаймақты сүтті пісіріп, содан кейін оны суытып қойып, бетіне шыққан қаймақты алған. Сүт сепаратордан өткен кезде қаймаққа және суға ыдырайды. Қаймақ өте дәмді, сары түсті, қою ас. Оның құрамында май мол болады.

**Май.** Ұйытылған айранды күбіге құйып, бірнеше минут піседі. Сонда оның бетіне май үйіріліп шығады. Майды алып, ыдысқа салады да оны таза сумен бірнеше мәрте жақсылап жуады. Дайын болған майға қажетіне қарай тұз салынады. Сары май құрамы жағынан өте құнарлы, дәмді болады.

## 25-тақырып

### ТЕРМИНДЕРДІҢ БЕЛГІЛЕРІ ЖАРНАМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

#### 4-сабақ

Еліміздің заңында жарнамаға қатысты мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылған:

1) жарнама – адамдардың беймәлім тобына және жеке, заңды тұлғаларға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге жәрдемдесетін кез келген нысанда, кез келген құралдардың көмегімен таратылатын және орналастырылатын ақпарат;

1-1) сыртқы (көрнекі) жарнама – жылжымалы және жылжымайтын объектілерде орналастырылған, сондай-ақ ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлінген белдеулеріндегі және елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырылған жарнама;

2) жөнсіз жарнама – мазмұнына, уақытына, таратылу, орналастырылу орнына және тәсіліне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуына жол берілген жосықсыз, дәйексіз, әдепсіз, көрінеу жалған және жасырын жарнама;

3) жарнама беруші – жарнама жасау, тарату және орналастыру үшін жарнамалық ақпарат көзі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;



4) жарнама жасаушы – жарнамалық ақпаратты тарату және орналастыру үшін дайын нысанға келтіруді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

5) жарнама таратушы – мүлікті, соның ішінде радио, теледидар хабарларын таратудың техникалық құралдарын беру және пайдалану жолымен әрі өзге де тәсілдермен жарнамалық ақпаратты тарату мен орналастыруды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

6) жарнама тұтынушылар – жарнама арналған жеке және (немесе) заңды тұлғалардың беймәлім тобы;

7) жүгіртпе жол – жарнама таратудың теледидар бойынша кино және бейнеқызмет көрсетуде берілетін тәсілі, ол теледидар экрандарында, сондай-ақ дербес мониторларда – тұрақты орналастыру объектілерінде жиынтығымен белгілі бір ақпаратты құрайтын әріптер, цифрлар, белгілер тіркесінің тізбектесіп алмасуымен (қозғалуымен) сипатталады;

8) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы ақпарат – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және тауармен (жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен), оның айырым белгілерімен және оны пайдалану ерекшеліктерімен таныстыру мақсатында сатып алушыға (тұтынушыға) жеткізілетін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер), дайындаушы, сатушы, жеткізуші туралы мәліметтер.

1. Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да асты сызылған сөздердің терминдік мағынасына назар аударып, қалай жасалғанын анықтаңыздар.
2. Жұрнақ арқылы жасалған терминдерді бір бөлек, бірігу арқылы жасалған терминдерді бір бөлек жазыңыздар.

Сізге ұнаған және ұнамаған терминдерді айырып жазыңыз да себебін түсіндіріңіз.

Аударма терминді қабылдаймын	Аударма терминді қабылдамаймын

*Төмендегі сөздермен бірнеше сөз тіркестерін құрап, терминдік мағынасы мен жалпы қолданыстағы мәнінің ерекше сипатына көңіл бөліңіздер.*

Жарнама, баспасөз, газет, журнал, жарнама жасау, жарнама тарату, нысан, қызмет, мәлімет, тәсіл.

**Үлгі:**

Терминдік мағына: *көшедегі жарнамалар, жарнама қызметі, жарнама мәні.*

Жалпы қолданыстағы мәні – *өзін жарнамалау, қызылды-жасылды жарнама, көшедегі жарнама, мәнсіз жарнама, т.б.*

Қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің басты ерекшеліктері:

- анықталатын ұғымның дәлдігі;
- таңбаланған атаудың қазақилығы;
- терминнің жалқылық сипатының болуы;
- терминнің нақтылығы;
- әрбір терминнің мазмұндық уәжділігі

Қазақ тіліндегі көптеген терминдер сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады: *-шы, -ші, -ты, -ті, -сыз, -сіз, -лық, -лік, -ма, -ме, -у, -ым, -ім, -ман, -мен, -нама, -шілік, -шілдік, т.б.* Мысалы: *дауысты, дауыссыз, туынды, бірлік, орам, сайлау, жарнама, тұтынушы, т.б.*

Қазіргі кезде термин жасаудың белсенді жолы – *аналитикалық тәсіл*. Екі не бірнеше сөздер тіркесіп, бірігіп, кейде қосарланып, жаңа терминдік мәнде жұмсалады. Мәселен, *жазу ережесі, ана тілі, дыбыс ырғағы, жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы, халықаралық стандарттар, мүліктік құқық, нормативтік құқықтық актілер, қаржылық қызмет, т.б.*

*Мәтіндегі күрделі сөзбен берілген терминдерді тауып, жасалу жолына қарай бөліп жазыңыз.*

Бәсеке дегеніміз – бір жағынан, іс-қимыл жасайтын салада ұнамды нәтижеге жету үшін жүріп отыратын экономикалық жарыс, шаруашылық жүргізудің қолайлы жағдайына ие болу үшін, пайданы мол алу үшін тауар өндірушілердің бір-бірімен күресі. Екінші жағынан, ол – нарық субъектілерінің өнімді өндіру мен оны өткізудегі және капиталды қолдану сферасындағы арақаты-

настары. Форма жағынан бәсеке ұйымдастырудың нормалары мен ережелерінің, мемлекеттік және жеке құрылымдардың директивалары мен іс-қимыл әдістерінің жүйесі. Бәсекені экономикалық процесс ретінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің белгілі әрекеттері жиынтығының түрі деп тануға болады. Осы әрекеттер экономикалық цикл ретінде жинақталады.

*Ғылыми, көркем әдеби, көсемсөз стилінде келетін сөздерді бағанамен бөліп жазып, олардың жасалу жолын түсіндіріңіздер. Термин ретінде жұмсалатын сөздерді бөлек көшіріңіздер.*

Дүние жүзі тілдері, көне көз жәдігерлер, жер шары, жиынтық атау, дерек, шындық, ұзын саны, тұжырым, ақтаңдақтар, жол жүйесі, қалашық, ақылға келу, барымта, сөзге келу, ауызға алу, географиялық атау, шіркін дала, байтақ ел, түсінік беру, болашақ, ұрпаққа мұра, көне түркілік жазба ескерткіштер, сезім мен сенім, эстетикалық тәрбие, көсемсөздің шебері, қолы шебер, электр тоғы, мыс тотығы, уран өндірісі, ішкі мазмұны мен сырын ұғыну, құндылық, байсалды шешім.

*Белгіленген сөздерді мағыналас (синоним) сөздермен алмастырып, олардың мәтіндегі мағынаға әсер еткенін бағалаңыздар.*

*Синонимдердің орнын алмастырып, қолдануға болатын немесе болмайтын жағдайларды бағалаңыздар.*

Халық арасында Қазығұрт тауы **қақында** бұрыннан қалған **аңыз** бар. **Қарт** адамдардың айтуларына қарағанда, Құдай **баста** жерді, көкті жаратқанда, Қазығұрт тауы да бірге жаралған. Өзі аласа тау болса да, **жер жүзіндегі** таулардың **қасиетгісі**. Ілгеріде жер жүзін топан суы басып кеткенде, **жалғыз** осы Қазығұрт тауы **аман қалған** екен. Қазығұрт тауының басында, күнбатыс жағында **азырақ** тегіс жер бар. Ол жер Нұқ пайғамбардың кемесінің **орны** дейді. Қазығұрттың басында бір үңгір болса керек. Ол үңгірдің үстіне ағаш шаншып қойған Қазығұрт атаның мола-сы дейді екен. Басқа жерлерді бұлт басса да, Қазығұрттың басын бұлт **шалмайды** екен. Егер де Қазығұрттың басына бұлт шөгіп, **көрінбей** қалса, қариялар Қазығұрт қарасын киді деп, **қатындар** күлпарасын киеді екен. Сол уақытында жұрттың **бөрі** дала-

дағы **нәрселерін** үйге қояды екен, Қазығұрттың басын жапқан бұлт жаумай кетпес деп, қазақтардың бұрынғы замандағы **ақындары** Нұқ пайғамбардың кемесінен қалған жануарлар **туралы** мынаны айтады екен:

«Қазығұрттың **басында** кеме қалған,  
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?  
Жетім бота үстінде жатып қалып,  
Ойсылқара жануар содан қалған.  
Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?  
Қыршаңқы тай үстінде жатып қалып,  
Қамбар ата жануар содан қалған.  
Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол «**әулие**» болмаса, неге қалған?  
Тышқақ тана үстінде жатып қалып,  
Зенгібаба жануар содан қалған.  
Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?  
Қотыр тоқты үстінде жатып қалып,  
Шопаната жануар содан қалған...»

*Мына термин сөздерді жасалу жолдарына байланысты бөліп жазыңыздар.*

өнім, құрам, сәйкестік сертификаты, сертификат белгілері, мемлекеттік стандарттар, нарық, жарнама, өнімнің құны, ақы төлеу, қосымша шарт, кепілдік міндеттеме, заңды тұлға, зияткерлік қызмет, мемлекеттік нышандар, елтаңба, халықаралық ұйымдар, химиялық жанармай, зымыран двигателдері, атмосфераның төменгі қабаты, ғарыш айлағы, жеткізгіш, тотықтырғыш, көміртегі, сұйық оттегі, сутегі, булану, азот қышқылы.

**Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:**

жарнама туралы нормативтік құқықтық халықаралық	орындары қауіпсіздігі қоздыру
---	-------------------------------------


арнайы авторлық жарнама эфирге мемлекеттік бұқаралық мерзімді діни оқу мемлекет рулық араздықты	күқык шарт заңдар актілері талап тіл ақпарат құралы шығу беруші баспасөз басылымдары
--	---

*Мәтінді оқып, мәнін түсініңіз, өз пікіріңізбен толықтырыңыз.*

Алтын ұяң – Отан қымбат.  
Құт берекең – атаң қымбат.  
Аймалайтын анаң қымбат.  
Мейірімді апаң қымбат.  
Асқар тауың – әкең қымбат.  
Туып-өскен елің қымбат.  
Ұят пенен ар қымбат.  
Өзің сүйген жар қымбат.

Қазыбек би

Қаз дауысты Қазыбек би бабаның ойын бүгінгі танымдық өзгерістермен жалғап, тағы қандай пікір қосар едіңіз? Сіздіңше тағы не қымбат?



*Мәтіндегі негізгі ой желісін белгілі қазақ ақыны Қасым Аманжоловтың мына өлең жолдары арқылы тақырыптап, ойтолғау жазыңыз.*

Уа, дариға – алтын бесік туған жер,  
Қадірінді келсем білмей кеше гөр!  
Жата алмас ем, топырағыңда тебіренбей,  
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

*Мына сөздермен түбірлес сөздерді тауып тізіп жазыңыздар, мағыналық уәжделуіне байланысты пікірлеріңізді білдіріңіздер.*

Отан, ел, жар, жер, алтын, ар, құт.

**Үлгі:** от – Отан, отбасы, отағасы, от анасы, от ала келгендей, от алғалы тұр, отасу, отау, отауға салды, отау тікті, от жағу, отқа түсті, от тұтатты, отты көз, оты бетіне шығу, оты қашты, т.б.

  Бейне материал. Көркем фильмнен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

- Сізге ұнаған көркем бейне.
- Қай сөздің мағынасына назар аудардыңыз?
- Көрсетілген бейнематериалдан не түюге болады?
- Сіздіңше, жақсылық пен жамандықтың арақатысы қандай?
- Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

Өлеңді оқып шығып, ақын тұжырымы жайында досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар.

### **Шәкірт ойы**

Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қараңғылықтың көгіне,  
Күн болмағанда, кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін,  
Жылытуға мен кірермін!  
Еңбек, бейнет тарауы,  
Рақатқа сарқылар.  
Қыздырып күннің қарауы,  
Надандық теңізі тартылар.  
Орны отайып көгерер,  
Қызығын жайлап ел көрер.  
Тұрмыс, тағдыр – бірі де  
Бұл мақсаттан бұра алмас,  
Қаһарман, Рүстем, Әлі де  
Бұрам деп жолда тұра алмас.  
Сыланған жардың күлкісі,  
Алдандырмас бір ісі.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

*Қараңғы қазақ көгіне, күн болам, мұздаған елдің жүрегі, надандық теңізі, қызығын көру, сыланған жардың күлкісі тіркестерінің ішкі терең мағынасын түсіндіріңіз.*

### **? Сіз білесіз бе?**

*Мәтінді оқып шығып, мазмұны мен мәніне көңіл бөліңіз. Туған жердің қасиеті туралы өз пікір-пайымдауыңызды айтыңыз. «Менің туған жерім» тақырыбына ойтолғау жазыңыз.*

Асан қайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, көгорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді. «Елді сол жерге қоныстандырсам!» – деп арман етеді. Жүрген жерінде жақсы қонысқа да, жаман қонысқа да баға беріп отырады. Түркістанның қасында ескі қорған қала Сауранды көргенде: «Әттеген-ай, қорғанды ай тақырдың бетіне, Шөлістанның өтіне салған екен. Сарқырап аққан суы жоқ, жайқалып тұрған нуы жоқ, түбі тұрақты қала бола алмас», – деген екен. Асан қайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты. Асанның екі баласы: «Маңғыстау малға жайлы қоныс бола алар ма?» – дегенде Асан қайғы: «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас», – депті. Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың ағашының басы сайын жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс екен», – депті. Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірмес», – деп Асан қазіргі

Баянауылды өзіне жайлау етіпті. Қаратал өзенінің өлкесін көргенде: «Ей, сарқырап аққан Қаратал, артың кең, алдың тар-ау!» – депті. Өйткені бұл өзен құмға сіңіп жатады екен. Осы күнгі Мерке ауданындағы Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер!» – деп жүріп кетіпті. Шу өлкесін көргенде: «Ей, Шу, атыңды теріс қойыпты! Тегінде бір шулағаның болмаса, ну қамысың еліңді жұтқа бермес», – депті. Шудың аяғында Сарысу елі шөп жимай, Шудың қамысын қыстап, жаз Арқаны жайлайды екен. Әулие атаның (қазіргі Тараз қаласы) шығысынан аққан Талас, батысынан аққан Келес дейтін өзендерді көргенде, малға жайлы екенін біліп: «Ей, екі Талас, бір Келес, малсыз күнің кенелмес. Жері де жайылған малға жұт болмас!» – деген екен. Жуалы жеріндегі Ауан дейтін қара топырақты, егістік аймақты көргенде: «Шөбің шүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған ел білер», – депті. Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) тұсындағы Сыр өлкесін көргенде: «Ей, Ақмешіт, жерің шаң екен, суың жар екен, әр бұтаның түбінде кесек етің бар екен! Елің жұтамас, малыңның көзіне сақ бол!» – депті. Қарсақбай аймағын көргенде: «Айналаң жапан түз екен, тауыңның асты жез екен, екі тауың ел біткенді шақырар, басына байлық қонар, жұртың ашықпас!» – деп жүріп кетіпті. Нарын – Самар аймағын көргенде: «Е, Нарын, тайың айғырдай, тайлағың бурадай екен! Қысың ұзақ: шаруаңа сақ бол!» – депті. Шыңғырлау өзенін көргенде, түсе қалып, Желмаясын оттатып: «Жылқының өзі өскен жоқ, Шыңғырлау, сен өсірген екенсің!» – деп қонып кетіпті. Бірақ Асан ол кезде шұрайлы, қоныс, нулы өлке таба алмапты. Ол Ұлытау жаққа келіп дүниеден өтіпті.

## 26-тақырып

### АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ МЕН КІТАБИ ТІЛ ТАРИХЫҢДЫ ТАНЫ

#### 5-сабақ

Әл-Фарабидің ғылыми мұрасы адамзаттың саяси ойларының дамуына үлкен әсерін тигізді. Әлемнің екінші ұстазы саналатын ғалым араб, латын, иврит және басқа да тілдерде жүзден



аса еңбегі қазіргі қоғамға мұра болып қалды. Жалпы ғұламаның шығармашылығы туралы төмендегідей мәліметтер бар: Ибн-Надим «Әдебиеттер тізімі» кітабында Фараби еңбектерінің жетеуін көрсетсе, Саид әл-Әндалуси өзінің «Ұлыстар» еңбегіне мың төрт кітабын енгізген. Ал әл-Қифти «Билеушілер тарихы» атты еңбегінде Фарабидің 74 шығармасын атаса, Ибн Әби Усейба 113 еңбегі бар екенін «Тәуіптер жайлы дерек көздер» атты кітабында жазады.



Ғұлама ғалымның ғылыми мұралары Шығыс пен Батыс ғылымы мен мәдениетінің дамуына зор ықпалын тигізді. Ибн-Баджа, Ибн-Туфайль, Ибн-Рушд, әл-Бируни, Ибн-Сина, О. Хайям, Р. Бэкон, Ф. Аквинский секілді өзге де ойшылдар өз шығармашылығында әл-Фараби еңбектеріне сүйенді.



Әл-Фараби «Қайырымды қала» атты еңбегінде «адамдар шынайы бақытқа тек қайырымды қалада ғана қолы жетеді» деп тұжырымдай келіп, Қайырымды қаланың келбетін аша түсу мақсатында адамдар қоғамдастығы шоғырланған қалаларды классификациялап бөледі. Қайырымды қалада алдарына іс-әрекеттің өзара жәрдем көрсете білу мақсатын қойған қоғамдастығы бар қала халқы ғана бақытқа жете алады. Әл-Фараби шынайы бақыт жолында ынтымақтастық жолы ерекше дейді.

Ғалымның «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты трактатында қалаларды қалай басқару керектігі туралы, олардың көркеюіне, ондағы тұрғындар тұрмысының жақсаруына көмектесу, оларды бақыт жолына бағыттап отыруға қатысты ерте заман ойшылдары айтқан көптеген негізгі қағидалары қамтитын нақыл сөздер берілген.

Ізгі қала бес түрлі адамнан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан. Ең құрметті адамдар санатына даналар, пайымдағыш

адамдар, маңызды істерде беделді болатын адамдар жатады. Олардан кейін діни қызметкерлер мен шешендер, атап айтқанда, дін уағызшылары, сөз шеберлері, ақындар, музыканттар, хатшылар және солар сияқтылар да солардың тобына жатады. Өлшеушілер дегеніміз – есепшілер, геометрлер, дәрігерлер, астрологтар және басқа сондайлар. Жауынгерлер дегеніміз – жасақшылар, сақшылар және соларға ұқсастар солардың тобына жатады. Байлар дегеніміз – қалада байлық табатындар: егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер және басқа сондайлар, – деп жазады ғұлама ғалым (137-б.).

Бұл – біздің тарих. Бұл – біздің бабамыз.

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да, ондағы өзіңіз маңызды санаған ақпараттар туралы пікіріңізді жазып алыңыз.*

*Әл-Фараби бабаңыз туралы тағы не білесіз, не білгіңіз келеді?*

Мәтін ішінен **-шы, -ші, -ты, -ті, -сыз, -сіз, -лық, -лік, -тық, -тік, -и, -ғыш, -гіш, -гер** жұрнақтары арқылы жасалған туынды сөздерді көшіріп жазыңыздар. Бұл жұрнақтар арқылы жаңа сөз туындап, қазақ сөзін байытып жататынына көңіл бөліңіз.

*Ауызекі сөйлеу мен кітаби тілдің бір-бірінен айырмасы бар. Ауызекі сөйлеудің екі түрі бар: ауызша түрі, жазба түрі. Мәселен, геолог ғалым ғылыми конференциядан алған әсері туралы досына хат жазса, бұл – ауызекі сөйлеудің жазбаша түрі, ал осы әсерін дастарқан басында әңгімелесе, ауызша түрі болады.*

*Ал кітаби тіл – ғалымның конференцияда жасаған баяндамасы (ауызша) немесе жазған мақаласы, ғылыми зерттеуі, ақын мен жазушының көркем шығармасындағы авторлық баяндауы, суреттеуі, т.б. болып есептеледі.*

Мына кестені пайдаланып, «Әл-Фараби – әлемнің екінші ұстазы» тақырыбына екі түрлі мәтін құраңыздар. Бірі – ауызекі сөйлеу тілінде, екіншісі кітаби тілдің негізінде болуы керек.

Кітаби тілде сөйлеу	Ауызекі тілде сөйлеу
Әлем ұстазы дегеніміз –	Әлемнің ұстазы ғой
Мәселен, жалпы айтқанда, біздің пайымдауымызша	Меніңше, сеніңше
Ғұламаның мынадай еңбегі бар	Ол үлкен ғалым болған ғой
Ғалымның мынадай тұжырымы бар	Ол кісі көп жақсы сөздер айтқан екен

*Төменде келтірілген жағдайлардың қайсысында кітаби сөйлеу, қайсысында ауызекі сөйлеуді қолдануға болатынын анықтап, бағанамен бөліп жазыңыз.*

Халық алдында сөйлеу, студенттерге дәріс оқу, дәрігердің науқаспен сөйлесуі, оқушының оқытушымен сөйлесуі, оқушының сабақ айтуы, автобустағы екі жолаушының әңгімесі, дастарқан үстіндегі әңгіме, дүкендегі сатушымен сөйлесу, радиоға сұхбат беру, досыңызбен сөйлесу, конференцияда баяндама жасау.

Кітаби тілде сөйлейтін телехабарларды бір бағанға, ауызекі сөйлеу тіліне жақын сөйлейтін телехабарды бір бағанға жазыңыз.

Жаналықтар, Таң Шолпан, Жануарлар әлемінде, Денсаулық, Музыкалық хабарлар, Сонымен, солай дейік, Азамат, Екі жұлдыз, Сегіз қырлы, Әзілкеш, Дудар-ай, Толағай,

*Диалогті оқып шығып, ондағы ауызекі сөз бен кітаби сөзді бөліп, олардың ерекшелігін аңғарыңыздар. Қазіргі сөйлеу тілімізде қолданылмайтын қандай сөздер бар деп есептейсіз?*

Абай терезе алдынан атып тұрып, Оспанның анаған бір зорлық қылып келе жатқанын сезіп, алдынан шығып ұстай алды. Смағұл да кеп Оспанға жабыса түсті. Өз үйіне жетіп алған Оспан енді төбелеске әзірленіп, қарсы айналып:

Ал қайтесін? – деп, Смағұлды жағадан ала бергенде, Абай екеуін айырып жіберіп, Смағұлға қарады.

– Немене, не қылды? – деп еді, Смағұл қорсылдап, жылап қоя берді:

– Құлжамды, қызыл құлжамды ұрлап мынау...

– Қашан? Әй, жылауық! – деп Оспан әуелі күліп алып, артынан өтірік қорс-қорс етіп жылаған боп: «Кіжіл құлжәм» деп, Смағұлды мазақ қыла бастады...

Абай Оспанға тап беріп зекіп:

– Бер құлжасын! – деді.

Оспан:

– Алғам жоқ, өтірік... – деп, тана берді.

Бірақ Абай ырық бермеді. Тінте бастады. Оспанның тінту бермек ойы жоқ. Барынша бұлқынып, Абайдан сытыла қашып, пеш қасына барды. Екі қолын артына ұстап, бұрышқа кептеле тығылып тұрып алды. Дәл жанында үлкен биік шелекке ашытып қойған түйенің қымызы бар.

Ұлжанның күз уақытында Зере мен балаларға әзірлеп отыратын ағы осы.

Оспан әдейі сол араға тығылып тұр. Абай қыспаққа ала берсе, сол шелектің бір септігін көрмек. Тіпті болмаса шелекті құлатып, Абайдың өзін де шатаққа ұрындырмақ. Өзінен қайраты артық ағаға содан басқа мұның істер дәрмені жоқ. Оспанның шатақ іздеп тұрғанын таныған Абай, енді оны сүйреген жоқ.

*Ғылыми стильде келетін сөздерді бағанамен бөліп жазып, олардың жасалу жолын және терминдік мәнін түсіндіріңіздер.*

Саяси жүйенің дамуына көптеген факторлар ықпал ететіні белгілі. Олардың арасында жеткілікті түрде интеграция мен тұрақтылықтың жоғарғы деңгейіне жеткізетін, қоғамда қалыптасқан жалпы саяси білім мен құндылықтарды реттейтін индивидтерді әлеуметтендірудің орны ерекше. Саяси ғылымдарда әлеуметтендіру түсінігі көп жағдайда екі аспектіде зерттеледі. Біріншіден, саяси әлеуметтендіру теориясы саяси ортадағы индивидтерді әлеуметтендіруді суреттейді және түсінігін береді. Екіншіден, саяси теорияда саяси әлеуметтендіру ғылыми негізде толық қалыптасқан ұғым. Көптеген саясаттанушылар бірінші түсінікті қолдай келе, саяси әлеуметтендіру терминін саяси көзқарастар, идеялар мен нормалар процесі ұрпақтан ұрпаққа жалғасады деп түсіндіреді.

*Белгіленген сөздерді мағыналас (синоним) сөздермен алмастырып, олардың мәтіндегі мағынаға еткен әсерін бағалаңыздар.*

1906 жылы жол шығынына екі семіз ат пен екі семіз түйесін Семейге әкеліп, ақшалаған Кәкітай Абайдың жинағын шығару мақсатында Омбы, Қазан қалаларына барғанымен бастыруға сәті түспейді. Сол сапарда Петербордағы Илияс Бараганский баспасымен шарт жасасқан Кәкітай Ысқақұлы жинақтың корректорлық қызметін өз мойнына алады. Семейдегі Әнияр Молдабаевтың үйінен әр баспа табақтың қатесін түзетіп, Петерборға жөнелтіп отырады. Осындай қыруар еңбекпен Абайдың бірінші өлеңдер жинағы үш жылдан кейін 1909 жылы жарыққа шығады. Абай мұрасының баспадан кітап болып шығуына қалтқысыз қамқорлық жасаған Әлихан Бөкейханов болса, өлеңдерін жинақтап бастыруға зор үлес қосқан – Мүрсейт Бікеұлы, Кәкітай Ысқақұлы, ақынның Әйгерімнен туған баласы Тұрағұл еді. Қазақ поэзиясының ұланғайыр байлығына айналған жинақтың қуатын танып, алғаш қуана мақала жазған Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деп бағалағаны әлі күнге елімен бірге жасап келеді. Алғашқы жинаққа ақынның қара сөздері мен біршама өлеңдері енгізілмей қалса да, кенес дәуірінде қайта туған ұлттық мәдениетіміздің мақтанышына айналды. Абайдың аса сүйікті баласы Әбдірахман ауырып жатқанда, кейін қаза болғанда жазған бірнеше шебер жырлары баспаға берілмеді. Кәкітай ол өлеңдерді отбасының жеке ішкі сыры деп көпке танытудан іркілді. Сонымен қатар Абайдың ел атқамінер-жуандарының теріс мінезін өткір сынға алған өлеңдері де жинаққа кірмеді.

*Мына тұрақты тіркестердің мағынасын анықтаңыздар, оларды қатыстырып сөйлем құраңыздар.*

Аяқ баса алмады, аяқ-қолын жерге тигізбеді, аяқ бастырмады, аяқ баспады, аяқ алысы, аяқ артар, аяқ басты, аяқ жетер жерде, аяқ-қолын бауырына алды, аяқ-қолы жеңілдеді, аяқ суытты, аяқ-табағын бөліп шықты, аяғы сұйылып кетті, аяқтан шалды, аяқтандырып жіберді.

**Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:**

Әл-Фарабидің адамзаттың әлемнің ғұламаның Шығыс пен Батыс «Қайырымды қала» қоғамға Қайырымды адамдар шынайы жәрдем ынтымақтастық	ойлары екінші ұстазы ғылымы мен мәдениеті қала қоғамдастығы бақыт жолы көрсете біл атты еңбегі ғылымы мұрасы мұра шығармашылығы
---	--

*Мәтінді оқып, мәнін түсініңіз, өз пікіріңізбен толықтырыңыз.*


Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,  
Батыр болсаң, жауға найзаң тисін.  
Бай болып елге пайдаң тимесе,  
Батыр болып жауға найзаң тимесе,  
Елден бөтен үйің күйсін!  
Бүркіт бол, заманыңыз түлкі болса,  
Бай болар кедей жігіт мүлкі болса.  
Жақсылардың белгісі сол емес пе,  
Қара қылды қақ жарған әділ болса.

Әйтеке би

*Мәтіндегі негізгі ой желісін данышпан ақын Абайдың мына өлең жолдары арқылы сабақтап, ойтолғау жазыңыз.*

Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге.

Әйтеке би бабаның ойын бүгінгі танымдық өзгерістермен жалғап, тағы қандай пікір қосар едіңіз? Сіздің, біздің кімдерге пайдамыз тиіп жүр деп ойлап көрелікші. Бос клеткаларды өзіңіз толтырып, ойды жалғаңыз.



🎬🎵 Бейне материал. Көркем фильмнен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

1. Сізге ұнаған көркем бейне.
2. Қай сөздің мағынасына назар аудардыңыз?
3. Көрсетілген бейнематериалдан не түюге болады?
4. Сіздіңше, жақсылық пен жамандықтың арақатысы қандай?
5. Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

**Төмендегі өлең жолдарын оқып шығып, ақын тұжырымы жайында досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар.**

### **Жұртыма**

Бірлік қып іс етуге шорқақ жұртым,  
 Табылса оңай олжа, ортақ жұртым.  
 Сияқты қара қарға шуылдаған  
 Үрейсіз қоян жүрек қорқақ жұртым.  
 Білмейсің жөнің менен терісіңді,  
 Ел болып іс етпейсің келісімді.  
 Үміт қып бөйге атындай талай қосып,  
 Байқадық шабыс түгіл, желісіңді.  
 Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,  
 Шығасың қолыңа ала керісіңді.

Бытырап бет-бетіңе жөнелгенде,  
Көрдiк қой жайылатын өрiсiңдi.  
Келгенде өздi-өзiңе мықты-ақсыңдар,  
Қайтейiн өзге десе көнгiшiңдi.  
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,  
Кiм жұлмас онайдағы жемiсiңдi?!

А. Байтұрсынұлы

*Бiрлiк қып iс етуге шорқақ жұртым, оңай олжа, қара қар-  
ға шуылдаған, ел болу, үмiт қып бәйге атындай, жөн айту, сы-  
нық бұтақ, оңайдағы жемiс тiркестерiнiң iшкi терең мағына-  
сын түсiнiп, өлендегi негiзгi ойды пайымдаңыздар да, бұл тура-  
лы өз пiкiрлерiңiздi айтыңыздар.*

*Мәтiндi оқып шығып, мазмұны мен мәнiне көңiл бөлiңiз.  
Сiзше бiлiм жарысы деген не? Қазiргi бiлiм беру жүйесi туралы  
өз көзқарастарыңызбен бөлiсiңiздер. Қазақ елiнен шыққан қан-  
дай әлемдiк сыйлық иегерiн бiлесiздер? Бұл туралы ойтолғау  
жазыңыздар.*

Бiлiм жарысы дегенiмiз – бай адам пәлен мың ақшаны бәй-  
геге тiгедi де, мәлiм етедi: осы ақшаны пәлендей iс iстеген кiсi  
алады деп. Мысалы, пәлен ауруға ем тапқан, я пәлен ғылымнан,  
яки өнерден жаңа жол тапқан, я пәлен турасында жазып, кiтап  
шығарған адамдарға берiледi дейдi. Ал бәйге тiгiлдi. Ендi ат жа-  
рысы болса, әркiм атын жаратып, бәйгеге қосар едi, бiлiм бәйге-  
сi болған соң бiлiмдiлер бәйгеге қосылады. Бәйгеден дәмесi бар  
бiлiм жүйрiктерi бiрiнен-бiрi озуға жүйрiктiгiн аяп қалмайды.  
Тап дегендi табуға ойланады, iсте дегендi iстеуге қарманады.  
Ақырында әркiм iстегенiн, тапқанын сынға жiбередi. Сыншыла-  
ры ғылым ордасында тұрған бiлiмдi ғалым адамдар болады. Бұ-  
лар қарап, сынап, бәйге кеседi. Еуропада, мысалы, Нобельевс-  
кий бiлiм жарысы бар. Бұл жарыста бәйгенi ғылым ауданында  
я әдебиет ауданында еңбек етiп озған адам я соғысқа қарсы  
һәм халық арасын жақындастыруға пiкiр жайған адамдар ал-  
мақшы.

Жылда Рождество мейрамының алдында швед жұртының  
астанасы Стокгольм шаһарында бiлiм жарысынан озғандарға



бәйге аталады. Өткен 1912 жылы Нобель бәйгелерін алған адамдар: 1) инженер Дален ғылым хикметінен көрсеткен үздік біліміне алды; 2) профессор Каррел дәрігерліктен көрсеткен үздік біліміне алды; 3) неміс жұртының атақты драма жазғыш жүйрігі Гауптман әдебиет жүзінде үздік біліміне алды; 4) Сабатя һәм; 5) Гренкер француз ғұламалары, ғылым хикметінен көрсеткен үздік білімдеріне алды.

Осылардың һәм басқалардың жылда озғанда алатын бәйгелері шведтің Нобель деген бір инженерінің білім бәйгесіне деп шығарған 18 миллион ақшасы. Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу – әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе қазақтың да қолынан келеді. Еуропадай зор істеуге болмаса, бойымызға шығындап, «сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі» дегендей етіп істеуге болады.

Еуропадағы ғылым, өнер толық, қазақта олардың жұрнағы да жоқ. Олар асқанның үстіне асыру үшін істеп отыр, біздер жұрнағы болу үшін істеу керек. Мың жылқысы бар байлар оның үстіне мал аз дегенде, бір аты жоқ жарлы мал аз демей, қарап отыруы дұрыс па? Ғылым, өнер турасында біздің жайымыз да сол жарлының хәлі сықылды. Ғылымның жаңа жолын табуға іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ.

Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасында білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы.

А. Байтұрсынұлы

### ? Сіз білесіз бе?

Қазақ халқында жақсылыққа жол ашып, ырыс-ынтымаққа шақыратын **бата беру** салты бар.

Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Халық ақ батадан рухани қуат алады, ол жақсылыққа жол



ашады деп сенеді. Сондықтан да қазақтар ежелден-ақ қадірлі қариялардан, атақты батыр, билерден, шашасына шаң жүкпайтын шешендер мен арқалы ақындардан бата алуға құштар болған.

«Бата – арабтың «фатеке» деген сөзінің қазақша айтылу түрі», – дейді, яғни бата – фате-

кенің мағынасы: алғыс айту, ақ ниет, ақ тілек білдіру. Ақ бата – ұлтымыз үшін теңдесі жоқ асыл сөз. Ал сөз – бүкіл адамзат тарихындағы күдіретті күш. Өзінің адал жаны, бүкіл рухы, өткен тарихы сөзге тығыз байланысты қазақ халқы ақ батаның ізгі сөздеріне сүттей ұйып, оның күдіретті күшіне шексіз сенеді.

### **Сақтық батасы**

Уа, құдайым, тілегімді қабыл ет,  
Иманымды кәміл ет!  
Тозақта жанған оттан сақта,  
Қаңғырып тиген оқтан сақта.  
Парақор соттан сақта,  
Кірлі сумен жуыстан сақта,  
Ынтымақсыз туыстан сақта,  
Қара жүрек бақылдан сақта.  
Көк айыл қатыннан сақта.  
Кеудесін керген келіннен сақта.  
Мезгілсіз келген өлімнен сақта.  
Үятсіз қызыңнан сақта.  
Түнеріп атқан таңнан сақта,  
Жаңбырсыз болған жазыңнан сақта.  
Қарсыз мұздақ қысыңнан сақта.  
Жастарында әдеп жоқ,  
Құр айғай, шуыңнан сақта.  
Алдыңнан бақытың ашылсын,  
Қызыр Илияс барлық пәлені қашырсын.  
Аллаһу акбар!

## 27-тақырып

### ӘДЕБИ ТІЛ – СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІ ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКА

#### 6-сабақ

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыздар да, мазмұнына көңіл бөліңіздер. Ғылыми стильде жазылған мәтіннің өзіндік ерекшелігіне назар аударып, терминдердің түсінігін беріңіздер.*

Қазіргі кездегі қоғамның дамуы айналадағы қоршаған ортаны пайдаланумен тікелей байланысты, яғни адамзат тіршілігіне қажеттінің барлығын табиғаттан алады. Табиғат – табиғи қажеттілікті қамтамасыз ететін таңғажайып құбылыс. Ғылым мен техниканың жетілуі, өндірістің қарқындап дамуы, жерасты қазба байлықтарын кеңінен пайдалану, транспорт түрлерінің көбеюі қоршаған ортаны түрлі химиялық қосылыстармен ластауда.

Мұндай химиялық қосылыстардың көбінің токсиндік және канцерогендік қасиеттері биосфералық тепе-теңдіктің бұзылуына, климаттың өзгеруіне, ауылшаруашылық өнімдер өнімділігінің төмендеуіне және халық денсаулығының нашарлауына әсерін тигізеді. Токсиндік және канцерогендік қосылыстар клетка құрамына еніп, ДНК молекуласына әсер етеді, хромосомаларын бұзып, нәтижесінде ағзалардың тіршілік ету қабілеттігін төмендетеді.

Адамзат баласы қазіргі кезде шамамен 70 мыңға жуық химиялық қосылыстарды пайдалануда, осы көрсеткішке жылына 500-1000-ға жуық химиялық қосылыстар қосылып отырады. Әрине, бұл қосылыстар атмосфералық ауа, топырақ, су, өсімдік арқылы адам ағзасына қайта жинақталып, белгілі бір мөлшерде әсер ететіні белгілі. Табиғи ортаны зиянды заттармен ластайтын орындардың бірі – ғарышқа зымырандар ұшырататын әскери-өндіріс кешендерінің жұмысы.

Қорғаныс министрлігінің негізгі экологиялық мәселелер жөніндегі тізімі бойынша табиғаттың ғарыш зымырандарынан ластануы әскери техникалар мен қару-жарақтарды жою және радиоактивті ластанудан кейін үшінші орын алады. Ғарыштық аппараттарды ұшырататын ғарыш айлағының бірі – «Байқоңыр». «Байқоңыр» ғарыш айлағы Қазақстан Республикасының оңтүс-

тік-батыс бөлігінде, Қызылорда облысының территориясында орналасқан, жалпы көлемі 6,7 мың км<sup>2</sup> жерді алып жатыр.

Аймақтың рельефі – тұзды топырақты, жылжымалы құмды төмпешіктерден тұрады. Өсімдік түрлері көп, бірақ сирек орналасқан, негізінен, эфермелерден тұрады, шілде айының ортасына дейін сақталып, сонан соң күйіп кетеді. Бір жылдың үш жүз күнінде жел соғып, оның 17-38 күнінде шаңды борандар тұрады.

Көптеген ғылыми зерттеулер ауа ылғалдылығының төмендеуін, жылдың әр мезгілінде температураның күрт өзгеруін ғарыштық ұшу аппараттарының жұмысымен байланыстырады. Алғашқы (1981-1985) эксперименттік бақылаулар қуатты ғарыштық ұшу аппаратының «Спейс – Шаттл» немесе зымыран жеткізгіш «Сатурн – 5» аппаратының ғарышқа ұшыру кезінде Канаверал – Еуропа жағалауымен Солтүстік Атлантаға дейінгі аралықтың ауа ағынының (циклон) өзгеруін, ал жылдың жылы уақытында (жаздық) «Плесецк» ғарыш айлағынан ұшырылатын қуатты ұшу аппаратының әсері бұрынғы Одақ территориясының Орталық еуропалық бөлігіне және солтүстік-батыс облыстардың атмосфералық ауа ағынының активтілігінің жоғарылауына әсерін тигізетінін дәлелдейді.

*Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құрап, терминдік мағынасы мен жалпы қолданыстағы мәнінің ерекшелігіне көңіл бөліңіздер.*

Қоршаған ортаны пайдалану, адамзат тіршілігі, табиғи орта, зымырандар, әскери-өндіріс кешендері, Қорғаныс министрлігі, экологиялық мәселе, ғарыш зымырандары, әскери техника, радиоактивті ластану, ғарыштық аппараттар, ғарыш айлағы, аймақтың рельефі, тұзды топырақ, жылжымалы құмды төмпешіктер, ауа ылғалдылығының төмендеуі, температураның күрт өзгеруі, ғарыш ұшу аппараттары, эксперименттік бақылаулар, атмосфералық ауа ағыны.

**Әдеби тіл** – сөйлеу мәдениетінің негізі және ұлттық тілдің ең жоғарғы мәнді көрсеткіші. Ол күнделікті адам қызметінің әр түрлі саласында қызмет етеді:

- саясатта;
- заң орындарында;

- мәдениетте;
- сөз өнерінде;
- іс қағаздарын жүргізуде;
- ұлтаралық қарым-қатынаста;
- тұрмыстық қарым-қатынаста.

Әлемдегі дамыған елдерде әдеби тілдің қолданысына әлеуметтік және саяси жағынан да ерекше назар аударылады. Мәселен:

- Франция мен Испанияда алғашқы академия тілді дамыту мен оқытуды жүйелеу мақсатында құрылған;
- XVI ғасырда алғашқы академик атағы лингвист ғалымдарға берілген;
- Ресей Академиясы (СПб., 1783) орыс тілі мен орыс сөзін зерттеу үшін құрылған болатын.

Әдеби тілде сөйлеу жеке тұлғаның жоғары мәдениеттілігі мен зияткерлігінің басты көрінісі.

*Берілген ауызекі сөйлеу тіліндегі сөйлемдерді әдеби тіл тұлғасы сипатында жазыңыздар. Олардың айырмашылығы мен ерекшелігін түсіндіріңіздер.*

Маған бір бөлке нан. Түсесіз бе? Келесі аялдамадан. Итпен бірге ме? Осы қазір сәнді киім. Менің немерем. Көрші үйде тұрамыз. Қағазды үйде ұмыттым. Жылы киім ал. Қазір қыс. Бала бақшаны ұмытып кетпе. Ертең кеш. Құжатыңды ұмытпа. Қазір келем.

Сыпайылықтың әр түрлі сипаты бойынша әр сөйлемге тиісті тұлға мен мағына беріп, бағаналарды толтырыңыздар.

Сөйлеудің аса сыпайы түрі	Сөйлеудің орнықты сыпайы түрі	Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрі
1	2	3
<b>Үлгі:</b> Кешіріңіз, Алматы метросына қалай баруға болатынын айтып жібересіз бе?	Алматы метросына қалай баруға болатынын айтып жібересіз бе?	Метроға қалай баруға болады?

1	2	3
Мазалағаным кешіріңіз, ҚазҰУ-ға қай автобуспен баруға болатынын айтып жібермейсіз бе?		
Өтінемін, маған тұмаудың дәрісін бересіз бе?		
Сізден өтініп сұраймын, маған 10 кг жылқы етін өлшеп беріңізші.		

Диалог қай стильмен айтылып тұр. Ауызекі сөйлеудің өзіндік ерекшелігіне көңіл бөліңіз. Диалогті әрі қарай жалғап көріңіз.

Асқардың ойын телефон шырылы бөлді. Ар жақтан таныс дауыс естілді.

- Сәлеметсіз бе, Айсұлтан Зейінұлы?
- Сәлеметсіз бе, Асқар Шәріпұлы!
- Отбасыңыз, ел-жұртыңыз аман ба?
- Рақмет. Аманшылық.
- Сіздерде ауа райы қалай?
- Алматының ауа райы жақсы. Қазір жанға жайлы жаз ғой.
- Ел іші аман-есен бе?
- Бірқалыпты. Ел тыныш, жұрт аман.
- Сізге бір өтініш айтсам, айып етпеңіз.
- Айтыңыз.
- ...
- ...

*Мәтіндердің стилін анықтап, мазмұнындағы мәнін түсініңіздер. Стиль сипатын анықтауда маңызды болып тұрған тұлғаларды көрсетіңіздер.*

1. Қазақ пайдасындағы жерлерді алады, қыстауларынан көшіріледі, қай жөнмен алып, қай орынға көшіреді, оны қазақ білмейді. Жоғарғы хакімдердің қазақ жері турасында шығарған нұсқа, бұйрықтары болса да, ол бұйрықтарды мұндағылардың қай-

сылары орнына келтіріп, қайсылары орнына келтірмейді. «Қазақ жол ретін білмейді» дейді де, біреулері жолменен істемей, жо-сып, бетімен кетеді. «Мынауың жолсыз ғой» деп қазақ дауласа алмайды. Білмейтұғын қазаққа бәрі жолды болып көрінеді. Сон-дай жолсыз істерден орынсыз жәбір көріп, әуре болып жүрген қазақтар көп. Қыстау салған жерінен айырылып, қыстайтұғын жаңа жерді общества бермей, жер алып беріп орналастыруға міндетті мекемелер оған қабырғасы қайысып қайғырмай, екі жыл, үш жыл, төрт жыл пішен шаба алмай, егін сала алмай, оты-рарға орын таппай, сандалып жүрген қазақтарды көз көріп тұр. Қазақ жерін алу турасында шыққан низам, бұйрықтарды қазақ білсе, осындай жәбір көрушілер азаяр еді деймін. Жол бойынша қазақты қыстауынан көшірмей тұрып, жаңа жерден орын сайлап беруге міндет, қазақ көшкенде даярлап шығарып, белгілеп бер-ген жерге көшпек. Жаңа жер бергенше, орнынан қозғалмасқа. Бұл жолды білмей, «Мұжық қуып шығарды, пәлен қуып шығар-ды, отыра алмадық» дейді. Мұжық болсын, басқа болсын, ни-замнан күшті емес. Жолды іске көнуге, жолсызға көнбегеннен ешкім айыпты болмайды. «Үй-мүлкімізді көшіргенде дұрыстық-пенен кеспеді, арзан бағалады» деп жүрген қазақтарды да көре-міз. Осылардың барлығы да қазақтың жол білмеген нашарлығы-ның кесапаты.

"А. Байтұрсынұлы, «Қазақ жерін алу турасындағы низам»

2. Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асы-рауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш «Көксерек» деп ат қойып алды. Ертеңді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұй-ғыш – итаяқ әзір болды. Баурын көтеріп, тырбанып, жүруге ай-налған соң мойнына жіп тағылды.

Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бө-лек жатады. Қасында не аяқ жағында, көрпенің астында Көксе-рек жатады. Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үл-кейді. Семіріп, жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі далада-ғыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы күшіктерден сонша үлкен емес.

Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қас-қырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге

көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп, әр жерінен тістеп, тартып кетеді.

Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Бірақ ержете бастаған сайын бұдан иесі көз жазып қала берді. Сондай кезде Көксерекке ылғи жау иттер кездеседі.

'М. Әуезов, «Көксерек»

- Мәтіндерге жеке-жеке тақырып қойыңыздар.
- Әр мәтін бойынша тезис жасап, тірек сөздерді анықтаңыздар.
- Мәтіндердің әдеби тілде жазылғанын қалай дәлелдеуге болар еді?
- Тұрақты тіркестерді тауып жазыңыздар да, олардың мағыналық ерекшелігін талдаңыздар. Үлгі: *ат қойып алды, көресіні көрді ...*
- Ахмет Байтұрсынұлының мақаласын зер салып оқығанда не түйдіңіз? Біз өз заңымызды жақсы біліп, құқығымызды қорғай аламыз ба? Сұхбат құрыңыздар.

*Стиль түрлеріне қатысты мәтіндерді өздеріңіз тауып, мағынасы мен мәнін түсіндіріңіздер. Стильдік ерекшеліктеріне қарай талдаңыздар.*

Белгіленген сөздерді мағыналас (синоним) сөздермен алмастырып, олардың мәтіндегі мағынаға әсер еткенін бағалаңыздар.

Қуатты ғарыш ұшу аппараттары ұшырылатын «Байқоңыр» ғарыш айлағына жақын орналасқан аймақтарда ауа райы күрт бұзылып, 3-5 тәулікке дейін боранды күм суырып, жел болып, температураның (0-6 °С) төмендеу процесі жиі байқалатыны белгілі. Бұл процесс суы тартылып, табаны кеуіп, тұзға айналған Арал аймағы үшін қаншалықты кері әсері барын айтпасақ болмайды. «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан аймақтың басты экологиялық мәселесі – Арал теңізі денгейінің төмендеуі және жердің тұзданып құрғақшылыққа айналу процесі. Сондықтан ғарыш айлағының жұмысы қоршаған ортаға қосымша кері әсерін тигізуде.



Соңғы 30 жылдың көлемінде осы салаға қатысты мамандар химиялық жанармай мен жұмыс істейтін зымыран двигателдерінен бөлінетін қалдықтардың атмосфераның төменгі қабатына ауқымды масштабта зиянды әсерінің жоқтығын дәлелдесе, 40 жылдан бері жинақталған мәліметтерге қарағанда олардың зиянды әсерлерін анық көруге болады.

*Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналық құрылымына назар аударып, қатыстырып құрмалас сөйлем құраңыздар.*

Қоршаған орта, ғылым мен техниканың жетілуі, өндірістің қарқындап дамуы, жерасты қазба байлықтары, химиялық қосылыстармен ластау, химиялық қосылыстар, концерогендік қасиеттері, биосфералық тепе-теңдіктің бұзылуы, климаттың өзгеруі, өнімділіктің төмендеуі, халық денсаулығының нашарлауы, ДНҚ молекуласы, хромосомаларын бұзу, атмосфералық ауа, топырақ, су, өсімдік, адам ағзасы, ғарыш зымырандары, Қорғаныс министрлігі, экологиялық мәселелер, ғарыш айлағы.

Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:

ғылым мен техниканың өндірістің жерасты химиялық қосылыстармен концерогендік биосфералық климаттың өнімділіктің ДНҚ адам ғарыш Қорғаныс экологиялық ғарыш	жетілуі, қазба байлықтары қарқындап дамуы қасиеттері тепе-теңдіктің бұзылуы төмендеуі молекуласы өзгеруі ағзасы зымырандары министрлігі мәселелер айлағы химиялық ластау
---	--

*Мәтінді оқып, мәнін түсініңіз, бүгінгі күнмен байланыстыра, өзара ой толғаңыздар.*

### **Абай хәкімнің он төртінші қара сөзі**

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қа-

сиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді, демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық, осы болмаса қазақтың айтқан батыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз. Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?

Ұлы Абай данышпанның ойын жалғап, жүректің өзіңіз таныған қасиеттерін қосыңыз.

Мәтіндегі негізгі ой желісімен «Біз қандаймыз?» деген тақырып бойынша ойтолғау жазыңыздар.

🎞️ 🎵 Бейне материал. Көркем фильмнен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

- Сізге ұнаған көркем бейне.
- Қай сөздің мағынасына назар аудардыңыз?
- Көрсетілген бейнематериалдан не түйеуге болады?

- Сіздіңше, жақсылық пен жамандықтың арақатысы қандай?
- Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

Өлеңді оқып шығып, Мұқағали ақынның ой-тұжырымы жайында досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар.

### **Махамбеттер, Абайлар-ай!**

Өмірдің қысы, жазы, көктемдері,  
Қысылтаяң шақтары, өткелдері,  
Адамның аққан қаны, төккен тері,  
Мұратқа жетпегені, жеткендері –  
Жанымды жеп жүр менің көптен бері.

Атысу, аңдысу мен таласудың,  
Санасу, табысу мен жарасудың,  
Мінезін мынау адам баласының,  
Білсем деп құпиясын аласұрдым.

Алдында алуан-алуан мінездердің,  
Амалсыздан келеді мың өзгергің.  
Әркім өзін балайды данышпанға,  
Бір-бір құдай санайды бір өздерін.

Білмейді екем...  
Қолымнан келмейді екен,  
Жоқты аңсап, жоқ сусынға шөлдейді екем.  
Қой енді, тығылайын, бұғынайын,  
Ойымды орасанға бөлмей бөтен.

Жасырмай ойымды айттым талай-талай,  
Қайтейін кетті бәрі қарайламай  
... Айтарын ашып айтқан абайламай,  
Дариға-ай,  
Махамбеттер, Абайлар-ай!!!

*Қысылтаяң шақтар, өткел, жанымды жеп жүр, аласұру,  
алуан-алуан мінездер, жоқты аңсау, айтарын ашып айту, дари-  
ға-ай тіркестерінің ішкі терең мағынасын түсіндіріңіз.*

*Берілген деректермен танысып, қазіргі экологиялық мәселелер тұрғысында ойланып, «Жерді тоздырмай, ақылды оздырайық» тақырыбына ойтолғау жазыңыз.*

Біздің ел аймағында әлемдегі ең ірі экологиялық қауіпті үш объекті – Семей ядролық сынақ полигоны, Сарышаған әскери полигоны және «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан.

«Байқоңыр» пайдалануға берілген уақыттан бері 1300-ге жуық зымыран ұшырылған. Ақтоғай ауданы жерінің 37 %-ы, Шет ауданы жерінің 93 %-ы, Жаңаарқа ауданы жерінің 37 %-ы, Ұлытау ауданы жерінің 74 %-ы «Протон» зымырантасығышының отыны – гептилмен ластанған. Гептил – адам және жануарларға канцерогендік және мутагендік әсері бар улы зат.

«Протон» зымырантасығышының алғашқы сатысына (5 сатылы) 500 тонна гептил отыны толтырылса, оның бөлініп, жерге құлайтын бөлшегінде 10-30 тонна отын жанбай қалады. Гептидің концентрациясы бір текше метр ауада – 0,001 мг, ал 1 кг топырақта 0,1 мг болғанда ғана зиянсыз. «Қазмехонобр» кәсіпорнының 1994 жылы жасаған есебіне қарағанда, зымыранның бірінші сатысы құлайтын жерлердегі малдың еті мен сүтіндегі гептил мөлшерден ондаған есе асып кеткен.

## **? Сіз білесіз бе?**

1955 ж. 12 ақпан – «Байқоңыр» ғарыш айлағын салу жөнінде шешім қабылданды.

1957 ж. – «Р-Э» зымыраны ұшырылды.

1961 ж. 12 сәуір – тарихта тұңғыш рет ғарышқа адам ұшты. Ю. Гагарин ғарышта болып қайтты.

1991 ж. 2 қазан қазақтың тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіров ұшты.

1957-1995 ж. айналадағы ортаға және халық денсаулығына кері ықпал туралы деректер шектеліп келді.

1997 ж. 4 қазан – Ресей Федерациясы «Байқоңыр» кешенін жалға (аренда) алу мен оның аймағындағы экология және табиғатты пайдалану мәселесі жөніндегі келісімге қол қойылды.

1998 ж. 21 қазанда табиғатты қорғау заңының бұзылуын болдырмау жөніндегі Қызылорда облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы үйғарым шығарды.

1998 ж. қараша – 1999 ж. мамыр ұйғарымды орындау туралы Ресей жағымен хат алмасылды. Ресей жағы ұйғарымның барлық тармақтарын орындайтындығы туралы хабардар етті.

1999 ж. 29 наурыз – Ресей-Қазақстан комиссиясы кездесіп, бірлескен хаттамаға қол қойды.

1999 ж. 2 шілде – Қызылорда облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы ғарыш айлағынан зымыран тасығыштардың ұшуына тыйым салынатыны туралы Ресей жағына ескерту хат жолдады.

1999 ж. 5 шілде – ақаумен ұшырылған «Протон» зымыран тасығышы Қарқаралы ауданының жеріне құлады.

1999 ж. 27 қазан – «Протон» зымыран тасығышының апаты. Оның сынықтары Атасу поселкесінің жанына құлады.

## 28-тақырып

### ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СТИЛЬДЕР ТҮРЛЕРІ

#### 7-сабақ

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да, қай стильде жазылғанын анықтаңыз. Асты сызылған сөздерді көшіріп жазып, мағынасын талдаңыздар.*

### ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҒЫ – ТІЛІ

Мемлекеттік тілді қолдану қажеттілігі мен оның беделін көтеруге бағытталған жұмыстарды жүзеге асыруды көздейді. Әсіресе жастар арасында күнделікті қазақ тілінде сөйлесу сәнге айналуы тиіс.

Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруда мемлекеттік тілді меңгерушінің жағымды бейнесін қалыптастыру, отбасы құндылығы ретінде мемлекеттік тілді дәріптеу, саяси механизмдер мен PR-технологиялар арқылы қоғамдық санада жағымды бейнені бекіту. Тіл саясатында жағымсыз стереотиптерді жою жөнінде және қоғамдық айыптау механизмдерін қалыптастыру үшін арнайы жұмыс блоктары қарастырылған.

Алға қойылған мақсатқа жету жолындағы екінші бағыт мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту, қоғамның барлық өміршендік қызмет жүйесінде оны интеграциялау болып табылады.

Осы бағыттағы басты міндет – мемлекеттік тілде сөйлейтін теле және радио арналарды құру арқылы тіл ортасын қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлін күшейту. Балалар мен жастардың қазақ тілді контентін кеңейту. Мемлекеттік тілге үйрету жұмысында медиа саланың әлеуетін белсенді пайдалану қажет. Дәрістік фильмдерді, мемлекеттік тілге үйрету элементтері бар реали-ти-шоуларды көбейткен жөн.

Қазақ тіліндегі интернет ресурстарға мемлекеттік қолдау арқылы қазақтілді БАҚ-қа жүйелі көмек көрсету керек. Әсіресе қоғамның тіл мәдениетін қалыптастыратын БАҚ қызметкерлеріне міндетті тілдік кәсіби талаптарды енгізу ерекше рөлге ие болмақ.

Осы бағытта мемлекеттік тілді ғылым, заң және жаңа технологиялар тілі ретінде дамыту, сондай-ақ қазақ тілін халықаралық коммуникациялар, демалыс пен ойын-сауық саласында дамыту шаралары қарастырылады.

(Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

*Төмендегі сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңыздар, контекстік мағынасы мен жалпы қолданыстағы мәнінің ерекшеліктеріне назар аударыңыздар.*

**Үлгі:** сәнге айналу – «сән» – өзгеден ерекшелену, айналу – белгілі бір нысанды шеңбермен айналу мағынасында жұмсалады, сәнге айналу – барлығына ортақ басты мәнге жету.

Мемлекеттік тіл, беделін көтеру, жүзеге асыруды көздейді, сәнге айналуы тиіс, жағымды бейне, отбасы құндылығы, саяси механизмдер, қоғамдық сана, тіл саясаты, қоғамдық айыптау, мақсатқа жету, өміршендік қызмет, рөлін күшейту, мемлекеттік қолдау, көмек көрсету, тіл мәдениеті, кәсіби талап.

Әдеби тілдің басты ерекшелігі – **функционалдық стильдердің** болуы. Ғалым адам студенттерге дәріс оқығанда, студент өзіндік жұмысын орындап, дипломдық жұмысын қорғағанда ғылыми стильде, теңізде дем алып, дастарқан басында отырған-

да, отбасында әңгіме-дүкен құрғанда ауызекі тілде сөйлейді, дем алып жатып Абай мен Шахкәрім, Мағжан мен Қасым өлеңдерін оқығанда көркем әдебиет стилін меңгеріп, «Егемен Қазақстан» мен «Айқындағы» жаңалықтармен танысып, көсемсөздің мәнін аңғарады, досына сенімхат не қолхат, демалыстан қызметке кіру үшін өтініш жазып, банкке кіріп келісімшарт толтырғанда ресми құжаттармен таныс болады. Бұл жазғандары мен оқығандарының ішінде диалект сөз, жаргон сөз, қарапайым сөз болмайды.

Яғни мақсаты мен міндетіне сәйкес, қарым-қатынас барысында тілдік бірліктерді орынды қолданып, әдеби тілдің өзіндік әр алуан ерекше сипатын пайдалана білудің өзі тіл мәдениетін сақтау, жеке тұлғаның мәдениеттілігі мен өрелік биіктігі саналады.

Функционалдық стиль терминінің өзі әрбір нақты жағдайда тілдік бірліктерді әралуан қызметінде жұмсап, әдеби тілді бабында пайдалану дегенді аңғартады. Сіз осы тілдің қызметтерін лайықты және толымды, орнықты қолданып, пайдалану арқылы қазақ тілінің дамуына ықпал етесіз.

*Төменде берілген кестедегі сөздердің мағынасына назар аударып, өздеріңіз білетін сөздермен толықтырыңыздар.*

Ауызекі сөйлеуде	Көркем шығармада	Кітаби тілде
1	2	3
мылжың	ауызы көпіргенше сөйлеу	сөзшең
үндемеді	қыңқ етпеді	үнсіз қалды
шашы ағарып кеткен	шашын қырау шалған	шашына ақ түскен
мақтанды	екі иығынан дем алып отыр	мақтаныш кернеді
еңгезердей	екі иығына екі кісі мінгендей	тұлғалы
топас	қас надан	ақылсыз
мелшиіп қалды	қас қақпады	орнынан қозғалмады

1	2	3

*Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналық құрылымын салыстырып, ерекшеліктерін тауып, тұрақты сөздерді бір бөлек, сөздер мен сөз тіркестерін бір бөлек жазыңыздар.*

Жаутаң қақты, бетіне қарағыштай берді, жаутаңдады, жалтақтады; мақтады, көтермелеп қойды, арқасынан қақты; соғыс ашты, жау жағадан алды, шабуыл жасады; жауап берді, жауап қатты, жауап қайтарды; жаттанды сөз, көп айтылған сөз, жауыр сөз; ісі босқа кетті, ісі зая кетті, ісі текке кетті; игілікке жетті, тұрмысы түзелді, дәулетке қолы жетті; зіңгіттей, есею, жетілу, толысу; әдеп сақтау, кішіпейілдік көрсету, иба жасау; беделді адам, игі жақсы, халық қалаулысы; ерегіске құмар, келсең келдің өзі, еш нәрседен тайынбайтын.

*Диалогті бөлініп оқып, ауылдағы өздеріңіздің балалық шағыңыз туралы әңгімелеңіздер.*

Қоңырқай жүзі тершіп, маңдайындағы біркелкі етіп қиылған кекіл шашын үрлеп тұрды. Кекіліміз жоқ бізге оның сол қылығының өзі кереметтей сүйкімді көрініп, қызыға қарадық.

– Кекілін кара-ей, өзінің, жаман әліне қарамай, – деп қағытып өтті Есікбай. Біз күлкіміз келмесе де оның сөзіне қошамет білдіріп, сықылықтай күлдік. Жаңа келген бала қызарандап теріс айналып кетті.

– Ә... Мен білдім, – деді Садық мақтана дауыстап. Онан соң өлгі баланың алдын орай өтіп:

– Ей, бала, сендер кеше көшіп келдіңдер ғой, ә?

– Қоңыр сиырларың бар ғой, ә? – деді.

– Иә, – деді томсырайып тұрған бала оның сөзіне күлімсіреп.

– Қоңыр сиырымыз бар.

– Атың кім?

– Аян.



Біз, бәріміз, тегіс ұмытып қалмайық дегендей: «Аян, Аян»...  
– деп күбірлесе қайталап қойдық.

– Жүр, жолдас боламыз, – деді Садық оның аппақ білегінен қап-қара қолымен ұстай алып. Аян оның қолына қарады да қызарандап тұрып, ақырындап білегін босатты.

– Сендер жақ ыстық екен. Суға түспей қалай шыдайсыңдар?  
– деді.

– Түсеміз. Анау арада тоспа бар. Жүр, түсейік. Суы во!.. – деп Садық ауылдың жоғарғы жағындағы шұңқыр-тоспаны жерге сыйғызбай мақтай жөнелді.

"С. Мұратбеков

Сіз өзіңіздің балалық шағыңыздың ауылда өткенін қалар ма едіңіз, әлде қалада ма? Оның кей айырмашылығын жалғастырып жазыңыздар.

Ауылдағы балалық шақ – ол қандай?	Қаладағы балалық шақ – ол қандай?
Табиғатқа бір табан жақын	Көргені – парк
Көкжиекке қарап ойлана алады	Зәулім-зәулім үйлер
Құлынмен жарысып, қозы-лақпен ойнайды	Қуыршақпен, ойыншықпен ойнайды

**Қазақ елінің басты ұлттық байлығы** деген тақырып аясында эссе жазыңыздар.

*Сөздікті пайдаланып төмендегі сөздердің синонимін тауып, жеке-жеке сөйлем құраңыздар.*

Жүзі, кереметтей, сүйкімді, қарау, қара, жаман, қошемет, сықылықтай күлді, бала, білу, дауыстау, күлімсіреу, ат, тегіс.

*Берілген синонимдік қатарлардың мағыналық ерекшеліктерін саралап, олардың мағынасына қарай қолданылу орнын анықтай сөйлем құраңыздар.*

Кәде, жол, жоралғы; бай, мол, ең, көп, қыруар; бағыт, бағдар, беталыс, бет, жол, аялдау, кідіру; аяқтау, бітіру, тындыру, тәмамдау, тиянақтау; айлакер, айлақор, айлалы, қу; айдала, иен, құладүз; әдет, дағды, машық; ер, батыр, қаһарлы, жауынгер, қаһарман, сайыпқыран; ереже, қағида; ересек, естияр, ер жеткен; игілікті, ізгілікті; көлемді, қомақты, ауқымды, аумақты; ұсақ, майда.

*Берілген сөздердің қай түбір арқылы жасалғанына назар аударып, жаңа сөздің ерекше мағынасын саралаңыздар.*

көшбасы, көші-қон, көш жер, көш бойы, көш құлаш, көш ілгері, көшіп-қону, көш-көлік, көшбасшы, көш-жөнекей;

ержүрек, ақжүрек, жүректі, жүрегі айныды, жүрегі алып ұшты, жүрегі аттай тулады, жүрегі аузына тығылды, жүрегі дауаламады, жүрегі дір етті, жүрегі жарылды, жүрегі жібімеді, жүрегі зырқ ете қалды, жүрегі қарайды, жүрегі қарс айырылды, жүрегі қобалжыды, жүрегінің түгі бар, жүрегі орнына түсті, жүрегі сыздады, жүрегі түршікті, жүрегі ұшты, жүрегі шайлықты, қара жүрек, от жүрек, қоян жүрек, жүрексіз, жүрексіну;


жорту, жортақ, жортақтау, жортақы, жортаң, жортқыш, жортуыл, жортуылшы, жортуылдау; жорық, жорықсыз, жорықтас, жорықты, жорықтық, жорықшы, жорықшылық; жорға, жорға-жортаң, жорға-жүйрік, жорғала, жорғалағыш, жорғалат, жорғалау, жорғалаушы, жорғалы, жорғалық, жорғаша.

**Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:**

отбасы	қалыптастыру
қоғамдық	сана
жағымды механизмдерін	бейне
медиа	айыптау
арнайы	жұмыс
қоғамдық	кеңейту
қолдану аясын	арналар
теле және радио	сала
БАҚ	талаптар

кәсіби халықаралық дамыту жаңа	коммуникациялар қызметкерлері құндылығы технологиялар
---	---

Өзіңізді тексеріңіз! Ұлы Абайдың тағы да қандай қырларын білесіз?



Абайдың қай өлеңін жатқа білесіз? Абай өлеңінің басты мәні неде деп түсінесіз? Ойыңызды өз сөзіңізбен жазыңыз.

🎞️🎵 Бейне материал. Көркем фильмнен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

- Сізге ұнаған көркем бейне.
- Қай сөздің мағынасына назар аудардыңыз?
- Көрсетілген бейнематериалдан не түюге болады?

- Сіздіңше, жақсылық пен жамандықтың арақатысы қандай?
- Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

*Өлеңді оқып шығып, ақын тұжырымы жайында досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар.*

### **Қазақ жері**

Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!  
 Батырлар дүрілдеп өткен жер,  
 Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,  
 Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,  
 Сарылып сал-сері кеткен жер.  
 Бас иіп, иіскеп топырағын,  
 Тағзым жасамай өтпеңдер!

Мына өлке, мына аймақ, бұл маңда  
 Құлшылық етемін тұрғанға,  
 Құлшылық етемін құмдарға,  
 Тағзым жасаймын қырларға!  
 Шүкірлік етемін қашан да  
 Осы бір Отанда тұрғанға!

Жазы бар жалынмен жандырған,  
 Қысы бар аязға қардырған.  
 Көктемі – балауса, балдырған,  
 Ал күзі – алып бір ақ қырман,  
 Ақ дәннен ақ нөсер жаудырған,  
 Күрең нан жана алған тандырдан.  
 Көлденең көлбеген көкжиек  
 Қыранның қанатын талдырған

М. Мақатаев

*киелі жер, батырлар дүрілдеп, тұлпарлар дүбірлеп, өпкен жер, тағзым жасамай өтпеу, жалынмен жандырған, балауса, балдырған, күрең нан, қыранның қанатын талдыру тіркестерінің ішкі терең мағынасын түсіндіріңіздер.*

*Мәтінді оқып шығып, мазмұны мен мәніне көңіл бөліңіздер. Тұған жердің қасиеті туралы өз пікір-пайымдауларыңызды*

*айтыңыздар. «Менің туған жерім» тақырыбына ойтолғау жазыңыздар.*

## **? Сіз білесіз бе?**

Қапшағай қаласының маңында, Іле өзенінің оң жағасында, Ұлы Жібек жолының ежелгі өткелінің орнында Таңбалы тас деп аталатын қара жартастар бар. Олардың бетінде бес буддалық тәңірдің бейнесі және он сегіз петроглиф сақталған. Тәңірлердің үшеуі бір үлкен жартаста, екі бодхисатва басқа жартастарда қашалған. Санскрит тілінде жазылған мәтінде: «Ом-нани-пад-мехум» (лотос гүлінің ішіндегі қардай маржан немесе «лотостан жаралғанды құдай жарылқайды»). Осы сөздерді қайталаған адам зұлымдықты басады, ұзақ өмір сүріп, бақ қонады деген түсінік болған. Мұндай жазулар Іле өзені бойында Қытай Халық Республикасымен шекарадан бастап, Қапшағайдағы Таңбалы тасқа дейін бірнеше жерде кездеседі.

Аңыз бойынша X ғасырда буддалық миссия Жетісуға жасаған сапарында Іле өзеніне жетеді, сол кезде жер сілкінісі болады. Жерге үлкен жартастың сынығы құлайды. Буддашылар мұны белгі ретінде қабылдап, Үндістанға кері қайту керек деп ұйғарады. Жарылған жартасқа олар Будданың үш бейнесін салып кетеді, қасындағы жартастарда басқа да суреттер бар. Екінші аңыз бойынша жазулар мен Будданың бейнесін қалмақтар қалдырған.

Көптеген ғалымдар өткен ғасырлардан жеткен хаттың сырын ашу үшін осы жерді көп зерттеген және ең бірінші зерттеген ғалым Шоқан Уәлиханов болатын.

## **29-тақырып**

### **КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ**

#### **8-сабақ**

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да, әдеби тілдің қай стилінде жазылғанын анықтаңыз және оны дәлелдеңіздер. Асты сызылған сөздердің мағынасы мен контекстік қызметін талдаңыздар.*

## ҰЛЫЛЫҚ ҰЛЫДАН

Абай осы күнгі қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, арғы атасы – Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген адамдар.

Өскембай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай ержетіп, атқа мінген екен. Құнанбайдың анасы Зере кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді кісі болған. 1850 жылы 72 жасында Өскенбай дүниеден өтеді. Зере ерінен кейін көп жасаған, тоқсанға жетіп қайтыс болады. Мұның ақын болатын немересі – Абайдың бала, бозбала күнінде ауылдың бәрі Зерені «кәрі әже» дейді екен. Кәріліктен құлағы естімейтін болады. Балаларына дұға оқытып, үшкірте береді. Сонда өз қолындағы немересі – Абай кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп үшкіреді екен.

Абай кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентек бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде өзге балалардан ерекше жері – үйге қонған қонақтардың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды. Жай өмірде пысық, ширақ емес болғандықтан, ауылдағы үлкендер Құнанбайдың бұл баласынан көп дәме қылмайды.

Абай он жасқа келгенде әкесі Семей қаласына әкеліп, оқуға берген. Абай Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқиды. Өзі тұста үлкен-кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқталмай, Семей қаласындағы «Приходская школаға» түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқу ұзақ болмайды. Жасы 13-ке толғанда ерте есейіп, ақыл сезімі ашыла бастаған өткір зейінді, ерекше талапты жас шәкіртке аз да болса оқу, тәрбие беретін мектептің есігі жабылады. Әкесі ел билеу жұмысында оны өзіне серік қылмақ боп, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды. Барлық балаларына қатал, қатты болған Құнанбай Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген.

Сонымен, балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел, тақ-

пақ, ескі билеріне елдің маңдай кісілерімен қатар түскендей білім жияды.

Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпай, ел сөзінде соларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру шешендерге көп жайылған салт еді. Абайға да сол парыз сияқты болған. Жас жігіт білген өнерін орнымен керегіне жаратып, келістіріп, көркейтп сөйлейтін болады. Ел көзіне шешен боп көріне бастайды. Абай сөздерінің шашылмауына, жоғалмауына мезгілімен тізіліп, жазылып, елге тарап отыруына көп еңбек еткен адамдар бар. Олар Кішкене молда, Махмуд, Самарбай, әсіресе Мүрсейіт. Абай өзі жақсы домбырашы болған. Қазақтың ескі ән-күйін жете білген, барынша сүйген. Абайдан қалған 16-17 ән бар. Бұлардың көбі – өзі жазған жаңа ұйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер.

*Мәтіннен сын-сапаны анықтайтын сөздерді теріп жазып, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдалана отырып, олардың мағыналық құрылымын ашыңыздар.*

Төмендегі сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңыздар, контекстік мағынасы мен жалпы қолданыстағы мәнінің ерекшеліктеріне назар аударыңыздар.

үстемдік жүргізу, билік жүргізу, көлік жүргізу; ержету, бойжету, жүгіріп жету, оймен жету; атқа міну, атқа мінерлер; жұмсақ мінезді, дүниеден өтеді, бозбала күндер, дұға оқыту, баланы оқыту; сырт мінез, сырт еткен дыбыс, сырттағы дыбыс; құлай тыңдау, құлай сүю, биіктен құлау; дәме қылмайды, дәме етпеу; он жасқа келгенде, үйге келгенде; мектептің есігі жабылады, жабырқау көңіл, есіктің ашылып-жабылуы, киіз үйдің жабдығы; ел билеу, би билеу, сезімін билей алмау;

**Көркем әдебиет стилі** – проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың стилі (тілі). Көркем әдебиет стиліне тән бірнеше ерекшеліктер бар. Солардың бірі – халықтың тіл байлығын барынша мол пайдалану. Көркем шығармаларда сөздер мен сөз тіркестері тура және ауыспалы мағыналарында мол жұмсалады, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, нақыл сөздер орнымен көп қолданылады.

Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз – ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады.

*Мәтінді оқып шығып, оның қай стильде жазылғанын, өзіндік стильдік ерекшелігін анықтаңыз.*

Орнымнан ұшып тұрған бойда мойнымды созыңқырап, алға қарадым. Келген оқытушы қандай адам екен деп ойладым. Алда, қыздардың бастарынан биігіректе біреудің қозы бұйра шашы төрге қарай жай жылжып барады екен... Соғыста жүргенде компаспен жөн бағдарлайтынбыз. Компас қозғалса, оның тілі жанжағына қыпылық қаға шайқалып кететін де, сәл тыныштық болса, «міне, менің іздегенім!..» дегендей сұқтанып, солтүстік жаққа телміре қалатын. Неге екенін білмеймін, тегіс жерге қойған компастың тілі сияқтанып, менің көзім қайтадан алдымда тұрған қыздардың бұрымына ауды. «Білектей арқасында өрген бұрым» деген Абай өлеңінің жолы ойыма оралды. Жылтыр, қара шашты қақ жарып өтіп, маңайдан желкеге дейін тартылған шаш жармасының кіршіксіз құйқаны ашып көрсеткен ақ сызығы жүрегімді қытықтағандай болды. Қос бұрымның арасындағы қағаздай аппақ желкелер өне бойымды балқытып бара жатқан сияқтанды. Осы кезде сол қанатта түрегеліп тұрған қыздардың бірі бұрылып, арт жаққа қарады. Кейін білдім, ол Зайкүл деген қыз екен. Ол тура маған қараған тәрізді болды. Менің қыздарға сұқтанып тұрғанымды сезіп, «апыр-ай, мына жігіт келмей жатып елтіп қалған екен» деп ойлайды-ау деп ұялып, төмен қарап кеттім.

Ұялшақтық – ұлтымызға тән қасиет қой. Әсіресе ауыл балалары ұяң келетін әдегі емес пе? Жасымда мен де сондай болдым. Үлкендердің алдында суырылып сөйлемейтінмін, әйелдердің бетіне қарамайтынмын. Жақсы көрген қызымның жанына жолай алмайтынмын. Соғыстан қайтып оралғанша әйел алдындағы өзімнің осы ұялшақтығымның қандай күйде екенін білмейтін едім. Оны енді сезе бастадым. Жаңа, қыздар толы аудиторияға кіріп келгенде бірінші рет ұқтым. Сол бұрынғы, бала күнгі қалпымда екенімді білдім. Бірақ бала күнімде менің қыздардың сыртынан сұқтана қарауға да батылым бармайтын еді.



Төрт жыл соғыста болып, жаман, жақсыны көп көргендіктен бе, кім білсін, енді қыздардың желкесіне қызыға қарауға жарап қалған сияқтымын. Ішімнен бұл күйіме де шүкіршілік еткендеймін. «Тіпті, қыздардың бетіне де, сыртына да қарамай-ақ қояйын, – деп ойладым көзімді төмен салып тұрып. – Жұртпен бірге жауды жеңіп, аман-есен елге келіп, осы қыздардың қасында тұрғанымның өзі қаншама бақыт!

Ә. Нұршайықов

1. Мәтінге ат қойыңыздар.
2. Сіздерге түсініксіз сөз бар болса, сөздіктен қарап, мағынасын анықтаңыздар.
3. Кісі мінезіне қатысты айтылатын сөйлемдерді көшіріп жазып, синонимдердің орнын алмастырып, сөздердің қызметтік ерекшелігіне назар аударыңыздар.
4. Мәтінді оқып болған соң қандай көңіл-күйде болдыңыздар. Өзіңіздің алғаш рет аудиторияға енген сәттеріңізді еске түсіріп, әңгімелеңіздер.

Төменде берілген кестедегі сөздердің мағынасына назар аударып, ауызекі тілде тектес қолданылатын сөздермен толықтырыңыздар.

Көркем шығармада	Ауызекі сөйлеуде
қозы бұйра шашы	
телміре қарау	
жүрегімді қытықтағандай	
суырылып сөйлемейтінмін	
бірінші рет ұқтым	
өзі қаншама бақыт	
шүкіршілік еткендеймін	
сұқтана қарау	
елтіп қалу	
өне бойды балқыту	
көзді төмен салу	

**Адам сипатын анықтайтын сөздер мен сөз тіркестерін біліп алыңыздар!**

<b>Адам</b>	–	человек
денелі	–	рослый, крупный
жүдеу	–	худощавый
толық	–	полный
семіз	–	толстый
арық	–	худой
дембелше	–	коренастый
бүкір	–	горбатый
еңкіш	–	сутулый
аққұба	–	светлокожий
қараторы	–	смуглый
мылқау	–	немой
саңырау	–	глухой
кекеш (тұтықпа)	–	заика
мұртты	–	усатый
сақалды	–	бородатый
көзілдірікті	–	в очках
<b>Бас(ы)</b>	–	голова
үлкен	–	большая
кішкентай	–	маленькая
сопақ	–	продолговатая, овальная
дөңгелек	–	круглая
таз	–	плешивая
қасқа	–	лысая
<b>Шаш(ы)</b>	–	волосы
ұзын	–	длинные
қысқа	–	короткие
жирен	–	рыжий
сары	–	светлые
қара	–	черные
бұйра	–	кудрявые
толқынды	–	волнистые
қалың	–	густые

сирек, селдір	–	редкие
тікireйген	–	«ежиком»
тік	–	прямые
<b>Көз(і)</b>	–	глаза
көк	–	синий
көкшіл	–	голубой
күлімкөз	–	смеющиеся
ойнақы	–	игривые, кокетливые
қылы	–	косые
шапыраш	–	раскосые
соқыр	–	слепые
қысық	–	узкие
ойлы	–	задумчивые
мұңлы	–	печальные
<b>Қас(ы)</b>	–	брови
қиғаш	–	дугообразные
қалың	–	густые, толстые
жіңішке	–	тонкие
<b>Кірпіктер(і)</b>	–	ресницы
ұзын	–	длинные
қысқа	–	короткие
қалың	–	густые
қайырылған	–	загнутые
тік	–	прямые
<b>Ерін (ерні)</b>	–	губы
жұқа	–	тонкие
қалың	–	толстые
<b>Мұрын (мұрны)</b>	–	нос
тәмпіш	–	вздернутый
пұшық	–	курносый
қыр мұрын	–	прямой
күс мұрын	–	орлиный

*Көз, шаш, бас сөздерінің әр түрлі сипаттарын жазыңыздар.*

**Үлгі:** Көз – күлім көз, жауаң көз, айнама көз, тұнық көз, нұрлы көз ...

*Келтірілген бата сөздердің мағынасын түсініп, қатыстырып сөйлем құраңыздар:*

жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын, бақ қарасын, абыройың арта берсін, жолың болғай, ата-бабаңның аруағы қолдасын, жолың болсын, ақ жол болсын, айың оңыңнан тусын.

*Өздеріңіз тағы да қандай бата сөздер білесіздер? Естеліңізге түсіріңіздер. Олардың жасалу жолдарына назар аударыңыздар да, себебін пайымдауға талаптаныңыздар.*

*Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасына, жасалу жолына көңіл бөліңіздер, олардың контекстік қызметіне мысал келтіріңіздер.*

Көздің қарашығындай сақтады, көздің жауын алады, көзден таса қылмады, көздің жасындай, көздің құрты, көздің шырымын алды, көз қиығын салды, көз жазып қалды, көз жазбады, көзінің нұры, көз жүгіртті, көз көрмес, құлақ естімес жер, көз қуаныш болды, көз қылды, көз ұшына кетті, көз талды, көз таныс, көзі алақандай болды, көзсіз көбелек, көз салды, көзі ашық, көзі жаудырады, көзі қарақаттай, көз қимады, көзімен атты, көзіндей көрді, көзін тапты, көзіне ілмеді, көз ілмеді.

***Диалогті** оқып, өздеріңіздің студенттік шақтарыңыз туралы әңгімелеңіздер.*

– Рұқсат па кіруге? – деппін тағы да сасқалақтап.

Есік жақ қатарда екінші партада отырған шашы көмірдей қара, жазық маңдай, қызыл шырайлы қыз күлкі қысып, теріс айналып кетті де, танадай көзін жалт еткізіп, қайтадан маған қарады.

– Рұқсатты кірмей тұрып сұрамаушы ма еді? – деді ол жалпақтау біткен күрек тісі жарқ-жүрқ ете көзге шалынып.

– Қанипа, сен қойсаңшы, – деді оның алдында отырған аққу мойын, сары қыз, – Бәлкім, бұл кісі біреуді іздеп келген шығар.

– Ағай, сізге кім керек еді? – деді алдыңғы партада отырған кішіректеу екі қыздың ақ құбасы орнынан көтеріліп.

– Біреуді іздеп жүрсіз бе?

– Отыз үшінші аудитория керек еді, – дедім мен, – осы курсқа қосылатын жаңа студент едім.

– Е, онда төрлетіңіз, – деді тағы да жазық маңдай, қасқа тіс қыз. – Қосылыңыз...

Менің «жаңа студентпін» деген сөзімнің қыздарға жаңаша бір әсері болды-ау деймін.

Ә. Нұршайықов

Мәтіндегі кісі сипаты мен ажарына қатысты сөздерді теріп жазып, мағыналық-қызметтік ерекшелігіне назар аударыңыз.

Сізге қандай көздер ұнайды? Әңгімелеп беріңіз.

**Сал, кел, кет** етістігінің бірнеше мағынасын сөз тіркестері арқылы көрсетіңіздер.

**Үлгі:**

Қалтаға сал

Жүзін төмен салды

Барын салды

Сөз салды

Айтып салды

Кітабын салды

Қолын салды

Ой салды

Көз салды

Жанын салды

*Берілген синонимдік қатарлардың мағыналық ерекшеліктерін саралап, олардың мағынасына қарай қолданылу орнын анықтай сөйлем құраңыздар.*

көмірдей қара, қап-қара, мөлдір қара; жазық маңдай, кең маңдай, қызыл шырайлы, бидай өңді; танадай көзі, ботакөз; аққу мойын, ұзын мойын.

*Берілген күрделі сөздердің қызметі мен мағыналық ерекшелігіне назар аударып, жаңа сөздің бірнеше ерекше мағынасына сәйкес сөйлем құраңыздар.*

**Үлгі:** тауга қарап қалды; келіннің қолына қарап қалды.

қарап қалу, суып қалу, мұздап қалу, сиреп қалу, ойлап қалу, туып қалу, жүдеп қалу, айтып қалу, басып қалу, салып қалу, сасып қалу, жүріп қалу, сезіп қалу, көріп қалу, кетіп қалу, өшіп қалу, сеніп қалу, сүйіп қалу, т.б.

**Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:**

қос қағаздай сұқтанып ұялшақтық бала күнгі батылым қыздар толы көп	аппақ көргендіктен бармайтын қарау қасиет аудитория қалпым бұрым
---	--

Өлеңді толық оқып шығып, мәнін түсініңіздер.


**Жатыр**

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,  
Кілтін өнер-білім ашып жатыр.  
Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп,  
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр.  
Таласып өнер-білім алып жатыр,  
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.  
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,  
Тәңірінің рақметіне қанып жатыр.  
Ойламай біздің қазақ текке жатыр,  
Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.  
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,  
Қазекең таң қаларлық көпте жатыр.  
Байларың мыңды айдаған шалқып жатыр,  
Бар малын болыстыққа сарқып жатыр.  
Барымта, ұрыс-керіс, кісі өлтіріс –  
Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр.  
Кең жері күннен-күнге құрып жатыр,  
Сұр жылан бар қан-сөлін сорып жатыр.

Астана, жұрт билеген адамдарды  
 Тәңірі күннен-күнге ұрып жатыр.  
 Біреулер оқып төре болып жатыр,  
 Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.  
 Ұмытып өзін-өзі бұл сабазың,  
 Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр.  
 Шәкірттер медреседе шіріп жатыр,  
 Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр.  
 Оқыған, дін іздеген байғұс шәкірт,  
 Жемтікші құзғын болып кіріп жатыр.  
 Әйелдер мал орнына жүріп жатыр,  
 Жас қызын малға, шалға беріп жатыр.  
 «Бес байтал – әйел құны» деген бір сөз  
 Қармаққа талай жасты іліп жатыр.  
 Дау-жанжал ел арасы толып жатыр,  
 Өзара талас-тартыс болып жатыр.  
 Кешегі шешек жарған қазақ гүлі  
 Сарғайып, бір су тимей солып жатыр.  
 Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,  
 Күннен-күн артқа қарай кетіп жатыр.  
 Сезінбей өз өлгенін, өзінікін  
 Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр!

М. Жұмабаев

### КЕШЕ:



«жатыр» сөзінің байыбына бару үшін өлеңді тағы оқып шығыңыз.

«жатыр» сөзінің семантикалық қырын анықтаңыз.

Тәуелсіздікке қол жеткізген бүгінгі Қазақ елінің жарқын өмірімен, болашағымен байланыстырып, өзіңіз тақырып тандап, ойтолғау жазыңыз.

*Өлең жолынан іріктелген тіркестердің ішкі терең мағынасын, сөздердің контекстік қызметін пайымдап, сөйлем құраңыздар.*

Өнер-білім кілті, бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп, жалтырап көктен нұрын шашу, таласып өнер-білім алу, көкте ұшу, суда жүзу, байларың мыңды айдаған, болыстыққа сарқу, кең жері күннен-күнге құрып жатыр, сұр жылан, жұрт билеген адамдар, Тәңірі күннен-күнге ұрып жатыр, шен алу, бақыт құсы қону, ұмытып өзін-өзі бүл сабазың.

 Бейне материал. Көркем фильмнен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

1. Сізге ұнаған көркем бейне.
2. Қай сөздің мағынасына назар аудардыңыз?
3. Көрсетілген бейнематериалдан не түюге болады?
4. Сіздіңше, жақсылық пен жамандықтың арақатысы қандай?
5. Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

**? Сіз білесіз бе?**

**Жібек Жолы» (Ұлы «Жібек Жолы»)** – Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шинжәң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендік жол бағыты. Атауды XIX ғасырда алманиялық ғалымдар Ф. фон Рихтхофен (F. von Richthofen) бен А. Нерман (A. Нerman) ұсынған

Жол бұдан 3-4 мың жыл бұрын болған. Осы жолды қорғау және дамыту мақсатында Қытайдың әр дәуірдегі патшалары жол бойына қарауыл қойып, әскер тұрғызды. Ерте кездегі «Жібек жолы» Шинжәңнан 3 айрыққа бөлінген, Тянь-Шань тауы-



ның солтүстігіндегі ежелден бар дала жолы: Жемсары, Іле өңірін басып, Балқаш өңіріне барады, онан ары батыс солтүстікке жүргенде Қара теңіздің шығыс жағалауына жетеді. Оңтүстік айрығы Крораннан (Лулан) шығып, Күнлүн тауының батысын қапталдап Жаркентке барады, онан ары жүргенде адырлардан асып, Орта Азияға, Батыс Азияға, Еуропаға дейін созылады. Кроранның батыс солтүстігіндегі Көнші өзенінің батысын бойлап, Иіңпанды, Күшарды басып Қашқар Жаңашар ауданына баратын жол солтүстік айрығы саналады, бұл жол да адырлардан асып, Еуропаға дейін барады.

### 30-тақырып

## РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАР СТИЛИ

### 9-сабақ

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да, қай стильде жазылғанын анықтаңыз.*

## ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТ

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмдігімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленеді. Халықаралық аренада мемлекетіміз өзінің тарихи, геосаясаттық және экономикалық факторларына байланысты көп ғасырлар бойы сыртқы саясатын халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттермен татуластық және олардың аймақтық біртұтастығын құрметтеу принципіне негіздеп жүргізіп келеді. Қазақстанның өзге мемлекеттермен тең құқылы және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас құруға дайындығы оның бүгінгі күні дипломатиялық байланыс орнатқан шет мемлекеттердің санының көптігімен дәлелденіп отыр. 1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап біздің республика әлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.

Қазақстан екпінді даму қарқынының арқасында ірі трансұлттық корпорациялардың, өзге мемлекеттердің үлкен қызығу-

шылығына ие. Бұл түсінікті де, Қазақстан Орталық Азиядағы географиялық сипаты бойынша ең ірі мемлекет болып табылады, оған қоса экономикалық даму қарқыны бойынша біздің мемлекет аймақтағы көшбасшы. Бүгінгі күні қазақстандық сыртқы саясат басымдылығы, ең алдымен, Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия аймағындағы көршілес мемлекеттермен, ислам әлемімен тең құқылы қарым-қатынас құруға бағыттталып отыр.

Сыртқы саясат ішкі саясаттың жалғасы, екеуі өзара тығыз байланысты біртұтас дүние. Екеуінің де көздеген мақсаты біреу: елінің прогреске жетуін қамтамасыз ету, халқының жасампаз еңбегі арқылы игілік молшылығын жасау, ол үшін ел мен елді жақындастыру, ымыраластыру, өзара сенімге құрылған тиімді қарым-қатынас орнату, сауда-саттықты дамыту, айырбас жасау, құндылықтармен алмасу, озық істерден үйрену, рухани баю, саяси тұрғыдан кемелдену, әлеуметтік жағынан беки түсу, әлемдегі тұрақтылыққа, қауіпсіздікті сақтауға қызмет ету. Осы арқылы өз еліңе, халқыңа қызмет ету – үлкен мәртебе. Бұл – саясаттың басты мұраты.

*Мәтіндегі халықаралық қатынасқа қатысты терминдерді тауып, көшіріп жазыңыз.*

*– у тұлғасымен келген сөздерді көшіріп жазып, мағыналық құрылымына назар аударыңыздар. Мәселен: сақтау, жүргізу ...*

*Мәтіннен тек етістіктердің мағыналық құрылымының кең екенін өзге сөздермен тіркестіре отырып анықтаңыздар.*

*Үлгі: денсаулықты сақтау, сыр сақтау, сандықта сақтау, тазалықты сақтау, сақтанғанды сақтау, махаббатты сақтау, көзінің қарашығындай сақтау, т.б.*

Сақтау, ұмтылыс, жүргізу, ерекшеленеді, құрметтеу, жүргізіп келеді, құру, орнатқан, дәлелденіп отыр, бастау, орнату, болып табылады, құру, бағыттталып отыр, жетуі, қамтамасыз ету, жасау, жақындастыру, ымыраластыру, құрылған, орнату, дамыту, айырбас жасау, алмасу, үйрену, рухани баю, кемелдену, беки түсу, сақтау, қызмет ету.

Әдеби стильдің бір түрі – **ресми іс қағаздар стилі**.

**Ресми құжат стильдеріне тән белгілер:**

- мазмұнының **қысқа әрі тұжырымды** баяндалуы;
- тұжырымдардың **дәл, нақты болуы**;
- сөздер мен терминдердің **нақты, тура мағынасында** пайдаланылуы;
- терминдер мен тұрақты орамдардың **бірегейлігі**;
- терминнің ең қолданылу **жиілігі жоғары**, Мемлекеттік терминология **комиссиясы бекіткен нұсқасының** пайдаланылуы;
- **қалыптасқан** мазмұндық-құрылымдық **нормалардың** қатаң сақталуы.

**Іс-қағаздарының қызметтері:**

- жеке тұлғалар арасындағы қатынасты **реттеуші**;
- жеке адам мен қоғам арасындағы қатынасты **реттеуші**;
- әр түрлі мекеме, ұйымдардың өзара байланысын **реттеуші**;
- мекеме, ұйым жұмысын ұйымдастыру тәртібін **негіздеуші**;
- жеке адам мен қоғам өміріне қатысты оқиғаларды **айғақтаушы**;
- мемлекеттік басқару ісін **жүйелеуші**;
- тарихи құбылыстарды зерттеудің **қайнар көзі**;
- мекеме мен ұйымның атқарған істерінің **көрсеткіші**;
- мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты **көрсеткіші**.

**Іс қағаздарының сипаттары:**

- **саяси** (мемлекетішілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда);
- **әлеуметтік** (қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
- **ұйымдастырушылық** (басқару қызметі жүйесінде);
- **құқықтық** (заңдық және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарда);
- **тарихи** (әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшеліктеріне сай қатынастарда).
- **ресмилік** ( міндетті түрде заңдық түрғыда тіркелуінде).



жеке адам өміріне қатысты іс қағаздары	азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін іс қағаздары	басқару, өкім шығаруға қатысты іс қағаздары
1	2	3
арыз	қолхат	заң
өтініш	сенімхат	ереже
өмірбаян	кепілхат	үкім

1	2	3
түйіндеме	өтінім	жарғы, жарлық
жеке іс парағы	тапсырыс	өкім
визит карточкасы	келісімшарт	бұйрық
мінездеме	еңбек шарты	нұсқау
хабарландыру	шарт	кепілдеме
жеделхат	еңбек келісімі	хаттама
жарнама		хабарлама
		ресми хаттар

## КЕЙБІР ҚҰЖАТ ҮЛГІЛЕРІ:

### Өмірбаян

Мен, Қуаныш Өмірбекұлы Қасенов 1963 жылы 1 мамырда Семей облысы, Аягөз ауданы, Баршатас ауылында тудым. Ұлттым – қазақ. 1970-1980 жылдар аралығында «Баршатас» орта мектебінде оқыдым.

1980 жылы 1 қыркүйекте Қазақ политехника институтының металлургия өнеркәсібі кафедрасына ауыстым. Қазір осы кафедраның аға оқытушысымын.

Ата-анам бар: Әкем – Өмірбек Қасенов – Ұлы Отан соғысының ардагері; құрметті зейнеткер, анам – Хадиша Қасымова – ұзақ жылдар бойы Баршатас орта мектебінде мұғалім болып істеді, қазір зейнеткер. Отбасым бар: жұбайым – Жазира Дүйсенқызы, жоғары білімді маман, дәрігер.

Үш балам бар, олар мектепте оқиды.

Әскери қызметке міндеттімін. Аға лейтенант атағым бар.

Қосымша мәліметтер: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік білемін, ЭЕМ (ЭВМ) бағдарламаларын толық меңгергенмін. Интернетте жұмыс істеймін.

Мекенжайым: Алматы қаласы, «Қазақфильм» ықшамауданы, 47-үй, 18-пәтер.

### Түйіндеме (Резюме)

Резюме – француз тілінен алынған термин, айтылған я жазылған мәселенің қысқаша түйіні деген мағына береді.

Түйіндеме – белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіптік шеберлігі, біліктілігі, икемділігі жайлы нақты, қысқа мәлімет беретін іс қағазының бір түрі.

Жазылған түйіндеме сіз туралы толық мәлімет беру үшін онда сіздің біліміңіз, біліктілігіңіз, жеткен жетістігіңіз, жұмыс тәжірибеңіз, не нәрсеге икемділігіңіз бар екені айтылуы керек. Түйіндеме сіздің кең көлемдегі визит карточкаңыз іспеттес. Түйіндеме жазуда сіздің мақсатыңыз – өз өмірбаяныңыз бен жұмыс тәжірибеңізді, мамандығыңызды, икемділігіңізді ұтымды көрсете білу. Осы арқылы ойлаған жұмыс орнына қол жеткізу. Сондай-ақ түйіндеменің әдемі рәсімделуіне де көңіл бөлгеніңіз дұрыс. Яғни мекеме басшысы сіздің кім болып істегіңіз келетінін түйіндемені оқу барысында бірден ұғатындай болу керек. Қалаған мамандығыңызға байланысты жеке басыңыздың қасиеттері анық көрсетілуі тиіс. Мәселен, сіз **жарнама агенті** болып орналасқалы келсеңіз түйіндемеге адамдармен жақсы қарым-қатынас жасай алатындығыңыз, тапқырлығыңыз, интуицияңыз, адам психологиясын жақсы білетіндігіңіз сияқты қасиеттеріңіз жазылуы керек. Түйіндемеде белгілі бір адам туралы мәліметтер ықшам әрі нақты түрде беріледі.

Түйіндеменің ерекшелігі – үміткердің білімі және кәсіби шеберлігі туралы мәліметтердің кері хронологиялық тәртіпте берілуі.

#### **Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:**

- аты-жөні;
- туған жылы, күні, айы, туған жері;
- ұлты;
- жынысы;
- мекенжайы, телефоны;
- отбасы жағдайы;
- азаматтығы;
- білімі;
- бітірген оқу орындары;
- кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі;
- тілдік дағдылары;
- компьютерлік сауаттылығы;

- жеке қасиеттері (жауапкершілігі, адамдармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік, ұстамдылық, мақсаттылық, ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттер, ұжыммен жұмыс істей білу, ұқыптылық, алға қойған міндеттерге шығармашылық көзқарас, т.б.);
- қызығушылығы (саяхатқа шығу, би, домбырада ойнау, кітап оқу, т.б.) туралы мәлімет, қосымша ақпараттар (мақтау грамоталары, сертификаттар, наградалар, патенттер, т.б.).

Жиналған мәліметтерді резюмде берудің екі жолы бар: хронологиялық және функционалдық.

**Хронологиялық тәсіл.** Алдымен, қазір істеп жүрген жұмысыңыз көрсетіледі де, әрі қарай хронологиялық ретпен жазылады. Яғни соңғы орында сіздің бірінші жұмыс орныңыз я болмаса бірінші аяқталған оқу орныңыз жазылады. Егер сіздің еңбек өтіліңіз көп болса, алдымен, кәсіптік жолыңызды көрсеткеніңіз дұрыс. Ал оқу орнын жаңа аяқтаған, қызметті жаңа бастағалы тұрған адам оқыған оқу орны, алған мамандығы жайлы мәселені негізгі назарда ұстайды.

**Функционалдық тәсіл.** Бұл тәсіл білімі мен біліктілігі, жұмыс тәжірибесі мол адамға лайықты. Мұнда еңбек өтілі кері хронологиялық ретпен беріледі де, одан кейін білімі жайлы мәліметтер көрсетіледі. Егер бір мекемеде бірнеше жыл қатарынан істесеңіз, онда жұмысыңыздың жалпы сипаты өзгермеген болса, бәрін тізіп жатпай-ақ қысқаша жазуға болады. Мысалы, «1991-1999 жылдар аралығында Машина жасау зауытында экономист, аға экономист, директордың орынбасары қызметтерін атқардым.

Соңғы жұмыс орнынан немесе жеке адамның атынан алынған кепілдеме болса, оның бар екендігі резюмде бір сөзбен айтылу керек. Қажет деп тапқан жағдайда ол резюмемен бірге тапсырылады.

## Түйіндеме

Сұлтанова Назира Айханқызы

1914 жылы 4 сәуірде Талдықорған қаласында тудым.

Мекенжайым: Алматы қаласы, Н. Тілендиев көшесі, 21, 3.

Үй телефоны: 41-00-43

Мамандығым: заңгер, тарихшы.

Бағыт: жоғары оқу орнының оқытушысы, мемлекеттік аппарат қызметкері.

Білімі мен қызметі туралы мәлімет: Қазақ мемлекеттік заң университетінің аспиранты 1997-2000 ж.

Илияс Жансүгіров атындағы университеті тарих факультетінің оқытушысы – 1995-1997 ж.

Илияс Жансүгіров атындағы Талдықорған университеті тарих және құқық факультетінің студенті – 1991-1995 ж.

Негізгі мәліметтер.

Қазақстан тарихы, құқықтану мәселелерімен айналысып, зерттеу жұмыстарын жүргіздім. «Әлихан Бөкейхановтың саяси, құқықтық көзқарастары» тақырыбында кандидаттық диссертация жаздым. Республика, қала, жоғары оқу орындарында өткен конференцияларда баяндама жасадым. Жоғары оқу орнында жұмыс істеген тәжірибем бар. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласамын.

Қосымша мәліметтер: ана тілім – қазақ тілі. Ағылшын және орыс тілін жақсы білемін. Компьютермен жұмыс істей аламын. Туристік сапармен Түркия, Қытай, Корея мемлекеттерінде болдым. Жеңіл машина жүргізе аламын. Көпшілікпен жұмыс істегенді ұнатамын. Ұйымдастырушылық қабілетім бар. Тапсырған іске жауапкершілікпен қараймын.

Театрға, спорт жарыстарына барғанды ұнатамын.

Кепілдеме туралы мәлімет: Қазақ мемлекеттік заң университеті мемлекеттік құқық кафедрасының меңгерушісі берген кепілдеме қосымша беріліп отыр.

4 наурыз 2010 жыл ^ \_ ^^^ \_ ^^^^ Сұлтанова Н.А.

(қолы)

## ЖЕКЕ ІС ПАРАҒЫ

Кадрлар жөніндегі жеке іс парағы – жұмысқа қабылдану, сайланбалы органдарға сайлану кезінде, сондай-ақ ұйымдар, мекемелер мен ведомстволар талап еткен басқа жағдайларда толтырылатын арнаулы бланк түріндегі ресми іс қағазы. Жеке іс па-



рағында көрсетілетін мәліметтер еңбек кітапшасында, өмірбаянда берілетін мәліметтермен дәлме-дәл сәйкес жазылады, жеке адамның азаматтық қал-жағдайы, кәсібі мен мамандығы, қоғамдық қызметі мен еңбек жолы толық көрсетіледі.

### Кадрлар жөніндегі жеке іс парағы

1. Тегі, аты, әкесінің аты
2. Жынысы
3. Туған жылы, айы, күні
4. Туған жері: ауыл, аудан, қала, облыс
5. Ұлты
6. Әлеуметтік тегі
7. Білімі
8. Азаматтығы
9. Диплом бойынша мамандығы
10. Жоғары оқу орнының аты, орналасқан жері
11. Қандай тілдерді білесіз, қандай дәрежеде
12. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы \_\_\_\_\_ ^ \_\_\_\_\_
13. Ғылыми еңбектері және өнертабыстары \_\_\_\_\_
14. Жұмыс істеген орны, лауазымы, жұмыс істеген жылдары
15. Жұмыс істеген орындарының мекенжайы
16. Шетелдерде болуы \_ ^ \_\_\_\_\_ ^ ^ ^ \_\_\_\_\_
17. Сайланбалы орындарға қатысуы
18. Мемлекеттік наградалары \_ ^ \_\_\_\_\_
19. Әскери қызметке қатысуы \_\_\_\_\_ әскери атағы
20. Отбасы жағдайы (отбасы мүшелерінің аты-жөні, туған жылы көрсетіледі) \_\_\_\_\_ ^^ \_\_\_\_\_ ^ ^ \_\_\_\_\_
21. Мекенжайы

Толтырылған уақыты

Қолы \_\_\_\_\_ ^^ \_\_\_\_\_ ^^ \_\_\_\_\_

### Визит карточкасы

Визит карточкасы – жеке тұлғаның қызмет орны, аты-жөні, байланыс мәліметтері қысқаша жазылған, ресми қатынас мәдениетіне лайықталған, белгілі бір пішінмен рәсімделген құжат.

- Визит карточкасы іскерлік қатынас үшін өте керек құжат.
- Визит карточкаларының мазмұны бірдей болғанымен, безендірілуі әр түрлі болуы мүмкін.
- Визит карточкалары негізінде Times, 14-қаріппен жазылады.
- Аты-жөнін жазғанда фамилиясы үлкен әріппен теріледі.

Мысалы: БЕКБОЛАТОВ Асан Қайырбекұлы.

- Қызметі. Тек ресми атқаратын қызметі жазылады. «Міндетін атқарушы, уақытша орындаушы» деген сөздер жазылмайды.
- Ғылыми дәреже, әскери, т.б. атақтар қажеттілігіне қарай көрсетіледі.
- Жұмыс телефоны. Алдымен, хатшының телефонын көрсеткен дұрыс. Қажет деп санаған жағдайда өзіңіздің жеке телефоныңызды көрсетуге болады. Егер мобильді жүйедегі байланыс болса, жеке кодымен көрсетіледі.
- Визит карточкасы 50x90 миллиметрлік көлемдегі қатты қағазда жасалады.
- Визит карточкаларының түр-түсі әр адамның қызмет бабына қарай жасалады.

## Өтініш

**Өтініш** – азаматтардың заңмен бекітілген жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын, жазбаша түрде баяндалатын, өтіну, сұрау туралы ресми іс қағазы.

Өтініш жазылатын негізгі жағдайлар төмендегідей:

- жұмысқа қабылдау;
- жұмыстан босату;
- басқа жұмысқа ауыстыру;
- кезекті демалыс сұрау;
- кезектен тыс демалыс сұрау;
- материалдық көмек (пәтер бөлу), балабақшадан орын бөлу және т.б. туралы сұрау;
- жалақыны көтеру туралы өтініш айту және т.б.

## Арыз

Хабарламаның үш түрі бар: **арыз, өтініш және ұсыныс**. Олар мазмұны жағынан әр түрлі болып келеді, мысалы, өтініште азаматтардың заңмен бекітілген жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын хабарлама жасалады. Жеке адам өзіне берілген құқықтарды пайдалану үшін өтініш жазады, сонымен қатар өзі жұмыс істейтін ұжымдарда, мекемелерде, өзі тұратын тұрғын үйлерде, мемлекеттік органдар қызметінде байқалған кемшіліктерді атап жазады.

Арызда азаматтардың заң арқылы қорғалатын жеке құқықтары мен мүдделерінің бұзылу фактісі туралы хабарлама жасалып, оны қалпына келтіру туралы талап-тілек айтылады, хабарлама жасаушының ойынша, іс-қимылы дұрыс жүргізілмейтіндіктен, өзінің құқықтары мен мүдделерін бұзып отырған мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың атына сын айтылады.

Ұсыныс – белгілі бір мемлекеттік органның, ұйымның, мекеменің жұмысын жақсартуға, жетілдіруге назар аударатын, осыған байланысты қойылған міндеттерді шешудің жолдары ұсынылатын хабарлама түрі.

Хабарламаның барлық түрі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың кеңсесінде тіркеуден өтеді. Арнайы тіркеу карточкасы, аннотациялық парақ толтырылады.

## Мінездеме, оның түрлері

Мінездеме – түрлі мекеме, ұйым, бірлестік, оқу орындарында белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік, адамшылық тұрғыда жазбаша сипаттау мақсатында жиі жазылатын іс қағазының бір түрі.

**Қызметтік мінездеме** – мінездеменің айрықша кең тараған және әмбебап формасы. Қызметкерді объективті әрі нақты мінездеу қажет болған жағдайда жазылады. Қорытынды бөлімі еркін стильде жазылады және құжат мазмұнын түйіндейді.

Мінездеме қызметкерді басқа бір ваканцияға я болмаса оқу орнына ұсыну мақсатында да жазылады. Мұнда ұсынылған

адамның аталған ваканцияға қажет деген мінез-қасиеттері, кәсіптік шеберлігі айтылады.

**Аттестациялық мінездеме** белгілі бір адамның атқарып отырған қызмет орнына лайық, лайық еместігін тексеру мақсатында жүргізілетін аттестация қорытындысына орай жазылады. Мұндай мінездеме қорытындысында *«атқарып отырған қызметіне лайық», «қызмет бабында жоғары қызметке ұсынуға лайық»* немесе *«атқарып отырған қызмет орнына лайық емес»* деген сияқты түйінді сөздер жазылады.

**Жеке (функционалды) мінездемелер** адамның жеке басының мінезін, білімін, шеберлігін, икемділігін, т.б. сипаттай отырып жазылады. Қорытынды бөлімінде мінездеме не мақсатпен жазылғандығы атап көрсетіледі. Мысалы, *«Еңбек келісімін ұзату үшін», т.б.*

Мінездеме А4 форматты параққа жазылады. Көлемі 1 беттен аспауы керек. Мінездеме мәтіні компьютерде теріліп, кейін принтерден шығарылады. Тақырыпты, өмірбаяндық мәліметтерді, қорытынды мен негізгі түйінді үлкендеу қаріппен беруге болады.

Кейде мінездеме жоғары жағында мекеменің аты, логотипі, фирмалық белгісі көрсетілген арнайы бланкілерде де жазылады. Әр данасы есепте тұратын арнайы бланкілерге жазылған мінездемелер мінездеме беруші адамның және ұйым жетекшісінің қолымен расталады.

Барлық мінездемелерге мекеме мөрі басылады.

Мінездеме ресми стильде, бейтарап тонмен жазылады. Мәтін баяндауышы ашық райлы етістіктен жасалады (*беріледі, орындады, көріне білді, көрсетті*).

### **Мінездеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:**

- 1) тақырыбы;
- 2) мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет;
- 3) негізгі мәтін;
- 4) қорытынды;
- 5) мінездемені талап етуші ұйымның аты;
- 6) мінездеме берілген күн, ай, жыл;
- 7) мінездеме берушінің аты-жөні, фамилиясы, қолы;
- 8) қосымша (егер болса).

**Мінездеменің тақырыбы** парақтың жоғарғы жағын ала, орта тұсына қарай үлкен әріптермен жазылады.

### **Мінездеме**

Болат Сыздықов Бақытұлы, 1967 жылы туған, ұлты – қазақ, білімі – жоғары. Қазақстан Республикасының азаматы. Болат Сыздықов Бақытұлы 1967 жылдың ақпан айының 15-інде Қазақстан Республикасы бұрынғы Шымкент облысы, Түркістан қаласында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1984 жылы қазіргі Ұлттық техникалық университетінің компьютерлік техника факультетіне оқуға түсіп, оны 1989 жылы үздік дипломмен бітірген. 1989-1991 жылдар аралығында Ғылыми-жобалау институтының аға ғылыми қызметкері. Қазір Қазақ ұлттық техникалық университеті металлургия өнеркәсібі факультетінің аға оқытушысы. 1994-1997 жылдар аралығында ҚазҰТУ-дың өндірістен қол үзбей оқитын аспирантурасында оқып, 1998 жылы кандидаттық диссертация қорғады.

Б.Б. Сыздықов – өз ісін жетік білетін, тәжірибелі маман. Ол бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. Б.Б. Сыздықовтың «Металлургия өнеркәсібінің терминдері» деп аталатын еңбегі Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды.

Б.Б. Сыздықов қазақ, орыс, ағылшын тілін жетік біледі, ЭЕМ (ЭВМ) машиналарында жұмыс істей алады. Б.Б. Сыздықов – студенттер мен әріптестерінің арасында беделді, үлгілі отағасы.

Мінездеме Ғылыми-техникалық орталықтың бас маманы қызметіне ұсыну үшін беріледі.

Мекеме басшысы. Айы, күні, жылы /аты-жөні, қолы/

### **Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін құжаттар**

**Қолхат, сенімхат, кепілхат** – белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алыс-берісін куәландыратын, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін ресми құжат түрі. Құжаттың бұл түрлері міндетті түрде мөрмен бекітіліп, құқықтық сипатқа ие болады.

**Қолхат** – белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын және оны белгілі бір мерзімде қайтарып беретіндігін міндеттеп, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін ресми құжат түрі. Бұл бағасы төмен құндылықтарды уақытша пайдалану жағдайында рәсімделеді. Сондықтан қолхат, негізінен, мекеме ішілік қатынастарда жиі қолданылады.

**Қолхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі:**

- құжаттың аты;
- қолхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);
- қолхат алушы туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);
- алынған заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- қайтарылатын нақты уақыты;
- қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- қолхат жазылған күн;
- тараптардың қолы;
- мекеме мөрі.

### **Қолхат**

Мен ИИТ-02-17 тобының студенті Мәлік Нұршаұлы, университеттің қазақ тілінде оқу залынан уақытша пайдалану үшін «Қазақстан» энциклопедиясын (бағасы 1000 теңге) алдым. Кітапты бір аптада қайтарып беремін деп міндеттенемін. Жеке куәлік нөмірі ...

15 ақпан, 2003.

(қолы)

*Төменде берілген сөздердің мағынасына назар аударып, олардың тек ресми құжаттарда кездесетіндерін көшіріп жазыңыздар.*

Өмірбаян, келу, оқу, заң, жауаңдау, жазира, түйіндеме, жарқын, болашақ, өкім, келешек, жеке іс парағы, шам, жарық, жарғы, жарлық, визит карточкасы, ереже, өкініш, қуаныш, реніш, мұңға бату, сәлем айту, өтініш, хабарлама, салмақты, ашық, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін іс-қағаздары,

арыз, бұйыру, бұйырмасын, бұрқырау, бұрк-сарк, бұйрық, мінездеме, түсініктеме, тергеме, күдік, келістік, келіспекпіз, қаршыға, қамшы, қаулы, қарар, қарамас, қараған, қарайықшы.

*Іс қағаздарында келетін қимыл есімді сөздерді тауып көшіріңіздер.*

Жаутаң қағу, жұмысқа қабылдау, қарсы келмеу, сезімге бой алдыру, қабағына қарау, жұмыстан босату, басқа жұмысқа ауыстыру, кезекті демалыс сұрау, күнде қызметке келу, күнде демалыс сұрау, ақысыз қызмет ету, ақысын төлеу, кезектен тыс демалыс сұрау, материалдық көмек бөлу, балабақшадан орын бөлу, жалақыны көтеру туралы өтініш айту, құжаттың атын білу, түсініктеме жазу, түйіндемеде көрсету, күшін көрсету, шығарма жазу, қолхат жазу, күнделік жазу, насихаттау, қаулыны тыңдау, оқушыны тыңдау, дәрісті тыңдау.

### **Диалог**

*Іс-қағаздарында қолданылатын атауларды пайдаланып, бір-біріңізбен сөйлесіңіздер:*

### **Үлгі тақырыптар:**

Банктегі жүздесу;

Басшының қабылдау бөлмесінде;

Мәжіліс залында;

Досыммен кездескенде (сенімхат, қолхат), т.б.

*Берілген синонимдік қатарлардың мағыналық ерекшеліктерін саралап, олардың мағынасына қарай қолданылу орнын анықтай сөйлем құраңыздар.*

Базына, наз; әдеп, иба, ізет, инабат; атақ, даңқ, мерей, дәреже, мәртебе, лауазым, мансап, шен; атаққұмар, атақшыл, даңққой, даңқшыл; ақылдылық, ақылгөйлік, зерделілік, естілік; айбарлы, айбатты, айбынды; аспан, әуе, көк, шарық; асқыну, өршу; ауқатты, дәулетті, бай, тұрмысты, жағдайлы, әлді, қуатты, күйлі, қонды, шаруалы; дем беру, рух беру; жағымды, ұнамды, қонымды, қылықты; зейін, назар, зер, зерде, зейіл.

Берілген дара сөздер мен күрделі сөздердің жасалуына назар аударып, оларды құрамындағы сөздердің жаңа мағынасымен салыстырыңыздар.

Сыртқы саясаты, сындарлы сұхбат, ынтымақтастық, халықаралық арена, тарихи, геосаясат, экономикалық фактор, халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттер, тату, аймақтық біртұтастық, тең құқылы, қарым-қатынас, дипломатиялық байланыс, шет мемлекет, тәуелсіздік, дипломатиялық қарым-қатынас, трансұлттық корпорация, ірі мемлекет, экономикалық даму, көшбасшы, қазақстандық сыртқы саясат, басымдылық, Ресей, АҚШ, ЕО, Орталық Азия, ислам әлемі, жасампаз еңбек, ымыраластыру, айырбас жасау, құндылық, тұрақтылық.

Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:

<p>сындарлы сыртқы саясатты тепе-теңдік прагматизмдігімен ай- мақтық құрметтеу тиімді ынтымақтастыққа дипломатиялық рухани экономикалық факторларына сауда- саттықты саяси тұрғыдан құндылықтармен халқының жасампаз қауіпсіздікті халқына саясаттың елінің елді</p>	<p>жүргізу принципі қарым-қатынас құру сұхбат сақтау қарым-қатынас орнату дамыту кемелдену қызмет ету басты мұраты прогреске жетуі жақындастыру дұрыс жүргізу бағытталған біртұтастық баю алмасу сақтау еңбегі</p>
--	--

I. Жансүгіров өлеңінің мазмұнындағы мағынасы мен мәніне тереңірек үніліңіз. Тәуелсіз Қазақ елінің бүгіні туралы баяндаңыз.



Қашаннан қазақ көшкен тарих көші,  
Таланып жаудан, жұттан жеткені осы.  
Көсемі көш алдында басшы болып,  
Бақыттың жайлауына қонған тұсы.  
Шат көңіл, шадыман жұрт ақынысың,  
Жүйріктің жұрт қуантқан жақынысың,  
Баласын бақытты елге, түс майданға,  
Халқыңның қайратысың, ақылысың.  
Тілісің, теңіз көңіл, батылысың,  
Өткір ой, сазгер сезім батырысың.  
Желіндей қуаныштың жеделдей соқ,  
Өлеңнің өзені бір сапырылсын.  
Күйіндей домбыраның құлдырасын,  
Суындай Алатаудың сылдырасын,  
Сөздердің асыл, көркем тасын қала,  
Ұйқасы өлеңімнің сыңғырласын.  
Тегінде көр құлақсың, сұңғыласың,  
Сондықтан сұлу сөзді жыр қыласың.  
Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай,  
Я көрсін, я көрмесін тұрғыласым.

I. Жансүгіров («Құлагер» поэмасынан)

*Тарих көші, көш алдында басшы, бақыттың жайлауы, шат көңіл, шадыман жұрт, халқыңның қайратысың, ақылысың, теңіз көңіл, өткір ой, сазгер сезім, қуаныштың желіндей, өлеңнің өзені, суындай Алатаудың сылдырасын, асыл сөз, ұйқасы өлеңімнің сыңғырласын, сұңғыла, сұлу сөз, сөзден сұлу сарай соғу тіркестерінің ішкі терең мағынасын түсіндіріңіздер.*

*Өлең мәтінімен байланыстырып, туган елдің қадірі мен қасиеті туралы өз пікір-пайымдауыңызды айтыңыз. «Менің Қазақстаным» тақырыбына ойтолғау жазыңыз.*

🎵 Бейне материал. Көркем фильмнен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

1. Сізге ұнаған көркем бейне.
2. Қай сөздің мағынасына назар аудардыңыз?
3. Көрсетілген бейнематериалдан не түюге болады?

4. Сіздіңше, жақсылық пен жамандықтың арақатысы қандай?
5. Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

*Өзіңіз туралы деректерді келтіре отырып, түйіндеме, анықтама, өтініш, сенімхат, қолхат жазып дағдыланыңыз.*

*Төменде берілген етістіктер тіркесетін сөздерді тауып жазыңдар.*

*Үлгі: бұйрық беру, кеңес беру, кітап беру, ақыл беру, білім беру, қол беру, ақпарат беру, т.б.*

беру, ету, жазу, хабарлау, тындау, сөйлеу, қамтамасыз ету, құру, қарау, белгілеу, санау, талап ету, жүзеге асыру, жүйелеу, шешімін шығару, шешімін табу.

## **? Сіз білесіз бе?**

### **«Аңырақай шайқасы» мемориалы**

Аңырақай шайқасы (1729 желтоқсан – 1730 қаңтар) – қазақ-жоңғар соғысындағы ең ірі әрі шешуші шайқас. Жоңғар қолы Аңырақай тауларына жеткен кезде оның алдынан қазақтардың әскері шығып, жауды талқандайды.

Алғашқы рет үш жүз күшін біріктіріп, жауын жеңеді. Қазақтың әскерін Әбілқайыр хан басқарады. Жасақтардың арасында белгілі билер, батырлар, сұлтандар, барлық жүздің билеушілері болған. Олардың ішінде Қаз дауысты Қазыбек би, Төле би, Бопай би, Бөгенбай, Қабанбай, Қарасай, Қойгелді, Наурызбай, Өтеген, Райымбек батырлар, Ақша Сартұлы, Алшын Тайлақ, баррақ Шөрекұлы, Есеркен Жаманқараұлы, Хангелді Сырымбетұлы, Саңырақ Токтыбайұлы, Төртуыл Олжабай, Сеңкібай, Шорабек сияқты жаужүрек батырлар болған. Шайқасқа Әбілмансұр (Абылай хан) да қатысқан.

Аңырақай шайқасы бір күнде бітпеген, ол көптеген жекпе-жектен, алыстан, шабуылдардан тұрған. Бұл Жетісуды жоңғар басқыншыларынан тазартуды көздеген алғашқы шешуші қадам

болатын. Қазақ халқының жеңіске жетуіне сарбаздардың ынтымағы, жер жағдайын жақсы білуі, ұрыс тактикасын жетік меңгеруі септігін тигізді. Кейін шайқас болған жер «аңырақай», яғни «жау еңіреген жер» деп аталып кетеді. Аңырақай шайқасындағы жеңістің құрметіне Шамалған ауылының маңында ескерткіш орнатылған. Төбенің басында орнатылған екі тас стела жаумен болған теке-тіресті және зарыға күткен азаттықты бейнелейді. Төбенің басына шығарар баспалдақ басталар жерде гранит тастағы жазуда қазақ халқының тәуелсіздік үшін күрестегі ерлігі туралы баяндалады.

### 31-тақырып КӨСЕМСӨЗ СТИЛИ

#### 10-сабак

*Мәтін дауыстап оқып шығыңыз да, қай стильде жазылғанын анықтаңыз. Асты сызылған сөздердің мағыналарын сөздік бойынша түсіндіріп жазыңыз.*

#### Түгел сөздің түбі бір

Қазақ дүниетанымының байыпты байсалдылығы ондағы парасатты пікір мен салиқалы ойды саралаған кезде айқын байқалады. Ғаламмен, уақытпен сырласып, дүние жалғанды түйсіну далалықтардың биік білігін танытады. Қазақта: «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би», – деген қанатты сөз бар. Түсінгенге – тарих, ұққанға – философия. Мұнда тіліміздегі барлық сөздің түбі бір деген тұжырым бар. Сондай-ақ өз білігі мен танымын сөз жүйесі арқылы саралаған қазақ халқының мұндай түсінік қалыптастыруы жаратылыстың біртұтастығын, түп-тамырының бірлігін, тектес, тамырластығын меңзеуі деп те түсінеміз. Мұндай ой дүниені, ғаламды, болмыс-бітімді саралайды. Ұғым, таным, түсінік арқылы санада салмақтанған ой – тіл арқылы таңбаланады, безендіріліп материялық күшке айналады.

Қазақы түсінік бойынша, «Түгел сөздің түбі – біреу», ал ғылымда сонау антикалық дәуірден бері айтылып келе жатқан сөз-

дің шығуы мен таралуы жөніндегі әр алуан пікірлер де осыған сарындас. Тіл біліміндегі моногенез, глоттогенез, ностратикалық тілдер теориясы, т.б. ілімдерді еске алсақ, қазақ халқының әлемдік танымдағы биіктігі мен кеңдігін аңғарамыз. Яғни әлемдік тіл білімінде әлі күнге дейін шешуін таппай келе жатқан, дәлелдеуді қажет ететін, бірақ тілдік нақты дерегі болмайтын, тек болжам күйінде қалатын тілдердің шығуы туралы мәселені халық бір ауыз сөзбен анықтап береді.

Орта ғасыр ілімінде тілдің мәні мен маңызы, шығу тегі мен қалыптасу жолы, негізінен, дінмен байланыстырылған. Тіл Алланың адамға берілген сыйы ретінде танылған. Еуропа ғылымындағы тілдің шығуы туралы ортағасырлық теория Библияда жасалған схема бойынша түсіндірілсе, мұсылмандық философияда Құранның ілімі негізінде Алла атымен сабақтастырылады. Діни кітаптарда Алла тағалла үшқан күс пен жүгірген анды түгел Адамның алдына алып келеді де, оның қалай атайтынын көреді. Адам бүкіл мақұлқатқа атау береді (А.С. Тіл.Таным. Білім).

✦ *Төмендегі сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңыздар, контекстік мағынасы мен жалпы қолданыстағы мәнінің өзіндік ерекшеліктеріне назар аударыңыздар.*

Қазақ дүниетанымы, парасатты пікір, салиқалы ой, ойды саралау, уақытпен сырласу, дүние жалғанды түйсіну, далалықтардың биік білігі, «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би», қанатты сөз, сөз жүйесі, жаратылыстың біртұтастығы, санада салмақтау, күшке айналады, әлемдік таным, тілдің шығуы туралы теория, бір ауыз сөз, үшқан күс пен жүгірген аң, орта ғасыр ілімі.

*Әлемдегі тілдердің бәрі бір тілден шыққан деген ғылыми болжам туралы не білесіз? Сіз қалай ойлайсыз? Ізденіп өз пікіріңізді ойтолғау түрінде жазыңыз.*

*Мәтін ішінен он түбір сөз бен он туынды сөзді тауып жазыңыз да, олардың мағыналық құрылымындағы өзгешелікті байқаңыз. Қазақ сөзінің қалай жасалатынына назар аударыңыз.*

Әдеби стильдің бір түрі – **көсемсөз стилі (публицистикалық стиль)**.

Көсемсөзде қоғамдағы саяси, мәдени, әлеуметтік саладағы өзекті мәселелер, әр заманның өзіне тән өзекті де маңызды жағдаяттары жазылады. Көсемсөз материалдары қоғамдық-саяси әдебиеттерде, баспасөзде, радио мен телеарналардағы хабарларда, шешендік сөздерде көрініс табады.

Көсемсөздің негізгі екі қызметі бар:

- белгілі бір қоғамдық мәні бар әлеуметтік құбылыстар мен деректер жайында хабарламалық **ақпараттар беру қызметі**. Ақпарат беруде қолданатын сөздер жалпы халыққа түсінікті әдеби тілде жазылуы тиіс;
- болған әрекетке баға бере отырып, оны бағалау нәтижесінде көпшілікке **әсер ету қызметі**. Әсер ету мақсатында жазылған мақалалар мен айтылатын сөздерде жоғары мәнді эмоциялық сөздер мен бұйрық мәнді, бағалау мағынасындағы ұғымды білдіретін атаулар (*жоғарыда отырғандар, іскер сымақтар, қарындар, табан жалаушылар, өз тамағын ғана ойлайтындар, т.б.*), нақты құбылыстар мен жағдайларға қатысты нақты деректер айтылады. Болған жағдайға сөз арқылы жұрттың көзін жеткізіп, көңілін сендіру басты мақсат саналады.

Бірнеше газеттен әр түрлі тақырыпта жазылған мақалаларды таңдап алып, олардың жазылу ерекшеліктеріне, етістіктердің қолданылу сипатына назар аударыңыздар.

Бірнеше газеттен әр түрлі тақырыпта жазылған мақалаларды таңдап алып, ондағы тұрақты тіркестердің қолданысына назар аударыңыздар. Он тұрақты тіркесті тауып көшіріп жазып, қолданыстағы мағынасын талдаңыздар.

*Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналық құрылымын салыстырып, ерекшеліктерін тауып, тұрақты сөздерді бір бөлек, сөздер мен сөз тіркестерін бір бөлек жазыңыздар.*

иегі қышыды, дәмеленді, үміттенді; мына тұрған жерде, иек астында, жақын жерде; жолына жанын құрбан етті, жолында өлді; байлыққа масаттанды, дәулетке мас болды, кекірейді, терісі-

не сыймады; дәулетіне сәулеті сай, төрт жағы құбыла, төрт түлігі сай; дәурені жетті, з аманы келді; ет жақыны, туыс, ағайын, етек-жеңін жимады, ештеңеден сескенбеді, именбеді; етек-жеңі кең, ақ көңіл, пейілі кең, жомарт.

*Төменде берілген кестедегі сөздердің мағынасына назар аударып, өздеріңіз білетін сөздермен толықтырыңыздар.*

Ауызекі сөйлеуде	Көркем шығармада	Көсемсөзде (публицистика)
барлықтарымыз	барша	барлығымыз

*Төменде берілген мақалдарды аяқтап жазыңыздар.*

Тіл тас жарады, тас жармаса ... .

Дәлелсіз сөз ... .

Ине көзінен сынады, ... .

Піл көтермегенді ... .

Сөз тапқанға ... .

Жеті жұрттың тілін біл, ... .

Шебердің қолы ортақ, ... .

Қаһарлы сөз ... .

Бас кеспек болса да ... .

Айтылған сөз, атылған ... .

Абайдың кара сөзінен алынған үзіндідегі ойды жалғап, өзара диалогпен сөйлесіңіздер.

### **Тақырып: қайрат, ақыл, жүрек**

**Қайрат:** ...күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?

**Ақыл:** Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады.

**Жүрек:** Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жайы қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады.

✧ **жүрек, ақыл, қайраттың** өзіңіз таныған, түйсінген қасиеттерін көрсетіңіз:

жүрек	ақыл	қайрат

*Сөздікті пайдаланып, төмендегі сөздердің синонимін тауып, жеке-жеке сөйлем құраңыздар.*

Көде, кәрі, кәсіп, кәсіпкер, кедей, кездесу, кезу, кейіпкер, кек, келесі, кенет, кербез, кереғар, керекті, кесе, кету, кешігу, көбею, көз, көзқарас, көкірек, көлемді, көлем.

Келтірілген екі мәтіннің стилін анықтаңыздар, ондағы ойды саралап пайымдаулар жасаңыздар.

1. XXI ғасырға тәуелсіз ел ретінде енген республикамыздың әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірінде үлкен өзгерістер болып жатыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995),

«Тіл туралы» заң (1997), «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (1998) республикадағы тіл мәселелерін реформалауды жүзеге асыруға негіз болады әрі мүмкіндік береді. Сондықтан бұл реформаны жүзеге асыру үшін ір министрлік, әрбір мекеме, ұйымдар, жеке адамдар өздерінің нақты істерін көрсететін шаралар белгілеп, соны жүзеге асыруы тиіс. Солардың ішіндегі ең өзектісі, ең алдымен, қолға алынатыны – қазақ тілінің конституциялық мәртебесін мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» тіл саясатын іске асырудың алғашқы кезеңінде негізгі төрт бағытта іс-шаралар жүргізеді. Соның бірі – ресми іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшірудің нақты негізін жасау.

Іс қағаздарын қазақша жүргізу – мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.

2. Қазақ тілі – өте бай тіл. Ол – шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің қуатты қаруы.

Амал не, осындай әдемі туған тіліміз бола тұра өзге тілде сөйлейтіндер де көп болды. Тіпті, туған тілден безетін сорақыларды да көргеніміз бар. Төл тілде сөйлеуден безу ақ сүт беріп, асыраған ананды ұмытумен бердей. Осы кезде Паустовскийдің: «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік», – деп ашына айтқаны ойға келеді.

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау.

Ұлт мәдениетінің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуы, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезеңнен басталуы тиіс. Айналанды танып білу, туған тіліңді білуден басталады.



1. Мәтіндегі түсініксіз сөздерді тауып жазып, олардың мағынасын сөздік арқылы анықтаңыздар.
2. Мәтіндерге тақырып қойыңыздар.
3. Өз ана тіліңіз туралы, ана тіліңіздің тарихи қалыптасу жолы туралы баяндаңыздар.
4. Қазақ тілі – қазақстандықтарды біріктіруші басты фактор тақырыбына ойтолғау жазыңыздар.

 Бейне материал. Көркем фильмнен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

1. Сізге ұнаған көркем бейне.
2. Қай сөздің мағынасына назар аудардыңыз?
3. Көрсетілген бейнематериалдан не түюге болады?
4. Сіздіңше, жақсылық пен жамандықтың арақатысы қандай?
5. Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

Төмендегі мақалдармен танысып, айтылған ойдың тұнығын түсініп, ойланып, досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар.

Ел мен жер егіз.

Елге бай күт емес, би күт.

Жүрт дегенде жұмылып,  
Ел дегенде егіліп.

Тура биде туған жоқ,  
Туғанды биде иман жоқ.

Төменде берілген тұрақты тіркестердің ішкі терең мағынасын түсіндіріңіздер.

қабырғалы қалың ел, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, қадамың құтты болсын, қадір тұтты, қадір түні, қадірі асты, қадірі кетті, алақанына қаратты, алақанын жайды, ала қаптың аузын

аш, алақанына түкіру, алақанға қойғандай, алақанның аясындай, алақанынан түспеді.

### **Білгенге маржан**

**Байдалы би** – қазақтың көрнекті қоғам қайраткерлерінің бірі, білікті би, ойшыл ақын, атақты шешен, кезінде Абылай ханның тікелей ақылшысы болған адам. Небір шиеленіскен ел дауы, жер дауы, жесір дауы Байдалы алдынан шешім тауып отырған. Абылай хан асқан шешендігіне, ақылды кеңесіне дән риза болып, «сегіз биім, сегіз бидің ішіндегі семіз биім» деп атағанда оның дене бітіміне емес, ақыл-парасатына, шешендік тапқырлығына қарап айтса керек.

Байдалы 16-17 жасында былай деген екен:

Жау көңілін қылышпен басқан жігіт,  
Батыр емей немене асқан жігіт!  
Жау дегенде найза алып шыға алмаған,  
Қорқақ емей немене сасқан жігіт!  
Ердің ерін сынайтын майдан жерден,  
Қатын емей немене қашқан жігіт!  
Мың жылқылы байыңа пысқыра ма,  
Оразасын үйінен ашқан жігіт!...

Байдалы би ұзақ ғұмырында талайды көріп, талайды бастан кешкенін, өмірде кездескен адамдардың жақсы-жаман қылығын кейінгіге үлгі-өнеге болсын деген мақсатпен жырға қосқан.

Панасы жоқ таудан без,  
Пайдасы жоқ байдан без.  
Шөп шықпайтын сайдан без,  
Мағынасыз ойдан без.  
Жанжалы көп ойдан без.  
Қырсық сөйлеп, теріс баққан,  
Бейбақтарға болма кез.  
Сөз ұғарлық адамға,  
Үйретуге шыдап төз.  
Бұра тартқан бүлдірген,  
Ел ішінде кездесе,  
Ақсақалдар оларды

Талқылайтын құрған тез,  
Соның бәрін көріп жүр,  
Маңдайдағы екі көз.

## 32-тақырып

### ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ

#### 11-сабақ

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да, қай стильде жазылғанын анықтаңыз. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркестерін көшіріп жазып, мағынасын талдаңыздар.*

#### Нобель сыйлығының лауреаттары

**Нобель сыйлықтары** – жыл сайын әйгілі ғылыми зерттеу, революциялық жаңалықтар немесе мәдениет не қоғам дамуына зор үлес қосатын жұмыстар үшін берілетін халықаралық сыйлықтардың ішіндегі ең танымалдарының бірі.

1895 жылы құрылған және мынадай бес бағыттың өкілдеріне сыйлық беруді қарастыратын Альфред Нобельдің өсиетнама-сына сәйкес құрылған:

- әдебиет
- физика
- химия
- физиология және медицина
- бүкіл әлемде бейбітшілік орнатуға арналған іс-әрекет.

Қазіргі уақытта Нобель сыйлығының шамасы 10 млн (шамамен 1,05 млн еуро немесе 1,5 млн \$) швед кронын құрайды.

1900 жылы Нобель қоры жасалды, бастапқы капиталы – 31 млн швед кронынан тұратын дербес, тәуелсіз, мемлекеттік емес ұйым. 1969 жылдан бастап Швед банкінің ынтасымен экономика бойынша да сыйлық сыйланатын болды. Одан кейін Нобель қоры номинация санын арттырмауды шешті.

Ғылымның көптеген салалары нобель сыйлығымен «қамтылмай» қалды. Нобель сыйлығының беделді және танымалды-

ғына сәйкес басқа салаларда ең беделді марапаттауды бейресми түрде нобельдік деп атайды.

Ослода Нобель комитетінен 2011 жыл бойынша бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығының лауреаттары Либерия президенті Эллен Джонсон Сирлиф және Лейма Гбови мен Таваккул Карман болды деп жарияланды. Т. Карман Йеменде әйелдер құқы үшін күресте маңызды рөл атқарды, ал Л. Гбови Либерияда әйелдерге ел ішінде азаматтық соғысты тоқтату қажеттілігін белсенді түрде сендіруге атсалысқан. Э. Джонсон Сирлиф – африкалық елде президент болған тарихтағы алғашқы әйел.

*Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құраңыздар, контекстік мағынасы мен жалпы қолданыстағы мәнінің өзіндік ерекшеліктеріне назар аударыңыздар.*

Нобель сыйлықтары, қоғам дамуы, сыйлық беру, бейбітшілік, түру, дербес, тәуелсіз, ұйым, ынта, қор, қалу, марапаттау, бейресми, жариялау, құқы, әйел, тоқтату, атсалысу.

1. Сіздер Нобель сыйлығын алған қандай ғалымдарды білесіздер?
2. Мәтіннің негізінде тезис жасаңыздар.
3. Мәтіндегі негізгі ақпарат беріп тұрған сөйлемдерді тауып, көшіріп жазыңыздар.
4. Мәтіндегі етістіктерді теріп жазып, қанша сөзбен тіркесе алатынын шамалаңыздар.

**Үлгі: зерттеу** – ғылыми зерттеу, адам жанын зерттеу, гуманитарлық зерттеу, жүйелі зерттеу, теориялық зерттеу, маңызды зерттеу, құнды зерттеу, жүйесіз зерттеу, философиялық зерттеу, т.б.

Әдеби стильдің бір түрі – **ғылыми стиль**. Ғылыми стиль ғылым саласында қолданылады. Бұл стильде монография, ғылыми зерттеулер, мақала, диссертация, реферат, пікір, оқулық пен оқу құралдары, дәріс, аннотация, т.б. жазылады. Ғылыми баяндамалар оқылады.

Ғылыми стильде жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер, жалпы ғылыми сөздер мен ғылым салаларына қатысты терминдер пайдаланылады.

Қазақ ғылымында термин сөздерді жасаудың үлгісі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде.

Ахмет Байтұрсынұлы жасаған термин сөздердің басты ерекшеліктері:

- анықталатын ұғымның дәлдігі;
- таңбаланған атаудың қазақилығы;
- терминнің жалқылық сипатының болуы;
- терминнің нақтылығы;
- әрбір терминнің мазмұндық уәжділігі.

Қазақ тіліндегі терминдер жүйесінің жасалуы былай бөлінеді:

1. Төл негіздер арқылы жасалған терминдер.
2. Шетел тілінен енген терминдердің баламалық негізде (калька) аударылуы арқылы жасалған терминдер.
3. Өзгеріссіз енген шетелдік терминсөздер.

Ғылыми стильдің шағын жанрлары – **аннотация, реферат, пікір жазу**. Мұны жазу үлгісін әрқайсысымыз білуіміз қажет.

**Аннотация** – кітаптың, мақаланың, оқулық пен оқу құралының, жинақтың мазмұны мен не мақсатта жазылғанына арналып, қысқаша жазылатын сипаттама. Аннотация құрылымында түпнұсқаның қысқаша мазмұны, автордың мақсаты, еңбектің кімдерге арналғаны ғана көрініс табады.

Аннотация анықтамалық, ұсыныстық, жалпылық және аналитикалық болып іштей жіктеледі.

**Реферат** – түпнұсқа мәтіннің негізгі мазмұны мен мәнін мазмұндайтын шағын ғылыми мәтіннің бір түрі. Рефератқа қойылатын басты талап – түпнұсқа мәтіннің мәнін өзгертпеу, маңызды ақпаратты толық бере алу, объективтілік, материал туралы өзінің пікірін білдіруі.

**Пікір** – материалды сараптап, өзектілігі мен жаңалығын анықтап, автор жасаған негізгі тұжырымдарды бағалайтын, ғылыми ақпараттың негізділігін ашып, тілі мен стилі туралы пікірін білдіріп, жұмыстың кемшіліктерін көрсететін ғылыми жанрдың бір түрі.

## Аннотация үлгісі

Еңбекте тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, олардың арақатынасы сараланады. Тіл ұлттық мәдениеттің көне қайнар көзі ретінде танылады. Зерттеу жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, ғылыми қызметкерлерге арналады.

## Пікірдің үлгісі

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ізденушісі Маратова Айман Әлиқызының «Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы» атты филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефератына

## Пікір

Тіл ойлаудың бейнесі ретінде қызмет етеді. Ал адам баласының ойлау жүйесінің терең иірімдерін сөзге, сөз тұлғаға айналдырып, ойдың келісті бейнесін көріктеуді грамматикалық құрылымсыз, оның жұмсалып заңдылығынсыз көз алдыңызға әкеле алмасыңыз түсінікті. Екінші жағынан, ізденуші нысан ретінде алып отырған «уақыт» ұғымы үлкен категориялық негізді, жүйелі, әмбебап концепт. Уақыт ұғымының негізінде қазақ тілінде қалыптасқан атаулар мен шақтық мән беретін тұлғаларды іріктеп, олардың қызметтік-семантикалық қырын ашу – өзекті мәселе екені анық. Бұл тұрғыда ізденушіге тақырып ұсынған ғалым-ұстазға да, оны ғылыми-теориялық тұрғыдан толық меңгеріп, өзіндік ғылыми жаңалықтарымен, тұжырымдарымен тұздықтаған ізденушіге де ризашылық сезімде болғанымыз тағы рас.

Жұмыстың басты ғылыми құндылығы қалыптасқан қалыптан шығып, жалпыдан жекеге қарай зерделеп, уақыт атты ұлықтың қазақ дүниетанымындағы танбалық мәні мен мазмұнын, мағыналық құрылымын жинақтап, ғылыми жүйелеп, қазіргі жаңа ғылыми теорияларға сүйене зерделегені дер едік. Батыс мәдениеті мен шығыс мәдениетінің басты баптары салыстырылып, далалықтар (біз көшпенділер деп атамаймыз!) мәдениетін құ-

райтын қазақ топырағындағы «уақыт» ұғымына енетін лексика-семантикалық тақырыптар сараланып, нақты деректер негізінде тілдік мәні мен мағыналық құрылымы ашылады. Бір қарағанда бұл атаулардың тілдік табиғаты бұрын да әңгіме болғандай көрінері анық, ізденуші Маратова Айман Әлиқызының ұтары да, ғылыми жаңалығы да – оның зерттеу аспектісінде. Яғни «уақыт» ұғымының айналасына топтастыра отырып, атаулардың ішкі уәждік табиғатын ашуға ұмтылыстар, семдік талдаулар жасауы, лексикалық бірліктерге семдік талдаудың негізінде өздігінен дефиниция ұсынуы – жұмыстың негізгі ғылыми жаңалықтарының бірі дер едік.

Айман «уақыт» ұғымының функционалды-семантикалық парадигмасын анықтап, темпоральдық өрістің аспектуалдық, модальдық, шақтық локалдық, таксис категорияларымен байланысын, жүйе ретіндегі бірлігін анықтайды. Жеке тарау ретінде ұсынылған бұл бөлімде талданған тілдік бірліктердің сөйлеу тіліміздегі грамматикалық тұлғалардың жұмсалымдық сипатын ашуда берері мол. Шақтық мағынаны анықтауда контекстік мағынаны ашуға ұмтылғаны, семантикалық ауытқуларды танып табуы – жұмыстың ғылыми жаңалығының бірі.

Диссертанттың зерттеу бойынша 48 жеке ғылыми мақала мен еңбек жариялауы да, оның ізденімпаздығын, еңбекқорлығын, бастысы, ғылымдағы аса жауапкершілігін танытады деп есептейміз.

Ұсыныс ретінде айтарымыз, шағын авторефератта әлемде толық танылған Эйнштейннің атақты үш өлшем теориясы мен идеалист, материалист философтардың көзқарастарын таратып көрсетпей-ақ уақыт ұғымының концептік негізділігіне қатысты ғылыми талдаулар мен деректерді көбірек беру керек еді.

Екіншіден, автордың қорғауға ұсынып отырған бірінші тұжырымымен қосыла алмаймыз. Өйткені уақыт ұғымының лингвистикалық сипаты белгілі бір тұжырымдамалармен тығыз байланысты бола алмайды, ол – тек халықтық дүниетанымның, ұлттық менталдылықтың көрінісі.

Қорыта айтқанда, ізденушісі Маратова Айман Әлиқызының «Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы» атты филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының ғылыми аппараты толық, ғылы-

ми жаңалық дәрежесі жоғары, тұжырымдары нақты, 10.02.02 – қазақ тілі мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуға толық лайық зерттеу деп бағалаймыз.

Пікір жазған  
Әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің  
профессоры

А. Бек

*Төменде берілген кестедегі сөздердің мағынасына назар аударып, өздеріңіз білетін сөздермен толықтырыңыздар.*

Ауызекі сөйлеуде	Көркем шығармада	Ғылыми тілде
Алдында	Әлқисса	Біріншіден,

Төменде берілген тіркестердің ішінен ғылыми стильге қатыстыларын теріп жазыңыздар.

Біздің ойымызша, көз жұмбайға салу, көз жазбады, демек, зерттеу деп бағалаймыз, ғылыми мақала, қыстың көзі қырауда, табан тіресті, сызба, кеше келді, орташа оқиды, ту алды, ғылыми дәреже, жақсы ойнады, екінші жағынан, өзектілік, нақтылық, тұжырым, жеңіп кетті, шам жанды, дұрыс қамтылған, сенген екен, сәйкес қарастырылған, артық кетті, кем-кетігін түгендеді.

*Диалогті оқып шығып, мазмұнына назар аударыңыздар. Не тәтті? Не қымбат? Не жақсы? Не жаман? Не қатты? деген сұрақтарға өздеріңіз де пікір қоса жауап іздеп көріңіздер.*

### **Абайдың жұмбағы**

Абай үйінде отырып, өзінің досы Бегештен:

– Дауасыз не? арзан не, қымбат не? – деп сұрапты. Бегеш оған:



– Дауасыз – кәрілік; арзан – өтірік; қымбат – шындық, – деп жауап береді. Абай риза болады.

Тағы бірде үйіне Төлтай, Ошыбай деген кісілер келгенде Абай:

– Қаттыда не қатты, тәттіде не тәтті? – деп сұрайды. Ошыбай:

– Құрттың ақ малтасына қосып жеген қанттан тәтті бар дейсіз бе? – дей бастағанда, Төлтай құрдасы Ошыбайға кейіп:

– Әй, сен оттама! Қатты деген жоқшылық, тәтті деген жан емес пе? – депті.

Абай мырс етіп күліп:

– Жарайсың, Төлтай! – деген екен.

*Мақалды аяқтаңыздар. Сіз бұдан өзге тағы қандай мақал қосар едіңіз?*

Бал тамған тілден ....

Тауды, тасты жел бұзар, ....

Жақсы сөз ....

Жақсы байқап сөйлер, ....

Тіл қылыштан ....

Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ....

Жыланның уы тісінде, адамның уы ....

Көре-көре көсем боларсың, ...

Сүңгі жарасы бігер, ....

*Ғылыми еңбектерді пайдалана отырып, ондағы сөздердің қолданылу ерекшеліктеріне көңіл бөліңіз. Қай сөз табы жиі қолданылады?*

*Мына тұрақты тіркестердің қайсысы ғылыми еңбекте кездесуі мүмкін.*

Сөз аңғарды, сөз тіркесі, сөз аңдыды, сөз бақты, сөз арасында, сөз атасы, сөз аяғы құрдым, сөз әлпеті, сөз байлады, сөз бастады, сөзбен шалды, сөз берді, сөз болды, сөз сөйледі, сөз-сөйлем, атау сөз, сөзге келді, сөзге батыр – іске пақыр, сөзге кіріспе, сөзге қонақ бермеді, сөзге құлақ қойды, сөзге май құйды, сөзге шорқақ, сөзден сөз туды, сөздің майын тамызды, сөз етті, сөзі екі болмады, сөз қозғады, сөз салды, сөз қыдыртты.

1. Өздеріңізге ұнаған кітаптарға аннотация, реферат, пікір жазып жаттығыңыздар.
2. Өзіңіз қызығатын ғылыми журналдан мақала таңдап алып, жоспар мен тезис жазыңыз.
3. Ғылыми әдебиеттерде терминдердің басым болуының себебі не деп ойлайсыз? Өз пікіріңізді нақты деректермен дәлелдеңіз.
4. Мамандықтарыңыз бойынша қазіргі таңда қазақ тіліндегі қалыптасып отырған терминдердің жағдайы туралы пікірлеріңізді білдіріңіздер. Қазақша термин жасаудың ерекшеліктерін атап көрсетіңіздер.
5. Қазақша термин жасаудың қандай жолдары сіздерге ерекше дұрыс болып көрінеді? Өз пікір-пайымдауларыңызды жазыңыздар.

*Берілген сөздердің қай түбір арқылы жасалғанына назар аударып, жаңа сөздің ерекше мағынасын саралаңыздар.*

- 1) ғылым, білім, ілім, ғалым, білімпаз, білімдар, ғылыми, ғылымсымақ, ғалымсымақ, ілімпаз;
- 2) кітап, кітаби, кітапқұмар, кітапхана, кітапханашы;
- 3) термин, терминші, терминдену, терминтану.

*Берілген мәтіннің қандай стильге, қандай жанрға жататынын анықтап, ондағы термин сөздерді бөліп көшіріңіздер.*

**МОНОЛОГ** (грек. monos – бір, logos – сөз) – жеке бір субъектінің белсенді сөйлеуінің нәтижесінде болатын сөйлеу түрі. М. ауызша лебізде де, жазба түрінде де кездеседі. М.-тың негізгі ерекшелігі бір ғана адамның сөйлеуі немесе ойы көрінеді. Ғылыми әдебиеттерде М.-қа кейде интраперсональды сөйлеу деген анықтама береді. М. жеке адамның жай ғана айтқан бірер ауыз сөзі емес, көлемді мәтін бөліктерінің болуы арқылы анықталады. Бұл бөліктердің мағынасының жақын болуы, бір арнада жатуы, дұрыс композициялық орында тұрған сөйлемдерден құралуы қажет.

М. үш түрі бар: драмалық М., эпикалық М. және лирикалық М.

М.-тың белгілері сөйлеудің жанрлық сипатына байланысты (көркем М., оратор сөзі, қарапайым әңгіме, т.б.), екіншіден, қызметтік-коммуникативтік жағдайға қатысты болады (хабарлау, пайымдау, үгіттеу, т.б.). Жанр ішіндегі ерекшеліктер – персонаждардың авторлық және төл сөзі, ғылыми баяндама және агитациялық сөз. М.-тың стилистикалық ерекшеліктері сөйлем құраудың синтаксистік тәсілдеріне, лексикалық сұрыптау мен ауызекі және кітаби стильде сөйлеуіне байланысты болады.

Контексте кейде М. диалогпен араласып келуі де мүмкін. Диалогтық формада айтылғанның бәрі бірдей диалог бола бермейді, кейбір репликалар монолог болуы мүмкін. Мұндай жағдайда диалогтік, монологтік сөз кестелерінің алуан түрлі болып араласып, әрекеттесіп қолданылуын туғызады.

*Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:*

ғылыми терминдердің	негізді болады
ғылыми кітаби	сөздер
анықтама	стиль
нақты	беру
өзекті	әдебиет
ғылыми жаңалығы	стиль
тұжырымы	қолданысы
ұсынуға	тұжырым
термин	мәселе
көлемді	бар
	мәтін

*А. Байтұрсынұлының «Білім жарысы» атты мақаласын оқып, қай стильге жататынын анықтаңыз. Мәтінге ат қойыңыз.*

Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар – білімділер, зейінділер. Оларға бәйге ті-

гіп, жарыстыратындар – бай адамдар я обществолар. Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақта да бар. Қазақта бай адамдар я қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Барлығы бәйгеге тіккен малынан гөрі шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады.

Тойдан көбіне ас зор болады. Асқа сойылған малды, қантына шығатын пұлды, ішілетін қымызды, тігілетін бәйгені ақшаға аударып есептегенде, зор астарға талай мың жұмсалады. Соның бәрі жұрт жиылып, бір-екі күн ішіп, жеп кету үшін істеледі. Не жұртқа келер онан пайда жоқ, не ас берушіге тиер сауап жоқ, күр далаға кеткен бір мал болады да қалады. Ақылдың ауанымен санағанда, астың шын мағынасы босқа мал шашу болып шығады. Ат шаптырып, ас берді деген бес-он жылға ат қалады. Қазақ жомарттығының түрі һәм оның ақырғы тиімі – осы. Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа. Ол бірнеше ұлыс ел жиылып, бір-екі күн дуылдап, ет жеп, қымыз ішіп кету үшін ғана жасалмайды, бүтін ұлт я дүниядағы бүтін жұрт үшін һәм көпке қаларлық іс үшін істеледі. Дүнияда күн көріп, тіршілік етудің ауырын жеңілдету үшін, жеңілін рақатқа айналдыру үшін істеледі. Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүнияда бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әр түрлі істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы.

#### А. Байтұрсынұлы

1. Қазіргі уақыттағы білім жарысы қандай деп есептейсіз?
2. Білімділіктің өлшемі неде?
3. Білімді мен білімсіздің айырмасы неде?
4. Ел білімді болып, рақаты молаю үшін Сіз не істер едіңіз?
5. Мал шашу мен білім шашудың арасын көңіл парқымен пайымдап, ойтолғау жазыңыз.

🎵 Бейне материал. Көркем фильмнен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

1. Сізге ұнаған көркем бейне.
2. Қай сөздің мағынасына назар аудардыңыз?
3. Көрсетілген бейнематериалдан не түюге болады?
4. Сіздіңше, жақсылық пен жамандықтың арақатысы қандай?
5. Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

Өлеңді оқып шығып, ақын жырлаған жас дәурен жайында досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар. Өлеңді әнімен қосып орындаңыздар.

Жас дәурен – гүл жазира қайран жазым,  
Тыңдаған ерке сұлу айтқан назын.  
Әсерлі ән, көк нөсер күй, сал домбыра,  
Жігіттің тебіrentесің өнерпазын.  
Жас дәурен,  
Ризамын мен саған.  
Жан сәулем,  
Келші, сәулем аңсаған.  
Жас дәурен – жігер оты жанған жалын,  
Көрмесем қызығыңды армандамын.  
Өмірге екі келер уақытым жоқ,  
Сондықтан үлесімді мол қармадым.  
Жас дәурен, қызығыңа тоя алмаспын,  
Ән мен күй, өлең, сені қоя алмаспын.  
Тірлікте тербелейін, тебіренейін,  
Бір күні кетсем ұйықтап, оянбаспын.  
Жас дәурен,  
Нажағайлы алтын жаз.  
Жан сәулем,  
Қосыл күйге, айтшы наз.

Қ. Аманжолов

жас дәурен, қайран жазым, ерке сұлу, наз айту, әсерлі ән, көк нөсер күй, сал домбыра, жігіттің өнерпазы, жан сәулем, жігер оты жанған жалын, өмірге екі келер уақытым жоқ, үлесімді мол қармадым, тірлікте тербелейін, тебіренейін, нажағайлы ал-

тын жаз, қосыл күйге тіркестерінің ішкі терең мағынасын түсіндіріңіздер.

*Өлеңді түсініп оқыған соң қандай көңіл күйде болдыңыздар. Сізді бұл өлең тебірентті ме? Өтпелі жастық шақ, жалған дүние, қайта оралмайтын көктем жайында ойланып пікір білдіріңіздер. «Менің қымбат жас күнім» тақырыбына ой толғау жазыңыздар.*

## **Білгенге маржан**

### **Қарасай батырдың батасы**

– Жақсы қыз – жағадағы күндыз, жақсы ұл – көктегі жұлдыз. Жақсылап ұғып алыңдар. Батыр туса – ел ырысы, жанбыр жауса – жер ырысы, көпке салса – дұрысы, көнбесе болар ұрысы. Алдымен, еліңнің, жеріңнің қамын ойлаңдар, сөзіме терең бойлаңдар. Елемеген ауру жаман, ескермеген жау жаман, еліріп кеткен дау жаман. Қара қылды қақ жаратын, елінің ығын табатын, көпті ұйытатын әділ биді қастарыңа алыңдар!

Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады,  
Жақсымен жолдас болсаң, көңілің ашылады.  
Ақылды бимен болсаң, дауың басылады,  
Хас батырмен бірге жүрсең, жауыңды қашырады.  
Құтты адаммен қоңсы қонсаң, аруағыңды асырады.  
Арың жақсы болса, сөзің елде тұрады.  
Балаң жақсы болса, елінің асыл шырағы.  
Қызың жақсы болса, өрісті болар тұрағы.  
Жақсы жан ешкімді жатырқамайды.  
Жан жолдасың ешуақытта алдамайды.  
Әңгүдік жаман ғана сөзінді тыңдамайды.  
Арғымақ аттың баласы аз оттап, көп жусайды.  
Асыл ердің баласы аз сөйлеп, көп тыңдайды.  
Жала сөз тірідей қаралайды,  
Жақсы сөз дем берер,  
Күш-қуат, ән берер.  
Болат қайнауда шынығады, ер ат үстінде көп жүріп,  
Ел үшін аз тынығады.  
Бұл айтқанымның көбісі –

Бұрынғы өткен атам қазақтан қалған асыл сөз.  
Сендерге осы өсиетім жолбасшы болсын!  
Батам қабыл болсын!  
Жортқанда жолдарың болсын!

Әумин!

## ЖАСТАР ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ

### 12-сабақ

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да асты сызылған сөздердің түсінігін жазыңыз.*

### Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы (Үзінді)



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясының өзекті идеялары мен қағидаларына, БҰҰ Бас Ассамблеясының «Жастар дамуының 2000 жылға дейінгі дүниежүзілік» іс-қимыл бағдарламасының 50/81 қарарына, Сәби құқықтары туралы конвенцияға, Қазақстан Республикасының Конституциясына және ел Президентінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Жолдауына сүйенеді.

#### I Жалпы ережелер

Мемлекеттік жастар саясатының қажеттігі жас өркеннің өмірге қадам басып, қоғамда өз құқығын иеленумен, оның алдында жауапкершілік арқалау сәтінде бетпе-бет келетін өмір мәресінің қиындықтарымен айқындалады.

Жастар саясатын қалыптастыра отырып, мемлекет жастардың келешекте маңызды салмаққа ие болар халықтың бірден-бір

белсенді тобы екендігін ескереді. Мұның өзі жастардың мемлекет құрылысындағы рөлі мен орнын жете бағаламауға жол бермеуді көздейді.

Мемлекеттік жастар саясатының дәстүрлі әлеуметтік саясаттан айырмасы ол тек өтелу тетіктерін әзірлеуге ғана сайымайды. Ол жастардың еңбек пен шығармашылық қуатын айқындайтын белсенді де жаңаша, өндірушілік аспектілерден тұрады. Бұл мемлекеттік жастар саясатын қоғамның стратегиялық ресурстарын дамытудағы бірден-бір маңызды бағыт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдық өзгерістердің күрделілігі жас азаматтардың әлеуметтік жағынан жан-жақты қалыптасуына, жас қауым тіршілігінің барлық қалтарысына әсерін тигізді. Дәстүрлі жастар мәселелерін шешудің мазмұны мен тәрбие тәсілдері жаңа тарихи жағдайларда мүлде өзге қырынан қарастырылуға тиіс болғандықтан түбегейлі өзгерді.

Қазақстандық жас буын бойында отаншылдық, іскерлік, жауапкершілік қасиеттер қалыптастырмай, жастардың ізгілікті, рухани өркендеуіне, сондай-ақ өткен буынның әлеуметтік-мәдени тәжірибесін, әлем өркениеті жетістіктерін игеруіне жол ашпай әлеуметтік ұстанымдағы экономикасы бар демократиялық қоғам құру мүмкін емес.

Сіз осы құжатпен бұрыннан таныссыз ба? Егер таныс болмасаңыз, өзге ақпарат көздері арқылы толық танысыңыз.

Еліміздегі Жастар саясатының маңызы мен міндеті неде деп ойлайсыз?

Экологиялық мәселелерді шешуде жастардың орнын қалай бағалар едіңіз?

*Берілген тіркестерді қатыстырып, сөйлем құраңыздар да, көпмағыналы сөздердің мағыналық құрылымын талдаңыздар.*

Жастар саясаты тұжырымдамасы, адам құқықтары, Сәби құқықтары туралы конвенция, қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, жас өркен, өмірге қадам басу, жауапкершілік арқалау, бет-бет келетін өмір мәресі, белсенді топ, жете бағаламау, жол бермеу, дәстүрлі әлеуметтік саясат, шығармашылық қуат, жас



қауым тіршілігі, түбегейлі өзгерді, рухани өркендеу, әлем өркеніеті жетістіктері, әлеуметтік ұстаным, демократиялық қоғам құру.

*Айту, басу, бермеу, құру, өзгеру, күту* сөздерімен бірнеше сөз тіркесін жасап, олардың қай мағынаны беретінін анықтаңыз. Сөз мағынасының кеңеюі қазақ сөзінің ішкі байлығы екеніне көз жеткізіңіз.

**Үлгі:** киіз басу, аяқ басу, көңілін су сепкендей басу, мақаланы компьютермен басу, терін басу, шөлін басу, басу айту, ашуын басу, т.б.

*Көп нүктенің орнына мағынасына орайластырып, қосымша жалғап, мәтінді орфоэпия заңдылығымен оқып шығып, дұрыс сөйлеуге жаттығыңыздар.*

Әлемде отбасы мәселесі үлкен дағдарыс... . АҚШ-та әрбір 1000 отбасыға шаққан... – 4,7, Украинада – 4,0, Ресейде – 4,5, Эстонияда – 3,1 Финляндияда – 2,7, Қазақстанда – 2,9, Өзбекстанда – 0,8, Әзірбайжанда – 0,7, Тәжікстанда – 0,4 пайыз ажырасу бар. Көріп отырғаныңыздай, мұсылман діні орнық... елде отбасы берік. Ал Батыс елдеріндегі жағдайды әлгінде айттық. АҚШ-та қазір балаларын әкесі... тастап кететін әйел... көп екен. Бұл ел... бүгінде «жалғызбасты әке» деген ұғым кең тарап бара жатыр. Өкініш... қарай, ішінара бізде де бұндай жағдайлар кездес... қалады. Әлемде 1 млрд. 300 млн. адам қайыршы... деңгейде өмір сүріп жатыр. 1 млрд. адам кездейсоқ табыс... нәпақасын айырып отыр. 1 млрд. адам – сауатсыз. 2 млрд. адам анти-санитариялық жағдайда өмір сүріп жат..., 1,5 млрд. адам таза суға зәру.

Әлемдік көші-қон мәселе... де назар аудару... қажет етеді. Қазір жер бетінде 200 млн. адам жұмыс іздеп бір ел... екін... елге көшіп-қонып жүр. АҚШ-қа, Еуропа елдері... жыл сайын 20 миллион... адам келіп-кетіп жатады екен. Оның денінің сол елдер... қалып қоюға тырысатын... да ескеру керек. Қазақстан... да жылына 1 млн-ға жуық адам келіп-кетеді. Міне, адамзат осындай жағдай... өмір кешіп жатыр. Бұны Алланың жазуы деп қол қусырып отыра бере... бе, әлде тығырықтан шыға... жолды іздей... бе? Бұл – үлкен сұрақ!

Шағын мәтінде көтерілген мәселе туралы өз пікір-пайымдауыңызды сұхбат сипатында білдіріңіздер.

Қазақ отбасындағы отағасы рөлінің маңызды болуының себебі не деп ойлайсыз?

*Тарап бара жатыр, кездесіп қалады, өмір сүріп жатыр, келіп-кетіп жатады екен, көшіп-қонып жүр, ескеру керек, келіп-кетеді, өмір кешіп жатыр, қол қусырып отыра береді, т.б.* күрделі етістіктердің қолданысына назар аударыңыз. Қандай мағыналық даму байқадыңыз?

Қысқарған сөздерге қосымшаның қалай жалғанатынына көңіл бөліңіздер.

**Ауызекі** сөйлеу – адамдардың күнделікті тіршілікте тіл арқылы қарым-қатынас жасауының негізгі түрі. Ауызекі тілдің басты ерекшелігі – сөйлеудің алдын ала дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асатындығы.

Басқа стильден оның біршама өзгешеліктері бар. Мұнда тіл мәдениетін қатаң сақтауға талап қою дұрыс бола бермейді. Негізгі мақсаты тікелей және тез хабар беріп, хабар алу болғандықтан, ауызекі тілде әдеби тілдің нормасынан тыс сөздер мен сөз тіркестері – варваризмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, диалектілер, т.б. кездесуі әбден мүмкін. Бұл ауызекі тілдің заңдылығын бұзу болып есептелінбейді.

Ауызекі тілдің тағы бір ерекшелігі – әңгіме тақырыбының тез өзгеріп отыратындығы. Екі адам ауа райы туралы сөйлесіп тұрып, күтпеген жерден өндіріс мәселесін сөз етуі мүмкін. Тілдегі экспрессивті, эмоционалдық қасиеттер көп жағдайда ауызекі тілде байқалады. Ауызекі тілде тілдік факторлармен қоса, тілден тысқары факторлардың да жарыса пайдаланылуы осы стильдің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Яғни сөз болып отырған оқиға тыңдаушысына түсінікті болса да, бет пішінінің, қолының қозғалыстары, дауысты көтере немесе сыбырлай сөйлеуі, т.б. Экспрессия және ықшамдылық үшін ауызекі тіл сөздерді өзгеше жұмсайды.

Ауызекі тілдің тек өзіне тән сөздік қоры болады, ол екпінге, сөйлемдегі мағынаға көбірек сүйенеді. Ауызекі тілді жалпыхалықтық тілдің бір түрі ретіндегі сөйлеу тілінен ажырата білудің елеулі мәні бар. Сөйлеудің ауызша түрі функционалдық стиль-

дердің барлығында (сахнадан немесе радио мен теледидардан көркем шығармадан үзіндінің оқылуы, публицистикалық материалдың ауызша берілуі) кездеседі.

*Мәтіндегі ауызекі сөйлеудің үлгісін талдаңыздар. Өзге стиль түрлерінен айырмашылығын жіктеп айтыңыздар.*

Тетелес ағасы дастарқан жайып күрең шай ұсынар, әжік-күжік әңгіме басталар.

– Ақтөс тазы мен кішкентай Санжар іші пысады, күн көтеріле бала мен ит қолды-аяққа тұрмай безектейді, – дейді тетелес ағасы әкесіне мұңын шаққандай сыңаймен, – тазы ғой төбе басында шошайып қарауыл қарап қылт еткен түлкі мен қоянды алыстан шалып ұстап жеуге дағдыланды. Ал Санжар тамның басына шығып, балбал тасқа ұқсап күн ұзаққа тапжылмайды.

– Ит шіркін ішқұста болып қаңғып кетпес, мына бала тілауыздан қалып, омақаша үйіліп отырып, қияли боп қала ма деген қаупім бар.

– Осыны айтып жол қараушы Мәлібек суыған шайын қылғына жұтып, дастарқан жиегін сілке қайырып, өз батасы өзінде, сықырлай тұрып сыртқа сытылады. Жол қапшығын иығына асып соңынан ілесе шыққан ересек ұлына дауыстайды.

– Байқа, бала қиялданып отырып, тамнан құлап кетпесін.

– Там басында шошайып шашын ұстарамен қырғызған, көйлек, дамбалы күнге оңып, дөкеше ыдыраған қарадомалақ бала ұзақты күн малдас құрып отырар. Көз ұшындағы ирек сағымға, сағымға ұқсас жөңкілген бұлтқа, арлы-берлі дамылсыз сабылған поезға күн сала қарар. Сонадай жерде ұшқасып-тіресіп өтіп бара жатқан жолшылар саусағын шошайтар.

– Ана бала я елден асқан данышпан болар, я көжесін жылап ішетін мәңгібас шығар.

– Ойын баласы болып ойға-қырға еш аттап баспайды, балбал тасқа ұқсайды.

– Бәтшағардың көзінен қорқам! (Д. Досжан)

Мәтіндегі диалект сөздерді табыңыздар.

Диалогтегі сөз үлгілеріне назар аударыңыздар.

Бір-біріңізбен сөйлескенде қолданатын ым-ишараға көңіл бөліп, оның мағынасын анықтауға талаптаныңыздар.

Берілген сөздердің қайсысы ауызекі тілге, қайсысы әдеби тілге жататынын бөліп жазыңыздар.

өмір, кәдесый, кәнеки, мосқалдық, егделік, кілмию, жылмию, балалық, жазира, өлке, ауыл, қамшыл, жетекші, ілкі, басқы, баспашы, әжеке, бұндай, ем-домдау, тамаша, өзен, көл, керек, мысалы, жылтықай, әгүршүк, қасқа, жүдә, айтпақшы, сенім, жүрек, құдағай, жырғау, қозғалыс, әйдік, жол, жолақ, әпкелу, серік, мүләйім, мұншама, сондықтан, демек, мехнаттану, пысты, мәпелі, сөз бұйдаға салу, серке, әкебас, мүйіс, тәлпіш, бұлаң.

ауызекі тіл	әдеби тіл

*Таңдаған тақырып төңірегінде сұхбат құрып, сөйлеудегі еркіндікке, өздеріңіздің сөз қолданыстарыңызға көңіл бөліңіздер.*

### **Тақырыптар:**

Бүгінгі экономика және экология.

Менің қаламдағы экологиялық жағдай.

Экологиялық мүдде және нарық.

Біз жастар – сенімді ұрпақпыз.

Өздеріңіз күнделікті сөйлеу кезінде қолданатын диалект не сленг сөздеріңізді жазыңыздар.

Күнделікті сөйлесу кезіне Сіз тым жиі қолданатын өзге тілден енген сөздерді жазыңыз. Олардың қазақша нұсқалары бар ма, жоқ па? Оларды бөліп жазыңыз. Мысалы: уже, почти, прос-то, нормально, без проблем, ну да, да ну, все, пока, привет, сюрприз, так, звонда, хорошо, блатной, т.б.

Қазақша нұсқасы бар сөздер	Қазақша нұсқасы жоқ сөздер

🎵 Бейне материал. «Біржан сал» фильмінен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысыз жасаңыз:*

- Қай кейіпкердің пікіріне ерекше назар аудардыңыз.
- Сізге ұнаған кейіпкер.
- Әртістің рөлге енуіне берер бағаңыз.
- Көркемдік шешім және сіздің берер бағаңыз.
- Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

Өлеңді оқып шығып, ақынның ел туралы толғанысын досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар.

### **Елім-ай**

Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,  
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.  
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден,  
Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай?  
Өткен сағым, келер алдың бір мұнар,  
Қызылшылсың қызарғанға тым құмар.  
Сақтан деген сөзді жан жоқ шын ұғар,  
Жемге шапқан, қармақ құрса, елім-ай!  
Қандай едің, қара кейін қайырылып,  
Қандай едің, тұрсың одан айрылып.  
Мүгедек боп қос қанатың майрылып,  
Өксіп жылап өгей ұлша, елім-ай!  
Мұны құр бос өлең десең, өзің біл.  
Жұрт болмаймын өлем десең, өзің біл.  
Не болса да көнем десең, өзің біл,  
Босағада жүрген күлша, елім-ай!  
Түзелесің қашан, жұртым, оңалып?  
Тіл алмасаң кетпеймісің жоғалып?  
Қайтер едің еткен дәурен оралып,  
Жылы жүзбен мойнын бүрса, елім-ай?

Сол күніңді көрсем – менің арманым,  
Жоктамас ем өзге тілек қалғанын.  
Сүм жүрегім селк етпейді жалғаның  
Бұл мінезің бойда тұрса, елім-ай.

М. Дулатов

Тіркестерінің контекстік мағынасы мен тура мағынасын салыстыра түсіндіріңіздер. *Ем таба алмай дертіңе, мұнар, сағым, қызылшылсың қызарғанға тым құмар, мүгедек боп қос қанатың майрылып, өгей ұлша, босағада жүрген құлша, жылы жүз, менің арманым, сүм жүрегім*

**Үлгі:** кітабын таба алмау, қағазын таба алмау, дертіне ем таба алмау, көңілін таба алмау, сүйіктісін таба алмау, анасын таба алмау, жағдайын таба алмау, жұбаныш таба алмау, серігін таба алмау, сүйеу таба алмау, т.б.

Өлеңдегі риторикалық сұрақтың мәнін түсіндіріп, өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

✧ Риторикалық сұрақ болатын бірнеше сөйлем жазып, оның қойылу мәнісін талдаңыздар.

## **? Сіз білесіз бе?**

... Әлемде 6000-нан астам тіл болса, солардың 600-не ғана жойылу қаупі төнбейді екен (2700 – негізгі тіл, 4000-ға жуығы – сол тілдердің диалектісі). Кейбір болжамдар бойынша ХХІ ғасырдың аяғына таман үркердей топ – негізгі тілдер ғана қалып, қалғандары жойылып кетпек.

... Бірде-бір адам сөйлемейтін тіл өлген тіл болып саналады. 1990 жылдардың ортасында Камерун деген елдің Адамавия өлкесінде мынадай оқиға болды. Оны Англияның қатер төнген тілдер қорының мүшесі Брюс Кондель әңгімелеп берді. Оның айтуынша, 1995 жылы қарашаның 5-і күні Момбила ауданында касаба тілінде сөйлейтін ең соңғы Богон есімді азамат дүниеден өткен. Қарашаның 4-і күні касаба тілі тірі болса, қарашаның 5-і күні ол тіл өлді.

Қатер төнген тілдер қорының Англияның Единбург қаласында өткен ІІ конференциясында (1998 ж.) Оле Стив Андерсен

деген лингвист 1992 жылы қарашаның 8-інде Батыс Кавказдағы обух тілінде сөйлеген ең соңғы адам Е. Тефлик дүние салғанда, обух тілі де бірге өлгенін айтады. Тілші обух тілін жазып алуға 2-ақ сағат үлгермей қалыпты. Себебі ол сол ауылға жеткенде Тефлик екі сағат бұрын дүниеден өтіп кеткен екен.

... 1980 жылғы есеп бойынша, тірі тілдердің саны 6000-мен 7000-ның аралығында. 1992 жылы шыққан халықаралық лингвистикалық энциклопедияның мәліметіне сенсек, 6300 тірі тіл бар деп жазылған. «Әлем тілдерінің жартысы өледі» деген тұжырым дұрыс болса, ол – 3000 тілдің ажалы деген сөз.

Тілді ажал аузында деп қай кезде айтуға болады? Сол тілде сөйлейтін жас ұрпақ одан безінген кезде. «Ал оны өлімнен сақтау үшін неше адам ол тілде сөйлеуі керек?» деген сауалға, тіпті, 500 адам сөйлесе де, ол тілді ажал аузынан аман алып қалуға болады деп жауап берген болар едім.

«Қай тілде қанша адам сөйлейді?» деген кестеге назар салып көрелік.

Әлемде 100 миллионнан астам сөйлеушісі бар 8 ірі тіл бар. Олар – қытай, испан, ағылшын, бенгал, хинди, португал, орыс, жапон тілдері. Осы 8 тілде 2 миллиард 400 миллион адам сөйлейді. Алайда осы 8 тілдің қатарына 12 тілді қосып, 20 тілді «ірі тіл» деп атаса, сол 20 тілде бүгінде 3 миллиард 200 миллион адам сөйлейді екен. Яғни жер бетіндегі халықтың жартысынан көбі.

Бүгінде жер бетіндегі «тірі тілдердің» 4 пайызында әлем халықтарының 96 пайызы сөйлейді екен. Сөйлеушілері 10000-нан аспайтын тілдердің саны 6000 болса, оның жартысының 1000-нан аспайтын ғана сөйлеушісі бар. Мәселен, 500 тілдің әрқайсысының небары 100 адамнан, 1500 тілдің сөйлеушісі 1000 адамнан аз. Сөйлеушісі 10000-ға жетпейтін тілдер 3340 екен.

20000 сөйлеушісі ғана қалған тілдерді қатер төнген тілдер деп атасақ, дәл қазір әлемнің 4000 тіліне тікелей қара бұлт үйіріліп тұр. Соның ішіндегі 51 тілде тек бір-бір адам ғана сөйлейді.

Оның 28-і – Австралияда, 8-і – Америкада, 3-еуі – Оңтүстік Америкада, 3-еуі – Африкада, 6-уы – Азияда, 3-еуі Тынық мұхит аралдарында екен.

Лингвист Майкл Краустың пікірінше, адамзат тілінің 90 %-ы өледі. Әлемде 600 тіл қалады. Ал осы ғасырда тілдердің 50 %-ы

ғана қалмақ. 3000 тіл өмір сүруін жалғастырады. Оның айтуынша, 100 жылда 1200 ай болса, әр айда 2 тіл өледі екен. Краус: «Солтүстік Америкада 187 жергілікті тіл бар. Сол 187 тілдің бәріне қазір ағылшын тілі қауіп төндіруде. Яғни олар жойылғалы тұр» дейді.

Жойылу қауіпі төнген тілдерді Краус 5 санатқа бөледі. Біріншісі, қауіп төне бастаған тілдер. Олар әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қажетсіз деп табылған, үлкен тілдердің қыспағына түскен тілдер. Басты белгісі, алдымен, бұл тілдерде сөйлейтін жастар азая бастайды.

Екіншісі, қауіп-қатер төнген тілдер. Бұл халықтың жас ұрпағы өз тілінде сөйлегісі келмесе, онда оған қатер төнді деп есептей беріңіз.

Үшіншісі, қатер тым төнген тілдер. Бұл тілде жақсы сөйлейтіндер – жасы елуден асқандар.

Төртіншісі, өле бастаған тілдер. Бұл тілде тек қартайған адамдар сөйлейді.

Бесіншісі, жойылған тілдер. Бұл сол тілде сөйлейтін бірде-бір адам қалмаған тіл.

...Әлемдегі 5 мың тірі тілдің ай сайын 2-еуі өледі.

(Д. Кристал «Ағылшын тілінің  
Кембридж энциклопедиясы» атты еңбегінен)

## ДҰРЫС СӨЙЛЕУ ПАРЫЗ

### 13-сабақ

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да, асты сызылған сөздердің мағынасын жазыңыз.*

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТӨРІНДЕ

Қол жеткізген тәуелсіздіктің күн сайын қадір-қасиеті артып, айшықтала беруі мемлекетіміздің дұрыс және баянды бағытта қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Тарих пен тағдырдың талай өткелінен сүрінбей өткен қазақ халқы, жалпы қазақстандық-



тар бұл жылдары жасампаздықпен аянбай еңбек еткені күмән тудырмайды.

Бүгінде қазақстандықтар Ата Заңы орныққан, шекарасы айқындалып бекіген, көк байрағы желбіреген, төл теңгесі шыққан, әнұраны шарықтаған тәуелсіз елін мақтаныш етеді. Өйткені мемлекетіміздің экономикасы мен мәдени-әлеуметтік салалары ғана дамудың даңғыл жолына түсіп қойған жоқ, оның халықаралық бейнесі де бедерлене түсті. Қазақ елі дүниежүзілік қауымдастықтың беделді серіктестігіне айналды. Қазақстан – 1992 жылғы 2 наурыздан бастап Біріккен ұлттар ұйымының толық құқылы мүшесі. Қазір еліміздің БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ (ОБСЕ) секілді 70-ке жуық халықаралық ұйымдарда өкілдігі бар. Қазақстан дүниежүзілік валюта қорына, Дүниежүзілік еңбек ұйымына, Дүниежүзілік банкке, т.б. ұйымдарға әріптес болуы сыртқы саясатта таңдаған жолымыздың дұрыс және толыққанды екендігін дәлелдеп отыр.

Тәуелсіздік – Тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Дәуір жасампаздығы сенімді және серпінді дамуға байланысты. Сондықтан да тәуелсіздік ерекше маңызға ие.

Мәтіндегі өзіңізге түсініксіз болған сөздерді теріп, сөздік бойынша мағынасын жазыңыз;

Мәтін қай стильде жазылған?

Қысқарған сөздерді теріп жазып, оның толық нұсқасын келтіріңіз.

Мәтінге тақырып қойып, тезис жазыңыз.

«Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі» тақырыбы бойынша өз ойларыңызды білдіріп сұхбат құрыңыздар.

Тілді меңгерудің сара жолы – дұрыс сөйлеу. Ал қазақ тілінің дұрыс сөйлеу жүйесінде дыбыс үндестігі ерекше маңызды

орында. Буынның бірыңғай жуан және бірыңғай жіңішке болып келуі қазақ лебізінің басты нормаларының бірі. Сондай-ақ дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпалы да дұрыс сөйлеудің ерекше нормаларын анықтайды:

- сөз соңы ұяң дыбысқа (көбінесе з дауыссызы) аяқталса, жалғанатын қосымша тек ұяңнан не үндіден басталады да, айтуда осы жүйе сақталады: *қыз-бен, қаз-дың, мұз-дан, тұз-ға т.б.*
- сөз соңы үнді дауыссыз дыбысына аяқталса, жалғанатын қосымша тек ұяңнан не үндіден басталады да, лебізде осы жүйе сақталады: *сал-ган, ал-ган, ем-ге, таң-да, жан-мен, шаң-ды, ер-лік, сай-мен, сайдан, ау-ға, ау-лы, т.б.* Бұл үндестікке *с, ш* дыбыстары бағына бермейді: *ал-са, бер-се, аң-сыз, ай-ша, ем-сіз, ер-ше, т.б.*
- сөз соңында қатаң дауыссыздар келсе, жалғанатын қосымша тек қатаңнан болады: *ас-қа, тас-тың, қас-пен, ат-ты, ет-пен, еп-пен, қап-тан, ақ-қа, сақ-шы, т.б.* Түбір не негіз *ш*-ға аяқталып, қосымша *с* дыбысынан басталса, *с* дыбысы *ш* болып айтылады, жазуда ескерілмейді: *аш-ша (ашса), қаш-ша (қашса), ұш-ша (ұшса), т.б.*
- сөз арасында басқы сөздің соңы қатаңға бітсе, келесі сөздің басындағы дыбыс қатаң болып айтылады: *Ақпота, Ақпикеш, Ақкүл, төртпет, баспармақ, т.б.*
- сөз соңы *н* дыбысына аяқталса, морфемадағы *г, ғ* дыбыстарының әсерінен *-ң* болып айтылады: *наңға, үлкеңге, саңға, жаңға, мәңге, әңге, т.б.*
- сөз соңы *н* дыбысына аяқталып, қосымша *б, м* дыбыстарынан басталса, *н* дыбысы өзгеріп айтылады: *жамбады, сөмбеді, тұмбады, өмбеді, күмбеді* (күн бе еді) т.б.
- сөз соңы *з* дыбысына аяқталып, қосымшаның алғашқы дыбысы *с* дыбысынан басталса, *з* дыбысы *с*-ға өзгеріп айтылады: *боссыз, сөссіз, тұссыз, ассыз (азсыз), осса, қосса (қозса), біссіз, сіссіз, т.б.*
- сөз соңы *з* дыбысына аяқталып, қосымшаның алғашқы дыбысы *ж* дыбысынан басталса, *з* дыбысы *ж*-ға өзгеріп айтылады: *жүжжыл (жүз жыл), ажжыл (аз жыл), қыжжяқ (қыз жяқ), түжжяқ (түз жяқ), т.б.*

- сөз соңы *з* дыбысына аяқталып, қосымшаның алғашқы дыбысы *ш* дыбысынан басталса, *з* дыбысы *ш*-ға өзгеріп айтылады: *сөшішең, көшіше (көзіше), ташиша (тазша), жашшықты (жаз шықты), жүшішақты (жүз шақты), т.б.*
- сөз соңы *қ, к, п* дыбысына аяқталып, қосымшаның алғашқы дыбысы *д, ж, з* дыбысынан басталса, *қ, к, п* дыбыстары лебізде ұяң болып айтылады: *ағжастық, тоғжылқы, көбзат, бегзат, ағжылан, ағжайма, т.б.*
- сөз соңы *с* дыбысына аяқталып, қосымшаның алғашқы дыбысы *ш* дыбысынан басталса, лебізде *с* дыбысы *ш*-ға өзгеріп айтылады: *ашиша, башишы, жұмышишы, қошишы, құшишы, әңгімелешші, байлашишы. оқышишы, т.б.*
- сөз соңы *н* дыбысына аяқталып, келесі сөздің алғашқы дыбысы *қ, к* дыбысынан басталса, онда *нқ, нк* дыбыс тіркесі лебізде *ңғ, ңг* түрінде айтылады: *Жаңғабыл, жаңғыз, Амаңгелді, оңғол, саңғол (сан қол), сеңкеттің (сен кеттің), атаңгелді (атаң келді), т.б.*
- сөз соңы *с* дыбысына аяқталып, келесі сөздің не қосымшаның алғашқы дыбысы *ж* дыбысынан басталса, онда лебізде екеуі де *ш* түрінде айтылады: *Қошишан, Дошишан, ташишол (тас жол), қашшан (қас жан), башишүлде (бас жүлде), т.б.*

*Берілген сөздердің дұрыс оқылуына көңіл бөліңіздер де, оқылуынша жазыңыздар.*

Бүкіл, үкімет, саясат, қарым-қатынас, халықаралық құқық, нормалары негізінде құрады, Қазақ Республикасы, барлық ұлт, Қазақстан халқы, мекеніне қарамастан, ақ жайма, сақ жігіт, жаз шықты, көктем келді, отқа қақтау, қалқанға, қан қысымы, құланға, өгізше, сезінбеу, сезсе, сөзжұмбақ, сөзжасам, сөзсіз, сөзтізбе, керқұла, Ботакөз, Қарагөз, Ақмарал.

Күрделі болса да, жоғарыда келтірілген ережелерді сақтаған жөн. Сондықтан төмендегі мәтінді орфоэпиялық ережелерді сақтап оқиық:

Жазылуы	Айтылуы
<p>Кұлақтан кіріп, бойды алар  Жақсы ән мен тәтті күй.  Көңілге түрлі ой салар,  Әнді сүйсең, менше сүй.  Дүние ойдан шығады,  Өзімді-өзім ұмытып,  Көңілім әнді ұғады,  Жүрегім бойды жылытып.  Аңсаған шөлде су тапса,  Бас қоймай ма бастауға?  Біреу түртсе, я қақса,  Бой тоқтамас жасқауға.</p> <p style="text-align: right;">(Абай)</p>	<p>Кұлақтан гiрiп, бойд(ы) алар  Жақсы ән мен тәтті гүй.  Көңүлге түрлү ой салар,  Әнді сүйсең, менше сүй.  Дүнүйе ойдан шығады,  Өзімд(i) өзім үмүтүп,  Көңүлүм әнд(i) ұғады,  Жүрегім бойды жылытып.  Аңсаған шөлде су тапса,  Бас қоймай ма бастауға?  Біреу түртсе, я ғақса,  Бой тоқтамас жасқауға.</p>

Орфоэпиялық сөздікті пайдаланып, мына сөздердің дұрыс айтылуын анықтаңыздар:

ақ адал, ақ адал мал, ақ айыл, ақ ала, ақ алмас, ақ алтын, ақ аю, ақ бақай ат, ақ балта, ақ бас, ақ бата, ақ боз, ақ жауын, ақ желең, ақ жүзді, ақ орда, ақ өлең, ақ неке, ақ пен қара, ақ сабын, ақ ұлпа, ақ шаш, ақжол, ақжолтай, ақбозат, ақбидай, ақбөкен, ақжүрек, ақгүл, ақкүміс.

*Сөйлемді қажетті сөздермен толықтырыңыз да, қандай мағынада жұмсалғанын түсіндіріңіз.*

1991 ж. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының ... саяси тәуелсіздігі туралы конституциялық ... қабылданды. 1993 ж. 28 ақпанда тәуелсіз ҚР Конституциясы қабылданды. 1995 ж. 30 тамызда Конституция уақыт талабына сай қайта қаралып, оның жаңа ... қабылданды. Конституцияның ... бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, ... , құқықтық және әлеуметтік мемлекет .. орнықтырады. Оның ең қымбат ... – адам және адамның өмірі, ... мен бостандықтары», – ... жазылған.

**Қажетті сөздер:** мемлекеттік, заң, нұсқасы, бірінші, зайырлы, ретінде, қазынасы, құқықтары, деп.

**Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:**

тәуелсіздіктің баянды тағдырдың ата дүниежүзілік Біріккен ұлттар мемлекетіміздің дүниежүзілік валюта дәуір Жас Сыртқы	өткелі бағыт заңы қауымдастық экономикасы ұйымы қадыр-қасиеті қоры жасампаздығы мемлекет саясат енбек ұйымы
--	--

► *Мақалдарды оқып, мәнін түсініңіз, өз пікіріңізді білдіріңіз.*

1. Арпа, бидай ас екен,  
Алтын, күміс тас екен.
2. Күріш арқасында,  
Күрмек су ішер.
3. Күріш азса, күрмек болар.
4. Күріштің дәмін май келтірер.
5. Бидайдың барар жері диірмен.
6. Жүгерісі барға жүт жоқ.
- Ет сүйексіз, күріш күрмексіз болмас.
8. Ағаш ұстаған жерінен сынбас.
9. Егіндікті күз суар.

**Мәтінді мұқият оқып шығып, ондағы диалогке назар аударыңыздар.**

Баяғыда Зерделі дейтін шешен, білгір адам болыпты. Бір күні Зерделі бір топ жолдастарымен жиһан кезіп келе жатып, бір қарияға кездесіпті. Сәлемдесіп, жөн біліскеннен кейін қария Зерделіге:

– Өкең Қазақбайды білуші едім. Үш түрлі бала туады: бір бала әкесінен өте туады, бір бала әкесіне жете туады, енді бір бала бар, ол кері кете туады. Сен соның қайсысы боласың? – деп сұрапты.

– Ата, өте туған бала боларымды алдағы өмірім білер, кері кете тудым ғой деп білем, – депті. Қария тағы бір сұрақ беріпті.

– Балам, өтірік пен шындықтың арасын өлшедің бе? – депті.

– Өлшедім өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі, – деп бала оң қолының төрт саусағымен көз бен құлақтың аралығын басыпты. Қария:

– Балам, ақыл кімнен шығады, асыл неден шығады, қанат неден шығады, жанат неден шығады, санат неден шығады, оғаш неден шығады, соны білдің бе? – депті.

– Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады, тату болса ағайын бірі құйрық, бірі жал, қанат содан шығады, қой терісін қорлама жанат содан шығады, халқы үшін қарттар қам жесе, санат содан шығады, өнерсіз болса бозбала оғаш содан шығады, – депті. Қария Зерделіге риза болып үйге түсіп, дәм татуға шақырады. Қымыз ішіп отырып, Зерделі:

– Ата, екеуіңіз қалай? – деп сұрапты. Қария: – Екеуім үшеу болады, – депті.

– Алысыңызбен қалайсыз? Жақыныңызбен қалайсыз?

– Жақыныммен жауша жағаласып, жамандарша найзаласамын. Алысым араздасты.

– Тәттіңізбен қалайсыз?

– Балам-ай, тәттінің де дәмі азая бастады ғой, – депті.

– Несиеніз тие ме, ата? – депті, Зерделі тағы да. Сонда қария:

– Жасымда берген несием, қартайғандағы несібем екен, үй тігіп, қымыз сапырып отырғаным соның арқасы, – депті. Қа-

риямен қош айтысып, атқа қонған соң былай шыға, Зерделінің жолдастары:

– Қариямен екеуіңнің соңғы сөздеріңді біз ұқпадық соны түсіндірші, – деп өтініпті.

– «Екеуіңіз қалай дегенім, екі аяғыңыз қалай өздігіңізбен жүре аласыз ба?» дегенім еді. Қария: «Екі аяққа бір таяқ қосылып, үшеу болды», – деді. Алысыңызбен қалайсыз дегенім – алыстағыны көре аласыз ба? – дегенім еді, қария алысты көрмейтін болдым деді. Жақыныңызбен қалайсыз дегенім – тісіңіз бар ма? Тамақ ішіп жеуіңіз қалай дегенім еді, қария әр жерде бірден ғана тісім қалды, сонымен арпалысып күн көрем деді. Мен тәттіңізбен қалайсыз дегенім – ұйқыңыз қалай дегенім еді, қария ұйқым азайды деп жауап берді. Несиен тие ме дегенім – балаларың күте ме, жасында сіз оларды бағып-қағып өсіріп едіңіз, енді олар сол еңбегіңізді өтей ме дегенім еді. Қария: дұрыс тәрбиелеп, жақсы өсірген бала адамға қартайғанда бақыт екен. Балаларымның қызығын көріп отырмын, – деді. Зерделінің жолдастары бұған өте риза болыпты да:

Сен өзің бізбен құрдассың, қариядан асыра білім көрсеткеніңе таңғаламыз, – депті. Сонда Зерделі:

– Мен өзім жас болсам да, әкем Қазекең көп жасады ғой – деген екен.

Мәтінге тақырып қойыңыздар.

Өзіңізге ұнаған сөйлемдерді көшіріп жазыңыздар.

Мәтіннен қандай ой түйдіңіз? Әңгімелеп беріңіз.

Мен өзім жас болсам да, әкем Қазекең көп жасады ғой деген сөзді қалай түсінуге болар еді?

Орфоэпиялық заңдылықтарды сақтап, дауыстап оқып шығыңыздар.

🎵 Бейне материал.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

1. Қай кейіпкердің пікіріне ерекше назар аудардыңыз.
2. Сізге ұнаған кейіпкер.
3. Әртістің рөлге енуіне берер бағаңыз.

4. Көркемдік шешім және сіздің берер бағаңыз.
5. Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

Өлеңді оқып шығып, ақын тұжырымы жайында досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыздар.

### Терме

Ақылы кәміл жігіттер,  
Заманның көз сал халына.  
Халқыңның ойла пайдасын,  
Өзің үшін налыма.  
Нашарларды жылатып,  
Байлардың сатпа малына.  
Көз жасына қаларсың,  
Қарамасаң зарына.  
Баса айтпасам болмайды.  
Жүк тартатын нарыма.  
Қайратың болса, ал көрсет,  
Келді ыңғайлы жағыңа.  
Бәйгеге қостым тұлпар деп,  
Ұқсап жүрме жабыға.  
Алдымен өлсең майданда,  
Талас жоқ сенің бағыңа.  
Көре алмаған дүспандар,  
Ілесе алмас шаңына.  
Басыңды тік бәйгеге.  
Бір халқыңның қамына.  
Алаш деп ұран естілсе,  
Кім бұрылмас қанына.  
Пайымдар деп айтамын,  
Парасатың барына.

Міржақып Дулатов

*Ақылы кәміл жігіттер, заманның көз сал халына, халқыңның ойла пайдасын, нашарларды жылатпа, көз жасына қалу, жүк тартатын нар, бәйгеге қостым тұлпар деп, ұқсап жүрме жабыға, басыңды тік бәйгеге, бір халқыңның қамына, Алаш деп ұран естілсе, парасатың бары тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіздер.*



## ? Сіз білесіз бе?

### Хижра жыл есебі

**Хижра** – арабтың күн қайыру жүйесі. Мұсылманша жыл санау Мұхаммед пайғамбар өмірінің бір кезеңімен байланыстырылады. Григориан күнтізбесі бойынша 622 жылы шілде айының 16 жұлдызына қараған (сенбіге қараған) түні Мұхаммед Меккеден Мәдина қаласына көшкен. Сол күннен бастап жыл санауға Хижра (хижра араб тілінде «елінен, туған жерінен ауу» ұғымын береді) күнтізбесі енгізіліп, григориан күнтізбесінің 622 жылы хижраның бірінші жылы болып саналады.

Хижра жыл санау бойынша әрбір 30 жылдың 11 жылы 355 тәуліктен, 19 жылы 354 тәуліктен тізіледі. Григориан күнтізбесімен салыстырғанда жылдың күн саны 11-ге кем болғандықтан, хижра жыл басы үнемі жылжи береді. Хижра бойынша қабылданған жыл басы Григориан күнтізбесі жылының орта шенінен басталғандықтан, оның бір жылы Григориан күнтізбесінің екі жылын қамтиды.

### 33-тақырып

#### ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ ДҰРЫС ҚОЛДАНУ

##### 14-сабақ

*Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз да, асты сызылған сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктерді пайдалана отырып, талдап, саралап жазыңыздар.*



#### ЖАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК БӘСЕКЕ

Жаһандану мәселесі өз мемлекетіміздің тәуелсіздігіне, Қазақстан халқының мәдениетіне, көпғасырлық дәстүрге, халық даналығына әсер етуде. Еліміздің дамуының өзгеше ерекшеліктерінің бірі, оның болашаққа үмтылысы болып табылады. Мемлекет басшысы жаһандану үрдісінде жастар саясатына ерекше

көңіл бөлуде. ХХІ ғасыр жаңару кезеңі, жастар қоғамды, экономиканы дамытушы, қозғаушы күш деп айтқан болатын. Тарихпен дәлелденген мәселе ретінде жастар – кез келген мемлекеттің болашағы. Әлемдік өркениетке ену процесі жастардан іскердік пен біліктілікті, ақылдылық пен парасаттылықты талап етеді. Жастар саясаты – жарқын болашақ кепілі.

Жастар – қай кезеңде де қоғамның қозғаушы күші. Қай ел болмасын өзінің болашағын ұрпағымен байланыстырады. Сол себепті де мемлекет пен азаматтық қоғам үшін ұрпағымыздың ертеңі мен ұстанымы қашанда маңыздылығын жоғалтпайды.

Әр түрлі тарихи кезеңдерде жастар қозғаушы күш болып отырған. Еліміздегі мемлекеттік жастар саясатына елбасының көңіл бөлуі болашақта мықты да бейбіт Қазақстан құрудағы мақсаттың бірі деп түсіну керек. Мемлекеттік жастар саясаты шоғырланған төрт негізгі элементті елбасымыз атап өткен болатын.

- жақсы кәсіби білім;
- ақысы сай тұрақты жұмыс;
- отбасын құру үшін жеке тұрғын үй;
- салауатты өмір салтын жүргізу мүмкіндігі.

Мемлекеттің жүзеге асырып отырған саясатының арқасында бүгінгі күні әрбір жастың жоғары білім алуға, болашақтағы идеяларын, түрлі ғылыми жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндігі бар. Біз өз болашағымыз үшін қауіптенген кезеңді бастан кешірдік, енді жаңа заман – ертеңгі күнге сеніммен қарайтын, өткір жоспарлар мен игілікті бастамалардың кезеңі туғаны баршаға аян. Қазақстан мемлекеті тек өзін ғана әлемге мойындатып қойған жоқ, сонымен қатар Қазақстан жастары әлемдік деңгейде бәсекеге түсе алатынын да көрсетіп келеді. Әлемдік деңгей мәселесін қозғағанда алдымен Біріккен ұлттар ұйымын айтпай кетуге болмас. БҰҰ – әлемдегі адамзатқа қатысты маңызды шешімдерді қабылдайтын ғаламдық институт. Осы ұйым тарапынан жастар мәселесі де тыс қалған емес. Оның бір айғағы 2010 жылғы 10 тамыздан бастап жарияланған жастар жылын айтуға әбден болады. Халықаралық жастар жылы «Біздің жыл. Біздің дауыс» ұранымен ресми символға ие болды. Халықаралық жастар жылы қоғам өмірінің барлық аспектілерінде жастардың қатысу тиімділігі мен толық масштабының жылжуына бағытталған. Бұл қоғамның барлық құрылымын жастар және жастар

ұйымдарымен серіктестікке жұмыс істеуге, олардың мәселелері мен қажеттіліктерін түсініп, қоғам дамуына әсерінің маңыздылығын мойындауға шақырады.

Мәтіндегі өзіңізге түсініксіз болған сөздерді теріп жазып, сөздік бойынша мағынасын жазыңыз;

Мәтін қай стильде жазылған?

Бүгінгі қазақ жастарының басты міндеті не деп түсінесіз?

Мәтін бойынша тезис жазыңыз.

Мәтіндегі негізгі тірек сөздерді жазыңыз.

«Әлемдік бөсеке және ұлттық мүдде» тақырыбына ойтолғау жазыңыз.

*Тұрақты тіркестердің мағынасын нақтылап, сөйлем құраңыздар.*

Күлім қақты, күміс көмей, күн демей, түн демей, күндерде бір күн, бір күндік жер, күнелте алмады, күн жаумай су болды, күн көкжиектен көтерілді, күн көрді, күн көрсетпеді, күн күрғатпай, күні көкте жүзсін, күш атасын танымас, күшік күйеу, күшке мінді, күш көрсетті, күш түсірді, кіндігі бір, кіндігінен жарады, кіндік кесер, кіндіктен жалғыз, кіндік шеше.

**Келтірілген тұрақты тіркестің қайсысын қолданасыз, қайсысын қолданбайсыз?**

Мен қолданатын тұрақты тіркес	Мен қолданбаған тұрақты тіркес	Маған ұнаған тұрақты тіркес

*көңіл бөлу, кенелу, бөгелу, сезіну, жану, жазу, тыңдау сөздерімен бірнеше сөз тіркестерін жасап, олардың қай мағынаны беретінін анықтаңыз.*

**Үлгі:**

Оқуды бастау, әңгімені бастау, сабақты бастау, кітапты бастау, ойдың бастауы, судың бастауы, адамгершіліктің бастауы, жақсылықтың бастауы ...

*Сөйлемді қажетті қосымшалармен толықтырып жазыңыз да, контекстегі мағынасын түсіндіріңіз.*

Қазір әлемде қоғамдық қатынастар... барлық салалары бәсеке жағдайы... деп айтуға болады. Өйткені әлемдік инфрақұрылымдары мен институттары, қызмет... жаңа бағыттарын қалыптастырды. Яғни халықаралық байланыс ... жүйесінде «Үлкен сегіздік» саммиттерінде, үкімет... емес ұйымдар мен Бүкіләлемдік сарапшылар... пікірталасынан бастап, халықаралық ұйымдардың жыл сайынғы жиналыстар... әлемдік тартыс-таластар орын алуда. Дүниежүзі ғалымдарының қазір ... әлем туралы пікірталастарының өзек... мәселесі ретінде мемлекет... биліктің орны мен рөлі, болашақ тағдыры, даму жағдайы... , жаһандану үрдісі сияқты аса маңызды мәселе... орын алуда. Жаһандану жағдайы ғалымдар мен саясаткерлер..., дипломаттардың аландаушылығын тудырғуда.

Жаһандану, жаңару мен өзгеріс... кезінде ең күрделі міндет – өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін, тұтастығы... , экономикалық дербестігін сақтап қалу. Әлемдік трансұлттық компаниялар... , ұйымдар мен одақтардың саясаты мен мақсат... біздің ұлттық мүдде... қайшы келетіні белгілі. Сондықтан қазақ мемлекетін нығайту келешек президент пен парламент институттарының жауапкершілігін арттыру болып табылады. Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтқан..., Қазақ елін «олжалы жерде үлес..., ордалы жерде орыннан, жоралы жерде жол... қалдырмау» керек.

### **Келтірілген сөздердің мағынасына сәйкес сөз тіркестерін құраңыздар:**

жаһандану көпғасырлық мемлекетіміздің халық жаңару жастар жаһандану кәсіби қоғамның тұрақты	мәселесі дәстүр тәуелсіздігі даналығы кезеңі үрдісі саясаты қозғаушы күші білім
---	---

жеке салауатты жаңа	жұмыс тұрғын үй өмір салтын заман
---------------------------	--

Сөйлеуде тұрақты тіркестерді дұрыс әрі орынды қолданбақ керек. Тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді, ауыспалы мағыналы сөздерді орынды әрі мол қолдану – қазақ сөзінің өзіндік ерекшелігі. Қазақтың Патша сөзінің өзге тілдерден ерекшелігі де, байлығы да – осында.

Мәселен, Бір сөзінің бірнеше синонимдік қатары қалыптасқан: *дара, жеке, жалғыз, сыңар, дербес, оңаша, тақ, жалқы, т.б.* Бұл атаулар мәтінде әр түрлі мағынада жұмсала келіп, бірдің ұғымдық және мағыналық құрылымын тереңдетеді. *Бір жапырақ (кішкентай), бір жеңнен қол, бір жагадан бас, бір қолы екі болды, бір көш жер, бір сөзді, бір сыдырғы, бір құдайға сыйынды, бір табан жақын, бір тиынға тұрмайды, бірі алтын, бірі күміс, бір тоғыз, бір үзім, бір шайнам, бір уыс, бір шөкім, бірі ана, бірі жезде, бір түндік астында түтін түтетті, бір тоға, бірін-бірі қимады, сегіз қырлы, бір сырлы, бір көруге зар қылды, бір жақты* болды т.б. тұрақты тіркестері бірге қатысты шыққан.

*Екі* жұптық ұғымды таңбалайды. Таяу Шығыстағы Қытайлар «бірді» бүкіл сандардың анасы деп таниды екен; ал қытайлық философ Лао Цзы бір саны екі санын, екі үшті туғызады деп танып, оларды өмірдің өзегі санаған

Еуропа тілдерінде екі «кез келген қарама-қарсылықты, ақ пен қара, әйел мен ерді білдіреді» деп танылады. Екі саны арқылы әлемдегі барлық құбылыстардың қарама-қарсылығы, екі жақтылығы дәйектеледі, дүниенің екі жағын танытып, бір-бірімен оппозициялық қатынаста тұрып, әлемдік дамудың негізгі заңдылықтары ретінде біріне-бірі қарсы қойылады. Екілік – жарық пен қараңғының, адамдық пен надандықтың, жақсылық пен жамандықтың, махаббат пен зұлымдықтың, ақ пен қараның, аспан мен жердің, тірі мен өлінің, ер мен әйелдің арасындағы жұптық қатынасты білдіреді. Қазақ тілінде *екі дүние, екі дүние бір қадам, екі айналып келмейді, екі ауыз сөз, екі елі ажырамады, екі елі ауызға төрт елі қақпақ, екі етегін түрінді, екі жарты,*

*бір бүтін, екі жеп биге шығу, екі жүзді, екі кештің арасы, екі көзінің біріндей, екі көзі төрт болды, екінің бірі, екі ойлы болды, екі туып, бір қалғаны, екі ұшты болды, т.б.* сияқты көптеген тұрақты тіркестер кездеседі.

*Үш* – үштік қасиетін көрсететін ұғымды таңбалаушы тұлға. Ежелгі түркі халықтарының таным-түсінігі бойынша, әлем үш қабаттан тұрады делінеді: аспан, жер және жер асты. Бұл – жаратылыстың осылайша тігінен алынған бөлігі, дүние жүзі халықтарының мифологиялық түсінігіндегі – «Әлем ағашы» (Мировое дерево); қазақ дүниетанымына бұл бәйтерек сипатында көрініс тапқан. Бәйтерек – әлемнің бейнесі, онда жаратылыс болмысының белгісі бар; олар: жоғарғы бұтақтары, ортаңғы діңі, төменгі тамыры. Бұл үштік санау, үш кезең (өткен шақ, осы шақ, келер шақ), үш бөлік (жоғары, ортаңғы, төменгі). *Үш күндік пәни, үш қайнаса сорпасы қосылмайды, үш мүйіз болды, үш тоғыз айыбы, үш ұйықтаса түсіне кірмеген, үш ұйықтаса, ойда жоқ, т.б. тұрақты тіркестері бар.*

*Төрт* санының төркіні де толық анықталмаған. Дүние болмысының төрт негізден тұратыны (от, су, топырақ, ауа), негізгі төрт түстің барлығы (ақ, қызыл, сары, қара – бұл пікір грек философы Эмпедоклдан тарайды, ғалым қызыл түс оттың, ақ түс судың, қара түс жердің, сары түс желдің түсіне қатысты деген ой айтқан), дүниенің төрт бұрышы, Алладан жерге төрт қасиетті кітаптың түсуі, бір жылда төрт маусымның болуы, т.б. белгілер төрт саны қасиетінің ішкі мәнісімен байланысты шығуы әбден ықтимал. Төрт санының жалпылық мәнінің ар жағында денотат ретінде дүниенің жалпы болмысы, дүниенің төрт бұрышы жатуы мүмкін деп пайымдауға толық негіз бар. Қазақ тілінде төрт сандық ұғымына қатысты айтылатын көптеген номинативті мәнді атаулар бар: *төрт құбыла, төрт арыстың баласы (бүкіл ел мағынасында), төрт аяғынан тік тұрғызды, төрт аяғы тең, төрт көзі түгел, төрт құбыласы түгелденді, төрт тұрманы түгел сай, төрт түлігі сай, төрт түлік, төрт табандады, т.б.*

Бес сөзі білек – қол мағынасында жұмсалған, бұған бес саусақ денотат болған да, денотаттық мағына негізінде сандық сигнификаттық мән уәжелген. *Бес күндік өмір, бес күндік жалған дүние, бес анық, бес саусақтай білді, бес саусақ бірдей емес, пешенесі бестен, бес тиынға тұрмады, бес биенің сабасындай,*

*бес аспабы сайлаулы, бес аспан, т.б.* сияқты тұрақты тіркестер ұлттық дүниетаным болмысын анықтауға қызмет етеді. Бес күндік жалған дүниені данышпан халқымыз адамның сәби, балалық, жігіттік, азаматтық, қарттық шағы деп бөлген. Зерттеушілердің көрсетуінше, бестік ертедегі санау жүйесінің шегі болған.

Алты санының халықтық дүниетаным қалыптастырған ішкі ұғымында алыстық, күштілік, кереметтік, қаһарлылық мәні бар. Пифагордың шәкірттері «алтыны» екі мен үшке бөлінетін қасиетіне сәйкес қасиетті сандар санатына жатқызған.

Қазақ дүниетанымы арқылы *алтау алады, алты қырдың ар жағында, алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алты алаштың баласы, алты аласы, бес бересі жоқ, алты қабат аспанның ар жағында, алты арыс, алты басты айдаһар, алты батпан, алты батпан азап, алты қырдың астынан, алты малта ас болмай, т.б.* сияқты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер қалыптасқан.

*Жеті саны* – берекенің, молшылықтың, жетудің символы ретінде көрінеді (жеті күн, жеті шелпек, жеті қазына, жеті мұза, әлемнің жеті кереметі, жеті нан, жеті қат көк, жеті қат жер, т.б.).

Халық дүниетанымында жеті – киелі сан: *алтау аз, жетеу жетеді, жерден жеті қоян тапқандай, жеті қазына, жеті атасын білмеген – жетесіз, жігітке жеті өнер де аз, жеті қырдың астында, жұт жеті ағайынды, жеті қараңғы түн, жеті нан құдайы, жеті тиын садақа, жеті дұспан, жеті атасынан қарагөк, жеті атасына бітпеген, жеті жұрт, жеті жұртқа әйгілі, жеті тылсым, жеті дуан ел, жеті қабат тау үсті, жеті шәріп, жеті ықылым, жеті атасынан түк көрмеген, жеті ата, т.б.* сияқты ұғымдар жеті сөзінің тірек мәні арқылы таңбаланған.

*Сегіз саны* – түркі тілдерінде шексіздіктің, толықтықтың, жұптың, кемелдіктің, байлықтың символы. Сегіздің таңбалық сипаты екі шеңбердің қосылысынан тұрады. Орхон-Енисей ескерткіштерінде сегіз санына қатысты бірнеше тіркестер кездеседі, тайпа бірлестігі мағынасында «сегіз оғыз», «тоғыз оғыз», «он оғыз» этнонимдік атаулары бар. Сегіз саны екі шеңбердің қосылуынан тұратындықтан, ер мен әйелдің жұбын көрсететін

жұптық, тектік символ ретінде де танылады. Неке үйлерінде тұратын ОО – қос жүзіктің белгісі (кең жауырынды, жіңішке бел – ер адам, жіңішке белді, кең мықынды – әйел адам) сегіз санының осы символдық белгісі арқылы қалыптасқан. Қазақ тілінде сегіз саны тірек ұғым болатын мынадай фразеологизмдер кездеседі: *сегіз бейіш, сегіз жұмақ, сегіз кессе де сіркедей қан шықпайды, сегіз қиыр шартарап, сегіз қырлы бір сырлы, т.б.*

«Тогыз» саны тоқ – белгілі нысанның молдығы, тоқтығы, толықтығы, кемелдігі деген сөзден шыққан. *Тогыз ауыз сөздің тобықтай түйіні, тоғыз жолдың торабы, тоғыз толғану, бір тоғыз, екі тоғыз (салт), тоғыз көзді кіреуке, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы, тоғызын тондыққа келтіріп ішті, тоғыз айып тартты, тоғыз қатынның толғағы қатар келді, т.б.* атаулардың мағынасында молдық, көптік, бүтіндік семасы жатыр.

Келтірілген тұрақты тіркестердің мағынасын анықтап, өзіңізге таныстарын бір бағанға, таныс емес тұрақты тіркестерді екінші бағанға бөліп жазыңыздар.

*Бір жапырақ (кішкентай), бір жеңнен қол, бір жагадан бас, бір қолы екі болды, бір көш жер, бір сөзді, бір сыдырғы, бір құдайға сыйынды, бір табан жақын, бір тиынға тұрмайды, бірі алтын, бірі күміс, бір тоғыз, бір үзім, бір шайнам, бір уыс, бір шөкім, бірі ана, бірі жезде, бір түндік астында түтін түтетті, бір тоға, бірін-бірі қимады, сегіз қырлы, бір сырлы, бір көруге зар қылды, бір жақты.*

*Екі дүние, екі дүние бір қадам, екі айналып келмейді, екі ауыз сөз, екі елі ажырамады, екі елі ауызға төрт елі қақпақ, екі етегін түрінді, екі жарты, бір бүтін, екі жеп биге шығу, екі жүзді, екі кештің арасы, екі көзінің біріндей, екі көзі төрт болды, екінің бірі, екі ойлы болды, екі туып, бір қалғаны, екі ұшты болды.*

*Үш күндік пәни, үш қайнаса сорпасы қосылмайды, үш мүйіз болды, үш тоғыз айыбы, үш ұйықтаса түсіне кірмеген, үш ұйықтаса, ойда жоқ.*

*Төрт құбыла, төрт арыстың баласы (бүкіл ел мағынасында), төрт аяғы тең, төрт көзі түгел, төрт құбыласы түгелденді, төрт тұрманы түгел сай, төрт түлігі сай, төрт түлік, төрт табандады*



*Алтау алады, алты қырдың ар жағында, алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алты алаштың баласы, алты аласы, бес бересі жоқ, алты қабат аспанның ар жағында, алты арыс, алты басты айдаһар, алты батпан, алты батпан азап, алты қырдың астынан, алты малта ас болмай.*

*Алтау аз, жетеу жетеді, жерден жеті қоян тапқандай, жеті қазына, жеті атасын білмеген – жетесіз, жігітке жеті өнер де аз, жеті қырдың астында, жұт жеті ағайынды, жеті қараңғы түн, жеті нан құдайы, жеті тиын садақа, жеті дүшпан, жеті атасынан қарагөк, жеті атасына бітпеген, жеті жұрт, жеті жұртқа әйгілі, жеті тылсым, жеті дуан ел, жеті қабат тау үсті, жеті шәріп, жеті ықылым, жеті атасынан түк көрмеген, жеті ата.*

Мен қолданатын тұрақты тіркестер	Мен қолданбаған тұрақты тіркестер

Мен естіген тұрақты тіркестер	Мен естімеген тұрақты тіркестер

*Мәтінді оқып, мәнін түсініңіз, өз пікіріңізбен толықтырыңыз. Сіздің ойыңызша, тағы не жаман?*

- Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.
- Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.
- Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.
- Төрт дегеніміз – төскейге шыға алмаған көрілік жаман.
- Бес дегеніміз – белсеніп шапқан жау жаман.
- Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.
- Жеті дегеніміз – жас келіншек жетім қалса, сол жаман.
- Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман.


Тоғыз дегеніміз – торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе,  
сол жаман.  
Он дегеніміз – өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз.

Қаз дауысты Қазыбек би

*Қазыбек бидің сөзінің ізімен өз пайымдауыңызды айтып көріңіз.*

Мәтіндегі негізгі ой желісін ұлттық дүниетаным негізінде қалыптасқан дәстүрлі тағылыммен байланыстыра отырып, ой-толғау жазыңыздар.

Жақсылық пен жамандық туралы айтылған қандай әнді, термені білесіздер? Таспадан тыңдаңыздар.

  Бейне материал. «Біржан сал» фильмінен көрініс.

*Мына сұрақтар негізінде ой қорытындысын жасаңыз:*

1. Қай кейіпкердің пікіріне ерекше назар аудардыңыз.
2. Сізге ұнаған кейіпкер.
3. Әртістің рөлге енуіне берер бағаңыз.
4. Көркемдік шешім және сіздің берер бағаңыз.
5. Көрсетілген бейне дерек негізінде ойтолғау жазыңыз.

## 34-тақырып

### СӨЗ КИЕСІ – МӘНІНДЕ

#### 15-сабақ

Абайдың кара сөзін оқып шығып, ақын толғамы мен тұжырымы жайында досыңызбен диалог сипатында сұхбат құрыңыз.

#### Жетінші сөз

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өс-

пейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әзелде Құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз? Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз. Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

Мәтінде өзіңіз түсінбеген сөзді не сөз тіркесін іздене отырып, сөздіктен қарап мағынасын жазыңыз.

Тән мен жанның қарым-қатынасы, байланысы туралы тағы қандай ойшыл ғұламалардың пікірлерін білесіз?

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? – деген ойдың мәнісін қалай түсіндірер едіңіз?

Қазіргі жастардың бойында сізге ұнайтын және ұнамайтын басты қасиеттер қандай екенін сызбамен бөліп жазыңыздар?

Қазіргі жастар бойындағы ұнайтын қасиеттер	Қазіргі жастар бойындағы ұнамайтын қасиеттер

Жастар бәсекеге қабілетті болу үшін қандай қасиеттер қажет деп ойлайсыз?

Бәсекеге қабілетті болу үшін жастарға қажетті қасиеттер	Бәсекеге қабілетті болу үшін жастарға қажетті емес қасиеттер

Келтірілген мақалдар мен нақыл сөздерге назар аударыңыз. Сіз осы ой-тұжырымдармен келісесіз бе? Келіссеңіз не үшін келісетініңізді өз сөзіңізбен дәлелдеп көріңіз. Сіз келіспейтін мақал (жалпы мақалдардың ішінде) бар ма?

Түгел сөздің түбі бір,  
Түп атасы Майқы би.

Е, кұдайым, би қыл,  
Би қылмасаң, би түсетін үй қыл.

Елшіге өлім жоқ.

Елдестірмек елшіден,  
Жауластырмақ жаушыдан.

Елшінің қылышы – тіл.

Ел ағасымен жарасады,  
Киім жағасымен жарасады.

Аталар сөзі –  
Ақылдың көзі

Туған жер – тұғырың,  
Туған ел – қыдырың.

Ел қадірін көрген біледі,  
Жер қадірін жүрген біледі.

Адам елінде көгерер,  
Қоға көлінде көгерер.

Бөтен жердің гүлінен  
Туған жердің тікені артық.

Өз елімнің басы болмасам да,  
Сайының тасы болайын.

Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

Елінен безген оңбайды,  
Көлінен безген қонбайды.

Ел не демейді,  
Есек не жемейді.

Ел болам десең, бесігінді түзе.

Отан – елдің анасы

Ел – ердің анасы.

### **? Сіз білесіз бе?**

Біз әңгіме етіп отырған бір мың төрт жүз елу алтыншы жылы осы талас жарға тіреліп тасығалы тұрған өзендей шеңберіне әбден жеткен кезі еді. Әбілқайырдың сескенетін жауы екеу: бірі – Орыс ханнан туған Құйыршық ханның баласы Барақ ұлы Жәнібек пен оның үш аталас туысы Керей. Екіншісі өзінің аталасы Мақмүдек ханнан туған Ходжа Мұхамед ханның баласы Абақ. Бұл да құр сұлтан емес, Алтын Орда мен Ақ Ордаға ие болған хан тұқымдары. Әсіресе Орыс ханның ұрпақтары қауіпті. Жәнібек пен Керейдің құр өздері ғана емес, арттарында әрқайсысы бір түменге қолбасшы бола алар қасқырдың бөлтірігіндей сегізден ұлдары тұр. Әсіресе жас болса да Жәнібектің ұлы Қасымның, Керейдің баласы Бұрындықтың аяқ алыстары бөлек. Бұлары да ештеңе емес, Жәнібек пен Керейден сескенең басқа да қауіп бар. Көк Орда тірегі, Әбілқайырдың оң қолы Қыпшақ болса, Жәнібек пен Керейдің сүйенері Арғын. Арғын жүрген жерде Қоңырат, Найман, Керей, Уақ, Тарақты да үзеңгілесе кетеді.

Ал ақиқатына келсек жанжал түбі әріде жатыр. Бұл мезгіл сонау Соғды жері мен Еділ өзенінің жағасына дейін Ұлы Дәшті Қыпшақ даласын жайлаған түркі тұқымдас елдердің екіге бөліне бастаған шағы еді. Шаруашылығына қарай Мауреннахр деп аталатын Жейхүн мен Сейхүн дарияларының ортасында тұратын түркі руларының көбі Күншығыс – Оңтүстігіндегі, түбі көшпелі ирандықтар, өзі тәрізді егіншілікпен шұғылданған отырықшы Соғды елімен қауымдасып, өзбек халқының іргесін қалай бастаған. Ал Сейхүн дарияның орта шенінен төмен қарай сонау Еділ, Жайықтың арғы бетіне дейін көшіп жүрген түркі тұқымдас рулар өзі тәрізді мал бағатын, Жетісу бойындағы көне заманнан келе жатқан Үйсін, Дулат, Жалайыр, Қаңлы тәрізді көптеген салты мен дәстүрі бір рулармен бірігіп, қазақ деген ел болсақ деп талпынған-ды. Осы кездегі бүкіл Дәшті Қыпшақтың ханы

Әбілқайыр өз ордасын қазақ даласына тіксе де, жаулап алған жерлері сол Мауреннахр, Соғды, Қорасан жағы болғандықтан, көңілін көбіне осы тұсқа аударған. Солардан қыз алып, Орда салтын да көбіне Мауреннахр елінің әдет-ғұрпына қарай көшіре бастаған.

Қарамағындағы көшпелі елдерге алым-салықты көп салып, оны тек бөтен жұртты шабатын әскерге жұмсап, халықтың күйін нашарлатып жіберген. Және өзі Дәшті Қыпшақтың даласынан көрі Мауреннахр шаһарларының бірін хан Ордасы етуді дұрыс көрген. Бұның бәрі көшпелі Дәшті Қыпшақтың асау жылқы тәрізді, арда руларын ханнан шошытуға айналған. Өзінің шаруашылығын, дәстүрін, салт-ғұрпын, бәрін түбі Мауреннахр тұрғын елінің дегеніне қарай айналдырғысы келетінін сезген Дәшті Қыпшақ тайпалары енді Әбілқайырдан іргесін әрі салуды ойлаған. Осы тілектің туын көтерген басты адам – Жәнібек сұлтан. Әрине, Жәнібектің бұл қылығы Әбілқайырға ұнамайтын. Орыс ханның ұрпақтарының ел арасын былай қобалжыта бастауы тек өздері хан болғылары келуден деп қана түсінетін Дәшті Қыпшақ әміршісі, алдымен, Жәнібекті құртуды көкसेген. Ал бұл көкейкесті арманның түбі халықта жатқанын ол аңғармаған. Халыққа тек импрам деп қарайтын Әбілқайыр, сонау апай төс, жүнді балақ батырлардың артында рулары барын, ал ел деген мағына осы руларда екенін есепке алмайтын. Ханның ұғымы бойынша бұл импрамдарды сұлтандар басқарады. Тек сол сұлтандармен тіл тапса болғаны. Сондықтан Әбілқайыр Орда маңына қазақтың Қаптағай, Бөрібай, Қарақожа секілді ерлігі үшін әр ру аттарын ұран ғып көтерген аңғал батырлардан гөрі, өзі тәрізді, дәулеті шалқыған сұлтан, әмір, хакімдерді жинайтын.

#### I. Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясынан үзінді

Қазақ тарихына қатысты Сіз білетін ақпаратты айтып беріңіз.

Қазақ мемлекетінің 550 жылдығына қатысты ақпарат құралдарында жазылған деректерді оқып біліңіз.

I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан берілген үзінді мазмұнын әрі қарай жалғастырыңыз.

### 35-тақырып

## ІС ҚАҒАЗДАРЫН ҚАЗАҚША ЖҮРГІЗУ

### Жеке адам өміріне қатысты құжаттар

#### Өмірбаян

**Өмірбаян** – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жасалған ресми құжат. Әдетте, оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Онда азаматтың аты-жөні, туған жылы, күні, айы және туған жері, ұлты, отбасы жағдайы, білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы және т.б. қосымша мәліметтер көрсетіледі.

#### **Өмірбаянның мазмұндық-құрылымдық жүйесі:**

1. Құжаттың аты (өмірбаян)
2. Аты-жөні (толық жазылады), туған жылы, айы, күні, туған жері
3. Ұлты
4. Білімі, оқыған оқу орындары
5. Қоғамдық-саяси қызметі
6. Ата-анасы, жұбайы, балалары туралы мәлімет
7. Қазіргі жұмысы, мекенжайы

#### Өмірбаян

Мен, Мақсат Ахметұлы Нүсіпбеков, 1983 жылы 14 қаңтарда Алматы облысы, Панфилов ауданы, Үшарал ауылында тудым. Менің ұлтым – қазақ. Алматы қаласы, Бостандық ауданындағы №81 орта мектебін 2000 жылы бітірдім.

2004 жылы Қазақстан-Британ техникалық университетінің 1 курсына оқуға түстім.

Ата-анам бар; әкем – Ахмет Абимолдаұлы Нүсіпбеков циркте жұмыс істейді. Анам – Салтанат Әріпжанқызы Алпысбекова, ауруханада жұмыс істейді. Мен үйленбегенмін.

Қазір осы жоғары оқу орнының 2-курсында оқып жүрмін. Мақсатым – жоғары білім алып, маман болып шығу.

Мекенжайым: Алматы қаласы, «Орбита-3» ықшамауданы, 26-үй, 48-пәтер, тел. 29-48-56.



## Түйіндеме (Резюме)

«Резюме» – француз тілінен алынған термин «айтылған, я жазылған мәселенің қысқаша түйіні» деген мағына береді.

Түйіндеме – белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіптік шеберлігі, біліктілігі, икемділігі жайлы нақты, қысқа мәлімет беретін іс қағазының бір түрі.

### Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- аты-жөні;
- туған жылы, күні, айы, туған жері;
- ұлты;
- жынысы;
- мекенжайы, телефоны;
- отбасы жағдайы;
- азаматтығы;
- білімі;
- бітірген оқу орындары;
- кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі;
- тілдік дағдылары;
- компьютерлік сауаттылығы;
- жеке қасиеттері (жауапкершілігі, адамдармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік, ұстамдылық, мақсаттылық, ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттер, ұжыммен жұмыс істей білу, ұқыптылық, алға қойған міндеттерге шығармашылық көзқарас, т.б.)
- қызығушылығы (саяхатқа шығу, би, домбырада ойнау, кітап оқу, т.б.) туралы мәлімет, қосымша ақпараттар (мақтау грамоталары, сертификаттар, наградалар, патенттер, т.б.)

## Түйіндеме

Сұлтанова Назира Айханқызы

*1914 ж. 4 сәуірде Талдықорған қаласында тудым.*

Мекенжайым: Алматы қаласы, Н. Тілендиев көшесі, 21, 3.

Үй телефоны: 41-00-43

Мамандығым; заңгер, тарихшы.

Бағыт: жоғары оқу орнының оқытушысы, мемлекеттік аппарат қызметкері.

Білімі мен қызметі туралы мәлімет:

Қазақ мемлекеттік заң университетінің аспиранты – 1997-2000 ж.

Лияс Жансүгіров атындағы университеті тарих факультетінің оқытушысы 1995-1997 ж.

Лияс Жансүгіров атындағы Талдықорған университеті тарих және құқық факультетінің студенті – 1991-1995 ж.

Негізгі мәліметтер.

Қазақстан тарихы, құқықтану мәселелерімен айналысып, зерттеу жұмыстарын жүргіздім. «Әлихан Бөкейхановтың саяси, құқықтық көзқарастары» тақырыбында кандидаттық диссертация жаздым. Республика, қала, жоғары оқу орындары көлемінде өткен конференцияларда баяндама жасадым. Жоғары оқу орнында жұмыс істеген тәжірибем бар. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласамын.

Қосымша мәліметтер: Ана тілім – қазақ тілі. Ағылшын және орыс тілін жақсы білемін. Компьютермен жұмыс істей аламын. Туристік сапармен Түркия, Қытай, Корея мемлекеттерінде болдым. Жеңіл машина жүргізе аламын (1998 жылдан). Көпшілікпен жұмыс істегенді ұнатамын. Ұйымдастырушылық қабілетім бар. Тапсырған іске жауапкершілікпен қараймын.

Театрға, спорт жарыстарына барғанды ұнатамын.

Кепілдеме туралы мәлімет: Қазақ мемлекеттік заң университеті Мемлекеттік құқық кафедрасының меңгерушісі берген кепілдеме қосымша беріліп отыр.

4 наурыз 2000 жыл ^ \_ ^^^ \_ ^^^^ Сұлтанова Н.А. (қолы)

### **Жеке іс парағы**

Кадрлар жөніндегі жеке іс парағы – жұмысқа қабылдану, сайланбалы органдарға сайлану кезінде, сондай-ақ ұйымдар, мекемелер мен ведомстволар талап еткен басқа жағдайларда толтырылатын арнаулы бланк түріндегі ресми құжат. Жеке іс парағында көрсетілетін мәліметтер еңбек кітапшасында, өмірбаянда берілетін мәліметтермен дәлме-дәл сәйкес жазылады, жеке

адамның азаматтық хал-жағдайы, кәсібі мен мамандығы, қоғамдық қызметі мен еңбек жолы толық көрсетіледі.

### **Кадрлар жөніндегі жеке іс парағы**

1. Тегі, аты, әкесінің аты
  2. Жынысы
  3. Туған жылы, айы, күні
  4. Туған жері (ауыл, аудан, қала, облыс)
  5. Ұлты
  6. Әлеуметтік тегі
  7. Білімі
  8. Азаматтығы
  9. Диплом бойышша мамандығы
  10. Жоғары оқу орнының аты, орналасқан жері
  11. Қандай тілдерді біледі, қандай дәрежеде
  12. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы
  13. Ғылыми еңбектері және өнертабыстары
  14. Жұмыс істеген орны, лауазымы, жұмыс істеген жылдары
  15. Жұмыс істеген орындарының мекенжайы
  16. Шетелдерде болуы
  17. Сайланбалы орындарға қатысуы
  18. Әскери қызметке қатысы \_\_\_\_\_ әскери атағы
  19. Отбасы жағдайы (отбасы мүшелерінің аты-жөні, туған жылы көрсетіледі)
  20. Мекенжайы
- Толтырылған уақыты Қолы \_\_ ^^ \_\_ ^^ \_\_

### **Өтініш**

**Өтініш** – азаматтардың заңмен бекітілген жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын, жазбаша түрде баяндалатын, өтіну, сұрау туралы ресми құжат.

Өтініш жазылатын негізгі жағдайлар төмендегідей:

- жұмысқа қабылдау;
- жұмыстан босату;
- басқа жұмысқа ауыстыру;

- кезекті демалыс сұрау;
- кезектен тыс демалыс сұрау;
- материалдық көмек (пәтер бөлу), балабақшадан орын бөлу және т.б. туралы сұрау;
- жалақыны көтеру туралы өтініш айту, т.б.

## Арыз

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік ұйымдар мен лауазымды адамдардың аттарына хабарламалар (обращение) жібереді. Хабарламалар ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Хабарламада аты-жөні көрсетілген лауазымды адам немесе мемлекеттік өкімет пен басқару органының басшысы хабарламаны дер кезінде қарауға, ол жөнінде тиісті шешім қабылдауға және белгіленген мерзімде нақты жауабын беруге міндетті.

Хабарламаның үш түрі бар: **арыз, өтініш және ұсыныс**. Олар мазмұны жағынан әр түрлі болып келеді: мысалы, өтініште азаматтардың заңмен бекітілген жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын хабарлама жасалады. Жеке адам өзіне берілген құқықтарды пайдалану үшін өтініш жазады, сонымен қатар өзі жұмыс істейтін ұжымдарда, мекемелерде, өзі тұратын тұрғын үйлерде, мемлекеттік органдар қызметінде байқалған кемшіліктерді атап жазады.

Арызда – азаматтардың заң арқылы қорғалатын жеке құқықтары мен мүдделерінің бұзылу фактісі туралы хабарлама жасалып, оны қалпына келтіру туралы талап-тілек айтылады, хабарлама жасаушының ойынша іс-қимылы дұрыс жүргізілмейтіндіктен, өзінің құқықтары мен мүдделерін бұзып отырған мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың атына сын айтылады.

Ұсыныс – белгілі бір мемлекеттік органның, ұйымның, мекеменің жұмысын жақсартуға жетілдіруге назар аударатын, осыған байланысты қойылған міндеттерді шешудің жолдары ұсынылатын хабарлама түрі.

Хабарламаның барлық түрі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың кеңсесінде тіркеуден өтеді. Арнайы тіркеу карточкасы, аннотациялық парақ толтырылады.

Арыз кұрылымы:

- 1) кұжат адресациясы (кімнің атына жазылғаны);
- 2) кұжат аты;
- 3) негізгі мәтін;
- 4) қосымша болса оған сілтеме;
- 5) жазылу мерзімі;
- 6) қолы;
- 7) арыз мазмұнымен келісушілер қолы.

*Адресацияға* лауазым иесінің, мекеме, ұйым басшысының ресми қызметінің толық аты, қажет жағдайда фамилиясы, аты-жөні кіреді. Адресация парақтың оң жағын ала жазылады. Егер арыз бірнеше лауазым иесіне бірден жазылып отырған болса, олардың барлығының ресми қызметі (қажет жағдайда фамилиясы, аты-жөні) адресацияда көрсетілуі керек.

Мысалы, *Петропавл қаласы сүт зауытының директоры Т.С. Пірімбетовке Көшірмесі: Петропавл қаласы СЭС меңгерушісі Р.С. Садуовқа.*

**Тақырыбы** парақ ортасына адресациядан төмен жазылады.

## Түсініктеме

**Негізгі мәтін** кіріспе сөзден басталады. Мысалы, «Менің Сізге арыз беру себебім,». Әрі қарай кұжаттың мәнін ашатын, арыз жазуға себеп болып отырған негізгі мәселе сөз болады. Мәтін соңында күнделікті қызмет этикасын сақтау сөздерін қолдана отырып, адресаттан қандай шешім күтетіндігі жазылады. Мысалы, «Айтылғандарды ескере отырып, шара қолдануыңызды сұраймын», «Нұсқау беруіңізді сұраймын», т.б. Мәтін парақтың бар кеңдігіне, тақырыптан төмен жазылады.

**Жазылу мерзімі.** Арыздың жазылған күні, айы (жазбаша) және жылы көрсетіледі. Жазылу мерзімі негізгі мәтіннен төмен, парақтың сол жақ бөлігінде орналасады. Мысалы, *22 наурыз 2015 жыл.*

**Қолы.** Арыз жазушының атқаратын қызметінің толық ресми аты жазылады, қол қойылады. Парақтың оң жағына тегі, аты-жөні жазылады.

## **Мінездеме**

Мінездеме – түрлі мекеме, ұйым бірлестік, оқу орындарында белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік, адамшылық тұрғыда жазбаша сипаттау мақсатында жиі жазылатын іс қағазының бір түрі.

Болат Сыздықов Бақытұлы, 1967 жылы туған, ұлты – қазақ, білімі – жоғары. Қазақстан Республикасының азаматы. Болат Сыздықов Бақытұлы 1967 жылғы ақпан айының 15-інде Қазақстан Республикасы бұрынғы Шымкент облысы, Түркістан қаласында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1984 жылы қазіргі ұлттық техникалық университетінің компьютерлік техника факультетіне оқуға түсіп, оны 1989 жылы үздік дипломмен бітірген. 1989-1991 жылдар аралығында Ғылыми-жобалау институтының аға ғылыми қызметкері. Қазір Қазақ ұлттық университеті металлургия өнеркәсібі факультетінің аға оқытушысы. 1994-1997 жылдар аралығында ҚазҰТУ-дың өндірістен қол үзбей оқитын аспирантурасында оқып, 1998 жылы кандидаттық диссертация қорғады.

Б.Б. Сыздықов – өз ісін жетік білетін, тәжірибелі маман. Ол бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. Б.Б. Сыздықовтың «Металлургия өнеркәсібінің терминдері» деп аталатын еңбегі Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды.

Б.Б. Сыздықов қазақ, орыс, ағылшын тілін жетік біледі, ЭЕМ (ЭВМ) машиналарында жұмыс істей алады.

Мінездеме Ғылыми-техникалық орталықтың бас маманы қызметіне ұсыну үшін беріледі.

Мекеме басшысы Айы, күні, жылы  
/аты-жөні, қолы/

## **Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін құжаттар**

### **Қолхат**

Белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын және оны белгілі бір мерзімде қайтарып беретіндігін міндеттеп, азаматтық қарым-қатынастарды реттей-

тін ресми құжат түрі. Бұл бағасы төмен құндылықтарды уақытша пайдалану жағдайында рәсімделеді. Сондықтан қолхат негізінен мекеме ішілік қатынастарда жиі қолданылады.

### **Қолхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі:**

- құжаттың аты;
- қолхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);
- қолхат алушы туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);
- алынған заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- қайтарылатын нақты уақыты;
- қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- қолхат жазылған күн;
- тараптардың қолы;
- мекеме мөрі.

### **Қолхат**

Мен ИИТ-02-17 тобының студенті Мәлік Нұршаұлы, университеттің қазақ тілінде оқу залынан уақытша пайдалану үшін «Қазақстан» энциклопедиясын (бағасы 1000 теңге) алдым. Кітапты бір аптада қайтарып беруге міндеттенемін. Жеке куәлік нөмірі ...

15 ақпан, 2015 ж.

(қолы)

### **Сенімхат**

Сенім білдірілген тұлғаға сенім білдіруші атынан (кәсіпорын, азамат) қандай да бір іс-әрекетті асыруға құқық беретін, олардың өзара келісімін куәландыратын құжат. Сенімхат мекеме атынан да, жеке адам атынан да беріледі. Ол мекеме атынан мәміле жасауға, материалдық құндылықтар мен ақша алуға немесе басқа да түрлі әрекеттер жасауға сенім білдіріп, құқық береді. Ресми сенімхаттар мекеме бланкісіне рәсімделеді.

Сенімхат мекеме атынан берілсе, арнаулы бланкке жазылады да, мекеме басшысының қолы мен мөрі басылады.

Егер сенімхат жеке адам тарапынан берілсе, сенімхат иесінің аты-жөні, құжатының аты мен нөмірі жазылып, қолы қойылады. Төменгі жағына мекеме басшысы не нотариус сенімхат иесінің қолын растап, мөр басады.

### **Сенімхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі:**

- құжат атауы;
- күні, айы, жылы, мекенжайы;
- сенімхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);
- сенім білдіретін тұлға туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);
- алынған заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- қайтарылатын нақты уақыты;
- қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- нотариалдық мекеме мөрі.

### **Сенімхат**

2003 жыл 1 желтоқсан, Алматы қаласы

Мен Серік Жәнібекұлы Мәметов куәлік: №80265498 ҚР ІІМ берген, мекенжайым: Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 456 үй, 3 пәтерде тұратын азамат Есенгелдин Жомарттың, туған атам – Мейлібаев Маметтің қайтыс болғаннан кейін қалған мүлікке менің мұрагерлік құқығымды рәсімдеуіне сенім білдіремін. Бұл үшін мен азамат Есенгелдин Жомартты:

- менің атымнан өтініш жазуға;
- анықтамалар мен құжаттар алуға;
- менің орныма қол қоюға;
- мұрагерлікке құқық беру туралы куәлікті алуға өкілетті етуге сенім білдіремін.

Сенімхат 2004 жылдың 1 желтоқсанына дейін берілген және 1 жыл күшінде.

01.12.2003

С. Маметовтің қолын растаймын.



## Кепілхат

Алматы қаласы, 25 қараша 2003 жыл.

Мен, азамат Ержан Бауыржанұлы Хайрош мекенжайым Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10-үй, 5-пәтер, жеке куәлігім №010777888 ҚР ИМ берген, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 25-үй, 106-пәтерде тұратын жеке куәлігі №10356706 ҚР ИМ берген Әсел Тұрарбайқызы Жұмаділовадан 150 000 (жүз елу мың) теңге алдым.

Өз міндеттерімді орындауға:

- келісімшартқа сәйкес пайызын төлеп тұруға;
- алынған ақшаны келісілген мерзімде қайтаруға;
- келісімшарт талабы орындалмаған жағдайда айып төлеуге;
- мекенжайым өзгерген жағдайда бұл туралы 3 күн ішінде хабарлауға кепілдік беремін.

Осы кепілхат 3 дана етіп жасалған:

Бір данасы Алматы қаласы 47 нотариалдық кеңседе тіркелген, екінші данасы азамат Жұмаділова Әселге берілген, үшінші данасы азамат Ержан Хайрошта сақталған.

25.12.2003 ж.

Қолы \_\_\_\_\_

Ержан Хайроштың қолын растаймын.

## Өтінім

Өтінім – көп жағдайда мекеме ішінде қажетті жағдайларды алу мақсатында бланк түрінде де, жазбаша түрде де толтырылып, жазылатын іс қағазының бір түрі.

Тапсырыс – келісімшарттың негізінде мекемеаралық қатынаста, көлемді заттарды алуға сұраныс жасау үшін жасалатын іс қағаздарының бір түрі.

## Тапсырыс

1. Тапсырыс түрі: алмастыру, алу, коммерциялық ұсыныс
  2. Тапсырыстың мәтіндік сипатталуы
-

3.	Тауардың атауы	
4.	Тауардың бағасы ең аз	ең көп
5.	Тауардың саны ең аз	ең көп
6.	Жеткізілім шарты	
7.	Төлем шарты	
8.	Жеткізілім мерзімі	
9.	Ұсынысқа қосымшалар	(құжаттар)

Тапсырыс беруші төлем жүргізу қабілеттілігіне (сатып алушы үшін), тауардың болуына (сатушы үшін) кепілдік береді.

Тапсырыс беруші осы тапсырыстың шарттарына енгізілген өзгерістер туралы Өндірістік-коммерциялық орталыққа дереу хабар беруге міндетті.

Кәсіпорынның жетекшісі

Қолы \_\_\_\_\_

### Келісімшарт, шарт

**Келісімшарт** – жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуді, өзгертуді және тоқтатуды реттейтін, нотариалды түрде куәландырылатын ресми құжат.

Шарттың (келісімшарттың) жазбаша түрінде жасалынатын мәміленің мазмұны толық көрсетіледі, екі жақ (тараптар) немесе тараптардың өкілеттігі берілген адамдар қол қояды, мәтінді нотариус бекітеді.

Шарт мынадай жағдайларда жасалады:

1. Жылжымайтын мүлік жөніндегі мәмілелер:

- а) тұрғын үйді сатып алу-сату туралы;
- ә) тұрғын үйді сыйға беру туралы;
- б) тұрғын үйді ауыстыру туралы.

2. Жер учаскелері туралы мәмілелер:

- а) жер учаскесін сыйға беру туралы келісімшарт;
- ә) жер учаскесін ауыстыру туралы келісімшарт;
- б) жер учаскесін сатып алу – сату туралы келісімшарт.

3. Көлік құралдары жөніндегі мәмілелер:

- а) автомашинаны сатып алу – сату жөніндегі келісімшарт;
- ә) автомашинаны залогқа беру жөніндегі келісімшарт;
- б) автомашинаны сыйға беру жөніндегі келісімшарт.

4. Ақша қаражатын заемға алу – заемға беру жөніндегі мәмілелер:

- а) процент төлеу арқылы ақша алу туралы келісімшарт;
- ә) айып төлеу арқылы ақша алу туралы келісімшарт.

### **Автомашинаны сату – сатып алу туралы келісімшарт**

Алматы қаласы, Қонаев кошесі, 91-үй, 46-пәтер, бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылғы жиырма бірінші қыркүйек (келісімшарт жасалған мекенжай және дата сөзбен жазылады)

Біз, төменде қол қоюшылар, Алматы қаласы «Жетісу» шағын ауданы, 28-үйде тұратын азамат Өмірбаев Асқар Өмірбайұлы, жеке басының куәлігі № 548796, Қазақстан Республикасының ІІМ берген. Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 83-үйде тұратын азамат Қайырбаев Серік, жеке басының куәлігі № 478926, Қазақстан Республикасы ІІМ берген, автомашинаны сату-сатып алу туралы осы келісімшартты жасадық:

1. Мен, азамат Өмірбаев Асқар Өмірбайұлы, «Жигули» маркалы жеңіл автомашинаны сатамын, кузовның типі \_\_\_\_\_, шығарылған типі \_\_\_\_\_, шасси нөмірі \_\_\_\_\_, двигатель нөмірі \_\_\_\_\_, мемлекеттік нөмірі \_\_\_\_\_.

Мен, азамат Қайырбаев Серік, көрсетілген автомашинаны сатып аламын.

2. Көрсетілген автомашина Мемлекеттік автоинспекция 1995 жылғы 7 қаңтарда берген нөмірі 46327 техникалық паспорттың негізінде маған, Өмірбаев Асқар Өмірбайұлына тиесілі.

3. Автомашина \_\_\_\_\_ теңгеге сатылады (бағасы толық жазылады)

Көрсетілген соманы келісімшартқа қол қою кезінде азамат Қайырбаев Серік төлейді. Тараптардың қолы.

1998 жылы 21 қыркүйекте осы келісімшартты мен, Асқарова Бақыт, Алматы қаласының нотариусы куәландырды.

(нотариалдық кеңсенің атауы, нөмірі, лицензияның нөмірі көрсетіледі)

Осы келісімшартқа менің қатысуым кезінде тараптар қол қойды, тараптардың жеке басы анықталды, олардың құқықтық іс-әрекетке қабілеті және автомашинаның Өмірбаев Асқар Өмірбайұлына тиесілі екендігі тексерілді.

Сату-сатып алу жөніндегі келісімшарттың мәтіні дауыстап оқылды.

Нөмірі 6 тізбегі тіркелген.

Тариф бойынша \_\_\_\_\_ теңге салық алынды.

Нотариус \_\_\_\_\_ (қолы)

### ШАРТ

Ғылым мен өндірістің арасындағы байланысты тығыз әрі жан-жақты дамыта беру мақсатында Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті мен \_\_ (мекеменің аты) мына мәселелер жөнінде келісті:

I Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1. Оқу жоспарына сәйкес \_\_\_\_\_ (мекеменің аты) Тау-кен факультеті студенттерін өндірістік тәжірибеге жібереді.

2. Тау-кен факультеті тәжірибені жүргізу барысында жан-жақты ғылыми әдістемелік көмекті жүйеге асырады.

3. Тау-кен ғылымы саласындағы білікті, өндірістік тәжірибесі мол мамандар мен тәлімгерлердің студенттердің курс жұмыстарына жетекші, диплом жұмыстарына қосалқы жетекші болуына жағдай жасайды.

4. Тау-кен ғылыми саласындағы білікті, өндірістік тәжірибесі мол мамандар мен тәлімгерлердің университеттің Тау-кен факультетінде 0,5 және 0,25 жүктемелері мен қосымша жұмыс атқаруына мүмкіндік береді.

II \_\_\_\_\_ өзіне мынадай міндеттемелер алады:  
(мекеменің аты)

1. Өндірістік тәжірибенің – мамандандудың сапалы өтуіне жағдай жасайды.

2. Тәжірибеге жіберілген студенттерді білікті мамандар мен тәлімгерлерге бекітіп береді.

3. Тәжірибеден өтіп жүрген маманданушы студенттердің таңдаулы жұмыстарын басылымдарда жариялауға ықпал етеді.

\_\_\_\_\_ басшысы мен жетекші мамандар (мекеменің аты)

тәлімгерлеріне студенттердің мамандануына ықпал жасағаны үшін университет тарапынан сағаттық көлемде өтемақы төленеді.

Маманданушы студенттердің өндірістік тәжірибе кезінде жасалған жұмысы екі данадан жасалады.

4. Осы келісімшарт жасалағанға дейін автомашина басқа адамға сатылған жоқ, тұтқынға алынған жоқ, қарыз өтеуге берілген жоқ.

5. Осы келісімшартты куәландырудың шығынын азамат ^ \_\_\_\_\_ төлейді.

6. Осы келісімшарт 3 дана етіп жасалған, 1 дана нотариалдық кеңсенің ісінде сақталады, екі дананың әрқайсысы азамат Өмірбаев Асқар Өмірбайұлына және азамат Қайырбаев Серікке берілді.

Қолы қойылған мінездеме-баға беріледі, бұл құжаттардың бір данасы университетке жіберіледі, екінші данасы \_\_\_\_ ^ \_\_\_\_\_ ^ сақталады.

Осы ШАРТ 5 жыл мерзімге жасалады, егер Тараптардың бірі шартты тоқтату туралы мәлімдемесе, оның күші тағы да 5 жылға өздігінен ұзартылады.

Шарт 200 \_\_\_\_\_ қыркүйек айынан бастап күшіне енеді.

Қаныш Сәтбаев атындағы

Қазақ ұлттық техникалық

университетінің ректоры

Кәсіпорынның атауы \_\_\_\_\_ Телефон \_\_\_\_\_ Факс

### **Жарнама тарату тәсілдері мен түрлері:**

- қала көшелерінде ілінетін суретті жарнамалар;
- қала көшелеріндегі ауыспалы-аудармалы көп нұсқалы жарнамалар;
- қала көшелеріндегі арнайы экран арқылы ұлғайтылған ролик жарнамалар;

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілетін ролик жарнамалар;
- мерзімді басылым беттерінде жарияланатын фото жарнамалар;
- киімге салынатын сурет жарнамалар;
- шаруашылық тұтыну заттарына (сіріңке қорабы, сумка-пакеттер) салынатын сурет жарнамалар;
- кітап, дәптер, альбомдардың сыртқы мұқабасына салынатын сурет жарнамалар;
- күнтізбеде салынатын сурет жарнамалар;
- плакаттарға салынатын сурет жарнамалар;
- визит карточкаларына салынатын жарнамалар.

#### **Жарнаманың қызметі:**

- тауардың өтімділігін арттыру;
- коммерциялық мақсатта;
- жұртшылықты белгілі бір өніммен таныстыру, құлағдар ету;
- тілдің қолданыс аясын кеңейту.

#### **Жарнаманың ерекшелігі:**

- насихаттылығы;
- тартымдылығы;
- дәлдігі;
- түсініктілігі;
- тосындылығы;
- көркемділігі;
- мазмұндылығы;

### 1. Сөйлеу әрекеті

айту – сказать, говорить

айтылу – сказано

айтқызу – заставить говорить

деу – 1. сказать, молвить; 2 называть, именовать;

сөйлеу – говорить, выступать

сөйлету – заставить говорить

сөйлеуші – говорящий, выступающий

мыңкылдау – гнусавить, бормотать под нос

үндеу – призывать

үндес – созвучный

үндетпеу – заставить замолчать

тіл қату – говорить, молвить

сыбырлау – шептать

даттау – хулить, ругать кого-нибудь

сөгу – бранить, ругать

сөгісу – ругаться, браниться

жеткізу - довести

хабарлау – оповестить, уведомить, дать сведение

хабарсыз – без вести, неосведомленный

хабаршы – вестник

баяндау – докладывать

баяндама – доклад

баяндамашы – докладчик

баяндаушы – рассказывающий

қыңқ етпеу – молчать

сұрау – спросить

жауап беру – отвечать

үрсу – ругать

жекіру – ругать

сөз бастау – начинать разговор, беседу  
дауыс ету – подать голос  
күбірлеу – бормотать  
қалжыңдау – шутить  
дыбыс беру – издавать звуки  
сөзден жалтару – не держать слово, обещание  
сарнау – заладить одно и то же, громко говорить  
мінгірлеу – невнятно бормотать  
қақылдау – надоедать разговорами  
кұлағының етін жеу – надоедать разговорами  
айқайлау – кричать, вопить  
күңкілдеу – ворчать

### **Хабарлау етістігі**

жар салу – оповестить, возвестить  
жария – оглашение  
жариялау – объявить, оповестить  
кұлақ қағыс ету – довести до сведения, известить  
аузы бару – посметь сказать  
дәлелдеу – доказать  
жуып шау – извиняться, смыть вину  
есеп беру – отчитываться

### **Сөйлесу етістігі**

айтысу – спорить  
ақылдасу – совещаться  
анттасу – клясться  
айқайласу – громко спорить  
әзілдесу – шутить, подшучивать друг над другом  
әңгімелесу – беседовать  
бажылдасу – ругаться  
бақылдасу – ругаться  
кеңесу – совещаться  
коштасу – прощаться  
сәлемдесу – здороваться  
серттесу – давать клятву друг другу  
сыбырласу – шептаться  
сырласу – делиться сокровенным  
сөйлесу – разговаривать, беседовать  
коштасу – прощаться  
пікір алысу – обмениваться мнениями



үрсысу – поругаться  
уәделесу – уговориться, договориться  
хабарласу – дать весточку, связаться  
шүйіркелесу – вести интимную беседу

### **Сұрау-жауап етістігі**

сұрау – вопрошать  
жауап беру – отвечать  
жауап қайтару – ответить  
жауап күту – ждать ответа  
сұрақ қою – задавать вопрос  
іздеу – искать  
іздістіру – принимать меры к розыску чего-н.;  
сұрастыру – расспрашивать, наводить справки  
тергеу – допрашивать,  
айтып беру – рассказать  
жауап алу – допрос

### **Көңіл-күйге байланысты сөйлеу етістігі**

мылжыңдау – болтать  
келекелеу – насмехаться  
мазақтау – дразнить, издеваться  
мазақ қылу – насмехаться, подтрунивать  
қарғау – проклинать  
балағаттау – бранить, ругать нецензурными словами  
сөгу – бранить, укорять, ругать  
мақтау – хвалить, восхвалять  
жамандау – хулить, хаять, плохо отзываться  
жер-көкке сыйғызбау – восхвалять без меры  
дәріптеу – восхвалять, превозносить  
мысқылдау – насмехаться, поднять на смех  
сандырақтау – нести бред  
сыбау – обругать  
тілдеу – оскорблять  
танту – нести вздор

### **Жеке қарым-қатынасты білдіретін сөйлеу етістігі**

жалыну – умолять, упрашивать  
жалбарыну – умолять, упрашивать  
өтіну – просить, умолять  
сұрау – просить

тілену – проситься, изъявлять желание  
тілек білдіру – изъявить желание  
бұйрық беру – приказывать  
өкім қылу – приказывать  
әмір қылу – повелевать  
кенес беру – советовать  
насихат беру – агитировать  
құттықтау – поздравлять  
айыптау – обвинять

### **Бейнелік мәнді сөйлеу етістігі**

бөсу – врать  
былшылдау – нести вздор, заниматься демагогией  
аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу – сильно ругать, оскорблять  
көбік ауыздану – ругаться в сильном возбуждении  
құлағының етін жеу – надоедать разговорами  
сөздің майын тамызу – искусно вести беседу  
малтасын езу – нести околесицу  
тілінен бал тамызу – велеречие, сладкоречие  
аузы-аузына жүкпау – говорить без умолку  
былжырау – мямлить

### **Дыбыс-сес қатынас сөйлеу етістіктері**

бажылдау – вопить  
баж-баж ету – вопить  
балп-балп ету – болтать  
барқылдау – громко кричать  
былдырау – лепетать  
дабырлау – громко говорить  
жамырау – шумный гвалт, галдеть  
күңкілдеу – ворчать  
қаңқылдау – гоготать  
мыңқылдау – бормотать  
мінгірлеу – говорить невнятно  
сылпылдау – хлопать  
самбырлау – говорить громко, звучно  
шарылдау – неистово кричать, вопить  
шүлдірлеу – лопотать

### **Сөйлеу процесінің тоқталуы, үзілуі**

Ауыз ашпау – молчать, не раскрывать рот

Жақ ашпау – молчать  
Аузына құм күйылу – замолчать  
Тілі байлану – потерять дар речи  
Сөзін бөлу – перебивать  
Тілін тыю – заставить замолчать  
Үнін өшіру – заставить замолчать  
Үндемеу – молчать  
Үн шығармау – молчать  
Тілі күрмелу – стать косноязычным  
Сөзді тоқтату – пресечь разговоры  
Қыңқ демеу – не издать ни звука  
Қыңқ етпеу – остаться безучастным  
Сөзді аяқтау – закончить говорить  
Мыңқ етпеу – выдержать  
Дыбыс шығармау – молчать, без звука

## **II Ойлау егістіктері**

### **1. Ойлау**

ойла –думай  
ойлан – задумайся  
ойлат – заставь задуматься  
ойлатқыз – заставь задуматься  
ойлант – заставь подумать  
ойға бату – задуматься  
киялдау – мечтать, грезить  
армандау – мечтать  
ниеттену – намереваться  
еске алу – вспоминать  
мұңаю – печалиться  
мұндану – опечалиться  
сағыну – скучать, тосковать  
уайымдау – горевать, переживать, беспокоиться

### **2. Оқу әрекеті**

оқыту – обучать, учить  
оқу – учиться, читать  
іздену – разыскивать, хлопотать о чем-нибудь, ходатайствовать  
талпыну – пытаться, стремиться  
талаптану – стремиться, желать, добиваться, проявлять инициативу  
еңбектену – трудиться

дайындалу – готовиться  
көшіру – переписывать  
ойлау – думать  
толғану – размышлять  
ойды жинақтау – собраться с мыслями  
ойды қорыту – делать умозаключение  
пікір білдіру – высказать мнение  
пікір алмасу – делиться мнением  
бақылау – наблюдать, контролировать  
бекіту – закреплять  
қабылдау – воспринимать

### **3. Армандау**

армандау – мечтать  
қиялдау – грезить, фантазировать  
пайымдау – судить, рассуждать, оценивать  
ойға берілу – задуматься, погрузиться в мысли  
тебірену – волноваться  
көзді жұму – закрыть глаза

### **4. Логикалық әрекет**

санаға сіңіру – впитать в сознание  
түсіну – понять  
түсіндіру – объяснить  
ойға тоқу – воспринимать  
жеткізу – довести до другого  
ой қорыту – делать умозаключение  
бекіту – закреплять  
талдау – обсуждать  
қателесу – ошибаться  
бақылау – наблюдать, контролировать  
ойды жеткізу – выразить словами мысли  
ойды білдіру – высказать мнение  
үғу – понимать  
ұқтыру – заставить понять  
ұққызу – заставить понять  
миға тоқу – копить знания  
пікір айту – высказать мнение  
зейіндеу – воспринимать, обращать внимание  
зейін қою – обратить внимание  
іздену – разыскивать, повышать уровень знания

меңгеру – овладеть, усвоить  
зерделеу – осмысливать  
игеру – усваивать  
ықылас қою – сосредоточиться

### **III Сезім етістіктері**

#### **1. Жақсы қарым-қатынас**

жақсы көру – любить  
ұнату – нравиться  
сыйлау – уважать  
күрметтеу – почитать  
сүю – любить  
сағыну – скучать, тосковать  
ғашық болу – влюбиться  
аялау – носить на руках, лелеять  
күту – ухаживать  
үйлену – жениться  
қадірлеу – уважать  
бағалау – ценить  
жақсылық тілеу – желать благо  
махаббат – любовь  
адал болу – быть верным  
бақытты болу – быть счастливым  
аймалау – ласкать  
жігерлендіру – делать волевым  
тіл табысу – понимать друг друга

#### **2. Жаман қарым-қатынас**

үрсу – ругать  
жек көру – не любить, ненавидеть  
айқайлау – кричать  
жылау – плакать  
сыйламау – не уважать  
сөзін тыңдамау – не подчиняться  
қырсығу – упрямиться  
ренжу – обижаться  
жерден алып, жерге салу – сильно ругать  
боздау – реветь  
ашулану – злиться  
бетін жырту – оскорблять

бетіне өтірік күлу – лживо улыбатся  
жекіру – ругать  
мазақтау – дразнить  
кемсіту – унижать  
еңсесін көтертпеу – подавлять  
жамандыққа итеру – склонять к дурным поступкам  
қызғану – ревновать  
таршылық таныту – завидовать

### **3. Көңіл-күй**

жылау – плакать  
күлу – смеяться  
куану – радоваться  
шаттану – быть счастливым  
шат-шадыман болу – быть счастливым  
төбесі көке жету – быть на седьмом небе от счастья  
қиялға шомылу – грезить  
бойын сезім билеу – дать волю чувствам  
ақылынан адасу – заблуждаться  
еңсесі түсу – быть в подавленном состоянии  
күйіну – нервничать  
сезіну – чувствовать  
көңілі көтерілу – поднять настроение, развеселиться  
күлімдеу – улыбатся  
көңілі түсу – понравиться  
көңілі суу – не нравиться  
өкіну – сожалеть

## **IV Жұмыс әрекеті**

### **1. Жұмыс істеу**

қозғалу – двигаться  
жүру – ходить  
қимылдау – шевелиться  
демеп жіберу – помочь  
көмектесу – помогать  
бағыт беру – указать направление  
іздену – искать  
бір мәселені қарастыру – рассматривать проблему  
жинау – собирать  
жинастыру – собирать

түру – стоять  
отыру – сидеть  
әрекет ету – действовать  
әрекеттену – действовать  
талпыну – пытаться, стремиться  
таласу – спорить, оспаривать  
айтысу – спорить, соревноваться

#### **V. Дайындау, тексеру**

даярлау – готовить  
қарастыру – искать, закладывать  
толықтыру – дополнять  
әзірлеу – готовить  
тексеру – проверять  
қатесін табу – найти ошибку  
жаттықтыру – тренировать  
үгіттеу – агитировать  
дайындау – готовить  
талап ету – требовать

#### **VI. Қолмен жасау әрекеті**

жазу – писать  
сурет салу – рисовать  
шабу – косить  
тігіс тігу – шить  
өлшеу – мерить  
өрнектеу – вышивать  
желімдеу – клеить  
жуу (қол) – мыть  
сүрту (шаң) – вытирать  
затты ілу – вешать  
затты қою – ставить  
сөмкені көтеру – поднимать сумку  
араластыру – перемешивать  
қозғау – двигать  
қиюластыру – сшивать  
сызу – чертить  
балғалау – бить молотком  
жасау – делать  
сыпыру – подметать  
тегістеу – выравнивать

жинау (жүк) – складывать  
кесу – резать  
шаншу – нанизывать  
жөндеу – ремонтировать  
төгу – выливать  
құю – наливать

### **VII Біріктіру әрекеті**

құрастыру – собирать, монтировать  
біріктіру – соединять  
қосу – соединять  
кірістіру – вкладывать  
құрақ құрау – делать заплатки  
жабыстыру – приклеивать  
жинақтау – собирать  
жолықтыру – сопрягать  
жұмылдыру – объединять  
кезігу – встретиться  
кездесу – встречаться  
қысу – зажимать  
шақыру – приглашать, звать  
ұйымдастыру – организовать

### **VIII Жабу-ашу әрекеті**

жабу – закрывать  
жапқызу – заставить закрыть  
жаптыру – заставить закрыть кого-либо  
жабылу – быть закрытым  
жабығу – замкнуться  
ашу – открыть  
ашқызу – заставить открыть  
аштыру – заставить открыть кого-либо  
ашылу – открываться  
ашыну – быть на пределе  
аш – голодный  
аузын арандай ашу – широко раскрыть рот  
кілттеу – закрыть на ключ  
сыр ашу – делиться сокровенным, открыть тайну  
бекіту – закрепить  
ажырату – разъединить  
кілттеу – закрыть на ключ



түю – завязать узел  
түйіншектеу – вязать узелки  
қоршау – окружить, сделать ограждение  
қоршату – заставить оградить кого-либо  
қорғау – защищать  
қалқалау – заслонить  
қалау – строить, делать кладку

### **ІХ Бөлшектеу әрекеті**

бөлу – делить, разделить  
бөлгізу – засавить делить  
бөліну – делиться  
бөлшектеу – делить  
бөлме – комната  
бөлшектету – заставить делить  
бөлшектеткізу – заставлять делить кого-либо  
ажырау – отделиться  
ажырату – различать, разъеднять  
ажыратқызу – заставить разделиться  
ажырасу – развестись  
майдалау – размельчать  
үгіту – размельчать, стирать в порошок  
езу – давить, раздавить  
еріту – растворять  
сіңдіру – впитывать  
кирату – разрушать  
турау – резать  
іріту – прокисать

### **Негізгі:**

1. Иманқұлова С., Егізбаева Н., Иманалиева Ф. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы, 2008.
2. Күзекова З. Қазақ тілінің практикалық курсы. – Алматы: Ғылым, 2009.
3. [www.til.gov.kz](http://www.til.gov.kz) (қазақ тілін жеделдетіп оқытуға арналған мультимедиялық кешен). – Астана, 2010 .

### **Қосымша:**

1. Бектұров Ш., Бектұрова А. Қазақ тілі для начинающих. – Алматы, 1994.
2. Салқынбай А.Б., Абақан Е.М. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 2003.
3. Оралбай Н., Құрманәлиев Қ.А. Қазақтілі. – Алматы, 2007.
4. Адамбаева Ж.Д., Оңалбаева К.К. Қазақтілі. – Алматы, 1995.
5. Ақбаева Қ. Қазақ тілі. – Алматы, 1996.
6. Нұрғалиева М., Құлмағамбетова Б. Қазақ тілі. – Алматы, 1995.
7. Ерубасева А.Т. Заңгерлерге арналған қазақ тілі. – Алматы, 2005.
8. Сүлейменова Э., Қадашева Қ., Аханова Д. Қазақтілі. – Алматы, 1996.
9. Салқынбай А.Б., Иманасова Ж. Қазақтілі. – Алматы, 2007.
10. Күзекова З. Қазақ тілі практикалық курсы. – Алматы: Раритет, 2002.
11. Күзекова З., Қаракүсова Г. Қазақтілі (эконом.). – Алматы: Қаржы-қаражат, 1997.
12. Күзекова З., Құрманбайұлы Ш., Жусанбаева С. Қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1998.
13. Құрманбайұлы Ш., Мамаева М., Сыбанбаева А. Қазақ тілі. – Алматы: Білім, 2001.
14. Егіншібаева Н.Ф., Жапахов С.И. Экологиялық терминдердің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2006.

15. Рысбаева Г.Қ. Қазақтілі. – Алматы, 2000.
16. Тымболова А. Қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.
17. Рысбай Б. Қазақ тілі (ресми іс қағаздары). – Алматы: Қазақ университеті, 2008.
18. Р.Ф. Сыздықова, К.Ш. Хұсайын. Қазақша-орысша сөздік. – Алматы, 2008.
19. Бектаев Қ. Русско-казахский словарь. – Алматы, 2007. – I-II том. – Алматы, 2001.
20. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: жеңіл және тоқыма өнеркәсібі. – Алматы: Рауан, 2000. – 280 б.
21. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: статистика, стандарттау және патенттану. – Алматы: Рауан, 2000. – 272 б.
22. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: электроника, радиотехника және байланыс. – Алматы: Рауан, 2000. – 240 б.
23. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: су шаруашылығы. – Алматы: Рауан, 2000. – 304 б.
24. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: механика және машинатану. – Алматы: Рауан, 2000. – 328 б.
25. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: энергетика. – Алматы: Рауан, 2000. – 320 б.
26. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: көлік және қатынас жолдары. – Алматы: Рауан, 2000. – 288 б.
27. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Сәулет және құрылыс. – Алматы: Рауан, 2000. – 366 б.
28. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: геология, геодезия және география. – Алматы: Рауан, 2000. – 352 б.
29. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: кен ісіжәне металлургия. – Алматы: Рауан, 2000. – 2000 б.
30. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: заңтану. – Алматы: Рауан, 2000. – 360 б.
31. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: іс жүргізу және мұрағат ісі. – Алматы: Рауан, 2000. – 256 б.
32. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік – Алматы: Рауан, 2000. – 288 б.
33. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік – Алматы: Рауан, 2000. – 344 б.
34. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік – Алматы: Рауан, 2000. – 256 б.

*Оқу басылымы*

Салқынбай Анар Бекмырзақызы  
Жұмағұлова Арзан Жаханқызы.  
Иманқұлова Салтанат Меркібайқызы  
Рысбай Бибігүл Қалиқызы  
Егізбаева Назыкен Жәненқызы

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

*Оқу құралы*

Стереотиптік басылым

Редакторы *Г. Рүстембекова*  
Компьютерде беттеген және  
мұқабасын безендірген *Н. Базарбаева*

Мұқабаны безендірудегі сурет  
[www.massaget.kz](http://www.massaget.kz) сайтынан алынды

**ИБ №9237**

Басуға 15.04.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 20,75 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №728.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.